

Сайын БОРБАСОВ

# ҚАЗІРГІ САЯСИ ПРОЦЕСТЕР

(саясаттанудан көмекші оқу құралы)

Алматы - 2010

ББК

Борбасов С. М.- саяси ғылымдарының докторы, профессор  
Қазіргі саяси процестер (саясаттанудан көмекші оқу құралы). –  
Алматы: ҚазҰАУ. 2010

ISBN

Көмекші құрал саясаттану пәнінің бүгінгі қоғамда алатын орны мен рөлін анықтайды. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы саясаттың, биліктің мақсат, міндеттерін көрсетеді. Егемендік алғаннан бергі уақытта елімізде болып жатқан саяси таным мен саяси мәдениеттегі өзгерістер бағаланады. Тәуелсіз еліміздегі қазіргі этносаясат бағыттары сарапталып, оған идеологияның ықпалы көрсетіледі. Бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде маңызды орын алып отырған «қазақстандық патриотизм» феномені талданады. Қазақстандағы саяси жаңаруды қамтамасыз ететін саяси реформалардың бағыттары мен ерекшеліктері ашылады. Әлемде болып жатқан жаһандық қайшылықтардың себептері көрсетіледі. Көмекші құрал саясаттану пәнінен студенттерге және қазіргі саяси үрдістерді білгісі келетін оқырман қауымға арналған.

ББК

Рецензенттер:

Нарбаев Б.Н., саяси ғылымдарының докторы, профессор  
Алияров Е. Қ., саяси ғылымдарының докторы, профессор

Баспаға Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен 2009 жылы 29 тамызда ұсынылған.

ISBN

© Борбасов С.М., 2010.

© «Агроуниверситет» баспасы, 2010.

## КІРІСПЕ

Саяси шындық аса күрделі, көп жақты және көп қырлы құбылыс. Бүгінгі саяси шындық өткен саяси шындықтың заңды жалғасы. Ол болашаққа ұласады. Демек, саяси тарих пен бүгінгі саяси шындық және болашақ өзара тәуелді диалектикалық байланыста. Сонымен бірге саясаттану пәні қазіргі саяси өмірді осындай байланыстылық тұрғысынан зерттейді. Қоғамның саяси өмірін жасайтын және саяси қатынастарды қозғалысқа келтіретін негізгі құбылыстар: саясат, билік, және мемлекет. Саяси өмірдің осы үш шешуші қозғаушы күштерінің ықпалдастық қызметі нәтижесінде саясат шындыққа айналады. Саяси өмірдің басқа сегменттері мен механизмдері саясат, билік, мемлекетпен қатынас жасау барысында қозғалысқа түсіп отырады. Өркениетті демократиялық мемлекеттердің негізгі ерекшелігі сол ел халқының мүддесін көздейтін заңдардың саясат пен мемлекеттік билікті реттеп немесе шектеп отыруы. Қазақстан Республикасының мақсаты да заңға бағынатын өркениетті, экономикасы ел халқына қызмет ететін, демократиялық принциптерді ұстанатын мемлекет орнату. Транзитті қоғам жағдайында Қазақстан бұл стратегиялық міндетті шешуде біршама табыстарға қол жеткізді. Шешілмеген міндеттер мен мәселелер де баршылық.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған оқу құралында жоғарыда айтылған мәселелер қозғалады. Саясаттану пәнінің бүгінгі саяси қатынастарды зерттеудегі орны мен рөлі талқыланып, оның қоғамдық-саяси ғылымдар жүйесіндегі маңызы көрсетіледі. Мемлекеттік биліктің қуаты мен беделі тиімді де, күшті саясат жүргізуге қабілеттілігіне байланысты. Сол себепті оқу құралында қазіргі Қазақстан қоғамы үшін тиімді саясат жүргізудің негізгі бағыттары мен жолдары қандай болуы керек деген сұраққа жауап ізделеді. Саясаттану пәнінің негізгі мәселесінің бірі – билік. Өркениетті қоғам құрудың стратегиялық міндеттерін шешуде Қазақстан Республикасында билік жүйесі, демократиялық биліктің табиғаты қандай болуы керек, - деген өзекті мәселелер төңірегінде де ой қозғалған.

Саясатты және мемлекеттік билікті электоратпен жалғастырушы құрал-идеология. Идеология саясатты насихаттаушы, ел

халқының санасына сіңіруші. Сондықтан саясат бар болса, идеология да бар. Кітапта Қазақстанда ресми, жеке мемлекеттік макроидеология болмағанымен халықты топтастыруы, біріктіруші, өркениеттілікке бағыттаушы жалпыхалықтық идеология болуы қажет деген қағида негізделеді.

Поликонфессиялық және полиэтникалық Қазақстан үшін шиеленістердің алдын алатын, әлеуметтік және этникалық татулықты сақтауға көмектесетін идеологияның бағыт-бағдарларын айқындау үшін оқу құралында айтылатын пікірлер маңызды.

Қазақстандағы экономиканы модернизациялау, саяси жүйені реформалау, нарықтық қатынастарға әлеуметтік бағдар беру саясатының табысты болуы елдегі этникалық үрдістердің бейбіт дамуына тәуелді. Ол үшін Қазақстандағы ұлттық процестерді дұрыс реттеуге көмектесетін мемлекеттік этносаясат болуы міндет. Этносаясаттың құрамдас бөлшегі-тіл саясаты. Кеңестік тоталитарлық жүйеден ауыр соққы көрген қазақ этносының тілі. Өз отанында халықтың 67 пайызын құрайтын, саны 10,1 миллионнан астам қазақ ұлтының ана тілі әлі де терең дағдарыста. Титулды этностың тілін қиын жағдайдан шығару үшін қандай саясат жүргізу керектігі сарапталып, тіл саясатының негізгі бағыттары көрсетіледі.

Егеменді елдің дамуы және келешегі туралы ой қозғағанда кітап авторы Қазақстан қоғамының негізгі салаларын модернизациялау саясаты туралы ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектеріндегі өзекті идеялар мен қағидалық пікірлерді басшылыққа алады. Сондай мәселенің бірі қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, тәрбиелеуге қатысты. Халқы отаншыл ел қуатты. Нарықтық экономикаға өту қазақстандықтар санасын прагматизмге бұрды. Адамдар үшін жеке мүдденің іске асуы маңызды. Олардың басым көпшілігі ресми мемлекеттік саясатты өзіне пайдалы болса ғана қолдайды. Сондықтан мемлекеттік биліктің міндеті ел мүддесімен жеке адам мүддесін сәйкестендіре білу.

Әлемдік шиеленістің себептерінің бірі Ауғанстандағы дағдарыс. Этникалық тұрақсыздық, билікке талас Ауған дағдарысының негізгі себептері. Топтаспаған халық әлемдік басым державалар саясатының құрбаны болатындығын Ауған дағдарысы дәлелдейді. Билеуші элита халқына қызмет етпесе оны халқы да қолдамайды. Осы ретте әлемдік саясатта болып жатқан

шиеленістердің ішінде Ирак соғысы сабақтары әрбір ел үшін маңызды. АҚШ-тың геостратегиялық саясатының құрбаны болған Ирак мемлекетінің халқы неге өз билеуші тобын қолдамады деген мәселе сарапталады. ХХІ-ғасырда әлемдік қайшылықтар мен әділетсіздіктер терроризмнің бұрын соңды болмаған қауіпін туғызды. Сондықтан әлемдік лаңкестікке қарсы күрестің маңызы да арта түсті.

Айтылған ойлар бұл кітапта қазіргі Қазақстан қоғамына қатысты өзекжарды саяси мәселелер көтерілгендігін көрсетеді. Оларды білу арқылы оқырмандар қазіргі саяси шындық жайында көптеген тың мағлұматтар алып, дербес пікірлермен танысады. Оқу құралы Қазақстан Республикасына қазіргі саяси шындықты тануға, транзитті қоғамды модернизациялау саясатының бағыт-бағдарын түсінуге көмектеседі.

## **Саясаттану пәнінің қоғамдық - саяси танымды қалыптастырудағы рөлі**

Адамзат өркениетінің қалыптасуы мен дамуында саяси ой сана мен саясаттың атқаратын қызметі зор. Қазіргі адамзат қоғамы саяси қоғам. Себебі, онда сан түрлі әлеуметтік субъектілердің өз мүдделерін іске асыру үшін тай-таласы болып жатады. Әр топ өзінің мақсат-мұраттарын саяси доктриналарында анықтап, оларды жүзеге асыруда билік пен мемлекетті пайдалануға ұмтылады. Саясат мүдделі топтар мақсаттарын орындау жолы және әдісі десе де болады. Қоғам қым-қиғаш, қарама-қарсы немесе одақтас көзқарастар мен саяси идеялар күресі арқылы да қозғалысқа келіп отырады. Мемлекеттік саясат мақсаты-ел тұтастығын, қоғам бірлігін сақтау, әлемдік қатынастар субъектісі ретінде өмір сүретін елінің мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сонымен қатар саясат елдің реформалар арқылы жаңаруын қамтамасыз етуші субъективті фактор болып табылады.

Саясаттану ғылымы осындай қайшылыққа толы саяси сфераның даму заңдылықтары мен билік субъектілерінің басқарушылық қызметін зерттейді. Саясаттану пән ретінде ғылыми негізделген, объективті жағдайды нақты есепке алатын саясат жасауды үйретіп, оқытады. Саясат халықаралық ұйымдар, әлеуметтік топтар, саяси қозғалыстар мен партиялар және т.б. мүдделі топтардың арасындағы ашық немесе құпия жүретін қымқиғаш қатынастардың жиынтығы іспеттес. Саясат белгілі тура горизонтал бойымен ешқашанда жүзеге аспайды. Сол себепті саясат ғылым мен өнер. Саясаттың ғылым болуы оның қоғамдық шындықтың құрамдас бөлшегі болуына байланысты. Қоғамдық қатынастар ретінде саясатты ғылыми тұрғыдан зерттеген, мүдделі топтардың күрес объектісі-саясатты өнер деп қарастырамыз. Оның ғылымдылығы объективті қоғамдық шындықтарға толық тәуелдігінде. Өнер болуы саясатты жүргізетін адамның жеке бастық қасиеттеріне, айлакерлігіне байланысты болуында. Сондықтан саясаттану ғылымы адамдарға дұрыс саясат жасауды үйретеді. Транзитті, аралық өркениет жағдайында тұрған Қазақстан сияқты мемлекеттерде саяси бағдар жасаудың маңызы тіптен күшті. Дұрыс ғылыми негізделген саясат елімізді өркениет жолына

апаратыны ақиқат. Саясатты дұрыс жүргізу үшін оны терең білу, зерттеу қажет.

Саясаттану пәнін жоғары оқу орындарында оқыту Батыс Европада басталған. 1948 жылы Білім, ғылым және мәдениет жөнінен Біріккен Ұлттар Ұйымы саясаттану курсының жоғарғы мектепте оқытуды ұсынады. Батыс елдері саясаттану пәнінің қоғамдық және саяси өмірді жандандырудағы қажеттілігін түсініп, бұл ұсынысты бірден қолдады. Алайда биліктің тоталитарлық жүйесіне негізделген социалистік елдер саясаттануды дамытуды қажет деп таппады. Екінші жағынан авторитарлық билік саяси биліктің табиғаты мен мәнінің терең талқылауға түсуінен қорықты. Бұрынғы социалистік елдерде саясаттану ғылымы осы себептен кенже қалды. КСРО құрамында болған Қазақстанда да саясаттану пәнін оқыту тек тәуелсіздік алу жылдарымен бірге басталды. Саясаттану ғылымы Қазақстан үшін әлі жас ғылым. Елдегі жеке саяси ғылымның қалыптасуы процесі белсенді жүруде. Саясаттанудың қоғамдық-саяси ойды өркендетудегі, елдің саяси ауқымын модернизациялаудағы, қазақстандықтардың саяси мәдениетін қалыптастырып тәрбиелеудегі, саясаттың қоғам өмірінің барлық ауқымына тиімді әсер етуін қамтамасыз етудегі орны мен рөлі айқындалып нақтылануда.

Саясаттану пәні ғылым ретінде қоғамдық өмірдің саяси дамуы заңдылықтарын зерттейді. Қоғамдық өмір қандай дәрежеде күрделі және санқырлы болса саясат та сондай дәрежеде күрделі және санқырлы. Сонымен бірге қоғам түгел дерлік саяси құбылыстар деп ойласақ қателесеміз. Саясат көпқабатты бола тұра қоғамдық құрылыстың барлық жақтарына тән емес. Саяси қатынастар ең алдымен түрлі әлеуметтік топтар, таптар, халықтар, мемлекеттер, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар, т.б. мүдделі топтар және саяси тұлғалар арасындағы қарым-қатынастардан туындайды. Саяси қатынастар әлеуметтік субъектілер арасында болатын субъект-субъектілік құбылыс. Белгілі бір әлеуметтік топ мүддесін, саяси бағытты, саяси партияны, саяси концепциясы немесе бағдарламаны жақтаушы ретінде жеке адам саясатқа араласады. Саясат субъектісі ретінде саяси процесте жеке адам ролі өте күшті. Саяси бастамалар, саяси идеялар, саяси доктриналар, мемлекет пен билікті жетілдіру мен реформалау туралы ұсыныстар және әрекеттерді жасаушылар да жеке адамдар. Бірақта, әр адамның

саясатқа араласу деңгейі әр түрлі. Кейбір адам өмірі мен қызметі саясат пен билікке толық байланысты болса, кейбір адамның саясатқа араласуы сайлау кезінде дауыс берумен ғана шектеледі. Азаматтардың саяси белсенділігі, саяси мәдениеті мен дүниетанымының әрқалай болғанына қарамастан саясатты, билікті және мемлекетті жасаушы да және олардың қозғаушы күшінде жеке адам. Саяси құбылыс ретінде жеке адамның әлеуметтік көзқарастары, психологиясы саяси процесте маңызды фактор болып табылады. Саяси ой-пікір, саяси идеялар мен ұсыныстар негізінде болатын саяси процестер әлеуметтік-қоғамдық қатынастардың қозғаушы күші. Қоғамдық саяси сананың жетілуі, оның қоғамдық жаңару талаптарына жауап беруі мемлекеттің, саяси ауқымының өркениет жолымен дамуының кепілі болып табылады. Ал адамдардың қоғамдық саяси санасының қоғам дамуы заңдылықтарына кереғар, қайшы болуы, мемлекетте болуға тиісті өзгерістерді дұрыс түсінбеуі, қоғамдық дамуды тежейді немесе қоғамды дағдарыс, деградация қалпына итермелейді, әкеледі. Демек жеке адамның саясаттағы, саяси жүйедегі рөлі айрықша. Түрлі әлеуметтік топтар, халықтар мен мемлекеттер жеке адамның, әсіресе саяси тарих пен тәжірибе осыны ұдайы дәлелдеп келеді. Бұл ретте "адамзаттың тарихын жасайтын жеке адам" деген қағида әбден орынды. Себебі, әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің қайсысында болмасын оның тағдырында шешуші рөл атқарған жекеленген саяси көшбасшылар баршылық.

Саяси адам, саяси тұлға, әлеуметтік топ, әлеуметтік тап мүшесі. Халықтар, ұлттар мен ұлыстар мемлекеттер мен түрлі қоғамдық-саяси институттар, т.б. саясат субъектілері қарым-қатынастарынан қоғамдағы қазіргі саяси шындық қалыптасады. Саясаттану ғылымының зерттеу объектісі бүгінгі саяси шындық. Ал бүгінгі саяси шындық қоғамның барлық сфераларымен, салаларымен күрделі диалектикалық байланыстығы, өзара тәуелділіктегі және өзаралық ықпалдағы феномен. Бүгінгі саяси шындық көпқабатты, көпқырлы үнемі өзгерісте болатын объективті процесс. Ол өзіне дейінгі болып өткен саяси шындықтың негізінде қалыптасады. Бүгінгі саяси шындық өткеннен туып, келешекке ұласатын қозғалыстағы объективті шындық. Саяси шындық қазіргі қоғамдық болмыс шындығының құрамдас бөлшегі, сегменті. Бүгінгі саяси шындық қоғамда, мемлекетте жүріп жатқан саяси қарым-



қатынастар жиынтығы іспеттес. Оның болуы және дамуы біздің ниетімізге, тәуелді санамызға байланысты емес. Ол біздің еркімізден тыс, қоғамдағы объективті қатынастар фундаментінде қалыптасады.

Саяси шындық қоғамдық организмнің құрамдас бөлшегі сапасында өзіне тән объективті заңдықтарға бағынып дамиды. Саяси шындық дамуы жеке адам еркінен, санасынан тысқары. Адамдар оны өз еркіне тікелей бағындыра алмайды. Сонымен қатар бүгінгі саяси шындыққа әсер етуге болады. Саяси шындыққа әсер ету оның объективті даму заңдарын тануға және оны өз қажетімізге жарата білуге байланысты. Саяси революциялар саяси шындықты, экономикалық-әлеуметтік шындықты түбегейлі өзгертуге ұмтылады. Алайда саяси шындық революциялар дәуірінде тек өз мазмұны мен мағынасын өзгертеді. Ол жойылып кетпейді, бұрынғы шындық орнына жаңа шындық келеді. Тоталитарлық қоғамда тоталитарлық саяси жүйе қала береді. Мысалы: Қазан революциясы патшалық тоталитарлық жүйені, коммунистік тоталитарлық жүйемен алмастырды. Бірақ, саяси шындықтағы тоталитаризм өз мәнін сақтап қалады. Ал демократиялық, құқықтық қоғамдағы саяси шындық саясат субъектілерінің эволюциялық қызметі мен іс-шараларының жемісі. Демократия тірегі эволюция екендігін саяси тәжірибе толық дәлелдеді. Өркениеттілікке революциялар емес эволюциялар әкелетіндігін адамзаттың саяси тарихы әбден дәлелдеді. Объективті саяси шындықты өзгерту, жаңа сапаға трансформациялау саяси реформалар міндеті. Реформалар қоғамда өзгерту, дамыту талаптарына жауап беретін болса ғана пайдалы. Ал, қоғамдық даму заңдылықтарына қайшы реформалар, немесе жасанды реформалар елді алдыға жылжытпайды. Олар түбінде қайшылық пен теке - тірестің себебіне айналады.

Авторитарлық, тоталитарлық жүйелердің өзгеріп, демократиялық жүйеге айналуы да саяси күштер мен топтар ықпалымен болатын реформаторлық қызмет жемісі. Саясаттану ғылымы саяси өмір дамуы заңдылықтарын және саяси шындықты талдай отыра адамзатқа өркениетті қоғам орнату жолдарын көрсетеді, демократия принциптерін қалыптастырудың әдіс, тәсілдерін үйретеді. Себебі, әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің өзіндік жеке саяси бет-бейнесі болғанымен саяси дамудың ортақ заңдылықтары барлық елдерде міндетті түрде жүреді. Дамудың өзгешелігі, бірдей

тең болмауы мемлекеттердің табиғатындағы ортақ белгілері жоққа шығарылмайды. Әлем халықтары, мемлекеттері біріне-бірі ұқсамайды, әр-түрлі деңгейдегі дамуда. Бірақ барлығында дерлік саяси жүйе, саяси мәдениет, саяси сана мен саяси партиялар бар. Олар әртүрлі, бірін-бірі толық қайталамайды. Саясаттың да күрделі, көпқабатты, көпқырлы болуы саяси дамудың осындай көпжақты табиғатына байланысты.

Саясат табиғаты жағынан интегративті қызмет атқарады. Қоғамның саяси сферасында жасалатын саясат қоғамының негізгі сфераларына түгелдей қатынасады. Саясаттың негізгі бағыттары: әлемдік, планетарлық саясат, халықаралық саясат және ішкі саясат. Саясаттың 3 бағытының ішінде мемлекеттің ішкі дамуын реттейтін ішкі саясат құрылымы тіптен күрделі. Себебі ол күрделі қоғамдық организмнің барлық салаларын реттеуге, оларға ықпал етуге ұмтылады. Ішкі саясат бағыттары: экономикалық саясат, әлеуметтік саясат, экологиялық саясат, демографиялық саясат, этносаясат, жастар саясаты, инвестициялық саясат, салық саясаты, ақпарат саясаты, мәдени саясат, т.б. саясат бағыттары. Ал мемлекеттің жалпы ішкі саясаты осы әртүрлі саясат бағыттарын бір жүйеге, бір ортақ мақсатқа бағындыру міндетін шешеді. Саясат ең алдымен мемлекеттің біртұтастығын сақтап, оның тарихы кеңістікте өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейді. Оның мақсаты қоғамдық қатынастарды жандандыру, жөндеу, адамға, халыққа және ұлтқа қызмет ету. Мемлекеттік саясаттың аталмыш міндеттерді шешуге қабілетті болуы оның пәрменділігінің, тиімділігінің және дұрыстығының дәлелі болып табылады.

Саясаттану адамдарға, қоғамға осы көкейкесті міндетті шешуді, яғни ғылыми негізделген, ұдайы өзгерудегі өмір талаптарына адекватты саяси шешімдер қабылдай білуді үйретеді. Дұрыс саясат қоғамдық қатынастардың дағдарысқа ұшырамай, пайдалы бағытта дамуына көмектеседі. Қате, ғылыми негізделмеген саясат қоғамдық дамуға бөгет жасап, оны кері тартады немесе елеулі дағдарысқа ұшыратады. Мысалы, Кеңес Одағының терең дағдарысқа ұшырап, одан кейін күйреуіне себеп болған ең алдымен КОКП басшылығының қоғам дамуы талаптарына жауап бере алмаған қате саясаты. Коммунистік партия саясаты КСРО-ны әлемдік экономикалық даму заңдылықтарынан шеттетіп, адамзат қоғамы заңдылықтарына қайшы социалистік құрылыс жасады.

Өркениеттік, демократия мен нарықтық экономика адамзат қоғамының дамуының негізгі жолы. Осы жолға Кеңес Одағы Компартияның қате саясаты кесірінен түсе алмады. КСРО-ның ыдырауының теориялық себептері осында. Қате, қоғамдық заңдылықтарға қайшы саясат мемлекетті осындай жағдайға әкеледі. Керісінше, өркениетті қоғам орнату мақсатын көздеген мемлекеттер екінші дүниежүзілік соғыстан кейін-ақ дамудың үш сатысынан 50 жылдың ары жақ, бері жағында өтіп үлгерді. Батыс елдері, АҚШ, Канада мен Жапония осы мерзімде доиндустриалдық, индустриалдық және постиндустриалдық өркениет сатыларынан шығып өркениетті, азаматтық қоғам орнатуға жетісті. КСРО құрамынан бөлініп шыққан ТМД елдері болса әлі де доиндустриалдық және индустриалдық аралық өркениет сатысын бастарынан кешіруде. Қате саяси доктриналарды басшылыққа алып, жүзеге асыруға ұмтылу салдарынан ТМД елдері дамыған мемлекеттерден 30 жылдай мерзімге артта қалып қойды. Сондықтан саясаттану ғылымының мақсаты өркениетті елдердің саяси жүйелерінің тәжірибесін зерттеп, Қазақстанда өркениетті елдердің даму үрдістеріне қосу болып табылады. Мемлекеттік саясаттың жақын болашақтағы, перспективадағы стратегиялық міндеті осындай.

Саясаттанудың зерттеу объектісі қазіргі саяси шындық дедік. Саяси шындық-қоғамдық саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық, саяси-рухани процестер жиынтығы. Олардың өзара тәуелділіктегі, себеп-салдарлық, аралық ықпалдықтағы көрінісі. Саяси шындықты зерттеудегі саясаттану ғылымы мақсаты саяси жүйенің қоғамдық қатынастарға дұрыс басшылық жасауын қамтамасыз ету. Саяси жүйенің негізгі элементі, қоғамды басқаратын элементі мемлекет. Саяси шындықты зерттеу арқылы мемлекеттік биліктің реттеушілік, басқарушылық қызметін нығайтуға болады. Биліктің тиімділігінің артуы мемлекет қызметінің ойдағыдай болуының кепілі. Ол үшін саясаттану ғылымы саясаттағы, биліктегі, мемлекеттегі және жалпы саяси жүйедегі қайшылықтардың, қателіктердің, кемшіліктердің себептерін ашып отыруы керек. Шешілмей жатқан мәселелерді білмейінше саяси сфераның талапқа сай қызметіне қол жеткізу мүмкін емес. Демек, саясаттану ғылымы апологеттік ғылым емес. Ол жеке бір саяси топқа, саяси элитаға қызмет етпейді. Саясаттану қоғам, адам дамуы талаптарынан

туындайтын саяси жүйе шешуге тиісті құбылыстарды зерттейтін саяси ғылымға жатады. Саясаттанудың саясылығы оның адамдар топтарының саяси-әлеуметтік мүдделеріне байланысты болуында. Бірақ ол белгілі бір топқа ғана қызмет етпей, жалпы мемлекеттік саяси мақсаттар мен құндылықтарға қызмет етеді. Саясаттану ғылымы қандай да болмасын саяси идеологиялық доктриналардан жоғары тұр. Ал әр түрлі саяси доктриналар саясат пен саясаттанудың құрамдас бөлшектері. Саясаттану ғылымы түрлі саяси доктриналарды салыстырып зерттеп, олардың қоғамдық даму талаптарына жауап беру деңгейіне сарапшы болады. Объективті саяси шындықты зерттеу жолында саясаттану сүйенетін теориялық-методологиялық принциптер міндетті түрде қажет.

Саясаттану ғылымы универсалды-эмбебап ғылым. Универсалдық принципі саясаттың қасиетіне байланысты. Себебі, қоғамдық қатынастарда саясатқа қатысты, саясатпен байланысты емес құбылыстар кемде кем. Адам, адамдар топтары саяси субъектілер. Саясатты жасаушы да, оны жүргізуші де адам. Адам мақсаты саясат арқылы қоғамдық өмірдің түрлі қойнауында өз мақсатын іске асыру. Экономикалық саясат-материалдық өмір мақсаттарына қызмет етсе, әлеуметтік саясат-әлеуметтік талап-тілектерге, экологиялық саясат адам өмірі үшін қоршаған ортаны қорғау мақсатына, демографиялық саясат-адамдар өсімін реттеу жолында, аграрлық саясат-адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсаттарына т.б. қызмет етеді. Универсализм саясаттанудың міндетті түрде басшылыққа алатын методологиялық принципі. Саясат пен билік саясаттанудың зерттеу объектілері, нысаналары ретінде универсалды-эмбебап сапаға ие.

Саясаттану объективті саяси шындықты зерттеуде философиялық материалдық дүние дамуының диалектикалық принципін басшылыққа алды. Саяси сфера, саяси шындық, саяси сана қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың құрамдас бөлшегі. Олар ұдайы өзгеруде болатын, дамуда болатын құбылыстар. Саяси шындық қоғамдық шындықпен бірге диалектикалық өзгеріс сапасында тұрады. Диалектикалық заңдылықтар (тұтастық пен бөлшек, қайшылық пен даму, жалпы және ерекше, абстрактыдан нақтыға) саяси сфера мен саяси жүйелер қызметінің заңдылықтарын зерттеу ісінде пайдаланылады.

Саясаттану ғылымы үнемі комплекстік кешендік әдісті пайдалануға ұмтылады, яғни, саяси шындықты нақты зерттеу үшін елдегі жалпы жағдайды білу /макроорта-әлеуметтік экономикалық, саяси-рухани орта/ жеткіліксіз. Ол үшін мезо-микроорта-әрбір саяси топ ішіндегі нақты жағдайлар туралы деректер білу, жинақтау қажет. Елдің жалпы саяси келбеті бар. Сонымен қатар әр аймақ, әр қала өзінің саяси ерекшеліктерімен сипатталады. Кешенділік методологиялық принципі саяси шындықтың нақты және жалпы сапаларын анықтауға ықпал етеді.

Жүйелік /системность/ саясаттануда пайдаланылатын методологиялық әдіс. Қандай болмасын саяси құбылыс белгілі бір жүйенің құрамдас бөлшегі. Саяси субъектілер қоғамның басқа элементтеріне тәуелді, байланысты. Қоғамдық жүйенің сегменті ретінде саяси жүйе басқа жүйелерге әсер етеді және оның өзі басқа жүйелердің ықпалымен дамып, трансформацияланып отырады /әлеуметтік талаптар, этникалық мәселелер, экономикалық, мәдени даму міндеттері т.б. саяси дамуды қамшылайды/.

Сыншылдық методологиялық принципін басшылыққа алу саясаттану ғылымына саяси сфера мен мемлекетте болып жатқан қателіктерді, қайшылықтар мен кемшіліктерді көре білуге көмектеседі. Әлеуметтік-саяси ғылымға жүктелген басты міндет қоғамды, мемлекетті, адамды түзету, тәрбиелеу. Осы міндеттерді шешу үшін сыншыл, қателіктерді батыл атай білетін саясат қажет. Сыншылдық әділетке, ақиқатқа барар жол. Әділет пен ақиқат саясаты қоғам ауруларын емдеп, девянттық /ауытқу/ құбылыстарын ауыздықтайды.

Саясат қазіргі адамның тұтынысы және қажеттілігі. Сондықтан саясатта адам факторы, жеке бастық қасиеттер өте маңызды. Саясатта адам мен тобыр психологиясының да орны бар. Саяси мінез-құлықтың психологиялық себептері бар. Демек, саяси ғылымда бихевиористік принцип қолданылады. Адамды билікке, саяси күреске жетелеуші түрлі стимулдарға жауап беретін физиологиялық реакция. Адам табиғатынан билікке, саяси күреске, басқаруға құмар екендігін психология ғылымы әбден дәлелдеген.

Дұрыс саясатты жасау мемлекеттік саясатты басқа елдер саясатымен және ондағы жағдайлармен салыстыруға байланысты. Демек, саясаттануда салыстырмалық методологиялық принципі пайдаланылады. Саяси ғылым нақты деректер мен фактілерді

қолданатын ғылым. Эмпирикалық деректерді сандық және сапалық талдау жасау арқылы нақты саяси құбылыс табиғатын түсінуге, қоғамды басқарудың, саяси қарым-қатынастарды реттеудің дұрыс шешімдерін қабылдауға болады.

Саясаттанудың методологиялық принциптері мен зерттеу әдістері қоғамдық-саяси құбылыстарды, оқиғаларды немесе қайшылықтарды бірі-бірінсіз болмайтындығын, себеп-салдарлық байланысын да зерттеуге мүмкіндік береді. Саясатта бөлек, жеке, автономды дамитын, немесе қызмет ететін құбылыс жоқ. Барлық саяси құбылыстардың себебі мен негіздері бар. Ал методологиялық принциптер осы ортақ саяси жүйедегі саясат салаларын жіктеп алуға көмектеседі. Ал саясат бағыттарын салалап жіктеу арқылы саясат табиғатын терең түсінуге, саяси шешімдер тиімділігін арттыруға болады.

Саясаттану ғылымы бүгінгі саяси шындықты зерттеу барысында адамзаттық саяси ой жетістіктеріне сүйенеді. Бүгінгі саяси ой-сана, саяси мәдениет адамзаттық саяси көзқарастың жетістігі және заңды жалғасы. Ол одан әрі дамып, байи береді. Саяси ой тарихы 2,5 мың жылдан астам мерзімді қамтиды. Платонның "Республика", Аристотельдің "Саясат" еңбектерінен бастау алған саяси ғылым бүгінде Жер шарының көпшілік мемлекеттерінде жоғары оқу орындары мен колледждерінде міндетті пән ретінде оқытылуда.

Себебі, саясаттану келешек мамандардың қызмет етуіне көмектеседі. Ол инструменталдық қызмет атқара отырып, саяси тәжірибені үйретеді. Түрлі мекемелердің саяси қызмет нормаларын анықтайды. Саяси шаралар, /сайлау, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарды ұйымдастыру/ саяси қызмет пен үрдістерді жоспарлау, келешекте болатын саяси процестер мен оқиғаларды болжау, түрлі саяси мекемелер жұмыстарын ұйымдастыруға ұсыныстар айту сияқты маңызды істерді саясаттану ғылымы үйретеді, оқытады. Саясатты білу, үйрену және қолдану саясаттануды оқып үйретуге тікелей қатысты.

Саясаттанудың танымдық және сыншылдық функциясы саяси идеялар мен теориялардың қоғамдық шындыққа қатысын және тұтастығын немесе қателігін анықтайды. Эмпирикалық материалдары, саяси идеялар мен теорияларды салыстырмалы

талдау жасай отыра, саясаттану қоғамдық дамудың теориясын және гипотезасын ұсынады.

Саясаттану ғылымындағы негізгі тіректі парадигмалар: саясат, билік және мемлекет. Осы үш феномен саяси сфераның барлық мәселелеріне қатысты, ықпалды. Сонымен бірге саясаттану мәнін түсіндіретін "сыртқы саясат", "ішкі саясат", әскери саясат", "саяси партия", "саяси мәдениет", "саяси сана", "саяси лидер" т.б. жүздеген парадигмаларды пайдаланады. Әрине, саясаттану парадигмалары, заңдылықтары мен методологиялық принциптерін басқа да қоғамдық-саяси ғылымдар қолдана алады. Себебі, түрлі ғылымдар бірігіп шешетін ортақ мәселелер көп.

Сонымен саясаттану ғылым ретінде саясат, билік, мемлекет және жалпы саяси сфераның қалыптасуы, дамуы және келешегі туралы білімдер жиынтығы. Осы саяси құбылыстар мен үрдістерді зерттеу барысында саясаттану объективті саяси шындықтың даму заңдылықтарын түсіндіреді. Саясат арқылы қоғамдық қатынастарды модернизациялау, реттеу ісі дұрыс жүргізіледі. Саясаттану дұрыс, мемлекет пен халық мүддесіне сай келетін саясат жасауға ықпал етеді. Бұлай болуы оның қоғамды өркениет жолына жетелеудің кепілі. Саясаттану саясаттың экономикаға, әлеуметтік қатынастарға, рухани сфера мен дүниетанымға әсер ету заңдылықтарына ғылыми таңдау жасай отырып, қоғамның негізгі салаларын басқаруды, билік жүйесін құруды жетілдіруді қамтамасыз етеді. Саясаттану мақсаты-саясаттың қолданылуын жетілдіру және қоғамның саяси сферасы мен оның басқа сфераларының қарым-қатынасының заңдылықтарын ашу.

Өркениетті, демократиялық қоғам құруды мақсат тұтқан Қазақстан үшін саясаттану ғылымын дамытудың маңызы зор. Себебі, өркениетті елдердің саяси құрлысын, саяси тәжірибесін, саяси мәдениетін Қазақстанға сол қалпында көшіре алмаймыз. Әр мемлекет қайталанбас құбылыс. Әлемдік ортақ даму заңдылықтарды әр елде өзгешеленіп, түрленіп, жаңа қырларымен көрінеді. Демек, әлемдік саяси тәжірибені сарапқа салып, соның ішінде Қазақстанға қажетті, елдің дамуына жауап беретін тәжірибені, құбылыстарды сарапқа салып, саяси институттар құзырына ұсыну саясаттану орындайтын негізгі функция болып табылады.

## Қазіргі саясат мәні туралы

Қоғамның даму тынысын ашуға көмектесетін тиімді саясат жүргізген мемлекеттер өркениет жолымен ойдағыдай дамуда. Сондықтан мемлекеттің қазіргі міндеттері мен стратегиялық алдағы міндеттерін анықтайтын және сол міндеттерді орындауға қоғам қуатын жұмылдыратын тиімді саясат маңызы арта түседі. Тиімді саясат аса көп қаржыны қажет етпейтін билік құрушы элитаның интеллектуалдық мүмкіндігіне, кәсіптік дайындығына, қоғамдық позициясына, саяси мәдениеті мен әлеуметтік ниетіне байланысты қалыптасатын субъективті фактор. Демек, мемлекеттегі тиімді саясаттың қоғамдық өмірдің барлық салаларына дұрыс ықпал жасай алуы билік құрушы элитаның біліміне, біліктілігіне және отаншылдығына қатысты. Басқарушы элита мемлекет мүддесін, ел қамын терең ойласа, ол үшін аянбай еңбек етсе тиімді саясат қоғамды өрге тартатын қуатты күшке айналады. Тиімді саясатты жасаудың және оны іске асырудың маңызы арта беретіндігі осыған байланысты.

Тиімді саясат қоғамның саяси жүйесінің қатысуымен жән саяси элитаның тікелей басшылығымен жасалады. Саяси сфераның қызметі мен тіршілігінің мазмұнын саясат анықтайды. Саясат бүкіл саяси жүйені қозғалысқа келтіретін рухани күшке айналады. Саяси сфераның мемлекеттік мүдделерден ауытқымауы, ел халқының көкейтесті мақсаттары мен әл-ауқатын көтеруге қызмет етуі тиімді саясаттың нәтижесі екендігі ақиқат.

Қоғамды қозғалысқа келтіретін әлеуметтік құбылыс ретінде саясат табиғаты өте күрделі. Ол қоғамдық организммен санқырлы байланыста. Саясат пен қоғамдық өмірдің түрлі салалары өзара тәуелді. Олардың ара қатынасы көп жағдайда көзге көрінбейтін латентті жағдайда жүріп жатады. Саясаттанушылар мен саяси элита саясаттың күрделі табиғатын танып білу арқылы ғана оны тиімді пайдалана алады. Саясатты орнымен, болып жатқан процестерге сәйкес пайдалана білу мемлекет алдына қойған міндеттерді дер кезінде шешуге мүмкіндік туғызып, қажетті табыстарға қол жеткізеді. Әлемдік саяси тәжірибе дәлелдегендей күшті, тиімді саясат табыс пен өркендеудің қайнар көзі болып қала береді. Ал, қате саясат зорлықшыл немесе жасанды. Ол қоғам мүдделеріне сәйкес болмағандықтан әлсіз. Себебі, сол мемлекет халқы осындай



жалған, жасанды саясатты қолдауға, оны іске асыру үшін күресуге мүдделі емес. Әсіресе, авторитарлық, диктаторлық мемлекеттерде ел халқы ресми саясатқа амалсыздан, шарасыз өтірік қолдау көрсетеді. Шын мәнінде бұндай саясатқа танымы мен ниеті қарсы. Сондықтан, қате, зорлықшыл саясат қоғам мен мемлекет дамуына бөгет болуымен зиянды. Жасанды, жалған саясаттың мемлекеттің күйреуіне әкелетіндігіне тарих үнемі куә болуда. Осының соңғы дәлелінің бірі Кеңес Одағының дағдарысқа ұшырап ыдырауы. Кеңес Одағының күйреуінің ең басты себебі - оны басқарған Коммунистік партияның 70-ші 80-ші жылдарда тиімді, күшті саясат жасай алмауы. Социалистік қоғамды дамытып, өркендету саясаты болып жатқан шындықтардан алшақ кетті. Ол замана талаптарына, Кеңес халықтарының мақсат-мүдделеріне жауап бере алған жоқ. Кеңес халықтары әлемдік өркениет көшінен артта қалғанын түсініп Компартия саясатын қолдаудан бас тартты.

Ал, өркениетті елдер болса адам интеллектісін, ғылымды, ақпаратты, техникалық өркениетті, демократия мен мәдениетті дамыту арқылы зор табыстарға қол жеткізуде. Дамыған елдер экономикасы сол елдегі барлық тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуда. Өркениетті елдер жетістіктері мемлекеттік басқарушы, реттеуші және ұйымдастырушы саясаттың дұрыстығына байланысты. Әрине, әлемдегі 280-дай мемлекеттің барлығы ғылыми негізделген, өз елін өрлеуге бастайтын саясатты жасауды іске асыруды дұрыс деп біледі. Көпшілік елдер тиімді, күшті саясат жасауға ұмтылады. Бірақ әлемдік саяси кеңістікте барлық елдер бірдей тиімді саясат жасай алған емес. Себебі, әр елдің табиғаты бөлек, өмір салты бөлек, өзіне тән күрделі ерекшеліктері жеткілікті. Бір елдегі саясат екінші елдің топырағына көшпейді, толық қайталанбайды. Саясаттың құпиясы мен қалтарысы көп, күрделі құбылыс екендігін осыдан байқауға болады. Саясат жалпы адамзаттық құбылыс бола отырып, әр елде әртүрлі қырынан көрінеді. Саясаттың ортақ заңдылықтары әр мемлекеттің ерекшеліктеріне тән өзгерісте көрінеді, қызмет жасайды. Мысалы, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, экологиялық, аграрлық саясат бағыттары барлық мемлекеттерге тән. Бірақ олардың іске асуы, әдіс-тәсілдері, қаржыландырылуы, маңыздылығы әр елдің ерекшеліктеріне сәйкес. Сол себепті бір елдің саяси тәжірибесін екінші елге жасанды түрде көшіруге болмайды. Басқа елдердің

озық тәжірибесін пайдаланғанда оны сараптап, сол елдің ерекшеліктерін мұқият ескере отыра пайдалану қажет. Бұлай болуы қоғамдық саясаттың барлық салаларына қатысты. Жалпы адамзаттық дамуға тән ортақ саяси заңдылықтар мен құбылыстар әр елде әр түрлі қырларынан көрініп сол елдерге тән ерекшеліктермен толығып, өзгеріп отырады. Саяси процестердің күрделі табиғаты оның осындай өзгермелі, құпия және жалпылық сапасына да байланысты.

Саясатты зерттеу саясаттың көп қырлы, көп қабатты және көп жақты болуымен қиын. Қоғамдық шындық қаншама күрделі болса, саяси шындық та соншама күрделі. Саяси шындықты тану, зерттеу арқылы бүкіл қоғамдық шындыққа ықпал етуге қабілетті саясат жасауға мүмкіндік береді. Қоғамды өзгертуге, жақсартуға шамасы жетерлік саясатты нағыз тиімді, нағыз күшті саясат деп бағалауға тұрады.

Адамзат саясаттан өзге мемлекеттік істерді басқарудың оңтайлы құралы мен жолын тапқан жоқ. Ол билікті іске асырудың негізгі әдісі болып қала беруде. Саясат мемлекеттің біртұтастығын сақтап, оның шаруашылығын, мәдениетін, әлеуметтік дамуын басқарады, бағыттайды. Күшті, тиімді мемлекеттік саясат жұмыс істеп тұрған елдерде саяси-әлеуметтік, этникалық қайшылықтар дер кезінде шешімін табады. Саяси шешімдер арқылы конфликтогенді яғни табиғаты қайшылықты құбылыстарға тосқауылдар қою мүмкін болады.

Саясат тиімділігінің маңызды белгісінің бірі оның мемлекет халқын тағдырлық міндеттер төңірегінде топтастыруы. Қазақстан Республикасының мақсаты демократиялық, өркениетті қоғам орнату. Мемлекеттік саясат осы стратегиялық міндетті шешудің қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын шараларын белгілеуі және іске асыруы қажет. Мемлекеттік саясаттың маңызды қасиеті көп жағдайда ол халықты өз соңынан ерте алуға қабілеттілігінде. Адамдардың мүдделі топтары мемлекеттік саясатты өз қызметінде басшылыққа алып, өз еріктерімен іске асыруға ұмтылып отырады. Осымен қатар билік институттары да мемлекеттік саясатты басшылыққа ала отыра жүйелі қызмет жасайды. Билік институттары мен мүдделі топтардың қызметі арқасында ел халқының біртұтас әлеуметтік-саяси күшке айналуы, мемлекеттік ортақ мақсаттарды орындауға мүдделі болуы зор

рухани, саяси құндылық болып табылады. Халқы ортақ мақсаттарды орындауға жұмылмаған мемлекетте береке-бірлік болмайды. Бұл істі шешуде мемлекеттік саяси идеологияның алатын орны күшті. Мемлекет азаматтарының мақсат бірлігін, ниет бірлігін және іс-қимыл бірлігін саяси идеология жасайды. Стратегиялық саяси міндеттерді шешудің тиімді болуына мемлекеттік саяси идеологияның әсері күшті.

Ішкі саясаттың құрамдас бөлшегі ретінде идеология халықты топтастырушы, жинақтаушы және ұйытушы идеяларды, ұрандарды және көзқарастарды насихаттайды. Идеология мен саясат ара қатынасы туралы біз өз пікірімізде негіздеп айтқанбыз (қараңыз: Қазақ әдебиеті. 2002ж. 10 мамыр) Саясаттың маңызды міндеттерінің бірі-рухани сферада, мәдениетте, ақпаратта және білім саласында халықтың бірлігін, татулығын және тұтастығын нығайтуға көмектесетін шараларды іске асыру. Өзекті стратегиялық міндеттер мен қазіргі шешілуге тиісті міндеттерді білмеген, түсінбеген және оларды шешудің әдіс-тәсілдерін үйренбеген халқы бар мемлекет табысқа жеткен емес. Халықты ел алдындағы тағдырлық міндеттерді шешуге үйрететін және жұмылдыратын саясат қана тиімді саясат.

Тиімді саясаттың негізгі белгілерінің барлығы Қазақстан Республикасы үшін маңызды. Елдің басқарушы төбе тобының мемлекеттік саясатының тиімділігіне Қазақстанның жетістіктері тәуелді. Әрине, бірінші кезекте экономикалық саясаттың, шаруашылықты басқарудың, шикізат көздері мен қуат ресурстарын тиімді пайдалану саясатының тұратыны ақиқат. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта Қазақстанның постсоциалистік кезеңдегі терең экономикалық дағдарыстан шыға алғандығы қуантады. Сонымен бірге, ел экономикасының нарықтық қатынастарға трансформациялануы халықтың барлық топтары үшін қатаң сын болды. 1991-1996 жылдар арасында барлық экономикалық көрсеткіштер теріс болды. Мысалы, халықтың ақшалай кірісі осы жылдарда бес есе төмендеді/1/. Осы мерзім ішінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру деңгейі 33 пайызға төмендеді. Дағдарыс салдарынан жұмыссыздар саны күрт өсті. Ресми деректердің өзінде жұмыссыздардың 70 мыңнан 282 мыңға артқаны көрсетіледі/2/. Ал нақты өмірде жұмыссыздардың саны бұдан еселеп артық болғаны шындық. Қазақстандағы кәсіпорындардың басым көпшілігі

нарықтық экономикадан өз орындарын таба алмай жабылды. Ауыл шаруашылығында жаңа еңбекті ұйымдастыру болмай жатып колхоз, совхоздар таратылды. Табыс табу көзінен айрылған қазақстандықтардың 70 пайызға жуығы кедейленіп, қайыршыланып қалды. Осының барлығы ғылыми негізделмеген, тиімсіз экономикалық саясат салдарларынан болғанын мойындағанмыз жөн. Этатистік немесе, мемлекетшіл мүддедегі экономикалық саясаттың нарықтық қатынастарға адекватты, сайма-сай экономикалық саясатқа ұласуы үлкен қиындықтар жағдайында жүрді. Бұл қиындықтарды экономикалық, саяси құрылыстардың ауысуы жағдайындағы, өтпелі кезеңнің табиғи қиындықтары деп есептейміз. Социалистік қоғамнан бас тарту, нарықтық қоғам орнату құбылыстары міндетті түрде белгілі мерзімде экономикалық дағдарысты бастан өткеруді қалайтын шығар деген пікірдеміз. Дағдарыс қоғамнан одан құтылудың түрлі кешенді шараларын қарастыруды талап ететіндігі даусыз. Дағдарыс тереңдей берсе, ол бүкіл қоғамды ауруға шалдықтыратыны даусыз. Күшті, тиімді саясат экономикалық қарсылық, әлеуметтік дағдарыстар мен қайшылықтарды алдын – ала ауыздықтай алады. Қоғамның тұрақты дамуы өздігінен болатын стихиялы құбылыс емес. Тұрақты дамудағы елде билеуші топ тиімді саясатты жасап және іске асырып отыру деген сөз.

Дағдарыстың орын алуы елдегі қайшылықтармен қордаланған мәселелерді шешуге қабілетті мемлекеттік саясаттың болмауына байланысты. Сондықтан қандай елде болмасын дұрыс, ғылыми негізделген, қоғамның даму талаптарына жауап беретін саясат жүргізу үнемі маңызды, үнемі күн тәртібінде. Дағдарысты жеңе білетін экономика және әлеуметтік сфера ғана бәсекелестікке қабілетті елді жасайды. Қандай мемлекеттің болмасын әлемдік бәсекелестікке қабілеттілігін оның тиімді саясат жүргізе алуына тәуелді.

Сондықтан, Қазақстанның билік институттарының алдында ел шаруашылығының барлық салаларын қамтыған экономикалық дағдарысты ауыздықтау міндеті тұрды. Ол үшін ең алдымен тиімді экономикалық саясат бағыттарын белгілеп алу керек болды. Тоқсаныншы жылдардың екінші жартысынан бастап, үкімет экономиканы дағдарыстан шығарудың нақты механизмдерін іске қоса алды. Бұл саясаттың негізгі бағыты-ел экономикасына шетел

инвестицияларын тарту. Шетел инвесторлары қаржысын пайдалану арқылы жаңа шикізат көздерін игеру, өнеркәсіп орындарын іске қосу, өңдеуші өнеркәсіпті жандандыру сияқты түбегейлі шараларды жүзеге асыру мүмкін болды. 1991-2001 жылдар аралығында дамыған елдер Қазақстан экономикасына салған инвестициялар көлемі 13 миллиард долларды құраған/3/. Инвестициялық тартымдылығы жағынан Қазақстан әлемдегі мемлекеттердің алғашқы ондығына кіріп отыр. Мысалы, 2002 жылы өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 1,6 триллион теңгені құрап, 2001 жылмен салыстырғанда 9,5 пайызға өсті. Негізгі қорларға тартылған инвестициялар 671 миллиард теңгені құрап, 8 пайызға өсті /4/. Бұл нәтижелер нарықтық механизмдер іске қосылғанының нақты көрсеткіштері болып табылады. 1999 жылдан бастап, ел экономикасының әр жылдағы даму көлемі орта есеппен 11 пайыздан артып отыр. Соңғы үш жылда жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) 35,5 пайызға өссе, өнеркәсіп өнімінің өсуі 42,9 пайызды, ауыл шаруашылығының өсімі 50 пайызды құраған/5/. Осының нәтижесінде қазақстандықтардың материалдық әл-ауқаты біршама жақсарды. Кейбір мәліметтер бойынша әр тұрғынға келетін орташа табыс 2002 жылы Қазақстанда 1430 доллар болса, Тәжікстанда 215 доллар, Қырғызстанда, 300, Түркіменстанда 280, Өзбекстанда 500 доллар болған/6/. Бұл деректер қазақстандықтардың әл ауқаты орташа дамыған елдер деңгейіне жақын екендігін көрсетеді. Қазақстандағы орташа табыстың жан басына шаққанда 1500 доллар болғандығын оппозиция өкілдері де растап отыр /7/. Бірақ, оппозиция өкілдері Қазақстандағы жағдайды Орта Азиядағы басқа елдермен салыстырғылары келмейді. Тіптен, орташа дамыған ірі мемлекеттер Индияда жан басына жиынтық өнім 1610 доллар, Қытайда 2800 доллар Ресейде 2700 доллар, Пәкістанда 2300 доллар екендігін /8/ есептесек, жаңадан экономикалық жүйесін қалыптастырып жатқан, өтпелі кезеңдегі ел Қазақстан үшін 1500 доллар жан басына өнім өндірілуі тіптен нашар көрсеткіш емес.

2002-2010 жылдарда Қазақстан экономикасы дұрыс жүргізілген экономикалық және қаржылық саясат нәтижесінде екі мәрте болған әлемдік дағдарыстарға төтеп бере алды. Елдің даму қуаты әлсіреген жоқ. Елдің ІЖӨ 2-еседен артық өсіп, жан басына шаққандағы орташа табыс 7000 АҚШ долларына жетті. Осы маңызды көрсеткіш бойынша Қазақстан орта дамыған елдер қатарына қосылды /9/.

Сондықтан соңғы 5 жылдағы экономикалық саясат көрсеткіштерін тиімді саясат нәтижесі деп бағалаған жөн. Әрине, экономикалық саясаттың тиімділігін арттыру мүмкіндіктері өте мол. Бірінші кезекте ел өнеркәсібінің шикізаттық сипатынан құтылу міндеті тұр. Мысалы, мұнай, газ, металл өндіру ел өндірісінің 70 пайызын құрайды. Ал, осы өнімдер экспорттың 90 пайызын қамтиды/9/. Экономиканың бұлай біржақты дамуы қауіпті. Шикізатты сатумен ұзақ уақыт экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қиын. Елдің келешегіне керек шикізат жер қойнауында қалуы керек. Болашақ ұрпақты ойламасақ Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет болып қалуы мүмкін емес. Сондықтан тиімді экономикалық саясат елдің әлемдік шаруашылық, рынок бөлінісінен өз орнын табуға көмектесуі керек. Қазақстан шикізат шығаруды шектеп, оның орнына елдің қорларына зиянын тигізбейтін дайын тауарлар, астық, ет, тері, жүн т.б. өнімдерді экспортқа шығаруды жолға қоюы пайдалы. Бұл істе Қазақстан өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы қандай өнімдерімен әлемдік бәсекелестікке төтеп бере алатындығын нақтылап алғанымыз абзал. Қытай, Индия, Пәкістан, Ресей сияқты алып елдер Қазақстан өнімдері үшін тіптен кең, таусылмайтын рынок аймақтары болып табылады. Мәселе, осы мемлекеттерге стратегиялық маңызы бар шикізатты емес дайын өнімдері сатуға келіп тіреледі. Тиімді экономикалық саясат аталған міндеттерді шешуге билік институттарын бағыттайды және экономика мен сыртқы сауданы осылай ұйымдастыра алады. Билік институттарының тиімді экономикалық саясат жүргізуі нәтижесінде ел экономикасы үнемі модернизацияланып, халықтың тұрмысы мен әл-ауқатының жақсаруына қол жетеді.

Әрине, Қазақстанда бұл ретте шешілмей жатқан мәселелер көп. Оның бірі орта және шағын бизнестің әлі де болса нашар дамуы. Нарықтық қатынастар тірегі болып табылатын орта әлеуметтік тап әлі де қалыптаса қойған жоқ. Қазір елімізде жеке бизнес жалпы ішкі өнімнің 75 пайыздан астамын өндіргенімен бұл өнім негізінен шикізат шығаратын ірі өнеркәсіп салаларының үлесіне тиіп отыр. Сондықтан нарықтық өркендеуде табысқа жету үшін орта және шағын бизнесті өркендетудің тиімді саясатын іске асыру қажет. Ол үшін жеке бизнестің дамуына бөгет болатын артық салықты,

шенеуліктердің зорлығын жойып, қолайлы заңдық негіздер қалау міндет.

Экономиканың шикізаттық сипатын алдағы аз мерзімде жеңу қиын. Алайда, осы бар шикізатты әлемдік рынокта дұрыстап, елге пайда әкелетін бағамен сату ұйымдастырылмаған. Қазақстан түсті металдың көптеген түрлерін өндіруден әлемдегі лидер. Өкінішке орай сирек кездесетін түсті металдарды сату әлемдік бағалар деңгейінде болмағандықтан Қазақстан жүздеген миллион доллардан айрылып қалуда. Сыртқы сауданы ұйымдастыратын билік институттары сыртқы сауданың тиімді саясатын жасай алмай отыр. Соның кесірінен зор резервтердің пайдаланылуы нашар. Шикізат сатушы елден дайын тауарларды сатушы елге айналу экономикалық саясаттың негізгі мақсаты болып қалады. Экспорттан түскен пайданы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жаңа деңгейде жасақтауға, модернизациялауға жұмсамайынша өркендеу болмайтындығын түсінетін мезгіл жетті.

Қазақстан жағдайында тиімді экономикалық саясаттың мақсаты ауыл шаруашылығын өркендету болмақ. Елдің жаңару стратегиясының жүзеге асуы ауылға байланысты екендігі даусыз. Жекелеген Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент сияқты мегаполистер ел шаруашылығына қорған бола алмайды. Экологиялық қауіпсіздік, азық-түліктік қауіпсіздік, жеңіл өнеркәсіп дамуы секілді тағдырлық міндеттер ауыл шаруашылығын өркендетпей шешілмейді. Сондықтан экономикалық саясатта ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсарту, оларды сақтау және өңдеу жолдарын қарастыру және іске асыру маңызды. Ауыл өнімінің сапасын жақсарту арқылы ғана біздің ел көршілес ірі мемлекеттердің рыногын игере алады. Ол үшін сапалы ет, астық, қант пен күріш өнімдерін өндіруді жолға қою керек. Мал тұқымын асылдандыру, астық өнімдері мен түрлі дақылдарды селекциялау жұмыстары ғалым кадрлерді, қаржыны, материалдық базаны және уақытты талап етеді. 2002-2005 жылдардың ауыл жылдары болуы жеткіліксіз. Ауыл өндірісі мемлекеттік стратегиялық басымдылыққа толық айналғанда ғана тиімді экономикалық саясат іске асты деуге болады. Жердің нағыз қожасы Қазақстан Республикасының ғана азаматтары болуы елдің егемендігін сақтайды. Шетел азаматтарына қазақ жерінің жеке меншікке сатылуы елдің мемлекеттік қауіпсіздігіне үлкен зиян екеніне

сенімдіміз. Геосаяси, этнодемографиялық ахуал қазақ жерін шетелдіктерге сатуға болмайтындығын көрсетіп отыр. Ұлан-ғайыр бос кеңістікті бөтен ел азаматтары меншіктенсе жуық келешектің өзінде Қазақстан территориясының тұтастығының ыдырауы қауіп бар. Әсіресе шекаралық аудандарда жердің шетел азаматтарына сатылуы үлкен қауіп. Сондықтан бүгінгі билік иелері кең байтақ қазақ жері алдымен қазақ ұлтының, одан соң барлық қазақстандықтардың меншігі екендігін еске қатты ұстауға міндетті. «Жерсіз ел көгермейді»- деген ақиқаттық қағиданы ұмытуға болмайды. Басқарушы элита саясатының тиімділігі тек жерді игеруді ғана емес, оған ие болуды да ұйымдастыруға қабілеттілігіне байланысты. Сондықтан жерді нарықтық қатынастарға қосудың ұлттық стратегиялық мүдделерге қарсы келмейтін жолдарын қарастыру керек. Қазақ жерінің біртұтастығын сақтай отыра онда өркениетті ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, аграрлық саясаттың негізгі басымдылығы деп есептейміз. Осы стратегиялық міндетті орындаудың түрлі айла-әрекетін іске асыру билік институттарының өзекті міндеті болып отыр.

Демек, экономикалық сферадағы саясаттың тиімділігі Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын қазіргі заманғы әлемдік еңбек бөлінісі мен өнім сапасы талаптарына жауап беретін деңгейде ұйымдастыруға байланысты. Тиімді экономикалық саясат нәтижесі ретінде халықтың материалдық әл-ауқаты мен әлеуметтік мәселелерінің бүгінгі өмір талаптарына сәйкес шешілуі болмақ. Тиімді экономикалық саясат өркениетті экономиканы жасайды. Өркениетті экономика азаматтардың өз қабілетіне қарай сан түрлі еңбекке араласуын қамтамасыз етеді. Ондай мемлекетте кедейлік пен жұмыссыздық белгілі бір шектен шықпайды, халықтың өмір сүруіне қауіп төндірмейді.

Тиімді экономикалық саясат тиімді әлеуметтік саясатты іске асырудың тірегі. Қазақстан қоғамы да осы заңдылық шеңберінен шықпайды. Халықтың мүдделеріне жауап беретін әлеуметтік саясат жасау, жүргізу оңай емес. Социализмдегі теңгерушіліктен құтылды. Елдегі нарық қоғамында өнімді еңбек еткен адамның әлеуметтік тұтыныстары шешілетіндей ахуал жасалуы қажет. Онсыз толыққанды нарық қатынастары болмайды. Адам еңбек әрекетіне қарай жалақы алуға тиісті.



Мүгедектер, қариялар, оқушы жастардан басқалардың еңбек етуіне жағдай жасалған болса, бүкіл халықтың әлеуметтік мәселелері шешілген болар еді. Бұлай болуы әлеуметтік және этникалық қайшылықтарды шешуге көмектеседі. Әрине, ешуақытта барлық қоғам мүшелерінің өміріне толық жақсы жағдай жасалған қоғам болмайды. Оған ұмтылу елеске ұмтылу, утопия болар еді. Бірақ, қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің дұрыс өмірін ұйымдастыруға әбден болады. Тиімді саясат елдегі әлеуметтік қатынастарды реттеп, әрбір әлеуметтік топтың өзіне тән төл сапаларын іске асыруына жағдай жасайды.

Себебі, елдегі әрбір әлеуметтік топтың өзіне тән орны, функциялары және шешетін мәселелері болады. Тиімді саясат қоғамдағы әрбір әлеуметтік топтың осы функцияларын орындауына жағдай жасауы керек. Бизнестік топтар, мысалы өндірісте, финанс жүйесі, саудада, қызмет көрсетуде іскерлік әрекеттері арқылы түрлі өнімдер мен қызметтер көрсетумен пайда табады. Осы мақсатта ол көптеген адамдарды ұйымдастырып, қызмет береді. Олар төлейтін салықтан мемлекет бюджеті жасалып, әлеуметтік әлсіз топтарға қызмет көрсетіледі. Фермерлердің әлеуметтік тобы болса ауылдағы орта таптың негізін қалап, ауыл шаруашылығы экономикасын ұйымдастырудағы және дамытудағы шешуші күш болуы қажет. Жалдамалы жұмысшылар мен жалдамалы қызметкерлердің әлеуметтік тобының іскерлер мен капиталистер тобымен қарым-қатынасы нақты заңдық нормалармен белгіленуге тиісті. Демек, қоғамның әлеуметтік құрылымының әрбір элементінің ойдағыдай қызмет атқаруы бүкіл қоғамдық жүйенің дұрыс тыныс алуының, қозғалып дамуының кепілі. Әрбір қоғам мүшесі белгілі бір әлеуметтік топ ішінде өмір сүретіндіктен сол топтың өзіне тән қимылдарына қабілетті болуы адамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз етіп отырады. Жеке адам мүдделерін, әлеуметтік топ мүдделері мен мемлекет мүдделерін ұштастыра білген әлеуметтік саясатты шын мәніндегі тиімді әлеуметтік саясат деп бағалауға болады. Мұндай саясат әрбір әлеуметтік топтың қоғамдағы пайдалы қызметін ұйымдастыра отыра, әрбір адамның пайдалы қызмет етуіне жағдай жасайды. Ұйымдасқан саяси әрекет адам факторының қоғамдағы рөлін арттырады. Жеке адамның білімі, кәсіптік және адамгершілік қасиеттері мен сапаларына ерекше көңіл бөлетін білімі-тәрбиелік саясатты тиімді жүргізе білген

елдердің табыстары тіптен қомақты. АҚШ, Жапония, Германия сияқты мемлекеттерде адам факторы шешуші өндірістік факторға айналуы осы елдердегі адам сапаларын жетілдіруге бағытталған саясаттың нәтижесі.

Қазақстан мемлекеті алдында тиімді әлеуметтік саясаттың барлық бағыттарын нығайта түсу міндеті тұр. Бұл саясаттың күре тамыры адам мәселесі, әрбір қазақстандықтың дұрыс өмір сүруіне жағдай жасау. Адам сапаларын: білімін, кәсіптік мамандығын, денсаулығын және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге зер салмаған қоғамда келешек болмайды. Сондықтан Қазақстандағы әлеуметтік саясат тиімділігі адам сапаларымен өлшенуі керек. Бұл жерде әлеуметтік қатынастарды дамытуда тәрбие жұмысы мен мемлекеттік идеологияның рөлі күшті. Қазақстандағы ресми идеология адамгершілік идеологиясы болуы шарт. Адамды сүю негізінде ұлтты сүюді және елді сүюді тәрбиелейтін қазақстандық патриотизм қалыптасады.

Рухани салада мемлекет адамды адамгершілікке тәрбиелеуді негізгі басымдылық деп есептеуге міндетті. Себебі, адам дұрысталмай қоғам дұрысталмайды. Ал, мемлекеттік адамгершілік идеологиясы осы мақсатты шешуге көмектеседі. Бірін-бірі ақша үшін сатуды, байлық үшін қыруды, талқандауды уағыздайтын эгоистік, зорлықшыл Батыстық бұқаралық мәдениет орнына гуманистік этномәдени және жалпы адамзаттық ізгілік үлгілерін әкелмей жас ұрпақты адамгершілік қасиеттерге иліктіре алмаймыз.

Батысшылдар өкінішке орай демократия мен плюралистік қоғам орнату ұрандарын басшылыққа алып, бұқаралық мәдениеттің "арзан" түрлеріне тыйым салу шараларына қарсы. Олардың пікірінше кім қандай теле, радио бағдарламаларды көргісі келеді, нені оқығысы келеді соған құқылы. Бұл құқықты шектеу адам құқын шектеу болмақ. Осы саяси ұстаным арқылы "жалпыадамдық құқықтарды" желеу етіп үстем державалар мен әлемдік трансұлттық күштер этномәдениеттерді талқандауда, олардың адамгершілік потенциалын нығайтуға бөгет жасауда. Қауіптісі бұл құбылыстың негізгі тірегі әлемдік басшылыққа ұмтылып отырған АҚШ-мен әлемдік трансұлттық корпорациялар. Олар үшін әлем халықтарының бір мәдениетті пайдаланатын, ұқсас дүниетанымдығы, ұқсас шаруашылығы бар, ұлттық құндылықтарды керек етпейтін бейұлттық тобырға айналғаны пайдалы. Сонда АҚШ-қа

және әлем байлықтарына ие болып отырған трансұлттық корпорацияларға әлем халықтарын бағындыру, табиғат ресурстарын сору оңай болады. Әлемдік осындай әзәзіл саясаттың жетегінде кетсек Қазақстан тәуелсіздігі де, ұлт арманы да тәрк болары даусыз.

Демек, тиімді саясат Қазақстан мемлекетінің ғаламдану үрдістеріне дұрыс қосылуын қамтамасыз ететін саясат. Жаһандану (глобализация) жағдайында этникалық құндылықтар - тілді, этномәдениетті әлсірету, мемлекеттік егемендікті әлсірету ешқандай жақсылық әпермейді. Жаһандану үрдістерін ғылыми-техникалық прогресті, жаңа технологияны, өндірісті ұйымдастыруды, өнім сапасын жақсартуды, ғылыми ақпаратты қабылдауды, космосты игеруді, экологиялық мәселелерді, денсаулықты жақсарту мәселелерін шешуді жетілдіру сияқты маңызды салаларда табыспен пайдалануға болады. Жаһандану үрдістері екі жақты үрдістер. Оның пайдалы жағы ақпараттық ортақ кеңістік болуы арқасында көптеген жанды мәселелерді жылдам шешуге мүмкіндік туады. Өнеркәсіп өндірісін, экономиканы басқаруды, ғылым жетістіктерін пайдалануды унификациялау шаруашылықты дамытуды біршама оңайлатады. Ортақ шаруашылық, ортақ ақпараттық кеңістік жағдайында әлемдік соғыс пен бейбітшілік, экологиялық және техногендік дағдарыс, кедейлік пен аурулар, терроризм т.б. мәселелерді бірігіп шешу жеңілдейді. Бұл үрдістер тұрғысынан жаһандануға ену саясатын ынталандыру пайдалы. Әлемдік үрдіс ретінде жаһанданудан тыс қалу, оған қосылмау мүмкін емес.

Ашық демократиялық мемлекет жасауға ұмтылған Қазақстан жаһандану үрдістеріне кіріп те кетті. Бірақ жаһандану үрдістерінің ғаламдық билікке ұмтылатын державаларға тиімді екенін ұмытуға болмайды. Ал Қазақстан сияқты халқының саны аз мемлекеттер үшін бұл қауіпті. "Қайнаған қазанға" түскен қазақ халқымен бірге ел тәуелсіздігі де жұтылып кетілуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтатын кешенді стратегиялық саясатты дәйекті жүргізіп отыру міндет. Мемлекеттілікті нығайту арқылы ұлттық құндылықтарымызды нығайта аламыз. Сол себепті, Қазақстан Президентінің ел шекарасын, экономикалық тәуелсіздігін, халықаралық беделін күшейтуге бағытталған саясатын халық болып қуаттау парыз. Әлемдік жаһандану

жағдайында жеке мемлекеттік билікті нығайту және оны ғаламдану үрдістерімен үндестіру саясатын нағыз тиімді саясат деп бағалауға болады. Осы саясатты мақсатты түрде жолға қою арқылы әлемдік жаһандану жағдайында мемлекеттілігімізді және ұлттығымызды сақтай аламыз.

Саясат-әлемдік құбылыс. Сондықтан саясатты жетік меңгеріп, оны мемлекетті нығайтуға пайдалана білу үлкен өнер. Дұрыс дамуды жолға қоятын саясат ел мен жер байлығынан қаржыны қажет етпейді. Ол қоғамды дамытушы интеллектуалдық субъективті факторға негізделеді. Адам білімі, кәсіптік біліктілігі, жаңашылдығы, өнері мен дүниетанымы оның саяси әрекеттері арқылы материалданып, қоғамды өзгертуші факторға айналады. Демек, тиімді саясатты іске асырушы адам факторы екен. Саясаттың тиімділігін арттыру үшін саяси элитаның тәрбиесіне ерекше назар керек. Білім беру жүйесінің сапасы, ақпараттық кеңістіктің мазмұндылығы, қоғамдағы пікірлер мен көзқарастар бостандығы демократия принциптерінің баяндылығына ғана әкелмейді. Толыққанды демократия тиімді саясатты жасайтын жаңашыл саяси элита кадрлерін тәрбиелеуге көмектеседі.

Универсалды демократия принциптері жаһандану үрдістерінің тарала түсуіне, мемлекеттердің саяси жүйелерінің унификациялануына итермелейді. Бұл әлі зерттелмеген құбылыс. Оның жағымды және жағымсыз салдарларын талдау алдағы міндет. Осылай бола тұра демократиялық, ашық қоғам құру жағдайында елдің түпкілікті мақсаттарын орындауға жұмылдыратын бірден-бір рухани күш тиімді саясат.

Өкінішке орай жаһандану үрдістерінің өте қауіпті әлемдік құбылыстарды тарату сапасы бар. Ол халықаралық терроризм, наркобизнес, трафик, халықаралық мафиялық топтар, діни экстремизм т.б. құбылыстар. Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күшті, тиімді саясат жаһандану үрдістерінің осы қауіпті жақтарына тосқауыл бола алады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы әлемдік үрдістерді терең түсінген және осы әлемдік талаптарға жауап бере алатын дәрежедегі саясаткер болуы ел халқы үшін зор игілік екендігін ашық айту парыз. Президент еңбектерінде ішкі, сыртқы және әлемдік саясат тиімділігі мәселелеріне ерекше назар аударылады. Тиімді саясаттың жолдары нақтыланады. Ел

басшының ойларын бөлісе отыра мына мәселеге назар аудару қажет деп ойлаймыз.

Республикада кейбір саяси күштер жаһандану және демократияға бетбұрыс жасау себептерін желеу етіп, ұлттық және мемлекеттік мүдделерді аяқ асты етуді мақсат тұтады. Олар ел халқын этникалық келбеті жоқ тобыр етуді көздейді. Олай болса Қазақстанды трансұлттық корпорациялар мен әлемдік державалардың құзырында ұстау оңай. Ұлттық санасы оянған, мемлекеттілігі тастүйін елді ешкім қолжаулық ете алмайды. Сондықтан әлемдік бірігуді, әлемдік мәселелер басымдылықтарын желеу еткен топтар теледидардан, баспасөзден ұлттық мәні жоқ, Қазақстан халықтарына пайдасыз, ел халқының бірігуіне және өзара татулығына қатысы жоқ мәдениет үлгілерін насихаттауда. Осыдан келер ұрпақтың ұлттық, елдік мүдделер үшін күрескерлік қабілетіне зиян келуде. Ортақ мемлекеттік мүдделерді түсінбейтін тобырдың қолындағы байлығын иемдену, табиғатын талан-таражға салу оңай. Нағыз тиімді мемлекеттік саясат қана осы құбылысқа тойтарыс бере алады. Трансұлттық бизнестің мүддесін Қазақстанның мемлекеттік мүдделерімен ұштастыра білетін саясат тиімді.

Саясат тиімділігінің маңызды белгісі оның мемлекет халқын тағдырлық міндеттер төңірегінде топтастыру қабілеті. Ол үшін мемлекет өз халқын біртұтас әлеуметтік күш ретінде тәрбиелеуі қажет. Халықтың стратегиялық саяси міндеттерді шешу жолында тастүйін болып топтасуы оның замана талаптарына төтеп беру қабілетін жасайды. Ортақ мақсаттар мен құндылықтарды орындауға жұмылмаған халықта келешек болмайды. Қазақстандағы ішкі саясат ең алдымен полиэтникалық қазақстандықтарды топтастырушы жинақтаушы және ұйытушы саясат болуы тиіс. Әсіресе рухани сферада, ақпарат пен идеологияда халықтың бірлігін, өзара түсіністігі мен татулығын, ел тұтастығын қамтамасыз ету маңызды. Аралық өркениет жағдайында өмір сүріп отырған Қазақстан үшін бұл мәселе тіптен маңызды.

Тиімді саясат қоғамды өтпелі кезеңнен толыққанды өркениетке көтеріп, жеткізетін саясат. Қазақстан өркениетті ел болса екен деген арман әрбір қазақстандықтың жүрегінде. Осы істе ең керегі елдің етек-жеңін жинап отыратын, оны үнемі алдағы негізгі мақсатқа жетелейтін, ел өмірінің барлық салаларын басқара білетін

билік жүйесінің болуы. Күшті билік қана тиімді саясат жүргізе алады. Ал, күшті биліктің тек тоталитарлық билік болуы міндетті емес екені тағы да белгілі.

Бүгінгі саяси элитаның табысы ретінде оның біртұтас вертикалды билік жүйесін құра алуын айтуға болады. Елдегі саяси жүйенің тиімді саясаты нәтижесінде тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы биліксіздік дер кезінде тоқтатылды. Хаос пен анархияға жол берілген жоқ. Елдің быт-шытын шығаратын билікке таласу құбылыс болмады. Вертикалды билікке негізделген саяси жүйе сатылап, елді демократияландыру реформаларын жоғарыдан бастады. Сөз бостандығы, көппартиялық жүйе, парламентаризм, сайлау, т.б. сияқты демократия элементтері қалыптасу үстінде. Биліктен түрлі себептермен кеткен саяси элита өкілдері Қазақстанда оппозициялық қозғалыс негізін салуда. Өкініштісі елде билік пен оппозицияның қарым-қатынасын анықтайтын тиімді саясат жасалған жоқ. Осы құбылыстардан елдегі вертикалды президенттік билікті тоталитарлық билік жүйесіне жібермейтін демократияландыру үрдістері қабаттаса жүріп жатқандығын байқаймыз.

Ел болашағы баянды болу үшін билік бөлінісін тереңдететін, толыққанды демократияны қалыптастыратын саяси реформаларды жылдамдату қажет. Саясат тиімділігі өркениетті экономика мен өркениетті әлеуметтік-саяси қарым-қатынастар жасалуымен айқындалса керек. Бірақ, бұл міндет бірер жылда шешілмейтін шаруа. Ол үшін демократиялық эволюция болуы шарт. Тиімді демократияландыру саясаты халықтың өркениетті қоғамға тән саяси мәдениеті мен саяси санасы қалыптасқан жағдайда ғана түпкілікті нәтижесін беретіндігін әлемдік саяси тәжірибе дәлелдеп отыр. Демократия егілген дәнді дақыл сияқты бір жазда өнімін бермейді. Демократия жеміс ағашы сияқты жылдар бойы өсіп барып қана жемісін береді.

Демек, тиімді саясат мемлекет халқының басым көпшілігінің мақсат-талаптарына жауап беретін, қоғамның негізгі сфераларының ұдайы дамуына және жаңаруына жағдай жасайтын, елдің мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпалы бар, ішкі және сыртқы байланыстарды ойдағыдай жүргізетін саясат деп айтуға болады.

Айтылған ойлар саясат тиімділігіне қол жеткізу өте күрделі мәселе екендігін көрсетеді. Тиімді саясат қоғамды алға сүйрейтін қуатты субъективті факторға айналады. Қазақстан саяси басшылығы елді батыстық үстемшіл қоғамның жемі болуға тосқауыл болатын саясат жүргізе алса ғана саясат тиімді. Ондай саясат әлемдік өзгерістер мен талаптарға жауап бере алады. Қоғамдағы негізгі салалардың даму тыныстарын аша отырып, тиімді саясат мемлекеттің түпкілікті мақсаттарына қол жеткізеді.

### **Пайдаланған деректер**

1. Нұрғалиев Қ. Қазақстан экономикасы соңғы он жыл ішінде //Қазақстан-заман. 2002. 25 қазан.
2. Майлыбаев Б. Преодолеем сообща. //Казахстанская правда. 2002.1 ноября. (2)
3. Чередиченко В. Россия и Центральная Азия: друзья или.... //Российская газета. 2003. 28 января.
4. Устойчивый рост экономики //Казахстанская правда. 2002. 22октября
5. Назарбаев Н.Ә. Жасампаздық стратегиясы //Егемен Қазақстан. 2002.19 қазан.
6. Чередиченко В. Россия и Центральная Азия : друзья или... //Российская газета. 2003.28января
7. Габдуллин Б. По Казахстану бродит призрак... демократии //Assandi-Times. 2003. 7 февраля.
8. Даниленко В.И. Современный политологический словарь-М., 2000. -1024с. (321,372,608,756).
9. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы. 2010.-76 б.
9. Кононович Е. Резервы роста. //Казахстанская правда. 2002.,19 декабря.

## Саясат сөзі...

Саясат электоратқа биліктің, оппозицияның, зиялы қауымның сөзі арқылы жетеді. Әрбір мүдделі топтың өз мақсатына тән айтар сөзі бар. Осы саясат сөзі халықтың негізгі мақсаттары мен құндылықтарына қызмет етуі міндет. Сол себепті қазіргі Қазақстан қоғамы үшін сөздің түзелуінің маңызы артып отыр. Билік сөзі шындықты, әділетті жеткізіп, дұрыс қоғам орнатуға көмектесуді мақсат етуге тиісті. Халыққа жеткен ақиқат сөз оның белсенділігін арттырып қоймай әлеуметтік оптимизмін күшейтеді. Қазіргі халық үшін сөз қадірі мен қоғамдық рөлі ерекше арта түседі. Сондықтан өркениетті тәртіптер орнау жолында адамзат үшін ең маңызды құбылыстардың бірі сөз. Дұрыс сөз, шындықты сөз дұрыс қоғам құрудың да, дұрыс өмір сүрудің де кепілі. Сөздің түзелмегі ой мен ниеттің дұрыстығына, ашықтығы мен әділеттігіне тәуелді. Ақиқат ой дұрыс сөзді, дұрыс сөз дұрыс іс-қимылды тудыратыны белгілі. Бұл құбылыстың жалпылық сипаты бар. Барлық мемлекеттердің өміріне тікелей қатысты. Сөзбен ойнаған, сөзді жалғандықты ақтауға пайдаланған, сөзді халықтың несібесін тонауға қолданған, сөзді азғана төбе топ мүддесі үшін халықты алдап бағындыруға жұмсаған мемлекеттер де, саяси билік жүйелері де жасампаз қоғамдар орната алған емес. Ондай саяси жүйелердің халықтарды билеудегі ғұмырлары қысқа болған. Оның ең көрнекі мысалы Кеңес Одағы Әлемдегі қуаты бойынша екінші орынға қол жеткізген супердержаваның ғұмыры тым қысқа болды. 73 жыл өмір сүру КСРО үшін тым аз мерзім. Сондай қуаты бар АҚШ-тың өмір сүргеніне 280 жылдан асты. Екі алып державалардың ғұмырларының ұзақ, немесе қысқа болуы сол елдегі биліктің сөзді дұрыс пайдалануына да қатысты.

Кеңес Одағы басшылығы сөзді мақтануға, халықты алдауға, шындықты бүркемелеуге, социализм жетістіктерін марапаттай беруге пайдаланса, АҚШ басшылығы сөзді елдегі кемшіліктерді ашуға, қателіктерді көрсетуге, қайшылықтар мен шешілмеген мәселелерді талдауға пайдаланады. Құдіретті сөз Кеңес Одағында жасампаздыққа, өрлеуге жол аша алмаса АҚШ-та үнемі дамуға, өркениеттің сара жолына түсіп дамуды, мемлекеттіліктің ұзақ ғұмырын қамтамасыз етуге көмектесті. Әрине, сөз деп отырғанымыз ақпарат, баспасөз, идеология, мәдениет, тарих пен



рухани өмірдің басқа салалары. Осы сегменттердің барлығы қоғамның сөзін құрайды. Олар арқылы мемлекеттік билік халқына сөз айтады, саясатын жеткізеді. Қоғам мен мемлекет алдындағы шешілуге тиісті басылымдықтарды, қауіптер мен қайшылықтарды айқындайды. Мемлекет сөзі түрлі коммуникация құралдары арқылы электоратқа жеткізілетін саясаты мен идеологиясы. Аталған субъективті факторлар сөз арқылы жұмыс істей отырып экономикадан бір мысқал да кем емес қуатты күшке айналады.

Дұрыс сөз бен ақпарат өркениетті елдерде ішкі жиынтық өнімнің қомақты бөлшегін жасауда. Сөздің мемлекеттің өміріндегі күдіретті күші осы құбылыстан көріне береді. Бұлай болуы адамзатқа тән құбылыс. Жылтырақ сөз, шындықты айтпау, аз ғана жетістіктерді марапаттай беру, олқылықтар туралы сөз айтпау, сөз қадірін ғана емес, түптің түбінде ойлау мен дүниетаным қуатын кетіретіні ақиқат. Дұрыс сөз, ақиқат пен шындықты естімеген халық дұрыс ниеттен, дұрыс іс-қимылдан, әділ өмірден және жасампаз еңбектен алшақтай бермек. Ондай қоғам моральдық деградацияға ұшыраған, кемістікті (дефектлі) қоғам болады. Ондай қоғамда, мемлекетте келешек жоқ. Шын мәніндегі адами құндылықтар ғана қоғам мен мемлекеттің келешегіне кепілдік бере алады. Оларға бастайтын да, жеткізетін де дұрыс сөз. Сөз қоғамның рухани және тәрбиелік факторын құрайды. Адамды жақсарту арқылы қоғамның басқа салалары жақсарайды. Адам капиталының қуатын өндіріске және ғылым мен мәдениетке белсенді түрде қоса алатында дұрыс сөз.

Сөздің түзелуінің Қазақстан үшін де тағдырлық мәні бар. Қазіргі БАҚ, баспасөз, ресми саясат, оппозиция мен идеология Қазақстан халқын өз мәніндегі дұрыс және ақиқат сөзбен тәрбиелей алып отырған жоқ. Мемлекет сөзінде марапат пен мадақ басым болса, оппозиция сөзіне шектен тыс айыптау басым. Билік үшін перманентті талас үрдісі ақиқат сөзін, халықтың мақсат-мұратын аяққа таптап тастағандай. Билік те, оппозиция да шындық сөзі бізде деп дәлелдейді. Сөз жоқ, олардың әрқайсысының сөздерінде белгілі бір шындықтар бар. Бірақ нағыз әділет пен нағыз шындық жоқ. Билікке талас пен билікті нығайту мақсаттары басым. Осы мақсаттар шын сөзді бұрмалауға, жылтыратуға, жасандылыққа, халықты алдауға пайдалануға итермелейді. Сонда ақиқат сөзі, әділет істерді айтатын топ елдің зиялы қауымы болмақ. Зиялы

қауымның көтерер ауыр әлеуметтік жүгі халқына әділет сөзін айту, қоғамды шындыққа, дұрыстыққа, адамгершілікке бастау. Дұрыс сөз арқылы дұрыс ойлайтын, дұрыс өмір сүретін қоғам жасауға көмектесу. Дұрыс сөз айтып, халықты тәрбиелеу үшін зиялы қауымның өзі дұрыс болуы міндет.

Қазіргі Қазақстанда билік сөзі, билік идеологиясы, биліктің дүниетанымы басым. Бұлай болуын жоққа шығармаймыз. Биліктің сөзі қоғамдық қатынастарда міндетті түрде болатын парадигма. Сонымен қатарласа жүретін, онымен үнемі жағаласа жүретін, билік сөзін сараптайтын, түзейтін, халық мұқтажын үнемі жақтайтын зиялы қауымның, ғылым мен мәдениеттің де сөзі болуы шарт. Билік сөзімен тең жүретін зиялы қауым сөзі қоғамды түрлі аурулардан құтқаратын, оны ұдайы сауықтырып отыратын рухани дәріс іспеттес феномен. Зиялы қауым сөзі міндетті түрде билікпен қарсыласу емес. Оның сөзі қоғамның тыныштығын сақтау, әлеуметтік келісімді нығайту, мемлекеттілікті күшейтіп, азаматтарды адамгершілік, адамдық, ақиқат, еңбек және жасампаз шығармашылық құндылықтарына ұйытуға арналуға тиісті. Билік ақылды, парасатты, талабы жоғары халықпен жұмыс істеуге, оның салдарынан өз кемшіліктерін үнемі жөндеп отыруға болады. Билік халықты дұрыс басқарады, халық биліктен өз қамын ғана емес, мемлекеттің және халықтың ортақ қамын жеуді талап етеді. Зиялы қауым сөзі билікті ғана емес, халықтардың да бойындағы кем кетігін, ауруларын көрсетуге, сынауға міндетті. Билікпен халықты тәрбиелей отыра зиялы қауымның сөзі қоғамды өркениет жолымен жүруге үйрете береді.

Сөзді қазіргі қоғамда БАҚ, интернет, идеологиялық жұмыс, әдіс-тәсілдері арқылы билік халыққа жеткізіледі. Әрине, билік сөзі оның саясатының негізгі стратегиялық бағыттары екендігі белгілі. Қазақстанның келешегі жастардың қолында. Бүгінгі билік сөзі оларды қалай тәрбиелеу керек? Жастар саясатын жүргізуде олқылықтар билік сөзіндегі қайшылықтарға байланысты емес пе? Елдің сенімді болашағы болатын жастарды дұрыс сөз айтып, дұрыс ойлауды үйрету маңызды міндет болып отыр ғой. Жалған сөз айтудың түбінде билікке де, мемлекетке де зиянды екенін талай халықтардың тәжірибесінен белгілі ғой. Сол себепті биліктің әділет сөзі бірінші кезекте жас ұрпаққа бағытталуға тиісті. Өтірікті, екі жүзділікті, жалғандықты естіп, көріп, біліп өскен жас ұрпақ дұрыс

қоғам құруға қабілетті бола алмайды. Жалтырақ саясат пен көзбояушылық идеология моральдық азғындаған ұрпақ қалыптастырады. Сөзді түзеудің маңыздылығы осында. Қазіргі латентті, құпия қауіптің бірі жастарға, балаларға әділет сөзінің жетпей жатқандығы. Билік сөзі, идеологиясы мен ақпараты тек шындықты айтуы абзал. Ақты-ақ, қараны-қара, қоңырды-қоңыр деп бояу түстерін ғана емес, өмір құбылыстарын ажырата білген ұрпақты тәрбиелеу арқылы қоғам келешегінің мықты іргетасын қалауға болады. Олай болмаса қатыгез, жемқор, әділетсіз ұрпақ тәрбиеленеді. Ондай халықта отаншылдық жоқ, келешек жоқ. Рухани, тілдік, дәстүрлік және отаншылдық тұғырында топтаспаған халқы бар мемлекеттер көп өмір сүрмейтіні белгілі. Тілдік және ұлттық құндылықтарды жоққа шығармақ болған Кеңес Одағы күнінің тез батқаны белгілі. Сондықтан Қазақстанның жас ұрпағын қазақ ұлттық құндылықтары мен қазақ тілінің негізінде топтастыра білу мемлекеттің мәдени саясаттың, ақпараттық саясаттың басым бағытының бірі болып қала беруі міндетті. Қазақстанның мемлекет ретіндегі болашағын тек қазақ ұлтының көкейтесті мақсаттары мен құндылықтары ғана қамтамасыз ете алады.

Кеңес Одағын сыртқы жау, шабуыл құртқан жоқ. Империя жалғандықтың күшейіп, адамгершіліктің, әділеттің ыдырауынан күйреді. Тоқырау жылдарында елді өтірік сөз, көзбояушылық пен жоқты бар деп айту шектен шығып кетті. Халық мемлекеттілікті сақтайтын, елдің қуатын арттыратын ішкі рухани қуатынан айырылып қалды. Қазіргі Қазақстанда осындай қауіпті сенімнің ыдырау құбылысы байқалады. Халық пен мемлекетті біртұтас ететін экономикалық мүдделермен қоса жүретін рухани тұтастық, мәңгілік рухани мақсаттар мен ұлттық құндылықтар. Олар қоғаммен бірге дамып отырады.

Қазақстан халқына, әсіресе жас буынға ел билігіне деген сенім қажет. Ол сенімді биліктің өзі ғана жасай алады. Билік үшін бірінші басымдылық халық мүддесі болуы міндет. Жастар Қазақстанның мол табиғат байлығы мен қорлары халықтың игілігіне жұмсалып жатқанын көрсе өз мемлекетінің болашағына сенімі орнығады. Мұнай, газ, түсті металл сатудан түскен миллиардтаған қаржы аз ғана олигархтардың және шетелдік трансұлттық корпорациялардың байлығына айнала бергені халықты ызаландырмай қоймайды. Жастар ел келешегінің мұнайын бүгінгі олигархтардың жеп

қойғанын қаламайды. Билік өз қамын ғана жей берсе, оны халық ешқашан жақсы көрмейді. Оның сөзінің жалғандығын білсе онымен рухани бірікпейді. Билік әділет принциптеріне негізделген заңдылықты қамтамасыз етсе, елдің табиғат байлықтарын байлар ғана емес, бұқара халықтың да пайдасына жарата алар еді. Өкінішке орай осындай әділетті істер әлсіз болып отыр.

Өзіндік ұлттық идеясынан, төл сөзінен айырылған халық келешекте тобырға айналмақ. Ондай халықтар өз мемлекеттілігін де сақтап қала алмаған. Осындай болуы үшін бөтен, ниеті жасырын жаулықтағы мүдделі топтар өзі бағындырғысы келген халықтың жас ұрпағына кері тәрбие беруге ұмтылады. Қазіргі кезеңде Батыстың бұқаралық мәдениеті Қазақстан жастарының санасын билеуге қол жеткізді десе болады. Сөз қадірін түсінбейтін, инфантилді ұрпақ қалыптасу үстінде. Ол үшін материалдық игіліктер ғана, тұтыныс қана бірінші орында. «Өзіме жақын болса болды. Басқада шаруам жоқ. Игіліктер мен байлықтарға жетсем», - деген жас ұрпақ сөзі мен идеологиясы басымдыққа ие бола бастады. Ондай ұрпақта алдыңғы ұрпақтарда болған мәңгілік құндылықтар: тәуелсіз ел, туған халық, ана тілі, ұлттың келешегі, ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық мақсат-мұраттар тым көмескіленеді. Олар глобалистік және неоглобалистік ойлау мен унификациялау қоғамының жемісіне айналады. Мұндай ахуал қалыптасқанда мемлекетке де, ұлттың болашағына да тікелей қауіп төнеді. Глобалистік маргиналдану қандай болмасын аз санды халықтың тез құруы үрдісіне жол ашады. Ондай мемлекеттер трансұлттық күштердің және әлемдік басым державалардың құрбаны болары сөзсіз.

Қазақстан халқының 4,3 миллионнан астамы немесе 28 пайызы жастар. Қазақстанның келешегін шындық сөзімен, адамгершілікпен, еңбекқорлықпен тәрбиелеу іске асырылмаса мемлекетте келешек болмайды. Өкінішке орай жастарға беріп отырған қоғам тәрбиесі адам төзгісіздік жағдайында. БАҚ агрессияны, порнографияны, байлық пен ақша культін насихаттауда. Қазақи құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтары солардың астында қалуда. Төбе топтағы туысқаншылдық, сыбайлас жемқорлық, мемлекет пен халық тағдырының белгілі бірі адамдардың қолына түсіп қалуы жастар арасындағы әлеуметтік пессимизмді, екіжүзділікті күшейте түсуде.

Қарақан басының, қарнының ғана қамын ойлайтын, солар үшін барлығын сатып жіберетін ұрпақ тәрбиелеудеміз. Төбе топтың, байлардың балалары Батыста оқуда, отандық ғылым ешкімге қажет емес болған жағдайда Қазақстан өзінің төл құндылықтарына назарын әлсіретуде. Батыстың бізге пайдалы, тікелей қажет озық сапаларын ғана алу жолға қойылмай келеді.

Қазақстан үшін жастар саясаты тағдырлық мәнге ие болып отыр. Себебі, жас ұрпақты елінің патриоттары етіп тәрбиелеу қажет. Отанының қамқорлығын сезінген жас өспірім ғана патриот болады. Аға ұрпақ өзінің қара басының қамын ғана жесе келешек қиындайды. Жастардың сапалы білімін, үлгілі тәрбиесін, салауатты демалысын, күнделікті спорты мен мәдени-ақпараттық тұтыныстарын білу және қамтамасыз ету бүгінгі билік иелерінің негізгі міндеттерінің бірі. Осылай болғанда ғана жастар Отанға өзінің қажеттілігін түсінеді. Отанның, жанұяның және білім ұжымының біріккен қамқорлығы, тәрбиесі мен талаптары еңбекқор, әділетті, білімді және отаншыл жастарды тәрбиелейді. Биліктің сөзі жастар үшін әділ қамқоршысының сөзі ретінде қабылдануы абзал. Жастар тамыр-таныстықты, протекцияны және жалғандықты көріп өссе олардан Қазақстанның болашағын жасайтын ұрпақ шықпайды. «Балам, дейтін Отаның болмаса, Отаным, дейтін балаң қайдан болсын», - деп А. Байтұрсынов бекер айтпаған.

Қазақстанның келешегін жасайтын жастарды дұрыс жолға қою үшін алдымен мемлекеттік қазақ тілінің басымдығы қажет. Батыста оқитын жастарға алдымен ана тілін, қазақ тілін толыққанды білуі міндеттелуі дұрыс. Елдің 62 пайызы қазақ болғандықтан барлық жоғары білімі бар жастарға қазақ тілін білу міндеттелуі тиісті. Төл тілмен қоса, төл дініміз ислам жүйелі түрде ұлықтануы керек. Қоғамда басқа дінге көшуге болмайтындай рухани, мәдени ахуал қалыптастыру міндет. Қазақ тарихы, қазақ мәдениеті мен өнерінің БАҚ-тағы толық үстемділігі жасалуы шарт. Қазақстан халқы өзінің ішкі, табиғи ресурстарының тынысын ашып соларға сүйенуі керек. Батыстан келген мәдениеттің, ақпараттың, өнердің, спорттың тек озық үлгілері, шаруашылықты ұйымдастырудың, өндірістік технологияның Қазақстанның байлығын еселеуге көмектесетіндерін ғана пайдалануға алған дұрыс. Қазақ ұлтының ішкі потенциалын, шаруашылық тәрбиесін, дәстүрлі, дағдылы

өндірісін дамыту арқылы ғана Қазақстанның әлемдік экономикадағы орнын нықтауға болады.

Сөздің саясатты дұрыс жеткізу маңызына зор міндет жүктеледі. Қазақстан нарықтық экономика жасады. Ел әлемдік еңбек бөлінісіне, сауда нарығына кіріп кетті. Халық арасынан миллиардерлер шықты. Алайда халықтың басым көпшілігі нарықтық қатынастар жүйесінен өз орнын таба алмай отыр. Экономикалық жаңару саясатында елеулі олқылықтар бар. Осындай күрделі мәселеге қатысты билік пен зиялы қауым қандай сөз айтуы керек, ол сөздерден кейін қандай істер істелуі керек деген мәселе маңызды.

Әлемдік шаруашылық үрдістер мен басым державалардың экономикалық және шикізаттық мүдделері дамушы мемлекет халықтарын дәстүрлі өндірістерінен және өнеркәсіптік салаларынан айыруды көздейді. Дамушы елдің халқы қандай өндіріс, шаруашылық саласына икемді болса, дамытуға қабілетті болса сондай салалар бірінші кезекте ыдырауға тиісті деген мақсат көзделеді. Мысалы, Қазақстан халқы мал шаруашылығына, астық шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін жеңіл өнеркәсіпке машықтанған. Трансұлттық мүдделі топтар елге арзан, жеңіл өнеркәсіп тауарларын толтыру арқылы жеңіл өнеркәсіппен тәуелді өмір сүретін қазақтың дәстүрлі ауыл шаруашылығын да күйретуді мақсат тұтады. Дәстүрлі өндіріс, шаруашылық саласынан айрылған халық пен мемлекет бәсекеге қабілетінен айрылады. Ондай ел трансұлттық корпорациялардың экономикалық үстемдігімен өмір сүретін, соларға тәуелді бейшара қалыпқа түседі. Өкініштісі, билік сөзі осы күрделі мәселеге дұрыс баға беріп, халыққа өзіне тән дәстүрлі шаруашылығымен айналысуға жұмылдыра алып отырған жоқ. Әсіресе, қазақ халқының ауылдағы тобына ол жақсы меңгерген мал өнімдерін өндіруге ойдағыдай жағдай жасалмаған. Әлемдік бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына Қазақстан сапалы ет, астық, күріш, мақта, тері өнімдерін мол мөлшерде өндіріп кіре алады. Кейбір деректерге қарағанда Қазақстан жеңіл өнеркәсіп тауарларымен өзін 8 пайызға ғана қанағаттандырады. 92 пайыз тұтныныс заттары шеттен әкелінеді. Сондықтан ауылды көтеруді тиімді саясатпен іске асыру, сол арқылы жеңіл өнеркәсіпті де дамыту қажет.

Біздің елдегі сөз-ақпарат пен идеология осы шындықты халыққа түсіндірмей келді. Билік шикізатты сатумен ғана шектеліп, халықтың дәстүрлі, машықтанған шаруашылық салаларын дамытуға құлықты болмауда. Төбе топ халықтың жалпы баюына мүдделіктен гөрі өзінің оңай жолмен дамуына, баюына мүдделі болады. Қарапайым халықтың нарықтық экономикадан қысқа мерзімде өз орнын таба алмауы елдегі әлеуметтік қайшылықты қиындата түсті. Халықтың шаруашылықтан шеттелуі болмауы маңызды болатын. Ауыл экономикасының ойдағыдай өркендемеуінің салдарынан Қазақстанның жалпы даму деңгейі көп мөлшерде тежеліп отыр деп айтуға болады. Қазақстанның азық-түліктен және жеңіл өнеркәсібі тауарларынан шет мемлекеттерге тәуелді екені ақиқат. Билік өзінің батыл сөзімен халықты осы тығырықтан шығару ісін бастауы керек. Халқының материалдық әл-ауқатын көтеру стратегиялық міндет ретінде таңдалуы құптарлық іс. Алайда, сөз дұрыс болып, нақты істерде, күнделікті өмірде қарапайым халықтың әл-ауқаты нақты жақсармаса мемлекет саясатына ел сенімі төмендей бермек. Халықтың басым көпшілігінің әл-ауқатының жақсаруы мемлекеттің, биліктің тиімді саясатының белгісі. Сөздің іске айналуы ел болашағының кепілі. Билік халықты өзіне тән мал шаруашылығымен айналысуға қайтадан бейімдеу мен машықтандырудың идеологиясын және нақты шараларын жолға қоюға тиісті. Басқаша ойласақ қателесіп, уақыт өткізіп аламыз. Әзірше жаңа ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастыруға және жүргізуге қабілетті кадрлар мен халық потенциалы бар. Солардың күшімен еңбек машағы, тәжірибесі арқылы Қазақстан халқының үйреншікті өндіріс салаларын қалпына келтіруге болады. Осы салалар елдің экономикасын бәсекеге қабілетті тауарлар өндіруге әкеледі. Олар: ет өнімдері, астық, мақта, тері мен жүн өңдеу. Демек әлемдік рынокқа қазақ халқы өзінің төл тауарларымен шығады деген сөз. Оны көптен және сапалы өндіре алатынымыз сөзсіз. Қазақстан үшін байлықтың, болашақтың қайнар бұлағы осы дәстүрлі шаруашылық салалары болмақ. Толыққанды экономикалық тәуелсіздік болмайынша халықтың көңілдегідей әл-ауқаты болмайды.

Елімізде демократиялық мемлекет қалыптасуда. Мемлекеттегі демократиялық құндылықтардың бірі сөз бостандығы екендігі мәлім. Сөз бостандығын шектеуге ұмтылушы күштер баршылық.

Билік те сөз бостандығын жақтыра қоймайды. Шексіз сөз бостандығын қалайтындар да бар. Барлық пікірлер, ойлар айтылсын. Адамдар өзіне қажеттісін алады дейміз. Билік сөзі бар, халық сөзі бар, зиялы қауым сөзі бар. Сөздің бостандығынан нені ұтамыз, нені ұтыламыз деген ойды сараптай білу де қазақ қоғамына қажет. Әлемдік азық-түлік дағдарысын ауыл экономикасын күшейту арқылы өз пайдамызға шешуге болды.

Билік - өзі дұрыс сөз айтумен қатар БАҚ-қа дұрыс сөз, әділ сөз айтуына бостандық беруі керек. Биліктің дара сөзі ғана жеткіліксіз. Қоғамның жарасын, кемшіліктері мен қайшылықтарын үнемі ашып отырып, халықтың көзін ашып отыратын сөз бостандығы керек. Өркениетті елдерге сөз бостандығы тән. Сонымен бірге сөз бостандығын жасампаздыққа бағыттау билікке де, халыққа да пайдалы. Қателіктер мен кемшіліктер туралы сөз мемлекеттің саяси тұрақтылығын шайқалтса, этникалық татулықты бұзса, ұлттық кемсітуге жол берсе, қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мұраттарына қарсы айтылса қауіпті. Сөз бостандығы ауызға не келсе соны айту емес. Демократиялық қоғамдағы сөз бостандығы мемлекетті жақсартудың, адамды жақсартудың, шаруашылықты жөндеудің дұрыс ұсыныстарын айта білу деп ұғынған абзал. Аз ғана төбе топтың эгоистік мүдделерін уағыздау сөз бостандығы емес. БАҚ-тың адамдардың білімін, санасын, мінез-құлқын тәрбиелеудегі қуаты зор. Сондықтан БАҚ адами мұраттарға бетбұрыс жасаса пайдалы. ТМД кеңістігінде 3 жастан-18 ге дейінгі жас өркен теледидар, кинотеатрлардан жылына шамамен 22 мың өлтіру, зорлау мен шошыну сценаларын көреді екен. Адам психологиясына осынша ауыр салмақ салушы БАҚ-ты тыйу сөз бостандығына зиян емес. БАҚ пен билік халыққа дұрыс сөз жеткізуді қолға алғаны абзал. Бірақ БАҚ-тың билікке тәуелділігі, емес оның идеологиясын реттейтін заңдарға ғана тәуелділігі болуы шарт.

Дұрыс сөздің болуы, биліктің халықты шындыққа тәрбиелеуі дұрыс адамдарды тәрбиелеуге көмектеседі. Шынтуайтқа келгенде дұрыс сөзден барлығымыз жақсы болып кетеміз бе? Сөз қадірін ұғатын адам бар да, дұрыс сөзге пысқырмайтын да адамдар жеткілікті. Нарық заманы индивидуализм заманы, әрбір адам өзінің қарақан басының қамын жейді. Қоғамды сөзбен жақсарту бос әурешілік сияқты болып көрінеді кейде. Әрине қоғамда барлық



адамды бірдей ізгілікке тәрбиелеу болған емес. Бірақ, әділеттің басымдылығымен жасаған қоғамдар бар.

Сөз бостандығы болмай ой бостандығы болмайды. Саяси тарих сабақтарын еске сақтау маңызды. Қателіктерді білу бірден пайдалы болмасада келешектегі үлкен істерге қызмет етеді. Қателіктерді қайталамаудың мәні зор. Кемшіліктерді айту биліктің немесе жеке мүдделі топтың қытығына тиуі, ашуын тудыруы мүмкін. Бірақ, олай болуы уақытша, түбінде анық айту, ашық сынау бостандығы бәрібір үлкен жақсылығын әкеледі. Алдымен жас ұрпақ дұрыс сөйледі, дұрыс ойлауды, әділетті әрекеттер жасауды үйрене бастайды. Қателіктерді, дамуға бөгет болатын негативті факторларды анық талқылау билікті тезге салып қана қоймайды. Бұл іс халықтың санасын жақсартуға көмектеседі. Қазақ халқы 300 жылдай отарлықта езілді, қырылды, қорланды. Отарлаушы патша және Кеңес үкіметі саясатынан қазақ халқының 4,2 миллиондай адамы қырылды деген деректер дәлелденді. Қазақ әбден зәбірленіп, шошыған ұлт. Сондықтан оның бойында құлдық сапалары көп. Халқымызда көпірме сөзге, өтірік-өсекке, қорқақтық пен жалтақтыққа, алдау мен сатқындыққа үйір адамдар баршылық. Шындық сөзбен әділетті істер осындай адамдарды тезге салатын ең ықпалды тәрбиелеуші факторлардың бірі болып табылады. Сөз бостандығын, ой бостандығына мықты рухани тірек – дәстүрлі дін қосылса қазақстандық азамат Шәкәрім ақын айтқандай «шын адам» болатыны ақиқат. Адамдық пен залымдықтың күресінде халықтың сапасын жақсарту арқылы ғана адами қасиеттерді басым ете алмақпыз. Дін, білім, мәдениет пен спорт одағы халықты рухани сауықтарды, өмір жасын ұзартады. Адам факторы сапасының өсуі бүкіл халық факторы сапасының өсуі ғана емес, мемлекеттің күш-қуатының өсуін қамтамасыз етеді.

Сөз түзелсін, ой түзелсін, пиғыл мен істеріміз түзелсін. Жақсылық басым болсын. Ондай қоғамдар бар. Бірақ, адам пенде. Ол ешқашан періште бола алмайды. Сондықтан қоғамды түзету мәселесін көп жақты мәселе ретінде қарастырған жөн. Қазіргі әлеуметтік шындықтар адамды ақшаға, бизнеске, сауда-саттықпен пайда табуға итермелейді. Әркім өзіне материалдық жақсылықтар мен әл-ауқатты өмір іздейді. Тыныш дамудағы қоғамда бұл құбылыс міндетті түрде адамдардың барлығын дерлік өзіне бағындырады. Сол себепті түзу сөзбен жасалатын қоғам

экономикалық және материалдық мүдделерді ешқашан жоққа шығармайды. Мәселе, жекелеген адамдар мен төбе топтың баюға ұмтылған мүдделерінің көпшілігінің дұрыс өмір сүруге бағытталған мүдделерін басып жаныштамауында. Әділеттің де, шындықтың да, адами мұраттардың да абсолютті басымдылыққа ие болуы қиын. Тіптен ешбір өркениетті, дамыған мемлекеттер халықтың толыққанды сапасын идеалды деңгейде қалыптастыра алған емес. Сөз бен істің түзулігі мен әділеттілігінің критеріі адамдардың сол мемлекетте дұрыс өмір сүре алуы. Оның экономикалық, этикалық, рухани мүдделерінің заң шеңберінде қорғалуы. Әр адамның өзінің жеке ұрпағының төл Отанында болашағына деген нақты сенімі. Сондай мемлекетте азаматтар елін қорғауға, Отаны үшін қандай да болмасын қиыншылықтарды жеңіп, жанпидалыққа баруға дайын болады. Мемлекеті дұрыс сөз айтып, әділ саясатқа бастаған елдің халқына оптимизм мен сенім, көңілді өмір мен күлкі көп болады.

Мемлекеттен бәсекеге қабілетті, басқалардан озық болуы да зәрулік емес. Әрине солай болғаны жақсы. Мәселе, сол мемлекетте адамдар тыныштықта, бейбітшілікте, бай-қуатшылықта болғаны жақсы. Адамдар жоқшылық көрмесе, зорлық-зомбылықта болмаса, өзінің және балаларының жақсы өміріне сенсе сол мемлекет жақсы. Сөздің түптің-түбінде халықтың көңіліндегідей тұрмыс-тіршілік құруына көмектесуі, соған қызмет етуі өркениеттілік белгісі. Залымдықты азайту, зорлықты әшкерелеу, халық нәпақасын жеуге бөгет болу, адамгершіліктен және құдайға сенуге тарту сөз құдіретіне байланысты. Билік пен халық ұдайы дұрыс сөйлесе, дұрыс ойласа дұрыс қуатты мемлекет жасайды және сол елді гүлдендіруге қабілетті болады. Саясат сөзі халықтың негізгі құндылықтары мен мақсаттарына жауап беруі оны жасампаз рухани күшке айналдырады.

## Билік табиғаты

Адамзат тарихында оның өмір сүруі мен дамуына пәрменді ықпал жасайтын құбылыстардың бірі билік. Сонымен бірге билік өте күрделі, құпиясы мен қалтарысы аса көп феномен. Биліктің басты ерекшелігі оның жалпылық сипаты. Биліксіз саясат та, мемлекет те болмайды. Сондықтан билік әлемдік құбылыс. Планетадағы 220-дан астам мемлекеттерді басқарып отырған жеке билік иелері бар. Биліктің тағы бір ерекшелігі- бір мемлекеттегі билік екінші мемлекетте сондай түрде қайталанбайды. Саяси жүйені құрайтын саяси билік әр елде құрылымы, мазмұны және басқару тәсілдері жағынан әртүрлі, әр сапада жұмыс істейді. Әр мемлекеттегі биліктің өзіне тән төл ерекшеліктері болады. Биліктің келесі қасиеті оның күрделілігі. Себебі, мемлекеттік билікті ұйымдастыру, билік институттарының қызмет бағыттарын анықтау, билікті дұрыс бөлу және жүктеу мәселелері күрделі қоғамдық-саяси мәселелер болып табылады. Билікті жүргізуді заңмен реттеу, конституциялық міндеттерді жүзеге асыру қандай да болмасын елді құқықтық мемлекет құруға жетелейді. Демек, демократиялық қоғам құрудың кепілі демократиялық билік болып табылады.

Мемлекеттің өркениетке жылжуы биліктің пиғылына және мақсат-мүдделеріне толық тәуелді. Халықтың игілікті өмір сүруін, елдің көркейуін, бейбітшілік пен татулықтың сақталуын көздейтін мемлекеттік билік еліне даму, өркендеу сыйлайтыны ақиқат. Ал егер басқарушы билік иелері осы мақсаттар туралы сөзбен айтып, ал нақты істерде төбе топтың байуын, елдің табиғат байлықтары мен экономикалық қуатын өзінің жымысқы мақсаттарына пайдалануды көздейтін болса, ондай билік елін өркендетпей жеткізбесі тағы да шындық. Биліктің табиғатының аса құпиялығы және қалтарыстарының көп болуы да осыған байланысты. Билік табиғатының құпиялық сипатын биліктің ерекше сапасы ретінде көрсетуге болады.

Билік-объективті шындық. Онын қызметі басқару мен бағынуға негізделген. Басқаратын аз санды төбе топ, саяси элита, бағынатын көп санды мемлекет халқы. Саяси элита мен халық арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың болуы биліктің дұрыс қызмет етуінің кепілі. Ал, билік болса өзінің материалданған формалары-президенттік институт, парламент, үкімет, жергілікті

басқару органдары, т.б. арқылы өзінің басқарушылық қызметін жүзеге асырады. Билік мақсаты саясаттағы стратегиялық және ағымдық міндеттерді орындау, ел өмірін басқару. Бұл ретте билік пен саясат егіз, қатар қозғалыстағы құбылыстар. Олар жоқ жерде саяси жүйе де, мемлекет те жоқ. Билік мемлекет пен саяси жүйені қозғалысқа келтіретін мотор іспеттес. Билік иесі қабылдаған шешімдер мен мақсат-міндеттер саясатта тұжырымдалып, басқару процесі арқылы өмірге енеді. Билік ғылыми негізделген қоғам дамуына жауап беретін саясатты іске асыруға ұмтылса сол елде даму, алдыға қарай өрлеу болады. Ал қате, бұрмаланған, даму талаптарына жауап бермейтін, жеке бір топтың ғана мүддесін қолдайтын саясатты ұстанатын төбе топ билігі ел халқына ешқашан жақсылық әкелген емес .

Билік құрушы элита қай кезеңде қандай тарихи жағдайда болмасын алдымен өзінің мүддесін көздейді, өзінің билігін нығайтуға және сақтауға тырмысуда болады. Бұл табиғи құбылыс. Бірақ саяси күрес тарихы билеуші топ билігінің сақталуы мен нығайуы, оның сол ел халқының мақсаттарымен күнделікті өмір тіршілігі талаптарына байланысты болуына тәуелді. Билік саясатының халықтың бүгіні мен келешегіне жауап бере алуы оны халықтың қолдауына жеткізеді. Сондықтан күшті және пәрменді билік өзінің көкейкесті мақсаттарын сол мемлекет халқының алдындағы басымдықтармен тікелей байланыстырады. Билік өз халқының қолдауымен қуатты. Биліктің ашық, түсінікті мемлекеттік қауіпсіздік талаптарына сай саясаты сол елді өркениет жолына әкелетіндігін бүгінгі саяси тәжірибе көп рет дәлелдеп берді.

Қоғамдық қатынастарда билік иесі ойлаған, күн тәртібіне қойған саясат мақсаттары көп жағдайда орындала бермейді. Биліктің қиындығы мен күрделілігі де осында. Билік субъектісінің қоғамдық- саяси шындыққа адекватты, әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарына сәйкес саясаты ғана өз нәтижесін береді. Қате, қоғам талаптарына жауап бермейтін саясатты іске асыруға ұмтылған билік иелері биліктен айрылып қалып жатады.

Билікке мемлекеттегі қым-қиғаш ішкі жағдайлармен қоса сыртқы халықаралық қатынастар да зор ықпал жасап отырады. Бұл жағдай оның мазмұны мен табиғатын күрделендіре түседі. Билік әлемде болып жатқан өзгерістер мен талаптарға да жауап бере алуы

керек. Ғаламдану заманында бұл талаптардың табиғаты тым күрделіленіп барады. Мемлекеттік биліктің ішкі және сыртқы саясатта, жалпы қоғамдық өмірде араласпайтын, әсер етіп қозғау салмайтын құбылыстары мен салалары кемде-кем. Бұл жағдай биліктің универсалдық, әмбебап жалпылық қасиеті бар екендігін көрсетеді.

Билік субъектісі, оны алып жүретін жеке адам. Адамның билікті пайдалану жолындағы қызметі экономикалық өмірге, әлеуметтік рухани саланың қозғалысқа келуіне әсерін тигізіп отырады. Әр адам белгілі бір дәрежеде билікке тәуелді және бағынышты. Саясат биліктің бүкіл мемлекет халқына ықпал етуін қамтамасыз етеді. Биліктің көпқырлылығын байқататын құбылыстар көп. Басты билік иесі (император, хан, президент т.б.) де билікке тәуелді. Олар қол астындағы елге билік ете отырып аристократиялық топтарға, немесе оппозициялық күштерге тәуелді. Мемлекеттік ресми билікке қоғамдық қатынастардың объективті жағдайы билік жүргізеді. Ресми билік экономикалық және саяси шындықтың қыспағында. Оның дұрыс саясаты биліктің қоғамдық шындықпен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз етеді. Ал, қарапайым азаматтарға келетін болсақ, олардың билік пен саясаттың әсерін ұдайы сезініп отыратынын көреміз. Адам түрлі билік қатынастары арасында өмір сүреді. Қазіргі демократиялық, құқықтық мемлекеттерде билік қатынастары заңмен реттеледі. Заңдар адамдардың негізгі құқықтарын қорғайды. Өркениетті елдерде билік заңмен шектеледі. Тоталитарлық мемлекеттерде ресми билік шектеусіз немесе формальды түрде заңмен шектелген. Биліктің шектеусіздігі адам құқықтарының аяққа тапталуына, билік иелерінің мемлекет байлығын еркін тонауына, пайдалануына жол береді. Ертедегі Рим ойшылы Тит Лукреций Кардың "заңның құзырына барлық азаматтар бағынуы керек" -деуі бекер емес. Дұрыс және әділетті билікті қоғам өзі жасаған заңдарды орындау арқылы ұйымдастыра алады.

Билік-саясат-заң ұғымдары бірінен-бірі туындап отырады. Билік мәселесі, саясат мәселесі заңмен реттелгенде ғана шектен шығып кетпейді.

Биліктің тежелмеуі қауіпті. Шексіз билік иесі монарх, патша болса ондай биліктің формаларын монархиялық, императорлық билік дейді. Ал, билік конституциямен шектеліп, билік иесі

белгілі бір мерзімге байланатын болса бұдан билік атқарушы, заң шығарушы және сот билігіне нақты бөлінер болса ондай билікті демократиялық билік дейміз. Ал, шектелмеген биліктің авторитаризмге, тоталитаризмге, одан кейін диктатураға апаратыны анық. Ондай билік халықтың көкейкесті мақсаттарына емес, тар топтың мүдделерін көздейді. Ондай билік халықты емес билік құрушы элитаны ғана байлыққа кенелтеді.

Заңның мақсаты билік пен саясатты сол ел халқының төл мақсаттары мен көкейкесті міндеттерін орындауға жұмылдыру. Билік өзінен өзі іске аспайды. Оның іске асуының құралы-саясат. Ол биліктің көзқарастарын, дүниетанымын, мүдделері мен мақсаттарын анықтап белгілейді. Билікті жүргізудің, ұстап тұрудың, халықты билікке бағындырудың да айла- тәсілдерін анықтайтын саясат. Сондықтан билік пен саясат егіз- деуге негіз бар.

Адамзат өмірінің дұрыс ұйымдасуына, мемлекеттің ойдағыдай дамуына, шаруашылықтың, әлеуметтік-рухани салалардың өркендеуіне ықпал ететін негізгі күш-билік екендігі дау туғызбаса керек. Қоғам табиғаты қаншалықты күрделі болса билік табиғаты да соншалықты күрделі. Себебі билік қоғамның негізгі сфераларымен тікелей, өзара тәуелді және диалектикалық байланыста. Билік қатынастарын мемлекеттің түпкілікті стратегиялық міндеттерімен және ағымдағы күнделікті міндеттерімен дұрыс байланыс ұйымдастырған мемлекеттер ғана үнемі дамуда болады. Ал, билікті дұрыс ұйымдастыра алмаған, оны аз ғана мүдделі топтар құрамына, сойылына айналдырған елдер дағдарысқа, тіптен күйреуге ұшырап отырған. Демек, биліктің қандай мемлекет болмасын тағдырлық маңызы бар екендігі ақиқат. Өркениетті елдер- саяси билікті ұтымды ұйымдастыра білген елдер. Осы шындықты басшылыққа алсақ өркениетті елдер көшінен Қазақстандық көру үшін билікті дұрыс қызмет еткізуіміз керек, дұрыс ұйымдастыруымыз керек. Қазақстанда өркениеттілік талаптарына жауап беретін билік жүйесінің жасалуының тағдырлық маңызы бар мәселе екендігі ақиқат.

Қазақстанға қандай билік жүйесі қажет дегенді ел Конституциясы шешіп отыр. Ал, осы билік жүйесінің Қазақстан халқының мақсат-мүдделеріне жауап бере алуы немесе оған сай болмауы қазіргі кезең үшін өте маңызды мәселе. Елдегі саяси жүйе

мен саяси билік халықтың көкейкесті мәселелерін шешуге қабілетті болып, оны дамудың сара жолына жетелесе ондай саяси билік ел қолдауына ие болатындығы сөзсіз. Ел қамының билік қамына айналуы сол елдегі игіліктің қайнар көзі. Ондай мемлекеттер саяси қайшылықтар мен ішкі әлеуметтік теке-тірестен аулақ өмір сүреді. Ал қайшылықтар болған жағдайда қажетті айла-амалдармен, саяси ықпалмен оларды шешуге үнемі қабілетті болады. Мысалы, АҚШ-тағы саяси билік америкалық ұлтына қауіп төндірген халықаралық терроризмге жауап беріп, халқының төл мүддесін қорғауға қабілетті екендігін дәлелдеді. Қауіпсіздігін қорғаудағы мұндай табандылық қай мемлекетке болмасын үлгі. Сонымен қазіргі күрделі, мүдделер қайшылығына толы, әлсіздерді әлділер жұтып қоюға дайын дүниеде Қазақстандағы саяси билік мемлекеттік қауіпсіздік мәселелерін шешуге қабілетті болуы керек. Мемлекет қауіпсіздігі өте күрделі және көпқабатты мәселе. Алдымен сыртқы қауіпсіздікті сөз етейік.

Қазақстандағы билік мемлекеттің шекаралық мызғымастығын қамтамасыз етуге міндетті. Ата - бабалар қасық қандары қалғанша күресіп, миллиондаған өмірді құрбан етіп, кең байтақ жерді бүгінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Бодан болған 250 жылда ол жердің 25 пайызынан астамынан айрылып қалдық. Қалған 2,7 миллион шаршы шақырымы да аздық етпейді. Мәселе осы жерді тек Қазақстан халқының игілігіне, өмірлік кеңестігіне қалдыруға келіп тіреледі. Билік барлық қуат-күшін, ақыл - парасатын, айла-амалын кеңбайтақ жерді ел халқының келесі ұрпағына табыс етуге жұмсауға міндетті. Бұлай болуы Қазақстан тәуелсіздігінің сақталуының, оның ұзақ тарихи кеңістікте өмір сүруінің кепілі. Экономист сарапшылар Қазақстан жерінде 500 миллион адам өмір сүруіне болады,- деп есептеген. Демек осы жерде ел халқының этнодемографиялық, этномәдени және экономикалық өркендеп, қанат жайып қуаттануына толық жағдай бар.

Билік сыртқы саясатта Қазақстан мүдделерін іске асырудың барлық амалдарын қарастыруға міндетті. Қазіргі көпвекторлы сыртқы саясат әлемдік державалар АҚШ, Қытай, Ресей және мұсылман әлемі елдерінің барлығымен қатынастарды пәрменді жүргізуге негізделген. Олардың барлығымен одақтас болуды мақсат тұтады. Біздің пікірімізше бұл саясат уақытша тиімді. Мемлекет сыртқы агрессияға душар болған жағдайда қол ұшын

берер сенімді одақтас керек. Ол одақтас тек Ресей деп білеміз. Сондықтан билеуші топ барлық әлемдік державаларға құрақ ұша бермей, пророссиялық саясатқа бетбұрыс жасауды қажет деп ойлаймыз. Әрине Ресей жаңару, өзгеру кезеңін бастан кешіруде. Бірақ, оның потенциалы аса қуатты. Ресей келешекте Қазақстанды қайтадан бодан етуді мақсат тұтпайды. Ресеймен тығыз одақтастық ел тәуелсіздігінің, шекаралық мызғымастықтың кепілі болары сөзсіз. Сонымен бірге қазақ ұлтының орыс ұлтымен қоян-қолтық өмір сүруінің бай тәжірибесі бар. Екі ұлттың берік одақтастығы ешбір жауға алғызбайтын қуатты саяси фактор екендігі даусыз. Ресей құрамында бодан болған кездегі патшалық, сталиндік биліктердің зорлық-зомбылығын бүгінгі геосаяси ахуалға әкеліп өкпелесуге негіз жоқ. Ресейлік ақпарат, ғылыми, тілдік кеңестіктер Қазақстан халқына жат емес. Олармен қоян-қолтық, араласу Қазақстанның ғылыми-техникалық, ақпараттық өркендеуіне қолайлы болатындығы да шындық. Басқарушы төбе топ Ресей басшылығымен екі елге ортақ және пайдалы мәселелерді шешуге үнемі ұмтылыста болуы абзал. Себебі, екі ел шешуге тиісті тағдырлық мәселелер өте көп. Қазақстан Ресеймен қатынастарды тең дәрежеде пайдалы шеше отырып, өзінің әлемдік беделін көтерер еді. Қазақстанның дамымай отырған көптеген зауыттары, фабрикалары және шаруашылығы Ресей экономикасы мен ықпалдасып, ынтымақтасып қана дамитыны даусыз. Ортақ технология, ортақ білім стандарттар да екі елдің берік одақтастығын талап етеді. Қазақстан Батысты тек Ресеймен бірге, одақтаса отыра меңгеретіні шындыққа жақын. Сонымен қатар қазақ ұлтының орыс ұлтының шовинистік пиғылдарына тосқауыл қоярлық тарихи тәжірибесі мол және онымен бейбіт жағдайда да жақсы өмір сүре алады. Қазақстандағы 5 миллиондық орыс диаспорасы да Ресеймен тығыз одақтастықтың әлеуметтік тірегі бола алады.

Сонымен Қазақстанның билік иелерінің ұраны "Ресей, Қазақстан және басқалар" болуы керек деп ойлаймыз. Қытай, АҚШ-пен достастық, жақындастық та қажетті. Бірақ, Ресей басымдылығы болуы ел болашағы үшін тағдырлық мәні бар деп есептейміз. Осымен қатар Қазақстанда орыс тілінің позициясы өте күшті. Қазақстандықтардың басым көпшілігі орыс тіліне жетік. Демек, Ресеймен қарым-қатынас жасау тілдік жағынан да жеңіл.



Көршілес елдің тілін, дінін, ойлау жүйесін, ұлттық психологиясын біле отыра одан ұтылмауға болады. Әрине, Ресей Қазақстаннан анағұрлым қуатты ел. Сонымен қатар, орыстық шовинизмді жақтайтын күштер бас көтеруде. Қазақстанның билік иелері Ресейдің реалист саяси күштерімен одақтасуы керек. Қазақстан тәуелсіздігінің нығайуы, оның халықаралық беделінің артуы елдің саяси бағытын Ресейдің толық қолдауына да қатысты деген пікірдеміз.

Қазақстан қоғамын ойдағыдай басқаруы үшін демократиялық билік жүйесінің құрылуы керектігі дау туғызбаса керек. Оны басшы элита да түсініп, біліп отыр. Ел Конституциясында билік жүйесін демократияландырудың заңдық негіздері де бар. Қоғамда демократия институттарын жасау ісі басталды. Олар: билік тармақтарының бөлінуі, көппартиялық, бұқаралық саяси қозғалыстар жандануы, сөз, баспасөз бостандықтарының алғашқы нышандары, саяси көзқарастардың әралуандығы, т.б. демократияға бетбұрыс жасалынғаны нақты өзгерістерден көрінуде.

Алайда, елдегі билік жүйесін демократиялық билік жүйесі деп бағалауға әрі ертерек. Қазақстандағы демократия қалыптасу жағдайындағы демократия немесе оны транзитті демократия деп атауға болады. Қоғамдағы демократиялық механизмдердің біріне бірі ықпал етуі, бірін бірі бақылауы арқылы демократия принциптері толық жұмыс істеп отырмаған саяси жүйедегі мемлекетпіз. Елдегі демократияны ақаулы (дефектная) демократия деуге болады.

Қазақстандағы биліктің ерекшелігі - әлі де атқарушы билік тармағының басым болуы. Сондықтан тоталитарлық билік элементтерінің сақталуы және көрініс беруі елдің демократиялық жүйеге жылжуына бөгет бола береді. Әділетті, халық қамын жейтін, өркениеттілікке бастайтын билік өзінен өзі, жеке бір адамның құзырымен жасалмайды. Әлемдік саяси тәжірибе осындай биліктің билік етуші күштер бөлшектелгенде ғана болатындығын дәлелдеп отыр. Билік бір ғана мүдделі топтың қолында шоғырланбауы керек. Қоғам дамуына қажетті заңдарды қабылдау құзыры тек заң шығарушы билік тармағында болса, ал заңдардың орындалуы бақылау сот билігінің құзырында, шаруашылық пен әлеуметтік өмірдегі басқару ісі атқарушы билікте болуы демократияның басты заңдылығы.

Оны орындау биліктің өзін өзі бақылап, реттеуіне әкеледі. Демократия механизмдері өздігінен, зорлықсыз жұмыс істей бастайды. Билік тармағының өзара тежеуі мен қарсыласуы арқасында биліктің демократиялық жүйесінің өзін өзі реттеуі механизмдері жұмыс істей бастайды. Демократиялық билік жағдайында билікті аз ғана төбе топтың ғана мүддесіне қызмет еткізуге тосқауыл қойылады. Сыбайласқан жемқорлық, паракорлық, қызмет бабын пайдаланушылық т.б. билікті жеке бастың немесе жеке топтың эгоистік мүдделеріне икемдеу барынша азаяды. Билік заңға бағынып, оны жөнсіз бұза алмайтындай ахуал қалыптасады. Себебі, заңның негізінде билік иелері үнемі ауысып отырады. Сондықтан биліктегі топ өзі басқарған белгілі мерзім аралығында ұятқа қалмауға, бедел жинауға және өз тобының биліктілігін көрсетуге барынша ұмтылады. Заңдарды өрескел бұзу қандай да болмасын билік иесінің міндетті түрде өз кінәсіне немесе қателігіне жауап беруіне мәжбүр етеді. Биліктің заңға бағынуы демократиялық қоғам құрудың басты принциптерінің бірі. Әрине, қандай жетілген демократиялық жүйе болмасын кемшілік болмай қоймайды. Билікке, адамға қателесу тән. Адам табиғаты жетілген емес. Билікті өз қарақан басының қамына пайдалану демократиялық қоғамда да бола бермек. Алайда, ол қоғамда бұл құбылыс шектен шығып кетпейді. Биліктің зорлық, жемқорлық сияқты әрекеттерінің тым асқынып кетпеуіне заң күші кепіл болып тұрады. Заңдар биліктің бір түрінің, оның екінші түрін бақылауы, тежеуі және ықпалдасуы құбылыстарын іске асыру мақсатында жасалады.

Сонымен, демократиялық саяси жүйедегі билік заңның диктатурасына негізделіп қоғамның, әлеуметтік топтардың, халықтардың және жеке адамның бостандық пен еркіндік жағдайында өмір сүруіне әкеледі. Ал, осы бостандық пен еркіндіктің өзі заң шеңберінде ғана өрістейді. Демек, қоғамның дұрыс болуы, билігінің дұрыс ұйымдастырылуы, адамның келісті өмірі сүруі үшін қоғамдық өмірдің барлық салаларын дұрыс реттейтін заңдар болуы шарт.

Заңмен жұмыс істейтін билік жүйесі ғана елін өркениет жолына бастай алады. Әлемдік өркениеттің осы тәжірибесін басшылыққа алып, Қазақстандағы билікті іске асырсақ, елдің көп қиыншылықтарды ойдағыдай жеңетініне сенім мол.

Осымен қатар билікке қажеті-біліктілік. Билік институттарының қайсыбір буынында болмасын өз ісіне жетік, айналысып отырған саласы туралы жан-жақты білімі бар басшылар билік басында болуы міндет. Банкирлер ауыл шаруашылығын, құрылысшылар финанс жүйесін, инженерлер білім беру саласын, тағы сол сияқты басқаратын болса мемлекеттік биліктің біліктілігі тым әлсірейді. Қоғамдық жүйенің әр саласын сол саладан маманданған, осы істі меңгерген кадрлер басқаруы биліктің дұрыс іске асуына ықпал етері сөзсіз. Қазақстандағы кадрлерді дұрыс, өз орнымен пайдалану биліктің тиімдігін арттырып, әр саланың өсіп өркендеуіне әкеледі. "Кадрлер барлығын шешеді", -деген марксистік тағылым өз маңызын бір мысқал да жойған жоқ. Сондықтан дұрыс билік болуы үшін, қоғамды ойдағыдай басқару мақсатында кадр дайындауға, оларды өркениетті елдерде оқытуға қаржыны аямау құптарлық іс.

Қазақстандағы билік иелеріне керекті маңызды сапа-отаншылдық. Билік иесі отаншылдық үлгісін көрсетпесе қарапайым халық отаншыл болмайды. Билік институттары Қазақстанның мемлекеттік мүдделерін қорғаудың үлгісін көрсетіп отыруы маңызды. Табиғат байлықтарының, шикізат ресурстарының, мемлекет қаражатының, еңбек ресурстарының қорғаушысы да, көбейтушісі де билік субъектілері болуы тиісті. Сонда мемлекет те, халық та байиды. Олардың арқасында билік иелері де байи түседі. Билік иелерінің елді байыту арқылы өздерінің де баянды байлыққа кенелетінін білуі оларды отаншылдықтың жай ғана ұран емес, нақты және тұрақты жақсылық пен игіліктің қайнар көзі екендігін білуге жеткізеді. Сондықтан электоратты өз соңына ерту үшін билік иелері отаншылдықты нақты істермен дәлелдеп отырулары қажет. Төбе топ отаншыл болса халық та отаншыл болмақ. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу басшы элитадан басталғаны абзал. Әсіресе елбасының, үкімет басының, парламенттің, әкімдер мен министрлердің іс жүзіндегі отаншылдығы биліктің халықты тәрбиелеуіне көмектесуі. Билік өзінің саяси стратегиялық міндеттерін халық қолдауын өз отаншылдығымен қол жеткізеді.

Билікті дұрыс ұйымдастырудың келесі белгісі-биліктің әділеттілігі мен адалдығы. Билік басындағылардың заңмен ғана қызмет етуі қазіргі қоғамда олардың әділеттілігі мен адалдығының өлшемі болмақ. Билік заңға жүгініп, шаруашылықты

ұйымдастырса, әлеуметтік мәселелерді шешсе және рухани өмірдің дамуын реттесе, дау-жанжалдар себептерін заңмен бағалап шешсе қарапайым халыққа, азаматтарда қандай өкпе, қарсылық пен наразылық болуы мүмкін. Бірақ, заңдар сапалы болуы және олардың қоғамдық өмірдің негізгі талаптары мен өзгерістеріне жауап беру қажетті фактор. Егер заңдар тек билеуші топ пен қалталы тапқа ғана қызмет етсе тағы да әділеттілік пен адалдық болмайды.

Әділеттілік пен адалдық туралы нарық заманында, қоғам мен сананы ақша билеген уақытта айту утопия сияқты көрінуі де мүмкін. Ал, өркениеттіліктің осы категорияларсыз болмайтындығын да ұмытуға болмас. Әділеттілік пен адалдықты ту еткен басшылар алдымен халық құрметіне ие болып, беделді билік иесіне айналады. Екіншіден, мұндай билік иелерінің жалақысы мен табысы да адал еңбегіне сай болуы керек. Өркениетті қоғамдағы биліктің даму белгісі осындай болуы абзал. Билік иесі халық мүддесі үшін еткен адал еңбегінің, маңдай терінің, жоғалған денсаулығының қайтарымы болатынына сенгенде еңбектегі белсенділігін еселей түсетіні де ақиқат.

Биліктің баянды болуына қажетті келесі сапа - жаңашылдық. Қазақстан қоғамын дамыту үшін жетіспейтіні де осы жаңашылдық. Елімізде ескірген бүгінгі заман талабына сәйкес емес дүниелер жетерлік. Қазақстан темір жолы 60-шы жылдардағы жетістігінен әлі де асқан жоқ. Ауыл шаруашылығы тіптен 60 -жылдардағы табыстарынан да айрылып қалды. Денсаулық сақтау ісі мен білім беру жүйесінің материалдық базасы мен сапасы Кеңес Одағы күйреген кездегі деңгейден төмендеп кетті. Озған салалар бар, бірақ олар аз банк, финанс жүйесі, сауда сферасы, кәсіпкерлікті ұйымдастыру, т.б. Өкінішке орай Қазақстанда жаңадан гөрі ескірген салалар мен буындар басым. Олардың барлығын жаңарту билік жүйесінің мұрындық болуы арқылы ғана іске аспақ. Демек билік субъектілерінің жаңашылдығы Қазақстанды өркениетке бастайтын рухани факторлардың бірі екендігі даусыз.

Билікке қойылатын талаптарды ары қарай талдай беруге болады. Бірақ, біз солардың ішіндегі өзектілерін атап өттік. Біліктілікті, отаншылдықты, әділеттілік пен адалдықты және жаңашылдықты басшылыққа алған билік құрушы топ Қазақстан қоғамының өркениеттілік белгілерін жасау ісіне басшы бола алады.

Өркениет принциптерін ұстанған басқарушы элита қоғамдық өркениеттің ірге тасын қалайды. Қазақстандағы билік табиғаты осылай болғанда елдегі өзгерістер қомақты және игілікті болады деп сенеміз. Биліктің өркениеттілік принциптеріне бетбұрыс жасауы елдегі модернизациялау саясатын бүкіл Қазақстан халқының әл-ауқатын, мәдениетін, өмірін жақсартуға жұмылдыратыны ақиқат.

## **Мемлекет мұраты**

Қазақстан Республикасының көкейкесті мұраты, стратегиялық мақсаты - өркениетті, құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру. Осы биік меже алынған жағдайда еліміз дамыған мемлекеттердің әлемдік қауымдастығына енеді. Қазақстандықтардың басым көпшілігінің материалдық әл-ауқаты ойдағыдай болып, адамдардың өмір сүруі ұзарады, ел халқының тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына бөгет болып тұрған көптеген негативті құбылыстар ауыздықталады. Еңбекке жарамды азаматтардың барлығына дерлік жасампаз қызметпен айналысуына мүмкіндік жасалады. Осылай болуы нәтижесінде білім мен біліктілік, кәсіпкерлік пен еңбек, ғылым мен жаңашылдық экономиканы толассыз алға тартатын өндіргіш сапаларға айналады. Халықтың өрелі өндіргіш еңбекпен шұғылдануы олардың адами қасиеттерін ұштайды. Әлеуметтік ауытқулар: қылмыскерлік, нашақорлық, алкоголизм, жөзекшелік, парақорлық т.б. қауіпті шектен аспайтын болады. Девианттық құбылыстардың әлсіреуі адамдардың өмір сүру сапасын жақсартып мәдениеттің, өнердің, озық этникалық қасиеттердің өркендеуіне жағдай жасайды. Білім мен мәдениеттілік демократиялық үрдістерді нығайтып, азаматтық қоғам элементтері қалыптасады. Осындай қоғамдық қатынастар қалыптасуы барысында адам мемлекетке емес, мемлекет адамға қызмет ететін ахуал жасалынады. Билік иелері конституциялық принциптер мен заңдық актілер шеңберінде ғана елді басқаруға тиіс болады. Заңның құзырына барлық қоғам мүшелері бағынатын талап шындыққа айналады. Әсіресе табиғат, финансы, қуат ресурстарының ел халқының мұқтажы мен мүдделеріне қызмет

етуі әлеуметтік әділеттілік принципінің басым болуына әкеледі. Ел байлығының халық мүддесіне бұрылуы ғылым мен техниканы, ақпарат пен технологияны барынша жылдам дамытуға ықпал жасайды. Осылай болғанда Қазақстан индустриалдық қоғамды жылдам орнатып постиндустриалдық қоғамға аяқ басады. Елдің шаруашылығы табиғатпен үйлесетін, шикізат ресурстарын үнемдейтін, экологияны сауықтыратын құрылым жасауға жетіседі. Жаңа экономикалық инфрақұрылым адам демалысы, денсаулығын жақсартта түседі.

Экономиканың модернизациялануы, жұмыссыздықтың күрт азайуына жеткізеді. Құрылымдық өзгерістер нәтижесінде экономиканың шикізаттық құрылымынан біртіндеп арылып, өндірушілік сипатқа ие болуы күшейеді. Соның арқасында елдегі ұсақ және ортақ меншік иелерінің саны еселеп өседі. Экономикалық өркендеу нарықтық қатынастардың әлеуметтік тірегі орта таптың қалыптасуына ықпал етеді. Байлығы бар, білімі бар, кәсіпкер мамандардан тұратын орта тап елдегі тұрақты дамудың қайнар көзіне айналатындығы даусыз. Қазақстан халқының тең жарымынан астамы орта тап өкілдері болғанда мемлекеттің әлеуметтік саладағы мақсат - мұраты іске асты деп айтуға болады.

Саралап тарата берсек өркениетті, демократиялық қоғамның позитивті сапалары мен игіліктерін тағы да жалғастыра беруге болады. Жоғарыда аталған мақсат-мұраттардың іске асуының өзі Қазақстан халқы мен мемлекеті үшін аса үлкен игілік пен табыс. Айтылған мемлекеттің мұраттары утопия мен елес емес. Осы құндылықтарды шындыққа айналдыру үшін Қазақстан Республикасында нақты мүмкіндіктер мен қажетті потенциал бар. Мәселе өркениетті қоғам құруға бағытталған ғылыми негізделген саясат жасай білуге және оны орындау мақсатындағы саяси элитаның шын ниетіне келіп тіреледі. Мақсатты саясат пен іс-қимылдың бірлігі арқасында өркениетті қоғамды Қазақстанда орнатуға болатындығына сенім мықты. Алдыға қойылған мемлекеттік стратегиялық міндеттерден ауытқымай қоғамдық күрделі құрылысының әрбір механизмін өркениетті ел болу мақсатына жұмыс істету маңызды. Ол үшін билік пен халықтың бірлескен еркі керек. Саяси элита, бизнес

элита мақсаты жеке топтың мүдделері емес мемлекеттік өркениетті қоғам орнату мүдделеріне қызмет ету болуы шарт.

Өркениетті қоғам орнату ең алдымен экономикалық міндет екендігін естен шығармау абзал. Елді өркениетке бастау үшін саяси басымдылықтарды экономикалық басымдылықтарға бағындыру міндет. Бұл дегеніміз ел қуатын, қаржы ресурстарын, саяси билікті нығайтуға, саяси элитаның мұқтажын қаржыландыруға жұмсау емес, керісінше ортақ экономиканы дамытуға жұмсау деген сөз. Шикізаттық сфераны дамытуды қаржыландырудан тауар өндіруді қаржыландыруға бетбұрыс жасау пайдалы. Елдің Бүкіләлемдік сауда ұйымына енуі алдағы кезеңде тек бәсекелестікке қабілетті тауарлар өндіруді талап етеді. Біздің пікірімізше елдің тауар рыногының әлемдік тауарлар тасқынына ашық болуы жағдайында Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаумен, немесе шикізат ретінде сатумен әлемдік нарық кеңістігінен өз орнын таба алады. Сондықтан ауыл шаруашылығы тауарларының сапасын жақсарту ел экономикасының жаңа тынысын ашатын негізгі басымдылық ретінде үнемі бірінші кезекте тұруы қажет. Ауыл экономикасын Қазақстан экономикасының тірегі ретінде бағалап, оны дамытуға барлық күш-жігерді жұмсасақ қана әлемдегі нарық рыногында беделге ие бола аламыз. Азық-түлік өнімдерін сатып алатын Қытай рыногының өзі ұшан-теңіз. Қытайға ет те, астық та, тері мен жүн де ұдайы қажет. Мәселе, оларға әлемдік нарық бағасымен сапалы өнім сатуға келіп тіреледі. Осыған қоса дәстүрлі Ресей рыногі, көршілес Индия мен Пакистан рыногтарын меңгеру арқылы Қазақстан ауыл экономикасын дамытудың сара жолына түсуіне болады. Ауыл халқының материалдық әлеуметтік жақсаруы, оның жаңарған әлеуметтік инфрақұрылымы елдегі жаңа демографиялық дүмпуге жол ашар еді. Ауыл халқының өсуі арқылы 20 миллиондық халық саны межесіне жету тез арада болатын құбылыс. Оны 60-70 жылдардағы ауыл экономикасының дамуы жағдайында болған демографиялық дүмпу дәлелдеп кеткен. Әрине, қазіргі психологиялық ахуалдың өзгешелігін ескере отыра жүргізілген демографиялық саясат өз нәтижесін берері даусыз. Ауыл экономикасының дамуына Қазақстандағы демографиялық ахуал тәуелді деп айтуға негіз бар. Себебі, урбанизацияланған қала

халқының әл-ауқаты қанша жақсарғанымен қалада халық санының айтарлықтай өсуі болмайтындығын әлемдік әлеуметтік тәжірибе үнемі дәлелдеп келеді. Сондықтан ауыл өмірін жаңарту арқылы демографиялық өсімге қол жеткізе аламыз. Ауылда қазақ ұлты өкілдерінің санының еселеп өсуі этностың тілін, мәдени кеңістігін, ақпараттық ұясын, ұлттық ділін сақтауға және дамытуға көмектеседі. Қазақ ұлты тағдыры ауыл тағдырымен бірге түйіншіктелген. Ауыл мәселесін шешу арқылы ұлт тағдыры мәселелерін қат-қабат шеше бастаймыз.

Демек, өркениетті қоғам құруда бірінші басымдылық өркениетті экономика құру. Ол үшін экономикалық тұрақтылықтан ұдайы болатын тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізу шарт. Қазіргі Қазақстан экономикасында мұндай бетбұрыс жасауға негіз бар деп сенімді айтуға болады. Қазақстан өтпелі кезеңде 1991-1994 жылдар аралығында болған экономикалық дағдарыстан шыға алды. Экономикалық дағдарыстың тым ауыр болғанын мына деректер көрсетеді. 1989 жылы республиканың әр жанбасының табысы 2600 американ доллары болса 1994 жылы ол 620 долларға дейін кеміген. /1/. Сол кезде Гиллер институты жүргізген әлеуметнамалық зерттеулерге қарағанда 1994 жылы қала тұрғындарының 69 пайызының жағдайы нашарлап және тым нашарлап кеткен. 18 пайыз қала жұрты бұрынғы өмір деңгейін сақтай алса, жағдайы жақсарғандар мөлшері 11,2 пайыз ғана болған /2/. Дағдарыстың ауыр жылдарында Қазақстан халқының 70 пайызы кедейленіп және қайыршыланып кеткен болатын.

Қазақстан үкіметінің экономиканың негізгі салаларын қамтитын құрылымдық реформалары сәтті болады. Сонымен қатар әлемдік шикізат рыногындағы бағаның Қазақстанға қолайлы болуы ел экономикасын дағдарыстан шығаруға көмектесті. Соңғы 1999-2003 жылдар аралығындағы 4 жылдағы ішкі жиынтық өнім (ІЖӨ) өсуі 49 пайыз болды /3/. 1994 жылы жан басына шаққанда 620 АҚШ доллары болған ІЖӨ мөлшері 2003 жылы 1649 долларға көтерілді /4/. Қазақстан экономикасы жоспарланған межеден 1 жылға жуық жылдам дамуда. 2003 жылы ІЖӨ 2000 жылмен салыстырғанда 31,9 пайызға артуы тиіс болса, ол соңғы үш жылда 36,6 пайызға дамыған. /5/. Әлемдік қаржылық дағдарыс жылдарында даму тежелді. Алайда



қиыншылықтарға қарамастан, ел халқының әл-ауқаты елеулі мөлшерде жақсарғанымен бұл деңгей дамыған мемлекеттер деңгейінен әлі де төмен. ІЖӨ-нің өсуінің қазіргі қарқыны жаман емес. 2009-2010 жылдары оның көлемі 7500 АҚШ долларына жетуі қамтамасыз етілді. Қазіргі Қазақстан экономикасының дамуы дәрежесі бойынша ТМД елдерінің барлығының алдына шығуға тақау. Әзірше Ресей ғана Қазақстаннан бір қадам ғана алда тұр. Қазақстан экономикасының дағдарыстан шығып, дамудың сара жолына түсуі оның алдағы тұрақты дамуының кепілі болмақ. Ресей сарапшылары, халықаралық сарапшылар Қазақстан экономикасының даму келешегіне сенімділікпен позитивті баға беруде.

Алайда тұрақты дамуды ХХІ ғасырда ұдайы үрдіске айналдыру міндеттерін шешу үшін маңызды шараларды іске асыру қажет. Бірінші міндет, ел экономикасының шикізаттық бағытын тауар өндірісі бағытына ауыстыру болмақ. Себебі ел табысының 27 пайызын қазір шикізат ретінде сатылатын мұнай мен газ беріп отыр. Бұлар келешекте аса қымбаттайтын стратегиялық ресурстар. Оларды үнемдеу ел келешегін қамтамасыз етеді. Дамыған елдерде мұнай табысының үлесі осыншама үлкен емес. Мысалы, АҚШ –та 8 пайыз, Норвегияда 8,6 пайыз, Біріккен Араб Әміратында 18,2 пайыз /6/. Ел байлығы мен мемлекет табысын тек мұнай мен газ секторына тіреп қою қателік. Бұл шектеулі ресурстар. Оны аса сақтықпен, үнемшілдікпен және тиімді пайдаланған жөн. Сондықтан Қазақстан табиғат қойнауы мен стратегиялық ресурстарына зиянын тигізбейтін өнеркәсіп салаларына бетбұрыс жасауы дұрыс. Мысалы, сарапшылар Каспий теңізінің биоресурстарын дұрыс пайдалану арқылы мұнайдан да артық пайда табуға болатындығын айтуда. Бекіре мен уылдырық өндіруді өндірістік жолға қою маңызды. Ол үшін бекіре тектес балықтардың шабақтарын миллиондап жасанды өсіретін балық шаруашылықтарын ұйымдастыруға және оның сапасын жақсартуға көп қаржы бөлген жөн. Мемлекет кірісінің үштен бір бөлігіне жуығын шикізатқа тәуелді етіп қою қауіпті. Шикізатқа тәуелділіктің осы шегінен шығуға болмайды. Мемлекеттік бюджетке кірістің ең сенімді және қауіпсіз көзі-дәстүрлі астық шаруашылығын дамыту. Әлемдік жаһандық табиғат өзгерістері

Қазақстанның астық өндіретін аймақтарында қолайлы климат туатындығын болжауда. Қазақстан астығы сапасына тек Канада мемлекеті астығының сапасы ғана пара пар. Клейковинасы мен қамырлылығы жоғары Қазақстан астығын келешекте Европа, Қытай, Индия сияқты мемлекеттер жоғары бағамен сатып алуға мүдделі болады. Осы әлемдік табиғат өзгерістеріне жауап беретін астық шаруашылығы мен мал шаруашылығын ғылыми жолмен ұйымдастырсақ Қазақстан ХХІ ғасырдың екінші жартысында әлемдегі ең бай мемлекетке айналады, шикізатқа сатуға тәуелділіктен толық құтылады деп болжауға болады. Мәселе, жерді дұрыс пайдалануға, астық өнімдері мен мал тұқымдарын асылдандыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсартуға келіп тіреліп отыр. Ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру арқылы Қазақстан экономикасы жаңа деңгейге көтерілері даусыз. Ол үшін жаңа аграрлық саясатты жасау және оны іске асырудағы үкімет табандығы қажет. Бұл кешенді міндетті шешу ісі енді ғана басталды. Ол үшін 2003-2005 жылдары ауылшаруашылығын дамыту жылдары деп жариялау тек зор шаралардың бастапқы кезеңі ғана. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру, оны өңдеу және сапасын жақсарту арқылы әлемдік азық-түлік рыногынан беделді орын алуы ең келелі міндет ретінде үкімет назарында болуы керек. Осындай стратегиялық міндет шешілгенде Қазақстан әлемдік қауымдастықтағы өркениетті және өзін-өзі толық қамтамасыз ететін мемлекетке айналды. Дайын техникалық құралдар, автомашиналар, күнделікті тұтыну тауарларын өндіріп, әлемдік рынокта жеңіске жету қиын. Сондықтан, Қазақстан астық, ет, тері, жүн, алтын, мыс, балық пен уылдырық өнімдерін сапалы өндіру арқылы ғана үлкен табысқа, байлығымен әлемдік беделге ие бола алады. Себебі адамға керекті өнім түрлерінің барлығын бір елде және оны сапалы өндіру тіптен мүмкін емес. Әр ел қандай өнім өндіруге күші келеді, кәсіпкерлігі оның сапасын қамтамасыз етуге жетісетіндігін білу маңызды. Қазақстанға автомобиль өндіру қажет емес, өйткені Жапонияға, Германияға және Оңтүстік Кореяға біз жете алмаймыз. Олардан автомобилдер алып, дайын азық-түлік сатсақ пайдалы болар еді. Шикізат ресурстарын сатудан құтылып, дайын өнімдер мен, азық-түлікті сыртқа шығару Қазақстан халқының өмір сапасының жақсаруының айғағы болар еді. Әрине табиғат байлықтары

Қазақстанның әлемдік бәсекелестікте басымдылығы, артықшылығы. Шикізат сатуды тоқтатып тастауға да болмайды. Мәселе, мұнай, газ ресурстарын үнемдеу, оның ұлттық табыстағы мөлшерін төмендетуге келіп тіреледі. Алдағы 30 жылда Қазақстан мұнай, газ сатуға қабілетті. Ал осы басымдылықты шикізат көздерін үнемдеу арқылы ХХІ ғасыр аяғына дейін сақтауға болады сонда біз бүгінгі ұрпақты ғана емес, қазақстандықтардың келер ұрпақтарының бай - қуатты өміріне плацдарм жасаймыз. Кеңес Одағы кезеңінде Қазақстан жылына 20 тоннадан артық алтын өндіргенмен оған қожалық ете алмады. Қазір 1989 жылғы 9,5 тоннадан алтын өндіру 2002 жылы 17 тоннаға көтеріледі, 2005 жылы 25 тонна алтын өндірілмек. Соңғы жылдар жылына 900 тоннадан астам күміс өндірілуде. Сонымен бірге Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 2003 жылдың соңында 30 млрд. АҚШ долларына жуықтап, оның жыл сайынғы өсімі 10-13 пайызды құрап отыр. Бұл - әлемдегі үздік көрсеткіштердің бірі. Банктердің активі 8 млрд. доллардан асып, ұлттық қорға 3,5 млрд. доллар жинақталды. Білім мен денсаулықты сақтау реформалау ең алдымен бұл салалардың материалдық базасын бүгінгі заман талаптарына сай дәрежеде жарақтауға келіп тіреледі. Ғалымдардың, мұғалімдердің, дәрігерлердің жалақысы өспей, мектеп пен ауруханалар жаңа керек-жаракпен қамтамасыз етілмей, жасалған реформалардың барлығы жалған, көзбояушылық. Жасанды реформалар қаржы шағындап қана қоймайды. Олар Қазақстан халқына психологиялық, моралдық соққы беріп, келешекке деген оптимизмін, мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан мемлекеттік мәселелерді шешуде асығыстық пен ұраншылдық зиян. Реформаларда сол реформа жүргізілетін саланың материалдық базасымен үндестік болуы шарт. Оқулықтар, әдіснамалық құралдар, кең және жылы мектептер мен компьютерлік база болмай, білім сапасы жақсармақ емес.

Қазір Қазақстан мемлекетінің басты мұраты елдің экологиялық қауіпсіздігін жақсарту. Қоршаған орта жақсармай, табиғат дұрысталмай ел экономикасын әрмен дамыту және халықтың әл-ауқатын жақсарту қиын. Демократиялық мәселе, минералдық – шикізат өндіруді шектеуге келіп тірелуде. Түсті металл мен мұнай өндіру табиғи ортаны күйрете береді. Миллиардтаған тонна жер қазылып, ауа мен су ластанады. Мысалы,

республикада 20 млрд. тонна токсинді, улы заттар жиналған. Әр қазақстандыққа орта есеппен 16 тонна керексіз қалдықтар қордаланған. Ірі мегаполистер Алматы, Қарағанды, Өскемен қалаларындағы зиянды қалдықтар қоры қауіпті деңгейде. Бұдан әрмен қоршаған ортаны улай берсек техногенді апатқа ұшырауымыз сөзсіз.

Республикадағы жауып кеткен қоқыстар мен қалдықтардан құтылу үшін дамыған елдер тәжірибесін пайдалану қажет. Бірінші кезекте, табиғат қорғайтын қатал заңдар пайдалы. Оларды бұзғандарға үлкен мөлшерде айыппұл төлету, тіптен бас бостандығынан айыру жазаларын қолдануға болады. Әрине, экономикалық ахуалды сауықтандырудың магистральды жолы шикізат өндірудің үлес салмағын азайтып, экологиялық таза технологиялық процестерге көшу. Шетел инвесторларының мұнай, химия, металлургия, тау-кен өндірісі орындарындағы қызметі қатаң бақылауда болғаны дұрыс. Шетел инвесторларымен жасалатын келісім-шарттарда бұл компаниялардың өндірістік қызметі барысындағы экологиялық шаралары және міндеттемелерін жан-жақты белгілеп беру ел табиғатын қорғау жолы. «Ластаушы» технологиялар мен жұмыс істейтін шетелдік және отандық компаниялардың жұмыстарын тоқтатуға дейін барған жөн. Осындай шараларсыз Қазақстан табиғаты, халқының денсаулығы оңалмайды.

Евразиядағы басым державалар – Қытай, Ресей сияқты мемлекеттермен көршілес болу Қазақстаннан жылдам демографиялық өсуді талап етеді. Республиканың шөлейт және далалық аудандары бос кеңістіктер болып иесіз қалуда. Қазір жүздеген шақырым далалық өлкеде үлкен ауылды кездестіру қиын. Келешегі жоқ деп тасталған ауыл, селоларды шетел босқындары мен кездейсоқ келімсектер иемденген жағдайда, оларға бөгет болар ешкім жоқ. 15 млн.-ға жуық қана қазақстандықтар 2,7 млн. шаршы шақырым кең байтақ жерге ие бола алуы қиын. Қазір 1 шаршы шақырым жерге 5,5 адамнан ғана келеді. Бұл өте аз. Мысалы, Қытайда 1 кв.км. жерге 130 адамнан келеді. Өзбекстанда 53 адамнан, Қырғызстанда 23 адамнан келеді, ал Ресейде 1 кв.км. жерге 8,5 адамнан ғана келеді. Демек, бізбен көршілес елдердің ішінде Ресейде ғана жер жетіспеушілігі мәселесі жоқ. Қытай мен Өзбекстан халқы өте тығыз орналасқан елдер. Әсіресе, Орта

Азиядағы Ферғана жазығында өзбектер, қырғыздар, тәжіктер сыймай отыр. Қазақстанда жағдай мүлдем керісінше. Ел тәуелсіздігі жерге иелік ететін халық санының өсуіне тәуелді.

Мемлекет мұраты елді өркениет көшінің қозғалысына қосу. Әлемдік ғаламдасу, ортақ ақпараттық, экономикалық, саудалық кеңістіктер Қазақстанда да өркениетті елдерге тән өмір сүру салттарын, дүниетанымы мен мәдениеті әлеуметтік қарым-қатынастарды қалыптастыратыны анық. Демек, өркениеттен жылжу жолында ұлт өміршеңдігі бәсекеге түсетіндігі де ақиқат. Мемлекет мұраты мәселесі кешенді мәселе. Ол ел өмірінің негізгі салаларына тікелей қатысты. Солардың сапалы дамуы арқылы шындыққа айналады. Қазіргі ел экономкасының дамуындағы оңды үрдістер, Қазақстан халқының материалдық әл-ауқатының оңалуы, елдің экологиялық сауығуы, демографиялық дағдарыстан шығуға бет алыстың басталуы Қазақстан мемлекетінің өзінің түпкілікті бағыты деп бағалауға болады.

### **Мемлекет адамға қызмет етсе**

Қоғамдағы қайшылықтар, кемшіліктер мен басқа да ауытқулардың түпкілікті себебі мемлекеттің нақты істердегі бағытына тәуелді. Мемлекет олигархиялық топтарға, жекелеген туыстық кланға, билік құрушы элитаға, немесе өзі тудырған чиновниктер армиясына ғана қызмет ететін болса ондай мемлекетте ұзақ болашақ болмайды. Мемлекетті басқаратын төбе топ өзінің ішкі эгоизмін негізге алып, жалпы халықтық мақсаттарды құндылықтарды іске асырумен байланысқан елде ғана келешек болады.

Төбе топты да, тобырды да топтастыратын, ел мұратына ұйытатын заңның күші және дұрыстығы. Өмір шындықтарына сәйкес келетін заңдар қабылданған және олардың орындауын қамтамасыз еткен мемлекеттер ғана қалыпты дамуды қамтамасыз ете алмақ. Заңның күші оның болуында емес, басшыдан бастап, үй сыпырушыға дейін орындауында. Заңдардың адамдардың түбегейлі міндеттеріне байланысты болуы, оның өміріне, еңбегіне, бостандықтарына қызмет етуі мемлекеттегі ахуалды сауықтыра түседі. Заңмен қорғалған азамат өз мемлекетінде шын мәніндегі жасампаз тұлғаға айналады. Мемлекет – билік – адам арасындағы

осындай күрделі байланысты жүзеге асырған елдер өркениеттің биік сатыларына жетті. Мемлекеттің адамды өсіруі сол елдердің экономикалық өркендеуінің, әлеуметтік жаңаруының, саяси тұрақтылығының кепіліне айналады. Адамын аялаған, тәрбиелеген, оқытқан, кәсіпкерлігін ұштаған елдер байлықтарын еселей түсуі де, әлемдік бәсекелестіктің ғылымдағы, сападағы тиімділік пен үнемділіктегі жарыстарының қайсысында болмасын ешкімге есесін жібермейді. Қазақстанның мақсаты да мемлекетінің азаматарына қызмет ететін елге айналу. Басшылығы адамға қамқор болатын мемлекет жасаудың міндеттілігін сезіне түсуде. Бірақ, сөз бен мақсат бар да оған жеткізетін істер мардымсыз болып тұр. Әрине, әр ұрпақ мақсатына, арманына асығады. Бүгінгі ұрпақ та осындай екені даусыз. Әзірше Қазақстан үшін адамға қызмет ететін мемлекеттің ауылы алыс болып тұр. Қазақстан мемлекеті елдің әр адамына емес олигархияға трансұлттық корпорацияларға, корпоративтік мүдделері басым топтарға қызмет етуде. Елдегі саяси-әлеуметтік ахуалдың қарапайым азаматтың мүддесі жағында болмауының, әрине объективті себептері бар.

Қазақстан әлі жас мемлекет. Елде аз мерзім арасында әлеуметтік– экономикалық құрылыс пен саяси жүйелердің алмасуы жүріп өтті. Өтпелі кезеңнен кейінгі елдің капиталистік дамуы басталады. Капиталистік қорлаудың тағы, аяусыз басып – жаныштау сатысын елдің экономикалық жүйесі басынан кешіруде. Мүмкіншілігі мен билігі бар топтар баюдың, капитал жасаудың барлық мүмкіндіктерін пайдалануда. Мемлекеттік меншікті, жалпы халықтық байлықты өз меншігіндей пайдаланып жүргендер де жеткілікті. Биліктің парақорлыққа жақындығы жағынан да Қазақстан әлемнің 150–дей мемлекетінің алдында. Ресей 143 – орында, Өзбекстан 175 – орында. Демократиялық институттар болып табылатын саяси партиялар, азаматтық қоғам оппозицияның қоғамдық қатынастарды реттеудегі әлеуеті әлсіз. Осы негативті үрдістер Қазақстанның толыққанды дамуына бөгет болып-ақ тұр. Әлі де ел халқының 25 пайызға жуығының кедейшілік күн кешуінің себептері осында.

Қазақстан егемен ел болғаннан бергі 16 жылда шешілген мәселелерінен гөрі, шешімін таппаған мәселелері көп екені ақиқат. Алайда, осы уақытта табыссыз болдық десек мүлдем қателесеміз. Табыстар бар. Олар белгілі. Жетістіктерді айта берудің, олармен

мақтана берудің қателігін біздің халық социализм кезінде басынан кешкен. Ондай қателіктерді қайталай беру тіптен зиянды. Мәселенің өзегі дамудың тынысын ашуға, оны еселеуге келіп тірелуде. Дамудың пәрменділігін арттырудың жолдарын, стратегиялық бағыттарын пайымдасақ қана Қазақстанның келешегіне жол ашамыз.

Егемен ел болу Қазақстанға тарихи тағдыр сыйлаған орасан зор бақыт. Қазақстан халқы осы бақыттан айырылып қалмауы керек. Басқаша болған жағдайда Қазақстан халқының 60 пайыздан астамын құрайтын қазақ ұлты болашағынан айырылады. Себебі, қазақ этносының ұзақ тарихы кеңістікте сақталуы және өсіп - өркендеуі, ұлттық болмысы мен ділін, тілін сақтай алуы оның өз мемлекеттілігін сақтай алуына тікелей тәуелді. Қазақ ұлтына мемлекеттің күшеюі және халық пен адамға қызмет етуге бетбұрыс жасауы аса маңызды. Сондықтан мемлекет – халық – ұлт – адам мәселелері өзара бітiскен байланыстағы, өзара тәуелді мәселелер.

Әр қайсысы қаншалықты тәуелсіз болуға ұмтылса, өз тағдырын бірінші кезекке қоюға ұмтылса, басқалары соншалықты ұмтылыста болуы байқалады. Осы төрттіктің үйлесімді дамуы Қазақстан үшін тағдырлық маңызға ие. Қазақ ұлты өзінің болашағы үшін мемлекеттің, Қазақстан халқының және әрбір адамның дұрыс өмір сүруіне мүдделі. Ал мемлекет, халық және әрбір адам Қазақстанда өздерінің ойдағыдай дамуы қазақ этносының ұлттық мақсат–мұраттарының және құндылықтарының ойдағыдай дамуына байланысты, тәуелді екендігін ұғынуға тиісті.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда Қазақстан ұзақ тарихи жолды аса зор жылдамдықпен өткені анық. Уақыттың тығыз болуы, эволюциялық үрдістердің сығылуы жағдайында Қазақстанда аса ауыр салдары қайшылықтардың қалыптасуы заңды. Ең алдымен басталған қайшылық социалистік жалпыхалықтық шаруашылық кешенінде жасалған материалдық, қаржылық қорлар ресурстары мен байлықтарының тым әділетсіздік жағдайында талан-таражға түсуіне жол берілді. Мемлекетті билік иелері өздерінің жеке бағыттарын баю мақсатына пайдалану үрдісі басталды. Осы құбылыс мемлекет пен халықтың, ұлттың, жеке тұлғаның арасындағы алшақтауды бастады. Мемлекетті басқарушы элита негізінен өзіне ғана қызмет еткізе бастады. Мемлекет өзі қызмет етуге тиісті халықтың төбесіне шығып кетті, өкінішке орай, осы

қайшылық әлгі күнге дейін сақталуда. Шенеуніктер армиясы мемлекетті халықты қанау үшін пайдалануда. Халықтың құқық қорғау орындарына, сот пен прокуратураға деген сенімнің жоғалуы қауіпті шепке жетті. Заң диктатурасының орнамай отырғандығы да мемлекеттік аппараттың жүгенсіздігінен. Мемлекет заңға бағынғанда құқықтық қоғам құрылатынын білсек те, осы талапты орнықтыра алмай келеміз. Мемлекеттің халықтан оқшаулануы жағдайында өркениеттілік белгілерін қалыптастыратын демократияландыру үрдістері шектелуде немесе жасандылық сипат алууда. Этатистік қоғам экономиканың біржақты шикізаттық сипатының сақталуына мүдделі болып отыр. Оған өзін-өзі асырай алатын, өзін-өзі қорғай алатын, заңдық кеңістікте ғана өмір сүретін бостандыққа ие, тәуелсіз тұлғасы бар адам қажет емес. Оған өзіне көзсіз бағынатын, мемлекет пен биліктің айтқаны ғана шындық болып саналатын көзсіз орындаушылар керек. Билік үшін қара нәрсе, ақ болса да қара, дейтін халық өркендемейді. Өтірікке, мақтанш пен жалғандыққа негізделген қоғамда келешек болған емес. Билік иесінің бәтеңкесін мұртымен сұрткен жағымпаздар жарыса салған мақтау әні қоғам тынысын ашқан емес. «Қара қылды қақ жарған» шындық қана қателіктерді, кемшіліктер мен қайшылықтарды талдау, сараптау, олардың жолдарын табу ғана Қазақстанның барлық саладағы ойдағыдай модернизациялануын қамтамасыз ететіні ақиқат. Мемлекет адамды әділетке, ақиқатқа, еңбек пен талапқа бастауымен ғана жасампаз күшке айналмақ. Тәуелсіз мемлекетімізді толыққанды даму жолына түсіру үшін не істеуіміз қажет деген өзек-жарды сұрақ Қазақстанның әрбір патриотын толғандыратыны да шындық.

Әрине, дәйекті жүргізілудегі экономикалық модернизация, индустриалдық–инновациялық өзгерістер, саяси–конституциялық реформалар, әлемдік ақпараттық, технологиялық кеңістікке ену, әлемдік нарықтық экономикадағы елдің орнын анықтау міндеттерін шешетін реформалардың барлығы қажетті. Кешенді, жүйелі даму қандай мемлекет болмасын міндетті. Онсыз өркениет көшіне ілесе алмайсың.

Қазақстанда дамыған мемлекеттер үлгісімен жүргізілген қоғамдық қатынастардың негізгі салаларын қамтитын реформалар нәтижесіз емес. Бірақ, барлық реформалар жабылып мемлекеттің әрбір тұлғаға, жеке адамға жағдай жасауына, қалыпты өмір сүруін



камтамасыз етуге әлі де шамасы келмей отыр. Қоғамдық дамудың ауқымды салаларын түгел дерлік қамтитын 1500-ден астам заңдар және заң күші бар президенттік жарлықтар қабылданды. Бірақ, олардың дұрыс орындалмауы мен бұрмалануы салдарынан Қазақстанда құқықтық мемлекет қалыптаспай отыр. Ел байлығын сорушы олигархиялық, корпоративтік топтар үшін құқықтық мемлекет қажет емес. Себебі, құқықтық мемлекет жеке топтық мүддеге емес, әр азаматтың мүддесіне, өміріне қызмет ететін мемлекет. Сондықтан Қазақстанның келешегі үшін, қазақ халқының келешегі үшін елде құқықтық мемлекеттің пәрменді қалыптасуы және тиімді жұмыс істеуі ауадай қажет. Заңның қасиеті мен қадірін Жүсіп Баласағұн бабамыз «Құтты білік» еңбегінде түбіне жеткізе айтып кеткен. Осындай рухани мұраны бүгінгі батыстық құқықтық білім тәжірибесімен байыта отыра Қазақстанның құқықтық мемлекетін қалыптастыратын кез келді. Құқықтық мемлекет қана жеке адамның ұлттық және халықтық байқуатты, тыныш және еркін өмірін заңдар арқылы қорғап отыруға мүмкіндік туғызады. Қазақстан халқының басым көпшілігі болып табылатын қазақ ұлтының қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы құқықтарын жүзеге асырудың демократиялық жолдары ашылады. Тек күшті заңдар арқылы ғана мемлекеттік тілдің және қазақи рухани құндылықтардың елдің мәдени, ақпараттық және әлеуметтік өміріндегі басымдылықтарын қамтамасыз етуге болады. Заңның диктатурасы әділетті өмірге бастайды.

Жеке адамның дамуы көпжақты және көпқабатты құбылыс. Ондай күрделі мәселені бір мақалада саралап шығу тіптен мүмкін емес. Мемлекеттің экономикалық жүйесі, саяси құрылысы да түбінде адамға қызмет етсе нұр үстіне нұр болары шындық. Әлеуметтік саланы модернизациялау мәселесін шешудің маңызы тіптен зор. Қазіргі үкімет аталмыш міндеттерден мүлдем тысқары тұр деуден аулақпыз. Алайда, елдің экономикалық және шикізаттық қуаттарын адам мен халық игілігіне жаратудағы олқылықтар орасан. Сол себепті «адам келбетіндегі капитализм» ұранының Қазақстан үшін маңызы арта түседі. Байлық пен кедейліктің шектен тыс алшақтауы адамға да, ұлтқа да, халыққа да қауіп төндіретін жағдайда. Қазақстанды дамудың сара жолына бастайтын фактор – ауыл экономикасын қалпына келтіру. Ауыл

мәселесін шешу арқылы Қазақстан стратегиялық адам мәселесін шешуге, қазақ ұлтының келешегі мәселесін шешуге қол жеткізе алатынына сенім күшті. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін аграрлық секторды жаңартудың кешенді саясаты жүргізілген жоқ. Керісінше, «Келешегі жоқ ауыл» ұранымен ауылдың берекесін кетіру саясаты орын алады. Мұндай субъективизмнен бас тартуымыз пайдалы. Себебі, Қазақстан халқының 47 пайызы ауылда. Ауыл экономикасын өркендету арқылы қаладағы жеңіл өнеркәсіпті қалпына келтіріп, жұмыссыздықты түбегейлі азайтуға болады. Ауылды өркендетуге, оның әлеуметтік инфра-құрылымын қалпына келтіріп ауыл адамының қалыпты және ыңғайлы өмірін қамтамасыз етуге елдің мүмкіндіктері де, қаржысы да бар.

Ауылдың экономикасы мен әлеуметтік мәселесін стратегиялық ұзақ мерзімді міндет ретінде тандау Қазақстанның мемлекеттік келешегін қамтамасыз етуге зор ықпал жасайды. Қазақстан мұнай, газ, түсті металдар, уран рудасы сияқты ел экономикасы зәру шикізаттарды азайтып әлемдік нарыққа астық, күріш, жүн, тері, күнбағыс майы, ет, сүт өнімдерін шығаратын мемлекетке айналса зор байлыққа кенелмек. Себебі, аталған өнімдер мен тамақтар әлемде қымбаттай түсуде. Сапалы ет пен астықты Қытай, Индия, Пәкістан, Иран рыноктарының ғана алуы Қазақстанды әлемдегі бай мемлекеттер қатарына көтерер еді. Ауыл шаруашылығының дамуы Қазақстанның баю көзіне айналуы үшін, әрине ірі, күрделі мәселелерді шешу керек.

Үкімет банктер жүйесін қаржыландыруды азайтып, ауылға субсидиялар беруді бастаса, ұлттық қордағы 20 млрд. доллардан астам қаржының 20-25 пайызын ауыл экономикасына жұмсаса, бизнес қаржылары тағы бар. Осыншама қаржыны ірі мал бордақылау кешендерін салуға, құс фабрикаларын, сүт өнімдерін беретін алаңдарды, қой, шошқа, жылқы, түйе өсіру кешендерін салуға жұмсау қажет. Аталған кешендер болған, күйретілген. Өкінішке орай, шашылған шаруашылықтарды енді капиталистік экономика принциптеріне сәйкес қайтадан жасақтау міндетін шешуге тиістіміз. Осы міндеттер шешілсе, Қазақстан әлемдік нарық алаңынан өз орнын ойып алатыны анық.

XX ғасырдың 80-ші жылдарында Қазақстанда 60 миллионнан астам мал басы болды. Халық тәп-тәуір өмір сүрді. Қазір 1 адамға 1 ғана малдан әрең жетеді. Мал өсіруден, астық егуден тәжірибесі

бар ауыл халқына жағдай жасау арқылы Қазақстанның бүкіл экономикалық кешені жанданады. Ауыл экономикасы елдің дамуын қамтамасыз ететін локомативке айналады, елді алға сүйрейді. Сондықтан капитал көздерін ауылға бұратын мезгіл жетті. Ол үшін Үкіметтің жан-жақты негізделген Қазақстанның ауыл экономикасын қалпына келтірудің және жаңа талаптарға сәйкес модернизациялаудың кешенді бағдарламасы жасалуға тиісті.

Қазақстан жер асты су көздеріне бай. Елдің әр аймағында 1-2 ауданнан бастап суландыру, суармалы ауыл өндірісін жасауды да жолға қоюға болады. Сумен бірге Қазақстанға береке мен байлық келеді. Мәселе тек ұйымдастыру мен қаржы бөлуге келіп тірелуде. Басқарушы элитаның осы түйінді міндетті шешуге бел шеше кірісетін уақыты келді.

Ойды ой жетелейді. Қазақстанда мемлекет адамға қызмет етсе... деген тілекпен біз екі басымдылықты атадық. Олар заңдылықтың салтанат құрып, құқықтық мемлекет қалыптасуы және ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері. Аталған екі мәселе өзінше жеке мәселелер. Бірақ, біздің мемлекет үшін қазіргі таңда шешілмей тұрған түйінді мәселелер. Сол тұрғыдан біріне бірі тәуелді. Мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігін ауыл экономикасы шешеді. Өзімізді толық асырап басқа мемлекеттерге ауыл өнімдерін экспорттап жатсақ, әрбір ауылдық елді-мекен гүлденері анық. Қалыпты өмір сүрудегі ауыл халқы қазақ тілін, мәдениетін, ділі мен салт-дәстүрлерінің өркендеуіне, демографиялық дамуға жаңа серпін берері анық. Өркендеудің заңдық кеңістігін құқықтық мемлекет жасап берері сөзсіз. Заңмен реттелетін қоғамда экономика мен саясат адамға қызмет етеді. Заңды құрметтеуші адамды тәрбиелеу жеке тұлғаның руханилығын, еңбекқорлығын, отаншылдығын тәрбиелеуге көмектеседі. Қазақстанда мемлекеттің адамға қызмет етуге бетбұрыс жасауы елдің өркениетке, қазақ ұлтының ұзақ кеңістікте өмір сүруге бетбұрыс жасауының бастамасы болады.

## Қазақстандағы саяси реформалардың негізгі бағыттары

Қазақстанға тәуелсіз мемлекет болу бағыты оңай келген жоқ. Жетпіс жылдан астам өмір сүрген Кеңес Одағының күйреуі ауыр салдарларға толы болды. КСРО өміріндегі дағдарыстық құбылыстардың барлығы оның құрамында болған халықтарға мұра болып қалды. КСРО-ның дағдарысқа ұшырап, құлау үрдісінің өте жылдам жүруінің себептері көп. Әлемдегі ең күшті, ең қуатты әскери держава 4-5 жылда ыдырап кетті. Қазақстанды егемендікке жеткізген Кеңес империясының күйреу себептері неден болғанын білу маңызды. Себебі, бұл құбылыстың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени себептері тереңде. Алдымен социалистік теорияның жасанды, қате теория болғанын айтқан жөн. Қате теориялық қағидалар негізінде дұрыс дамтылмай, әділетті қоғам орнатуға болмайтын еді. Экономикалық теориядағы қателіктер негізіне байланысты Кеңес Одағында шығынды экономика қалыптасты. Адамдардың материалдық-экономикалық жеке мүдделері мемлекеттік этатистік мүдделерге қайшы келді. Ортақ экономика мен ортақ байлықтың нақты жаны ашитын иесі болған жоқ. Ортақ байлықтар мен ресурстар бей-берекет жұмсалды. Тиімділікке, үнемділік пен сапаға негізделген Батыстың капиталистік экономикасы социалистік экономиканы шаңына ілестірмей кетті. Социализмнің Кеңес Одағындағы моделі экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік-этникалық тұрғыдан да өзін ақтаған жоқ. Қоғамдық өмірдің негізі түгел дерлік терең дағдарысқа ұшырады. Кеңес халықтары КСРО-ның адам мен халықтар келешегін қамтамасыз ете алмайтындығын түсінді. Одақтың терең экономикалық дағдарысы халықтың моральдық-психологиялық дағдарысына ұласты. Кеңес Одағындағы социализм деформацияланған, мүлдем бұрмаланған қоғам екендігін халықтар білді және осындай қоғамнан құтылуға ұмтылды. «Халық бақыты» ұранымен жасалған социалистік идея өзін ақтаған жоқ.

Кеңес Одағы көп ұлтты мемлекет еді. Алайда елде дұрыс, әділетті ұлт саясаты болған жоқ. Ұлттық өмірдің даму заңдылықтары схематизмге бағындырылды. Одақта барлық халықтар үшін түрі — ұлттық, мазмұны — социалистік мәдениет және орыс тілі ресми насихатталды. Елдегі 130-дан астам ірі және ұсақ халықтардың тарих аренасынан жойылуы және жойылып кету

үрдісі басталды. Кеңес халықтарының басқарушы КОКП-ның (Кеңес Одағы Коммунистік партиясы) ұлт саясатына наразылығы туды. 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі, Вильнюстегі, Бакудегі, Тбилисидегі антикоммунистік көтерілістер Кеңес Одағының шаңырағын шайқалтты. Себебі, ешбір халықтың коммунизм идеясы үшін құрып кеткісі келген жоқ. Кеңес Одағы оның құрамындағы халықтардың бостандық пен егемендікке ұмтылысынан құлады.

Кеңес Одағының жетекші партиясы болған КОКП тек ұлт саясатында ғана емес экономикалық саясатта да, басқару жүйесін ұйымдастыруда да, келешекті болжауда да қателікке ұшырады. Сапаға емес санға негізделген шығынды экономика қалыптасты. Ғылымды, адам қабілетін, технологияны дамыту орнына Кеңес Одағында табиғат ресурстары аяусыз қаналды. Қазіргі экологиялық дағдарыс себептері де осыған байланысты. Саяси жүйеде әміршіл-әкімшіл басқару үстемдік құрды. Барлық мәселелерді бір орталықтан -Мәскеуден шешуге ұмтылыс жергілікті жерлердің мүмкіндігін шектеді. Коммунистік партия өмір шындығына сәйкес келмейтін коммунистік қоғам құру, дамыған социализм, социализмді жетілдіру деген жалған идеялармен, ұрандармен халықты алдап, утопиялық санамен өмір сүрді. Социализмді жалғандық пен жасандылық құртты.

Социалистік даму кезеңі қазақ этносына өте ауыр қайғы-қасірет әкелді. Коммунистік элита ұлан-байтақ жері бар қазақ ұлтын репрессиялау, ассимиляциялау, мәңгүрттендіру арқылы жою мақсатын ұстанды. Қазақстан жері Ресейдің меншігіне айналуының патшалық билік жүргізген саясатын большевиктік билік істері жасырын жалғастырды. Қазақ ұлтының шаруашылық ұйымдастыру тәжірибесін меңгерген әлеуметтік топтары — байлар мен ауқатты шаруалар құртылып жіберілді. Халықтың ұлттық менталитеті, қоғамдық-саяси санасы оған жат, жалған таптық, бөлінушілік идеологиясымен ауыстырылды. Жұрт жалған идеология мен жасанды құндылықтарға біртіндеп сене бастады. Қарапайым халық коммунистік идеологияның қолшоқпарына айналып, 70 жыл ішінде ұлттық санадан, тарихи дәстүрден, ұлтжандылықтан алшақтады. Қазақ ұлтының 3 ұрпағының санасы мен дүниетанымы деформацияға ұшырады. Осы рухани трагедияның кесірін қазақ ұлты әлі күнге дейін сезінуде.

Байлар, ауқаттылар және қазақтың білімдар, іскер, патриот азаматтары атылды. Зорлықпен ұжымдастыру саясаты салдарынан 1931-1933 жылдардағы аштық елді қырып салды. Азамат соғысы кезіндегі қырғын, Ұлы Отан соғысындағы жойқын опат, оның алдындағы ашаршылық апаты 1916 жылы 6 млн. адам болған қазақ халқының 4 миллионын жойып жіберді. 30 жылдай мерзімде социалистік революция мен социалистік тәжірибе қазақ ұлтының 1/3-ін қырды. Адамзат тарихында мұндай қасіретті бастан кешірген халықтар кемде-кем.

Этноцидтік қыру саясаты 1960-1980-жылдары жаппай “орыстандыру” саясатына ұласты. Коммунистік идеологияның “бір тіл мен бір мәдениет” ұраны қазақ ұлтының мәдени-рухани ассимиляциялануын тереңдете түсті. Ана тілі мен төл мәдениетінен безінген, тіптен оны менсінбейтін орыстық шовинистік идеологияға бас ұрып, маргиналданған қазақ элитасы мен интеллигенциясы қалыптасты. Олар өзінің төл ұлттық құндылықтары мен мүдделерінен безініп, орыстық, империялық құндылықтар мен мүдделер позициясына көшті. Маргиналданған элита қазақ халқының болашағы жоқ деп есептеді. Қазақтың төл мемлекеттілігі құрылған шақта осы топ мүшелері өздерінің сан жылдар бойы санасына сіңген орыстандыру саясатынан құтыла алмады. Егемендік алған соң отарсыздандыру саясатының жүргізілмегендігі, коммунистік доктриналарға қарсы белсенді үгіт-насихат болмауы, ұлттық тіл мен мәдениеттің дағдарыстан шықпауы Қазақстанның саяси элитасының дүниетанымы мен әрекетіндегі осындай қайшылықтарға байланысты.

Ақпараттағы, тілдегі, дәстүрлер мен ділдегі орыстану тәуелсіздік алғаннан кейін де тоқтамауы елдің саяси дамуына, демократиялық реформалануына өзінің әсерін тигізбей қойған жоқ. Біріншіден, Қазақстан көп мәселеде Ресейдің империялық саясатына тәуелділіктен шыға алмады. Соның кесірінен экономикалық реформалар мен ірі экономикалық-финанстық және инвестициялық жобалар Ресей мемлекетінің мүдделерін есепке алып отырды. Екіншіден, саяси дүниетаным мен саяси реформалар Ресейдің саяси-әкімшілік жүйесіне өте ұқсас болды. Парламентаризм, сот билігі, билік тармақтарының нақты бөлінуі, жергілікті билік құзырының нығайтылуы сияқты демократиялық

қоғам негіздері нашар дамыды. Вертикальды президенттік басқаруға негізделген атқарушы билік екі елде де мықты. Демек, Ресейдегі сияқты Қазақстанда да авторитарлық саяси жүйе мен атқарушы биліктің басымдылығы сақталды.

Әрине Қазақстанда Батыстың дамыған демократиясы мен саяси жүйесін қысқа мерзімде жасау мүмкін емес. Қазақстанның басқарушы элитасында саяси реформалар жасаудың, тәуелсіз мемлекетті басқарудың тәжірибесі мүлдем болған жоқ. Қазақ элитасы саяси бай тарихы бар, тәжірибелі орыстық басқарушы элитаға еріксіз жалтақтады. Бұрынғы метрополиядан үйренгісі келді. Қазақтың орыс тілді элитасы Ресеймен бірігуге, одақтасуға, тіптен оған бодан болуға құштарлық көрсетіп келеді. Қазақстанның саяси элитасында ұлттық сілкініс, ұлттық патриотизм жетіспеді. Кеңес Одағы құлағаннан кейін саяси билікті иемденген этноэлита ұлттық мақсат мүдделер деңгейінен шыға алмады. Тәуелсіздіктің 1991-1995 жылдардағы алғашқы кезеңдері тым терең дағдарыста болуының себебі де осында.

Қазақ ұлты тәуелсіздікті ғасырлар бойы аңсады. Үш ғасырға жуық Ресей империясының бодандығында болу қазақ халқын біртіндеп құру табалдырығына әкелді. Бодандық жалғаса берген жағдайда қазақ этносы ұлттық белгілерінен айрылып, ассимиляцияланған тобырға айналатыны сөзсіз болатын. Оның кең байтақ, табиғи байлықтарға толы жері басқа халықтың иелігіне айналған болар еді. Қазақ ұлтының осындай ауыр қасіретке ұшырамауы үшін ең алдымен тәуелсіз мемлекет құру ауадай қажет еді. Егеменді мемлекет құру ісі саяси тәуелсіздік алудан басталды. Қазақ халқының саяси тәуелсіздік алуына ХХ ғасырдың 80-жылдарында Кеңес Одағының терең дағдарысқа ұшырауы қолайлы жағдай туғызды. Сол кезеңдегі тарихи-саяси ахуалды пайдаланып, Қазақ КСР-інің ұлтжанды өкілдері және сол кезеңдегі республика басшылығы Қазақстанды қақтығыссыз, бейбіт жолмен Кеңес Одағы құрамынан шығарып, егеменді мемлекет етудің жолдарын қарастыра бастады.

Ол үшін бірінші кезекте, Қазақ КСР-ін тәуелсіз жеке мемлекет ретінде жариялау қажет болатын. Қазақ КСР-інің бұрынғы сөз жүзіндегі, жасанды саяси статусын толыққанды саяси тәуелсіз мемлекет статусына айналдыру міндетін шешу жеке мемлекет болуға жол ашатын еді. Республика басшылығы сол кезеңде ерекше

сабырлық пен салқынқандылық танытты. Себебі, елдің этнодемографиялық ахуалы тым күрделі болатын. 1991 жылы қазақтар ел халқының 41%-ын құрап, 6,8 млн.-ға жетсе, орыстар тұрғындардың 37%-ын құрап 6,2 млн. болды. Украиндықтарды, беларусьтер мен немістерді қосқанда славян-христиан тектестер Қазақстан халқының тең жарымнан астамын құрайтын. Әсіресе, солтүстік және шығыс аймақтарда қазақтар аз еді. Мұндай жағдайда Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауды аса сақтықпен, елдегі түрлі халықтардың саяси көңіл-күйін есепке ала отырып, іске асыру өзін ақтады. Елде этникалық теке тірес, қайшылықтар болған жоқ. Қазақстан халқы республиканың жеке тәуелсіз мемлекетке айналуы саяси ахуалдың объективті себептерінен туған тарихи қажеттілік екендігін дұрыс түсінді. Қазақстан басшылығы елдегі саяси тұрақтылық пен этникалық татулықты сақтай отыра егемендікке келді.

Кеңес Одағы әлемдік социализм тірегі ретінде әлемдік империализммен үнемі күресу жағдайында өмір сүрді. Жанталаса қарулану ел байлығының қомақты бөлшегін жұтып отырды. Ел байлығы жасампаздыққа, адамды тәрбиелеуге емес қайтарымсыз қорғаныс пен соғысқа дайындыққа жұмсалды. Миллиардтаған қаржы Ауғанстандағы, Вьетнамдағы, Таяу Шығыстағы, т.б. соғыстарға жіберілді. Одақ экономикасы капиталистік елдермен жарыста осы шығындарды көтере алмай дағдарысқа ұшырады. Одақтың әскери-өнеркәсіп кешені Батыстан технологиялық жарыста да ұтылды. Компартия Батыспен соғыс құралдарын өндіруде жарысқа түсем деп бейбіт өндіріс салаларын дамытуға мұршасы келмеді. Ғылыми технологиялық инновация және сапалық дамуда Кеңес Одағы Батыстан мүлдем артта қалып, дағдарысқа ұшырады.

Кеңес Одағы КОКП-ның қате стратегиялық тандаулары кесірінен адамзаттық ортақ өркениеттің дамуының сара жолынан шығып қалды. Жасанды социализм Кеңес Одағын толық дағдарысқа ұшыратты. Осындай түбегейлі себептердің нәтижесінде Кеңес Одағы құлап, оның құрамындағы 15 одақтас республикалар жеке-жеке тәуелсіз мемлекеттерге айналды. Шовинистік, ұлы державалық саясатқа негізделген мемлекет тарих аренасынан алыстады. Бұл істі 1991 жылы 8 желтоқсанда Ресей Федерациясы, Беларусь және Украина басшылары заңдастырды. Олар Минск



қаласында бас қосып, 1922 жылы қабылданған КСРО-ны құру туралы келісімшарт күшін жойғандығын мәлімдеді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылғаны жарияланды.

Славян республикалары құрған ТМД-ға Кеңес Одағына екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде қосылған Латвия, Литва, Эстония республикалары қосылудан бас тартты. 80-жылдардағы ұлттық қозғалыстардан кейін бұл халықтар Кеңес Одағының және социалистік жүйенің дағдарысқа ұшырап, күйреуіне психологиялық дайындықпен келді. Славян республикалары ТМД құрып, Орта Азия мен Закавказье республикаларын шет қалдыруды көздегенімен, соңғылары ТМД-ға өз еріктерімен қосылуды қалады. Себебі, тәуелсіздікті нығайту үшін Кеңес Одағы құрамынан өркениетті әдістермен, дау-дамайсыз шығу керек болды. ТМД-ның құрылуын дұрыс пайдаланбағандықтан ұтылып қалатынын білген Қазақстанның басшылығы Алматы қаласында 1991 жылы “Алматы декларациясын” қабылдауға қол жеткізді. Сол жылы 20 желтоқсанда ТМД төңірегіндегі өзекті мәселелерді талқылау үшін Алматыға Армения, Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан басшылары жиналып, 21 желтоқсанда сағат 17-де қорытынды құжаттарға қол қойды. “Алматы декларациясы” бойынша ТМД-ға 11 мемлекет құрылтайшы болды. Грузия ТМД-ға тек 1993 жылы ғана кірді. Бас кезінде олар тек бақылаушы ретінде қатысты. ТМД бұрынғы республикалардағы шекаралық мәселелерді шешу үшін КСРО-дан қалған қарыздарды бөліп төлеп, экономикалық қарым-қатынастардың үзілуі салдарын әлсірету үшін керек болды. “Алматы декларациясы” ТМД-ның құрылып, КСРО-ның өмірін аяқтаған шешуші құжат болды. Бұған дейінгі 8 желтоқсанда қол қойылған “ТМД-ның құрылуы туралы келісім”, “ТМД-ны құру туралы келісім хаттамасы” сияқты құжаттармен бірге “Алматы декларациясы” ТМД-ның іргетасын қалады.

ТМД-ның мықты, ұйымдастырушы ұжым бола алмағаны анық. Бірақ бұл ұйым өзіне жүктелген қызметтерді жаман-жақсы орындап шықты. ТМД үйлестіру шеңберінде бұрынғы республикалардағы көптеген даулы мәселелерді ушықтырмай шеше алды. Ең бастысы бұрынғы Одақ мүшелерінің көпшілігінде нарықтық экономика негізін бірге қалап, тоталитарлық саяси жүйеден өркениетті елдерге тән демократиялық саяси жүйеге өтудің кешенді реформалары

басталды. Құқықтық мемлекет құру ісіне демократиялық принциптерді және жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алатын конституцияларды қабылдауға негіз болды. 1991-2006 жылдар аралығын Қазақстанның тоталитарлық этатистік социализмнен демократиялық өркениетті қоғамға қарай жылжуының транзитті кезеңі деп бағалауға болады. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев елдің саяси жүйесінің реформалану үрдісіне баға бере келе, елдің егемендік жағдайда дамуын 4 кезеңге бөлді. Бірінші кезең 1991-1995 жылдар. Тәуелсіздіктің жариялануынан бастап, 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейінгі даму кезеңі. Бірінші кезең Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі терең дағдарыспен сипатталады. Ел осы кезеңде дезинтеграциялық процестердің ауыр салдарымен күресті, Қазақстанның егемен мемлекеттілігінің іргетасы қаланды. Демократиялық саяси жүйенің де негізгі элементтерін жасау шаралары жүрді. Бір партиялық жүйені көп партиялық жүйе алмастырды. Саяси плюрализм коммунистік идеологияны ығыстырды. Осы кезеңде Қазақстан басшылығы “алдымен экономика, одан кейін саясат” принципін ұран етті. Себебі, Қазақстан халқының материалдық әл-ауқаты өте нашарланған болатын. Мысалы, халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім көлемі 1989 жылғы 2200 доллардан, 1994 жылы 400 АҚШ долларына дейін төмендеген болатын. Халықтың кедейленген топтары 60%-ға жетті. Сондықтан дағдарысқа қарсы батыл реформаторлық шаралар керек болды. Саяси жүйе экономикалық дағдарысты жеңу үшін вертикальды президенттік басқаруға сүйенді. Президенттік күшті билік Қазақстанды экономикалық және саяси аласапыраннан шығаруда шешуші рөл атқарды.

Экономикалық және әлеуметтік дағдарыстың белең алу жағдайында 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік егемендігін жариялады. Әлемнің саяси картасында тағы бір тәуелсіз ел пайда болды. 1991 жылдың 10 желтоқсанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы арнайы заңмен Қазақстан Республикасы болып өзгертілген болатын. 16 желтоқсанда қабылданған “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық Заңында елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертудің негізгі принциптері белгіленді. Заңның 1-бабында “Қазақстан

Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет”, — деп жарияланды (3).

Аталмыш заңның 18-бабы ел конституциясының негізіне айналды. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа саяси жүйесін жасаудың қиын да күрделі үрдісі басталды. Ішкі және сыртқы саяси бағыттар конституция мен заңдар негізінде анықталатын болды. Жеке партияның, саяси топтың мақсаты мемлекеттің саяси жүйесіне таңылмайтын жаңа саяси ахуал қалыптасты. Осыған сүйенген саяси жүйенің демократиялық эволюциялануы реформалар арқылы іске асырыла бастады. Демократияның заңдық алаңда өрістеуі, саяси реформалардың заңды талаптармен іске асырылуы қолға алынды. “Ел басқа мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады,-делінді. Сонымен бірге мемлекеттің бүкіл территориясында ел конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқықтық нормалары қолданылады”, -деп жарияланды (4).

Заңнан Қазақстан дамыған, өркениетті мемлекеттердің саяси жүйелері үлгілеріне бетбұрыс жасағанын байқаймыз. Өркениетті елдерде қалыптасқан, саяси сыннан өткен демократиялық құндылықтарға Қазақстан да ден қойды. Тәуелсіздік алысымен елдің ресми билігі демократиялық, құқықтық мемлекет орнату саясатын жүзеге асыра бастады. Қазақстанның саяси жүйесі өркениетті мемлекеттер таныған халықаралық құқық нормаларымен қоса елдің ішкі саяси, әлеуметтік және этникалық ерекшеліктерін есепке алып отыруды мақсат тұтты. Қазақстанда биліктің қайнар көзі халық екендігі танылды. Мемлекет, билік субъектілері тек жалпыхалықтық мүдделерге қызмет істеуге тиісті болды. Социалистік қоғамдағы мемлекеттік мүдде енді халықтық мүддеге бағындырылды. Халық мемлекетке емес, мемлекет халыққа қызмет ететін саяси жүйені қалыптастыру саяси реформалардың негізгі басымдылығына айналды.

Саяси реформалар Қазақстанда экономикалық реформалардың алдына түсіп кетпегендігін ескерткен жөн. Кеңес Одағының құрсауынан шығу кезіндегі экономикалық дағдарыстың, саяси реформалардың қарқынына шешуші ықпал жасағандығы анық. Саяси тәуелсіздік алуды толыққанды экономика тәуелсіздікке ұластырғанда ғана Қазақстанның болашағы сенімді болатын. Сондықтан Қазақстанда экономикалық, базистік өзгерістер бірінші

кезекте іске асты. Оның ортақ социалистік, жоспарлы экономикадан өзін-өзі реттейтін нарықтық экономика жасаудан басталғаны белгілі. Қазақстан экономикалық қиыншылықтарды жеңе бастасымен саяси өмірді жаңарту ісіне, саяси реформаларға батыл қадам бастады. Экономикалық және саяси жаңартудың кейде қос қабат жүруі де болды.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы саяси жүйені өзгерту шараларынан басталды. Кеңес Одағының құрамдас бөлшегі ретінде Қазақстанда қалыптасқан социалистік әміршіл-әкімшіл саяси жүйе күйретіліп оның орнына өркениетті елдерге тән демократиялық, құқықтық саяси жүйе жасау ісі бірден және батыл түрде басталып кетті. Қазақстанның либералдық бағыттағы саяси жүйеге бетбұрыс жасау үрдісі Кеңес Одағы күйремей тұрып-ақ басталған болатын. Ескі саяси жүйені тарату, демократиялық саяси жүйеге бетбұрыс жасау ісі 1990 жылы 25 қазанда қабылданған “Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларациядан” бастау алды.

Егемендік туралы декларация Қазақстанды өз тағдырына өзі ие, ішкі және сыртқы саясатын өзі айқындайтын, біртұтас бөлінбейтін шекарасы бар тәуелсіз мемлекет ретінде жариялады. Декларацияда Қазақстан халқы мемлекеттің иесі және саяси биліктің негізі болады,-деген принцип жарияланды. Демек, саяси жүйенің ел халқының өзекті мүдделеріне қызмет етуі таңдалды. Биліктің халық алдында есебі мен жауапкершілігінің саяси негізі қаланды. Саяси жүйенің барлық сегменттерінің заңдарға бағынып қызмет жасау қажеттілігі атап көрсетілді.

Қазақстанның саяси жүйесі биліктің бөліну принципіне нақты түрде бағындырылды. “Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда” Қазақстан тарихында алғаш рет ең жоғары лауазымды мемлекет билік иесі ретінде президент билігі енгізілді. Жоғарғы әкімшілік-атқару билігі президентке беріліп, заң шығарушы билік сол кездегі Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесіне жүктелді. Конституция мен заңдарды қатардағы азаматтардан бастап, жоғарғы лауазымды қызметтерге дейін қатаң орындауын сот билігі қадағалайтын болды. Декларацияда алғаш рет Қазақстан заңдарының ел аумағында Кеңес Одағының заңдарынан басымдылығы жарияланып, Қазақстан шын мәніндегі халықаралық саясат субъектісіне айналдырылды. Декларациядағы түбегейлі саяси өзгерістер ел экономикасының нарықтық қатынастарға,

бетбұрыс жасауымен қатарлас жүретін үрдістер ретінде бағаланды. Елде тұңғыш рет меншік түрлерінің әр алуандылығы бекітіліп, оның елдің әлеуметтік құрылысының әр алуандылығына әкелетіндігі жоспарланды. Әлеуметтік әр алуандылық саяси плюрализмге әкелетіндігін әлемдік саяси тәжірибе дәлелдеген болатын.

“Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация” Кеңес Одағының өмір сүруі жағдайында жарияланғанымен Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне жол ашқан маңызды құжат болды. Бұл құжат саяси сферадағы көптеген тағдырлық мәселелерді ел халқының түбегейлі мүдделеріне сәйкес Қазақстанның өзінің шешуші құқығын белгілеп берді. Қазақстан өзінің ұлттық байлықтарына өзі ие, ішкі және сыртқы саясатын өз мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес анықтайтын егеменді мемлекет болуға бетбұрыс жасады.

Осы құжаттан бастап Қазақстанда постсоциалистік және посттоталитарлық трансформациялану кезеңі басталды. Бұл кезеңді транзитті қоғам немесе өтпелі дәуір деп те атайды. Осы өтпелі кезеңнің бірінші сатысы 1991-1995 жылдарды қамтыды. Оны “Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларациядан” бастап, 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының өмірге келуімен шектеуге болады. Өтпелі кезеңнің екінші сатысын 1995 жылдан бастап, 2000 жылмен шектеуге болады. Бұл кезеңде Қазақстан посткоммунистік дағдарыстан толық шығып, дамудың даңғыл жолына түсе алды. Қазақстандағы саяси жүйе де осы он жыл аралығында қалыптасты. 2000 жылдан бастап, Қазақстанның саяси жүйесінің жетілу, жаңа сапалық белгілерге ие болуының үшінші кезеңде дамуы деп бағаладық. Он жыл мерзімде Қазақстанның саяси жүйесі де бүкіл Қазақстан қоғамымен бірге өтпелі кезеңнен өтті.

Қазіргі төртінші кезеңді Қазақстан Республикасының өркениетті мемлекет құру кезеңі ретінде бағалауға болады. Саяси жүйені реформалау мақсаты - демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құру. Сондықтан елде саяси модернизация үрдісі әлі бәсеңдеген жоқ. Саяси жүйенің негізгі институттарының қызметін демократияландыру міндеттері шешуде. Ондағы мақсат елдегі биліктің негізгі тармақтары арасындағы билік бөлінісін және өзара бақылау мен тепе-теңдікті қамтамасыз ету. Саяси реформалар

президент, парламент, сот биліктерінің ұйымдық-құқықтық негіздерін ғана анықтап қоймай, атқарушы үкімет билігінің жергілікті атқарушы және өзін-өзі басқару органдары билігінің, саяси партиялар мен саяси қозғалыстар қызметтерінің негізгі бағыттарын, принциптерін және заңдық нормаларын анықтап беруді де мақсат етті. Саяси реформалар үрдісі елдегі саяси институттар қызметтері толыққанды сапаға ие болып, тұрақтанғанша жүргізіле бермек. Мемлекеттің саяси жүйесі өзгерген экономикалық іргетасқа, қоғамдық қатынастарға толық сәйкес болғанда ғана реформалар түбегейлі өзгерістерді талап етпейтін жағдайға келеді. Олай болуы саяси жүйенің өркениеттілік және демократиялық сипатқа келуі деп бағаланады.

Қазақстан Республикасындағы саяси жүйенің дамуына елеулі ықпал жасаған құжат елдің 1993 жылы қабылдаған тұңғыш Конституциясы болды. Шын мәнінде елдегі толыққанды саяси транзитті бірінші конституция бастап берді. Бірақ әміршіл-әкімшіл жүйеден жаңа ғана босанып шыққан Қазақстан қоғамы мен халқы демократия принциптерін толық қабылдауға дайын емес болатын. Ел халқының саяси санасы да, саяси мәдениеті де социалистік қоғам талаптары мен дәстүрлерінен арылмаған еді. Әсіресе, басқарушы элита социалистік қоғамдағы әміршіл-әкімшіл тәртіп әдістерінен құтыла алған жоқ. Сондықтан транзитті қоғамның бас кезінде қабылданған 1993 жылғы конституцияда белгіленген парламенттік-президенттік басқару жүйесі өзін ақтамады. Парламентаризм дәстүрі тым мардымсыз болып, елде биліксіздік етек ала бастады. Парламент қабылдаған заңдардың орындалуы тым нашар халде қалды. Билікте нақты істер емес толассыз тартыстар, сөз жарыстары орын алды. Орта биліктің аймақтарға ықпалы нашарлады. Қабылданған шешімдердің орындалмауы көрініс берді. Экономиканы және әлеуметтік саланың дамуында берекесіздік сипаттар күшейе түсті. Кеңес Одағы күйрегеннен кейінгі елдегі ірі өнеркәсіп орындарының бірінен кейін бірі жұмысын тоқтатуы елде жұмыссыздық пен кедейшілік мәселесін бірінші кезекке шығарды. 1994 жылы дағдарыс шегіне жетті. Ел халқының 85%-ы кедейшіліктің төмен деңгейіне түсті. Сол жылы Қазақстан халқының 250 мыңнан астамы таяу және алыс шет елдерге кетуге мәжбүр болды. Елде өрши түскен демографиялық дағдарыс басталды.

Өтпелі кезеңнің осындай терең дағдарыстары мен қайшылықтарынан парламенттік билік шығара алмайтындығы анық болды. Экономикадағы берекесіздік жағдайды ретке келтіру үшін күшті вертикалды атқарушы билікті нығайту қажеттігі туды. Осындай жағдайда елдегі заңдық кеңістікке түбегейлі өзгерістер мен тәртіп әкелетін жаңа конституцияны жасау ісі қолға алынды. Қазақстан Республикасының екінші конституциясының негізгі принциптері мен идеяларын елбасы Нұрсұлтан Назарбаев анықтап берді. Жаңа конституцияның негізгі мақсаты — елдің саяси жүйесінде вертикалды президенттік билікті нығайту. 1995 жылғы конституция елді парламенттік-президенттік республикадан президенттік республикаға айналдырды. Елде түбегейлі саяси реформалар үрдісі басталды.

Саяси реформалардың мақсаты — Қазақстанның деңгейін өркениетті мемлекеттер деңгейіне көтеру. Ол үшін әлем халықтарының озық саяси, экономикалық және құқықтық үлгілерін Қазақстан жағдайына сәйкестендіріп алу керек болды. Бірінші кезекте, дамыған мемлекеттердің демократиялық құндылықтарын қабылдау міндеті тұрды. Біріккен Ұлттар Ұйымының маңызды халықаралық құжаттарында негізделген саяси және демократиялық құндылықтар мен принциптер Қазақстан қоғамының дамуын анықтайтын Конституциясында көрініс тапты. Екінші конституцияның ерекшелігі оның президенттік билікті күшейте отыра, елде демократиялық қоғам негіздерін қалауында болды. Елдегі саяси реформалардың мән-мағынасы осы стратегиялық мақсатқа бағындырылды. Ол мақсат конституцияның 1-бабында “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы-адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары”, - деп айқындалды.

Конституция елдегі қоғамдық қатынастарды азаматтардың, халықтардың еркіндігі, теңдігі және өзара татулығы принципінде топтастырды. 130-дан астам ұлыстар мен диаспоралар өкілдері қазақ ұлтымен тең жағдайда ел заңдарына бағынып, өмір сүруге тиіс болды. Саяси реформалардың келесі өзекті міндеті билік институттарын ел халқына есепті және жауапты ету. Осы міндет конституцияда “мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық” деген қағидалық принциппен бекітілді. Саяси реформалардың

түйінді мәнін конституция халықтың әлеуметтік, этникалық, материалдық және моральдық мүдделерін қорғайтын, нарықтық экономиканың әлеуметтік бағытын қамтамасыз ететін мемлекет билік институттарын құру деп белгіледі. Мемлекет билік үшін емес, халық үшін қызмет ететін саяси жүйені қалыптастырудың күрделі де эволюция үрдісі басталды.

Саяси реформалардың түбегейлі мақсаты — елдегі биліктің үш тармағының: атқарушы, заң шығарушы, сот биліктерінің толыққанды жұмыс жасауын қамтамасыз ету. Алайда дамудың бастапқы кезеңінде демократиялық билікке тән бұл сапаны іске асыру мүмкін болмады. Себебі, транзитті қоғамда атқарушы биліктің басым болуы экономиканы тез арада қалпына келтіру, шикізат көздеріне иелік жасау, халықтың әлеуметтік, этникалық, материалдық және моральдық мүдделерін тиімді қорғау үшін қажет болды. Бұл міндетті вертикальды президенттік билік ойдағыдай бастады.

Қоғамның саяси жүйесінің жетілуі және жаңа шындықтарға сай қызмет жасауы адам құқықтары мен бостандықтарының да ойдағыдай қорғалуына қатысты. Өркениетті, демократиялық елдерде бұл мәселе ең маңызды саяси құндылық ретінде бірінші кезекте тұрады. Саяси жүйе адамның меншігін, бостандықтарын, дамуын қамтамасыз етіп отырады. 1948 жылы БҰҰ қабылдаған “Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясында” барлық нәсілдер мен халықтардың саяси теңдігі адамдардың теңдігіне негізделіп жарияланады. Мемлекеттік биліктің міндеті осы құжатта негізделген “әрбір адамның өмір сүруге, бостандыққа және жеке басының қауіпсіздігіне құқы бар” екендігін қамтамасыз ету. Сонымен қатар саяси жүйе “барлық адамдар заң алдында тең, оларды алаламай, заңмен тең дәрежеде қорғайды”, — деп көрсетілген.

Мемлекеттің саяси жүйесіне қойылатын әлемдік өркениет талаптарына сай саяси реформалар жасауды Қазақстанның басқарушы элитасы басты мақсат етіп қойды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мемлекеті реформалар арқылы эволюциялық даму жолына түсті. Саяси жүйе әлемдік демократия стандарттарына қарай батыл қадамдар жасай бастады. Бірақ тәуелсіз ел болған соң ел саяси жүйедегі елеулі кемшіліктер мен қайшылықтарды сезіне бастады. Әсіресе, биліктің елдегі ахуалға басшылық жасауға,



реттеп отыруға қабілетсіздігі байқалды. Өтпелі кезеңде елде қылмыскерліктің барлық түрлері өрши түсті. Әлеуметтік әділетсіздік, байлық пен кедейліктің алшақтауы асқынды. Елдің экономикалық дамуы шет ел инвесторларына тәуелді бола түсті. Мемлекеттің басқару органдарында ұйымдасқан жемқорлық, коррупция күшейді. Көптеген аймақтарда экологиялық ахуал шиеленісіп кетті. Елдегі оппозициялық күштер аталған объективті қайшылықтар мен қиыншылықтарды желеу етіп, басқарушы элитаға қарсы шабуылдарын үдете түсті. Соның нәтижесінде Қазақстанда саяси қатынастар шиеленісіп, 90-жылдардың бас кезінде экономикалық дағдарыстың саяси дағдарысқа ұласу қаупі туды.

Саяси жүйе қызметіндегі елеулі олқылықтар басқарушы элита өкілдері мен қатардағы азаматтардың заңдарды бұзуға немесе орындамауға жол бергендігі. Осының нәтижесінде қабылданған шешімдер мен заңдардың орындалмауы орын алды. Екінші қайшылық Қазақстанда Батыс мемлекеттерінің саяси жүйелерінің тәжірибесін қайталауға ұмтылудан туды. Батыс стандарттарын Қазақстанға жасанды көшіруге болмайтын. Себебі, елдегі саяси жүйені Қазақстан қоғамының саяси тәжірибесі мен саяси дүниетанымының тамырларын ескеріп қана жасауға болатын еді. Кеңестік дәуірде қазақ этносының саяси мәдениеті мен дүниетанымына елеулі нұқсан келді. 70 жылға жуық елдің саяси жүйесі өзінің этникалық тамырынан кетіп социалистік, әміршіл-әкімшіл жүйенің құрамдас бөлшегіне айналды. Қазақ этносы өзінің саяси-танымдық кеңістігінен мүлдем қол үзіп кете жаздады. Егеменді Қазақстанның саяси жүйесі жаңа жағдайда титулды қазақ этносының саяси дәстүрлері мен тәжірибесін міндетті түрде есепке алуы керек болды. Ұлттық мұраттар саяси либерализммен толыққан құқықтық кеңістікте Қазақстанның түбегейлі жаңа саяси жүйесінің қалыптасу үрдісі басталды. Бұл құбылыстың елде либералдық конституция қабылданғанға дейін басталғанын атап өту жөн. Саяси жаңарудың бастапқы жылдарында елде саяси, әлеуметтік-экономикалық және сот-құқықтық реформалардың негізін қалаған көптеген заңдар мен жарлықтар қабылданды. Бұл үрдіс Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауын өзгерту туралы 1991 жылғы 10 желтоқсандағы заңнан басталды. Осы заң бойынша еліміз Қазақстан Республикасы деген атауды иеленді.

Ел атауы өзгертілгеннен кейін ғана “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық Заңы қабылданды.

Аталмыш заңда “Қазақстан Республикасы-тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет”,-деп жарияланды. Ел басқа мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады, — делінді. Сонымен бірге мемлекеттің бүкіл территориясында ел конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ел таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады”,-деп жарияланды.

Конституциялық заңның осы бабынан тәуелсіздік алған мезеттің өзінде-ақ Қазақстанның ресми билігі демократиялық саяси жүйені таңдағанын көреміз. Қоғамдық қатынастардың барлық салалары заңдармен реттелетін болды. Мемлекеттің биліктің қайнар көзі халықтың мүддесін қорғайтын заңдар екендігі айшықталды. Саяси реформалар Қазақстанда заңның диктатурасын орнатуды шешуші мақсат деп білді.

1991-2010 жылдар аралығында Қазақстанда 1600-ден астам заңдар, заң күші бар Жарлықтар қабылданып ел өмірінің негізгі салалары түгел дерлік заңмен реттелетін ахуал қалыптасты. Отандық заңдық кеңістік қоғамдық қатынастардың демократиялануы, экономикалық және саяси реформалардың жедел жүруіне жол ашты.

## Президенттік биліктің тиімділігі

Қазақстан халқы ел дамуының стратегиялық міндеттерін, ағымдағы басымдылықтарын, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі принциптері мен бағыттары туралы маңызды хабарлар мен ақпараттарды ең алдымен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың аузынан естуге әдеттеніп қалды. Оның дәлелі Президенттің әр жылда жасайтын Қазақстан халқына Жолдауы. 2010 жылғы Қазақстан халқына жасаған 14-ші жолдау да ел үмітін ақтады. Жолдауда нақты мақсаттар мен міндеттер күн тәртібіне қойылған. Оның мәнін Жолдаудың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деген атауы ашып тұр. Жолдауда дағдарыстан дамуға өткенен кейінгі шешілетін міндеттер сарапталады /1/.

Транзиттік даму кезеңінен өтіп, қалыпты эволюциялану жолына түскен ел алдында қазір өзінше күрделі міндеттер тұр. Нарықтық экономика жасалынды, жаңа саяси жүйе өмірге келді. Қоғамдық қатынастардың барлық салалары нарықтық экономикалық жүйеге сәйкестендірілуде. Елде үлкен материалдық, қаржылық байлықтарға ие болған капиталистік бизнесмендер табы қалыптасты. Нарық қиындылығынан елдің әлеуметтік әлсіз топтарының люмпенденуі мен кедейленуі де күшейе түсті. Әлеуметтік қайшылықтар тікелей көрініс бере бастады. Елдің аграрлық секторын капиталдандырудың да қиыншылықты үрдісі басталды. Міне осындай қиындықты әлеуметтік шындық жағдайында елдің тұрақты дамуын жалғастыру, нарықтық модернизацияны тереңдете берудің бірден-бір жолы-Қазақстан халқының материалдық әл-ауқатын жақсарту екендігін Президент биылғы Жолдауында ерекше көрсетіп отыр. Мемлекет алдағы уақытта қарапайым халықтың әл-ауқатын түбегейлі жақсартпаса елдің дамуы болмайды. Сондықтан мемлекет бүгінінен бастап, әр қазақстандықтың мұң-мұқтажына бетбұрыс жасау саясатын басшылыққа алуға тиісті. Мемлекет өз азаматтарына қызмет жасаса, оның өмір сүруін жақсартудың кешенді шараларын жүзеге асырса ғана өзінің күш-қуатын еселейтінін сезінетін уақыт жетті. Өркениеттілік белгісі аз ғана төбе топтың ғана байып күшейуі емес, ел халқының басым көпшілігінің жағдайының түзеліп, болашаққа сенімінің артуы.

Аталған жолдаудан Елбасының нарықтық экономика жетістіктерін халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бетбұрыс жасату саясатына ден қойғанын байқаймыз. Қазақстан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі принципіне негізделетін адам келбетіндегі капитализм орнатуға тікелей кірісті деп есептеуге болады. Нарықтық қатынастардан ел халқының басым көпшілігі зардап шегуі жағдайы толастамаса елдің экономикалық дамуы толастамайтыны ақиқат. Әсіресе, Қазақстан сияқты шикізат ресурстарын сатудан пайда тауып отырған мемлекет үшін жер қойнауы табысына халықты ортақ ету мәселесі маңызды бола түсуде.

Президент ел болашағын, қазақстандықтардың әл-ауқатын шикізатпен емес тауар өндірісі салаларын дамытуын байланыстырады. Дайын тауарлар мен азық-түлік өнімдерін шығару арқылы өз рыногімізді қамтамасыз етсе, артығын экспортқа шығарса өркениетті елдің әлеуметтік тірегі болып есептелетін орта таптың қалыптасуы жылдамдайды. Қазір шағын және орта бизнеспен Қазақстан халқының 10-105 пайызы ғана айналысуда. Бұл көрсеткіш 20-25 пайызға жеткенде елдің толыққанды әл-ауқатына қол жеткіздік деп есептеуге болады. Орта тап осы кезеңде мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік тірегіне айналып оның әлеуетін күшейтетін болады.

Президент адам факторына ерекше назар аударады. Себебі, әр қазақстандықтың еңбекке құлшынысы болуы шарт. Әл-ауқатты өмір тек еңбекқор, ізденімпаз, жаңашыл адамға келетіні ақиқат. Билік табиғат байлықтарын халыққа бөліп беріп отыра берсе үлкен зия, кесапат келмек. Ондай саясат жалқаулықты тудырады. Мұнай қоры, алтын қоры, қаржылық қорлардың қорлардың қорлығының, білімнің, денсаулықтың мәдениет пен спорттың дамуына жұмсалы елдің кемел келешегінің кепілі екендігін елдің саяси элитасы терең ұғынуы шарт. Сондықтан аталған Жолдауда аталған салалар ерекше назарда. Қазақстанның абыройы мен әлеуметтік қуатын елбасы қарттарға, мүгедектерге және сәбилерге ерекше қамқорлықтың болуымен байланыстырады. Зейнеткерлердің дұрыс өмір сүре алуы, сәбилердің өмірге келуіне және көптеп келуіне мемлекеттік қамқорлық мемлекеттің өзінің абыройын арттырып қана қоймайды, оның азаматтарының отан сүйгіштігін арттырады, жалпыхалықтық әлеуметтік оптимизмді күшейтеді. Билік пен

халықтың тұтастығын нығайту арқылы қазақстандық мемлекеттілікті нығайтады. Биылғы Жолдаудың өзекті міндеті мемлекеттің бүкіл ресурстарын әрбір қазақстандықтың жағдайын жақсартуға пайдалану. Әл-ауқаты жақсы халық қана демократиялық, құқықтық мемлекетті құруда белсенді.

Қазақстанның кениетті елдер қатарына қосылуына иеленуі жүргізілетін аса күрделі және сан салалы жұмысты басқаратын елдің саяси билігі. Саяси биліктегі шешуші тұлғаидент. Сондықтан Қазақстан үшін Президент қызметінің тағдырлық маңызы күшті. Елдің экономикалық, әлеуметті, саяси және рухани жаңаруының өзекті мәселелерінің ойдағыдай шешілуі Президенттің сол мәселеге қатысты позициясы мен белсенділігіне келіп тіреледі. Елдің атқарушы билігі толықтай Елбасының стратегиялық мақсаттарын орындауға жұмылған. Биліктің заң шығарушы және сот тармақтары әлі е болса Президенттік саяси атқарушы билік тармағымен теңесе алған жоқ. Қазіргі кезеңде елдің билік жүйесінде Президенттік биліктің нақты басымдылығы бар ахуал қалыптасты. Қазақстандағы Президенттік биліктің басымдылығына елдің саяси жүйесінің дамуының объективті үрдістерінің өзі әкелді. Биліктің даму логикасына жауап ретінде елдің басқарушы элитасы Президенттік билікті заңдастыруға қол жекізді. Соның нәтижесінде Президент ресми түрдегі мемлекеттік және церемониалдық (салтанаттық) биліктің орталығына айналды. Қазір Қазақстанның дамуы мәселелерін Президенттік биліксіз елестету қиын.

Алайда толыққанды Президенттік билік елде оңай және тез арада қалыптаса қалған жоқ. Қазақстандағы Президенттік билік өзіне тән ерекшеліктегі даму жолынан өтті. Президенттік биліктің даму диалектикасы социалистік қоғамнан шығып, капиталистік қатынастарға енген Қазақстан қоғамының даму диалектикасына тікелей тәуелді болды. Өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен қиыншылықтарын ең алдымен басқарушы билік сезінді және елдің ресурстарын осы қиыншылықтарды жеңуге жұмсауға тырысты. Президент Қазақстан халқын ортақ қиыншылықтар мен қайшылықтарды шешуге жұмылдырушы, ұйымдастырушы фигураға айналды. Ел халқының Президент билігі мен саясатының төңірегінде топтасуының игілікті шаралары басталды. Бүгін Қазақстан президенттік билік басқаруымен қалыпты және тұрақты дамудың эволюциялық жолына түсті деп батыл айта аламыз.

Қалыпты дамудың түпкілікті нәтижесі Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 ел қатарынан нақты орын алуына, өркениетті ел сапаларына жетуі болмақ.

Президенттік биліктің Қазақстанда жылдам бедел алып, елдің саяси жүйесінің кіндігіне айналуының объективті себептері болды:

Біріншіден, Кеңс Одағының ыдырау жағдайында оның құрамындағы ұлттық аймақтарды, оның ішінде Қазақстанды да биліксіздендіру құбылысы жайлай бастады. 80-ші жылдардың аяқ шенінде басталған биліксіздену, 90-шы жылдардың бас кезінде тіптен қауіпті шекке жетті. Басқарушы биліктің ел шаруашылығына, байлықтарына ие бола алмауынан олардың бей-берекет талан-таражға түсуі басталды. Экономиканы бөліске салу үшін жүргізілген күрес, билікке таласу, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу құбылыстары жұмысшылар мен интеллегенцияның үздіксіз ереуілдеріне ұласып, Кеңес Одағында хаостық жағдай қауіпі күшейді. Қылмыскерлік пен тонаушылық қарапайым халықты әбден шаршатты. Кеңес Одағындағы осыншама ауыр негативтік құбылыстардың барлығы Қазақстанға да тән болды. Кеңес Одағының ыдырау жағдайында 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алған Қазақстанға аталған негативті үрдістерді тоқтата алатын биліктің жаңа түрі қажет болды.

Екіншіден, Қазақстанда биліктің жаңа түрі Президент институты елдің терең экономикалық және әлеуметтік, саяси дағдарысы жағдайында қалыптасты. Әсіресе экономикалық дағдарыс салдарының ел халқының 50 пайыздан астамы кедейшілік және қайыршылық деңгейіне түсті. Бұрынғы социалистік жоспарлы экономика мен әкімшілдік-әміршілдік жүйе дағдарысты еңсеруге мүлдем қауқарсыз болып шықты. Елде этникалық қозғалыстар басталып, солтүстік және шығыс облыстарда сепаратизм қауіпі анық байқалды. Мұндай қауіпті үрдістер Қазақстанның бөлшектенуі, ыдырауы қайшылығына жеткізетіндей ахуал қалыптасты. Коммунистік партияның аренадан түсуі рухани, идеологиялық вакуумге әкелді. Елде тәртіптің, тәрбиенің және саяси тұрақтылықтың әлсіреуі басталды. Қоғамдық қатынастардың негізгі ауқымын түгелдей қамтыған жүйелік дағдарыстан шығу үшін бірінші кезекте саяси басқарушы билікті күшейту міндеті тұрды.

Үшіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарда Қазақстандағы сайланған өкілді органдар мен жергілікті атқарушы билік органдары дағдарысқа төтеп беретіндей қызмет ете алмайтындықтарын көрсетті. Жоғарғы Кеңестің жұмысында митингілік, дау-дамайлық сипат басым болды. Биліктің әлсіздігінен Қазақстанның дағдарыстық үрдістер құшағынан шығуы мәселесі қиындап кетті. Сондықтан нақты саяси ахуалды шешетін, халықтың демократияны таңдауына жауап беретін, елдегі саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін, жалпыхалықтық сайлауда билікке келген Президент қажет болды.

Төртіншіден, Қазақстандағы саяси және экономикалық жүйенің алмасуы жағдайында өркениетті, демократиялық елдердің тәжірибиесіне сәйкес келетін жаңа тұрпатты саяси жүйені қалыптастыру қажеттілікке айналды. Осындай кезек күттірмейтін міндеттерді шешу үшін де Қазақстанға Президенттік билік қажет болды. Себебі, Қазақстан дамыған Батыс мемлекеттеріндегідей өмір стандарттарын қаласа солардікіндегідей қызмет ете алатын, қазіргі жылдам өзгертін заманның қауіптері мен қайшылықтарына жауап беретін басқару жүйесін құру керек еді. Қазақстан өркениетті елдердің басым көпшілігіне тән Президенттік билік жүйесін таңдады.

Бесіншіден, елдің полиэтникалық құрамының, этнодемографиялық ахуалының күрделілігі Қазақстан халықтарын жалпы-мемлекеттік ортақ мақсаттар мен міндеттер аясында топтастыра алатын, ұйытушылық қасиеті бар саяси биліктің болуын талап етті. Билік ұлан байтақ ел территориясын, шикізат көздері мен материалдық ресурстарын басқара алмаса Қазақстанда келешек болмайтындығын ел халқы да, саяси элита да түсінді. Тарихи саяси ахуал және экономикалық даму талаптары Қазақстанда президенттік билік жүйесіне алып келді. Сондықтан Қазақстандағы Президент қызметін өмірдің объективті даму талаптарынан туған құбылыс деп айта аламыз.

Қазақстан қоғамындағы осындай нақты талапты сезінген сол кездегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі өз қаулысымен 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайлансын деген шешім қабылдады. Н.Ә. Назарбаевты бұл жоғарғы лауазымдық қызметке Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 21-пленумы бір

ауыздан ұсынған болатын. Қазақстан коммунистері өз жетекшісін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысын Президент лауазымды қызметіне лайық деп шешті.

Биліктің бір саяси жүйеден екіншісіне эволюциялық және бейбіт жолмен ауысуы жағдайында саяси басқарушы элитаның толықтай алмасуы болмайтындығы әлемдік саяси тәжірбиеден белгілі. Қазақстандағы жаңа мазмұндағы саяси жүйе бұрынғы социалистік саяси жүйе қойнауынан біртіндеп бөлініп шықты. Жаңа нарықтық қатынастарға, жаңа қоғамға тән саяси жүйенің бірінші кірпіші, іргетасы Қазақстанда Президент қызметінің енгізілуімен қаланды деп есептеуге болады.

Қазақстан либералдық сипаттағы саяси жүйеге Кеңес Одағы толық күйремей жатып-ақ бетбұрыс жасай бастады. Ескі саяси жүйені дұзу, демократиялық саяси жүйеге қарай түбегейлі бетбұрыс жасау шаралары 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациядан бастауын алды. Декларацияда Қазақстанда алғаш рет билік тармақтарын заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу қарастырылды. Президентке Республика басшысы ретінде ең жоғарғы әкімшілік-атқару билігі жүктелді. Осы құжаттан бастап, Қазақстанда шешуші мемлекеттік тұлға Президент болды деп есептеуге болды. Сонымен қатар биліктің негізгі тірегі Қазақстан халқы екендігі және биліктің негізгі органдары халық атынан қызмет ететіндігі атап көрсетілді. Биліктің халық алдында толық жауаптылығы белгіленді /2/.

Декларацияда саяси жүйенің барлық сегменттерінің заңдарға бағынып қызмет жасау қажеттілігі міндеттелді. Ел тарихында алғаш рет Қазақстан заңдарының өз территориясында Кеңес Одағы заңдарынан басымдығы жарияланды. Қазақстан шын мәніндегі халықаралық саясат субъектісіне айналды. Әлемдік саясаттағы Қазақстанның жаңа орнын анықтау шараларын басқарушы ең жоғарғы әкімшілік-атқарушы билігі бар Президент басқара бастады. Экономикалық нарықтық қатынастарға бетбұрыс жасауын, меншік түрлерінің әр-алуандыққа ие болуын, саяси плюрализмнің қалыптасуын, елдің демократиялық модернизацияға түсуі сияқты өзекті міндеттерді шешу саясатын да Президент тікелей жүргізе бастады. Сонымен, ғасырлар алмасар тұста жаңа Қазақстанның жаңа әлемдегі орнын анықтауға, елді әлемдік



өркениет үрдістеріне қосу істеріне Президент басшылық жасады. Президенттің қоғам, мемлекет, халық және адам тағдырына жауапкершілігінің артуы құбылысы саяси өмірге келді. Постсоциалистік және посттоталитарлық кезеңдегі дағдарыстық үрдістерді ауыздықтау міндетін шешу барысында ел халқының алдында президенттік биліктің зәрулігі дәлелденіп, оның абыройының артуы көрінді. Транзитті, өтпелі қоғам дамуының 1990-1995 жылдарды қамтитын бірінші кезеңін Қазақстанда Президент билігінің пайда болуы мен қалыптасуы кезеңі ретінде бағалауға болады. Президенттік билік арқылы Қазақстан халқы өз тағдырын өзі шешетін саяси-әлеуметтік қауымдастыққа айнала бастады. 1990-шы жылы ел халқының 41 пайызын құрап, 6,8 миллион адамға жеткен қазақ ұлты өзінің төл мемлекеттілігін жасау мүмкіндігіне ие болды/3/.

Қазақ этносының ұлтсыздануының, ана тілінен айрылуының, ұлттық ділінен алшақтауының зиянды және қауіпті үрдістеріне шек қоюдың саяси алғы шарты да жасалды. Тәуелсіздік қазақ ұлтына этнодемографиялық және мәдени жаңару мүмкіндігін алып келді. Бұл мүмкіндіктердің де кепілі Президент билігі деп білді қазақ халқы. Сонымен бірге қазақ халқы Қазақстан Президенті ең алдымен бүкіл Қазақстан халқының мүдделерін, мақсат-мұраттарын іске асырушы болуға тиісті екендігін түсінді, өзінің этникалық мүдделерінің Қазақстан халқы мүдделері шеңберінде біртіндеп шешілу саясатының келешегіне және қажеттілігіне енді. Бұл күрделі құбылыс қазіргі уақытта дейін эволюциялық дамуда жалғасып келеді.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Президент басқарған саяси элита үш ғасырға жуық созылған Ресей империясының бодандығында болу қазақ ұлтын біртіндеп құру табалдырығына әкелгендігін жақсы түсінді. Бодандық жалғаса берген жағдайда қазақ этносы ұлттық белгілерінен айрылып, ассимиляцияланған тобырға айналатындығы сөзсіз болатын. Оның кең байтақ, табиғи ресурстарға толы жері басқаның иелігіне өтеді. Қазақ ұлтына тәуелсіздік осындай қасіреттерден құтылу мүмкіндігін сыйлады. Халқымыз ұзақ тарихи кеңістікте өзінің билігі өзінде болатын, әлемдік тәртіптерге икемделген халықаралық қатынастар субъектісіне айналды. Бұл жаңа құбылыс та қазір өз жалғасын табуда. Қазақ ұлтының жаңару, өрлеу процесі қайта басталды. Ұлт

тағдырына, оның өркениет жолына нақты түсуіне Президент билігінің ықпалы зор екендігін халық та, билік те түсініп отыр.

Бірақ, полиэтникалық елде қазақ этносының ұлттық, тілдік мүдделерін асығыс түрде, басқа мәселелерді ысырып тастап бірінші кезекке қоюға болмайды. Әсіресе 90-жылдарда орыстар ел халқының 37% құрап, 6,2 миллион адам болатын. Украиндарды, беларустарды, немістерді және басқа да славян-христиан тектес халықтарды қосқанда Қазақстан халқының тең жарымының астамын құрайтын. /4/. Әсіресе солтүстік және шығыс аймақтарда қазақтар азшылық еді. Республика басшылығына сол кезде ерекше сабырлық пен салқынқандылық керек болды. Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауды аса сақтықпен, елдегі көп халықтардың саяси көңіл-күйін есепке ала отыра іске асыру өзін ақтады. Елді этникалық, әлеуметтік текетірестер мен қауіпті қайшылықтардан қақтығыссыз, бейбіт жолмен шығарып, егеменді мемлекет болудың сара жолына түсіруде жаңадан енгізілген президенттік билік шешуші рөл атқарды.

Президенттік биліктің ұйымдастырушылық және идеологиялық қызметтері нәтижесінде елдегі этникалық топтар мен диаспоралар Қазақстанның жеке тәуелсіз мемлекетке айналуы саяси және экономикалық ахуалдың дамуының, объективті себептерінен туған тарихи қажеттілік екендігін дұрыс түсінді. Президенттік билік басшылығымен Қазақстан халқы елдегі саяси тұрақтылықты қоғамдық және этникалық келісімді сақтай отырып, егемендікке келді. Әлеуметтік және этникалық катаклизмалардың болмауы ел экономикасының нарықтық модернизация жолына тез түсуіне қолайлы жағдай туғызды. Экономиканың тез жандануы Қазақстанды Кеңес Одағы күйреуінен туған дағдарыстық ахуалдан жылдам алып шыққаны белгілі. Әрине, елдегі саяси-экономикалық құрылыстар алмасуы кезеңінде болған барлық күрделі құбылыстарды Президент билігімен тікелей байланыстырып қоюға болмайды. Сонымен бірге өзекті, тағдырлық мәселелердің барлығы дұрыс шешілуіне Президент өз құзырлы билігімен тікелей ықпал етіп отырды. Сол себепті Қазақстанның тәуелсіздік жолына түсуі барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер де Президент қызметіне белгілі дәрежеде байланысты. Себебі, Конституция бойынша елдің ішкі және сыртқы саясатын анықтауда президент шешуші рөл атқарады. Қазақстанның саяси өмірінде нақты орын алған

президенттік билік азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, олардың саяси қауіпсіздігін, материалдық әл-ауқатын қорғайтын Конституциялық дамудың кепіліне айнала бастады. Елде билік дағдарысы құбылысы күн тәртібінен түсті. Соның арқасында елдің саяси жүйесінде, халықтың саяси санасы мен мәдениетінде президенттік билік өз орнын бірден тапты. Президенттік биліктің Қазақстанда абыройды тез жинауында елдің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке басының харизмалық сапалары, оның іскерлігі, елжандылығы, табандылығы Қазақстан мемлекеті алдында тұрған ағымдағы және стратегиялық міндеттерді терең түсіну мен шешуге қабілеттілігі ықпал етті деп батыл айтуға болады.

Қазақстанда демократиялық қоғам принциптеріне сәйкес сайлаулар өткізіле бастауы да президенттік билікпен байланысты. «Қазақ ССР-нің президенттік сайлау туралы 1991 жылғы 16-қазандағы Заңына» /5/ сәйкес елде алғаш рет өркениетті елдердегідей жалпыхалықтық және демократиялық сайлауы өткізілді. Мемлекеттегі ең жоғарғы лауазым иесін Қазақстан халқы өз құзырымен сайлады. «Биліктің қайнар көзі-халық» делінетін демократияның басты принципі Қазақстанның саяси шындығына айналды.

Президенттік билік елді дағдарыстан шығару, нарықтық қатынастарды орнықтыру, саяси жүйені реформалау міндеттерін өз мойнына алды және ойдағыдай орындап шықты. Осы шараларды іске асыруға бағытталған төрт жүзден астам заң күші бар Президент жарлықтарының тәуелсіз ел экономикасы мен саяси жүйесін жаңару жолына түсуіне пәрменді ықпал жасады. Қазақстанның стратегиялық даму басымдылықтарын Президенттің тікелей басшылығымен қабылданған 1993 жылғы «Қазақстан Республикасының Конституциясы», 1995 жылғы «Қазақстан Республикасының Конституциясы», 1997 жылғы «Қазақстан -2030 – барлық қазақстандықтардың өсіп- өркендеуі, қауіпсіздігі және әл- ауқатының артуы» Қазақстан халқына Жолдауы сияқты маңызды мемлекеттік құжаттар анықтап берді. Президенттік билік басшылығымен ел халқы өзінің дамуының негізгі бағыттарын дұрыс айқындай алды, өркениеттің даму жолына түсе алды.

Көптеген ресейлік және әлемдік сарапшылар Қазақстанның егеменді ел болу мүмкіндіктеріне күдікпен қараған еді. Мысалы,

АҚШ-тың белгілі саясаткері З. Бжежинскийдің «Орта Азия талқан болады» деген сәуегейлігінің Қазақстанға қатысы болған жоқ. Керісінше саяси және экономикалық ақуалдың жақсара түсуі Қазақстанды Орта Азия аймағындағы тұрақтандырушы факторға, бейбітшілік кіндігіне айналдырды. Әлемдік қауымдастық Елбасының Қазақстанды ядролық қарулардан азат мемлекетке айналдыру саясатын, полиэтникалық қоғамдағы диаспоралар мен ұлыстардың теңдігі саясатын, ел өмірінің барлық салаларын модернизациялау саясатын дұрыс саясат ретінде қолдады.

Қоғамдық қатыныстардың жаңаруына, ел алдындағы міндеттердің өзгеруіне сәйкес президенттік билік өзін-өзі үнемі жаңартып отыруға тырысты. Дағдарыс жылдарында биліксіздікті ауыздықтау мақсатында вертикальды президенттік билік күшейтілді. Ал қоғамдық өмірдің демократияландыруының тереңдету қажеттілігі туғанда 2007 жылы мамыр айында Конституция енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес президенттік билік президенттік-парламенттік билікке ауыса бастады. Елбасы ұсынысымен заң шығарушы билік тармағы-парламенттің, заңдарды орындауды қамтамасыз ететін-сот билігі тармағының күшеюі байқалады. Елдегі билік бөлінісінің құқықтық, демократиялық қоғамға бастайтындығын саяси тәжірибе дәлелдейді. Мұның өзін Елбасының инновациялық ойлауының, реформаторлық қасиеттері мен білікті саясаткерлігінің нәтижесі деп бағалауға болады. Елбасы ұсынған «алдымен экономика, одан соң саясат» принципі өзін ақтады. Ел экономикасының жандануы, халықтың әл-ауқатының жақсаруы Қазақстанды артта қалған үшінші дүние елдерінен орташа дамыған елдер қатарына көтерді. Егер елде 1994 жылы жан басына шаққанда 400 АҚШ доллары көлемінде жиынтық ішкі өнім өндірілсе, бұл көрсеткіш 2010 жылы 7100 долларға дейін өсті. 19 жылда қазақ ұлты 10,1 миллион адамнан 9,1 миллион адамға дейін көбейді. Аз ғана мерзімде қазақ ұлтының 3,3 миллион адамға өсуі тәуелсіз мемлекет болу жағадайында және пәрменді демографиялық саясатты іске асыру арқасында ғана мүмкін болды. Өркениетке жылжудағы табыстары қуантады. Дамуда кедергілер, қайшылықтар, шешілмеген мәселелер де жеткілікті. Оларды саралап шығуға бір еңбектің шамасы жетпейді. Қазақстан қоғамы демократияның принциптері

мен қағидаларын баянды ете отыра Президент басшылығымен дамыған мемлекеттер қатарында көрінетініне сенім күшті.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. ҚР президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2010.-74 б.

2. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1990 жылғы қазанның 25-де қабылданған Қазақ әдебиеті. 1990 ж. 2 қараша 1 б.

3. Ғали.Ә. Қолтығы кең қазақ жұрты// Ана тілі 1994, 12 мамыр 4 б.

4. Бұл да сонда

5. Қазақстан Республикасының жаңа Заңдары (Құрастырған Ф.Т.Бисенбина).- Алматы, 1992. 264 б.(32-43)

## Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуы

Қазақстанның шын мәніндегі демократиялық саяси жүйе жасауына елде парламентаризмнің дамуы шешуші әсер етті. Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуы бірқалыпты болған жоқ, өкілетті демократия органы ретінде ел парламенті өзінің дамуының бастапқы кезеңінде президенттік билікпен, үкіметпен қарсыласу, теке тіресу, таласу үрдісіне ден қойған кездері болды. Бұл құбылыс Қазақстандағы билік тармақтарының қалыптасу кезеңінің оңай болмағандығын көрсетеді. Саяси жүйедегі мемлекет биліктің заң шығарушы тармағы ретінде Қазақстан Парламенті қызметі елде құқықтық мемлекет қалыптастыруда да шешуші рөл атқарды. Әлемдік саяси ойда басым болған “... заң шығарушы билік қажеттілік бойынша жоғары болуы тиіс және қоғамның қандай бір адамдарынан немесе бөліктерінен тұратын барлық биліктер содан туындайды және соған бағынады”, -деген қағида Қазақстан халқының саяси мәдениетіне ене бастады. Заң шығарушы органның халықтың сенімін ақтауы, қоғамға қажетті оның негізгі салаларының барлығын дерлік дамуына, жаңарып отыруына қолайлы жағдай жасайтын заңдарды дер кезінде қабылдап отыруы аса маңызды. Қазақстан Парламентінен ел халқы осы талап деңгейінде жұмыс істеуін қалады. Заң шығара отырып, парламенттің өзі заңдарға қатаң бағынуға тиісті болды. Биліктің барлық тармақтарының қызметін тежейтін, реттейтін заң диктатурасын жасау ісі басталды. Бірақ Қазақстан қоғамының транзитті даму кезеңінде елде заң диктатурасы орнады деп айтуға болмайды. Себебі, өтпелі кезеңде заң бұзушылық, заңды бұрмалаушылық саяси жүйе институттарының басым көпшілігінің қызметінде орын алды.

Сонымен қатар, Қазақстандағы парламентаризм бос жерде пайда болған жоқ. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы “дала демократиясы” және кеңес заманындағы Жоғарғы Кеңес пен жергілікті кеңестер тәжірибелерін мүлдем естен шығаруға болмайды. Әсіресе, кеңестер жүйесі Қазақстанда өкілетті биліктің формальды болса да қызметін атқарғанын ескерген жөн. Бірақ халық билігінің қайнар көзі болуға тиісті кеңестер Коммунистік партияның қатаң бақылауында, сол айтқан жолмен ғана қызмет еткені белгілі. Кеңестер Одағындағы Компартия диктаты

парламенттің төл қызметін атқаруына жол бермеді. Кеңестік парламентаризм бұрмаланған, формальды парламентаризм болды. Сондықтан тәуелсіздік алған Қазақстанның алдында конституция және саяси құқықтық мәртебесі бұрынғы Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесіне ұқсамайтын түбегейлі жаңа тұрпатты кәсіби парламент құру міндеті тұрды. Елдің саяси жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылатын кәсіби парламент көппартиялық жүйе қызметінің, саяси плюрализмнің, сөз бостандығының, саяси еркіндіктің және мемлекетшілдіктің аренасына айнала бастады. Қазақстан Парламентінің қалыптасуының басты ерекшелігі оның күшті, ықпалды президенттік билік жағдайында жүруі болды. Солай бола тұра ел Парламентті заң шығарушы билік тармағына айнала алды.

Басқарушы элита Қазақстанның саяси жүйесін оның күрделі этнодемографиялық құрамын есепке алып жүргізуге тырысты. Көпэтникалық және көпконфессиялық елде президенттік басқару формасындағы күшті биліктің қажеті даусыз болды. Сол себепті, ашық пікірталастар мен мүдделі топтардың ресми талас алаңы болып табылатын парламенттік билік Қазақстанда вертикальды президенттік биліктен кейін, екінші кезекте тұрғаны шындық. Либералдық демократияның формалары өтпелі кезеңге сәйкес келе бермейтіндігі ТМД-ның көптеген елдерінің саяси тәжірибелері делелдеп берді. Парламенттік билік күштірек болған Грузия, Қырғызстан, Украина перманентті саяси күрес алаңына айналды. Саяси плюрализмнің саяси конфликтілерге ұласу құбылыстары 90-жылдардың басында Ресейде, Қазақстанда және Әзербайжанда орын алғаны белгілі. Парламенттік демократияны үстем етпек болған Қырғызстан 2005, 2010 жылдарда екі рет ірі қайшылықты бастан өткізді.

ТМД елдеріндегі дағдарыстық ахуал, демократиялық өзгерістердің охлократиялық құбылыстарға ұласуға бейімділігі Қазақстанда басқарылатын демократияны немесе шектеулі, президенттік билікке қарсыласпайтын демократияны жасауға мәжбүр етті. Мұндай демократияны транзитті демократия деп атады. ТМД елдерінің тәжірибесі демократияға даму эволюциясының күрделі және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатындығын дәлелдеп берді. Қоғам мен мемлекет дамуындағы жаңалықтар мен қиыншылықтардың әр тектілігі либералдық

демократия стандарттары кез келген елге сәйкес келеді деген пікірді теріске шығарды.

Сонымен бірге, Қазақстанның саяси жүйесі биліктің батыстық моделіне көшкенін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі президенттік институт та, парламентаризм де, саяси партиялар жүйесі де Батыс саяси мәдениеті мен саяси жүйелерінің нәтижелері. Қазақстанда батыстық демократия институттарының қалыптасуы елдің ішкі саяси ахуалына сәйкес жүре бастады. Демократия эволюциясының осылай болуын Қазақстандағы Парламенттің қалыптасуы мен дамуы нақты дәлелдеп берді. Бұрынғы кеңестік кезеңде қалыптасқан Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өз жұмысын жалғастырды. 1990 жылғы наурызда болған Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің 12-сайланған сайлауында 360 депутаттық мандатқа 2000-нан астам үміткерлер таласты. Бұл сайлауда тұңғыш рет елдегі Компартиядан басқа саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар депутаттыққа өз кандидаттарын ұсынды. Кеңес Одағынан қалған Жоғарғы Кеңес Қазақстанда жаңа тұрпатты парламенттің болуына жағдай жасайтын көптеген заңдарды қабылдап, парламентаризм негізін жасауға үлкен ықпал етті.

1993 ж. қабылданған алғашқы конституцияда елде парламенттің рөлін түбегейлі көтеруге ұмтылыс жасалды. Сайлаулы органдар мен атқарушы билік арасындағы қарама-қарсылықтың заңдық себептеріне жол беріліп, елде билікке таластан болатын биліксіздік құбылысы байқалды. 1993 жылғы конституция бойынша 1994 жылғы сәуірден 1995 жылғы наурызға дейін 1 жылдай жұмыс істеген 13-сайланған Жоғарғы Кеңесті тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш кәсіби парламенті деп есептеуге болады. 1994 жылғы 7 наурызда өткен парламент сайлауы көппартиялықтың нығая түсуіне жағдай жасады. Жоғарғы Кеңестің сандық құрамы 360-тан 177-ге дейін азайды. Олардың 52%-ы өзін-өзі ұсынса, 48%-ын саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар ұсынды. Өкінішке орай, алғашқы парламент сайлауы заңдарының конституцияға сәйкес келмеуіне байланысты заңсыз деп танылды. Бұлай болуы Қазақстандағы құқықтық мемлекет қалыптасу үрдісінің қайшылықтар мен кемшіліктерге жол берілгендігін көрсетеді.

Тіптен 1993 жылғы тұңғыш Конституцияда да елеулі олқылықтарға жол берілді. Бұл құжатта ескі саяси жүйенің жаңа саяси



жүйеге трансформациялануы заңдастырылды. Ұзақ жылдық тәжірибесі бар Батыс демократиясын елдің кеңестік саяси жүйесін жаңартуға пайдалануға әрекет болды. Өтпелі кезеңнің экономикалық және әлеуметтік қайшылықтарын жеңе алатын тиімді вертикальды атқарушы билік жасалынбай қалды. Осындай қателіктің салдарынан Қазақстан терең экономикалық дағдарыс қыспағында қалды.

90-жылдардың ортасында елдің саяси жүйесін өзгертудің түбегейлі шаралары анық сезілді. Сол себепті 1995 жылғы 30 тамызда жүргізілген референдумның нәтижесінде Қазақстан Республикасының екінші Конституциясы қабылданды. Жаңа конституция биліксіздік құбылысын жеңу мақсатында парламенттің құқықтарын елеулі шектеп, президенттік билік вертикалін күшейтті. Атқарушы биліктің тікелей президентке бағынушылық тетіктері нығайтылғандықтан оның заң шығарушы парламенттік билік алдындағы жауапкершілігі азая түсті. Керісінше, Қазақстан Президенті мемлекеттік билік тармақтарының үстіне шықты. Олармен салыстырғанда конституциялық басымдылыққа ие болды. Парламенттің негізгі функцияларының бірі республикалық бюджетті бақылау болғанымен, ол күшті президенттік басқару жағдайында өзі қабылдаған республикалық бюджеттің орындалуын бақылай алмады. Бұлай болуы билік тармақтарының арасындағы өзара бақылау, бірін-бірі тежеу принципін бұзды. Соның салдарынан елде атқарушы биліктің шектен тыс күшеюіне жол берілді. Қазақстандағы коррупция құбылысының өрістей түсуіне билік тармақтары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің бұзылуы да себеп болды.

1995 жылғы Конституция бойынша Парламент Палаталары “Мәжіліс” және “Сенат” деп аталды. Әлемдік тәжірибе тұрғысынан Қазақстан Парламентін өзінің билік жүйесіндегі орны, құқықтық мәртебесі және құзыреттері егжей-тегжейлі белгіленген парламент қатарына жатқызуға болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-63-баптарында ел парламентінің саяси жүйедегі орны мен құзыреттері және ол заңмен реттейтін қоғамдық қатынастар тізбесі нақты көрсетілген.

Парламенттің қос палаталы құрылымы саяси жағынан өзін ақтады. Ол әлемдік тәжірибедегі парламентаризм принципіне сай келуімен қатар елдегі заң шығарушылық қызметінің сапасын және

тиімділігін едәуір жақсартты. 1995-2010 жылдар аралығында қос палаталы парламент қоғамдық өмірдің негізгі салаларын реттеуге бағытталған 1600-дей заңдық актілерді қабылдады.

Сенаторлар саны 40 адам болса, мәжіліс депутаттарының саны 67 адам болды. 107 депутаттан тұратын қос палаталы парламенттің Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуына зор үлес қосқандығын атап өту жөн. Заңнамалық актілер сапалық жағынан жақсы деңгейге көтерілді. Олар елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани жағынан модернизациялану жолына түсуіне заңнамалық база жасады. Қазақстан қоғамы заң диктатурасы орнаған мемлекет құруға түбегейлі бетбұрыс жасады.

1997 жылы Қазақстан терең экономикалық дағдарыстан шыға бастады. Осы жылдан бастап елдегі жиынтық ішкі өнімнің (ЖҚӨ) даму көлемінің әр жылда 9-11%-ға өсуі қамтамасыз етілді. Осы кезден бастап даму қарқыны жағынан Қазақстан әлемдегі ең жылдам дамушы 5 елдің қатарына ене алды. Сонымен бірге дамудың негізі көмірсутекті мұнай, газ және тау-кен өнімдерінен болғандығын мойындау шындық. Бұл көрсеткіштің 2002 жылы ұлттық табыстың 27%-ына дейін жеткені белгілі.

1-сайланған 1995 жылдың желтоқсанынан бастап іске кіріскен қос палаталы парламент елдегі экономикалық, әлеуметтік және саяси проблемалардың заңнамалық шешілуін қамтамасыз ете алған кәсіби парламент дәрежесіне көтеріле алды. Қазақстанның саяси жүйесімен бірге парламент қызметі де жетілдірілді. Мысалы, 1999 жылы конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес парламент мәжілісінің сайлауы аралас жүйе бойынша өтіп, партияларға тиісті өкілдік негізінде партиялық тізім бойынша сайлау құқығы енгізілді. Бұл сайлауға 10 саяси партия қатысты. Парламенттің ықпалын арттыру мақсатында оған қосымша құқықтар берілді. Бюджетті бекітумен қатар парламент Премьер-министрді тағайындауға келісім берді, үкіметке сенімсіздік білдіре алды, кез келген министрді орнынан босатуды талап ету құқына ие болды. Премьер-министр мен кабинет мүшелері маңызды мәселелер бойынша парламент талабымен оның алдында есеп беріп отыруға тиісті болды. Министрлермен қоса дипломатиялық өкілдіктер басшылары парламент келісімінен кейін ғана қызметке кірісетін талап қойылды.

Қазақстан Парламентінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы ел жұртшылығы көріп отырды. Осы арқылы ел халқы көзқарастардың әр алуандылығын, пікірталастағы толеранттылықты, саяси күрестің әдіс-тісілдерін меңгеруді үйренді. Көптеген депутаттардың өзекжарды қоғамдық мәселелер бойынша ашық айтқан пікірлері, өз позициясын қорғай алуы халықтың жалпы саяси мәдениетін көтеріп, дүниетанымын кеңейтті.

90-жылдардың соңынан бастап, экономика тұрақты даму жолына түскеннен кейін, Парламент тіл, діл, дін, мәдениет, білім, БАҚ сияқты адам факторының сапасын арттыратын рухани құндылықтардың күшеюіне зер сала бастады. Парламент депутаттары, әсіресе, “Тіл туралы” Заңға қатысты жігерлі таласқа барды. Мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілінің дағдарыстан шықпау мәселесі, оны жандандыру жолдары парламентте аса зор маңыздылықпен жүрді. Мемлекеттік тілді дағдарыстан құтқаруға қатысты нақты заңдық-ұйымдық ұсыныстар берілді. Пәрменділігі күшті, логикалық қайшылықтардан ада, мемлекеттік тілдің толыққанды дамуын қамтамасыз ететін жаңа “Тіл туралы” Заң қабылдау мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Қазақстан парламентаризмі дамуына 2007 жылғы мамыр айында Конституцияға енгізілген өзгерістер елеулі әсер етті. Қазақстан пропорционалдық сайлау жүйесіне өтетін болды. Парламент депутаттарының саны 116 мүшеден 154 адамға дейін көбейтілді. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функциялары біршама нығайтылды.

Конституцияға енгізілген 2007 жылғы өзгерістер мен толықтыруларды Н.Ә. Назарбаев “Қазақстанды демократизациялаудың жаңа кезеңі — еркін, демократия қоғамды жедел дамытудың кепілі”, - деп бағалады. Конституцияға енгізілген өзгерістер саяси реформаларды одан әрі тереңдету және билік бөлінісін күшейту мақсатынан туды. Саяси жүйені демократиялық бағытта реформалау міндетін шешу үшін елде орын алып отырған авторитаризм үрдісін әлсірету қажет еді. Сол себепті Қазақстан өтпелі кезеңде өзін ақтаған вертикальды президенттік билік формасынан бас тартып, президенттік-парламенттік билік формасына қарай бетбұрыс жасады. Экономикалық реформалар нәтижесінде 2005-2010 жылдардағы уақытта орта дамыған индустриалды мемлекеттер қатарына қосылды. Алдағы уақытта

бәсекеге қабілетті, дамыған елдер қатарына ену міндетін шешу үшін экономиканы бұрынғыдан да пәрменді түрде алға сүйрейтін саяси жүйенің қажеттілігі сезілді. Қазақстандағы саяси-экономикалық ахуалдың тұрақты даму талабы да елде толыққанды демократияға көшудің зәрулігін байқатты. Себебі, өркениетті елдерде шикізат ресурстары емес, адам ресурстары, оның бостандықтарының баяндылығы шешуші рөлге ие болды. Қазақстанның алға жылжуы адамдардың, әлеуметтік топтардың саяси бостандықтары мен еркіндіктерін неғұрлым күшейтуді қалады. Адамның білімі, іскерлігі, тапқырлығы, жаңашылдығы, еңбекқорлығы, бәсекелесуге ниеттілігі, адалдық пен жауапкершілігі алға шығуы үшін осы басымдылықтардың дамуына жағдай жасайтын саяси жүйенің болу керектігі анықталды. Қазақстандық саяси элита постиндустриалды қоғамның аталған сапалары бар іскер адамын демократиялық құндылықтар қазанында ғана дайындауға болатындығына көз жеткізді.

Демек, Қазақстанға толыққанды демократия жай ұран үшін, форма үшін, әлемдік үрдістерден қалмау үшін емес, қоғамның ішкі табиғи дамуын қамтамасыз ету үшін керек болды. Сондықтан елдің саяси күштерінің алдында демократия ұрандары мен принциптерін билікке жету үшін ғана пайдаланбай халық құзырына, оның көкейкесті мақсаттарына бағынатын мемлекет билігі бар нағыз демократия саяси жүйе жасау міндеті тұрды.

Елбасы Қазақстанның демократия саяси жүйесі қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері болатындығын тағы да ескертті. Оның пайымдауынша, ел демократияға эволюциялық жолмен жылжиды. Дамыған батыстық саяси модель мен демократияның әмбебап құндылықтары Қазақстанға бірден келуі мүмкін емес. Еуразиялық ел ретінде Қазақстан өз халқының тарихи дәстүрлерін, саяси санасы мен саяси мәдениетін есепке алмай дамуды қамтамасыз ете алмайды. Демократия болуы үшін азаматтар арасында демократиялық дүниетаным мен қарым-қатынастар қалыптасуы керек. Саяси элитаның озық санасына елдің электоратының саяси санасы әлі де жете алмауда. Сондықтан 2000 жылдың бас кезінде оппозиция БАҚ-та жиі айтқан “халық демократияға толық дайын”, - деген пікірлермен келісу қиын. Демократия мектебінен толыққанды өтпеген халық бір мезетте демократия құндылықтарына мойынсұнып, сол құндылықтарды басшылыққа алып өмір сүреді

деу қиын. Қазақстанның демократиялық эволюциясы осы ерекшеліктерді есепке алып, жаңарып отыруға ұмтылды.

Саяси элита ұсынысымен саяси реформалар халық сайлаған өкілетті органдардың парламент пен жергілікті мәслихаттардың құзыреттерін күшейтуге бағытталды. Жаңа конституциялық толықтыруларға сәйкес саяси жүйе билік тармақтарының бөлінуіне және биліктің жіктелуіне нақты бетбұрыс жасай бастады. Негізгі жаңалық атқарушы билік тармағының заң шығарушы тармағына тәуелді және есепті болуы күшейтілді. Мұндай конституциялық өзгерістерді ел саясаткерлері мен электораты әуелден күткен болатын. Президент өзінің біршама құзыретін парламентке берді. Үкімет бұрын негізінен Президент алдында жауапты болса, бұдан былай үкіметтің парламент алдындағы жауапкершілігі конституциялық заңмен бекітілді.

Сан жағынан өскен Парламент депутаттарының корпусы елдің демографиялық-сандық, әлеуметтік-этникалық құрамына сәйкестендірілді. 2007 жылғы мамыр айындағы конституциялық толықтырулар Қазақстан халықтары ассамблеясына 9 депутаттық орын берілді. Бұл жаңалықтың мақсаты — елдегі аз этникалық топтар мен диаспоралардың мүдделерін жоғары заң шығарушы билік тармағы — парламент деңгейінде қорғалуын қамтамасыз ету болды.

Бұл толықтырулардан үкіметтің, яғни атқарушы биліктің парламент алдындағы жауапкершілігінің күшеюі анық байқалды. Егер 1995 жылғы конституцияның мәтінінде үкіметке сенімсіздік көрсету вотумын жасау үшін парламент мүшелерінің 2/3-сінің даусы керек болса, енгізілген өзгерістер бойынша жай ғана көпшілік болуы жеткілікті. Бұдан былай министрлерге қажет деп тапса, әр палата жеке-жеке сенімсіздік көрсете алады. Демек, үкімет мүшелерінің парламент алдында есепті және жауапты болуы нақты бекітілді. Бұл өзгерістер үкімет жұмысының сапасын, тиімділігін арттырып, сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға көмектеседі деп бағаланды. Орталық сайлау комиссиясы, конституциялық кеңес, есеп комитеті сияқты маңызды мемлекеттік мекемелердің үштен екі мүшелері енді тек парламент келісімімен тағайындалатын болды. Сондай-ақ партиялық тізім бойынша жеңіске жеткен, парламентте көпшілік дауыс алған партия

тағайындалған Премьер-министр кандидатурасын бекіту үшін де парламент депутаттары дауысының жартысы жеткілікті болды. Мәжіліс депутаттары партиялық тізім бойынша сайланатын талап енгізілді. Парламент пен саяси партиялар арасындағы байналыс күшейтілді.

Қазақстандағы сайлау жүйесінің пропорционалдық принципке көтерілуі, депутаттардың партиялық тізіммен сайлануы, депутаттың қандайда болсын аманатты мандатпен байланысты еместігі туралы норманың алынылып тасталуы оның қызметінің жаңа мазмұнға ие болуына әкелді. Депутат өз партиясы алдында жауапты. Егер мәжіліс депутаты өзін ұсынған партия платформасымен келіспей партиядан шықса мәжіліс депутаты болуын доғарады. Алайда мәжіліс депутаттарына қатысты ереже сенат депутаттарына қолданылмайды.

Сонымен қатар президенттің парламентке ықпалы сақталды. Егер Президент парламент позициясымен түбегейлі келіспеген жағдай туса Елбасы Премьер-министрмен, Сенат пен Мәжіліс төрағаларымен келісе отыра парламентті таратып жіберуге құқылы болды. Президенттік квота 7 депутаттан 15 депутатқа дейін көбейтілді. Президент ұсынған депутаттар қоғамның ұлттық-мәдени және саяси-әлеуметтік мүдделері өкілдігін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отыра тағайындалды.

Ұлттық банк төрағасының қызметіне кандидатура сенатпен келісілетін болды. Енді Парламент елдің ақша-кредит саясатына ықпал жасауға мүмкіндік алды. Бұдан былай лауазымды мемлекет басшылары тек президент алдында ғана емес парламент алдында да есепті болды. Бұл шара мемлекет қызметтің ашықтығын және жауаптылығын қамтамасыз етуге көмектесті. Парламенттің үкіметтің қызметіне тиімді бақылау жасау тетіктері нығая түсті.

Ең маңызды өзгеріс үкіметті парламенттік көпшілік принципінде құруды енгізу болды. Көп дауыс жинаған саяси партияның қоғамдық беделі ғана емес, ел дамуын қамтамасыз етудегі жауапкершілігі де күшейе түсті. Қазақстан қоғамында парламентаризмнің нығаюы саяси партиялардың саяси жүйедегі орны мен рөлінің артуына әкелді. Қазақстанда парламентаризмнің күшеюі елдегі билік бөлінісінің нақты бола түсуіне әкеледі. Заң шығарушы билік тармағы өркениетті елдердің тәжірибесі деңгейінде қызмет жасай бастады.

## Қазақстандық саяси партиялар жүйесінің қалыптасуы

Қазақстандағы көппартиялық құрылыстың дамуы біртекті болған жоқ. Тәуелсіздік алғаннан кейін жылдам өскен партиялар саны азайып отырды. Әлсіз партиялар топтасып, жаңа партиялық блоктарға бірікті. Ұлтшылдық, сепаратистік ұрандар мен идеяларды ұсынған саяси партияларға Қазақстан халқы қолдау көрсеткен жоқ. Саяси партиялардың даму үрдісі Республикадағы демократиялық жаңарудың индикаторына айналды. Қазақстанда саяси партиялардың саяси жүйенің тұрақты бір бөлшегіне айналу құбылысы белсенді жүрді. Біршама саяси партиялар тұрақтанып, қоғамдық маңызды қызмет атқара бастады.

Қазақстандағы көппартиялық тәуелсіз мемлекет құрылудан бұрын басталды. 1990 жылдың көктемінде Қазақстан Коммунистік партиясына оппозиция ретінде Қазақстанның социал-демократиялық партиясы және “Азат” азаматтық демократиялық қозғалысы құрылды. Бұл партиялардың негізгі ұрандары КОКП саясатына қарсы республика тәуелсіздігін жариялау болды. Қазақстан халқының көпшілігі жаңа партиялардың ұрандарына қолдау көрсетті. Жас партиялардың негізгі құрамы либералдық-демократиялық көзқарастағы интеллигенция өкілдерінен тұрды. Бірақ 1990 жылы аталмыш партиялар заңды ресми тіркеуден өткен жоқ.

Елде көппартиялық дамуының бірінші кезеңі 1991 жылғы қыркүйек айында Қазақстан Компартиясының саяси сахнадан кетуімен байланысты болды. 1991 жылы жазда қабылданған “Қазақ КСР-і қоғамдық бірлестіктер туралы” Заңға сәйкес 1991 жылдың 21 қазанында Қазақстанның Халық конгресі және Қазақстанның Социалистік партиясы тіркеуден өтті. Сол жылдың күзінде Қазақстанның республикалық партиясы пайда болды. Бұрынғы Компартия жақтастары жаңа тұрпатты Коммунистік партия құрды. 1991 жылдың қараша айында “Желтоқсан” азаттық қозғалысы пайда болды. Соңғы екі саяси партия ресми тіркеуден түрлі себептерге байланысты өте алған жоқ. Коммунистер КСРО-ны қалпына келтіруге шақырса, желтоқсандықтар ұлт мәселесін ушықтыратын ұрандар көтерумен айналысты.

Қазақстанның ұлттық және сепаратистік ұрандар ұстанған жас саяси партиялары билікке қарсы күресте күш көрсету, қорқыту

сияқты радикалды күрес әдістеріне ден қойды. Олар аштық жариялау, ереуілдер мен митингілер ұйымдастырумен айналысты. Дегенмен, көп ұзамай саяси партиялар біртіндеп төзімділікке үйрене бастады. Олардың күрес тәсілдерінде ұйымдасқандық, мемлекет мүддесін ойлау сияқты өркениетті саяси әдістер орын алды. 90-жылдардың басында Қазақстанның тәуелсіздігі мәселесіне ашық күдік келтіретін партиялар қалмады. Саяси партиялар арасындағы дискуссиялар ел конституциясының мазмұны мен принциптері, мемлекеттік тіл, азаматтық, жекешелендіру, жер кодексі сияқты тағдырлық мәселелер төңірегінде өрістеді. Бірақ саяси - әлеуметтік мәселелерді күн тәртібіне қоюда, оларды шешу жолдарын ұсынуда саяси партиялар мемлекеттік органдарындай тиімді жұмыс жасай алмады. Саяси партиялардың ресми билікке оппозициядағылары қоғамды жаңартудың, дағдарысты жеңудің соны, қолайлы жолдарын көрсетуге қабілетсіз болды. Олардың бағдарламалары мен тұғырнамаларында қоғамды жедел дамуға тартатын инновациялық ұсыныстар тым аз еді.

1990 - 1995 жылдардағы партиялар дамуының бірінші кезеңіндегі елеулі оқиғаның бірі 1993 жылғы ақпан айындағы “Қазақстан халық бірлігі” партиясының (ҚХБП) құрылуы болды. Бұл партия елдегі ең көп санды, әлеуметтік базасы кең тұңғыш пропрезиденттік партия болды. Саяси кеңес құрамына 71 адам кірді. ҚХБП партиясының көшбасшысы болып Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Партия одағының төрағасы болып Парламент депутаты С.Абдрахманов сайланды. ҚХБП Қазақстандағы тұңғыш бұқаралық саяси партия болуды мақсат тұтты.

Қазақстандағы ресми тіркелген партиялар санынан елдегі партиялық демократия мен партиялық жүйенің даму жағдайын көруге болады:

1992 жылдың 1 қаңтарына дейін 2 партия тіркелді: Қазақстанның социалистік партиясы (ҚСП) және Қазақстанның халық конгресі (ҚХК);

1993 жылдың 1 қаңтарына дейін 3 партия: ҚСП, ҚХК және Қазақстанның республикалық партиясы (ҚРП);

1995 жылдың 1 қаңтарына дейін бар 3 партияға Қазақстанның Коммунистік партиясы (ҚКП) қосылып 4 партия болды;



1996 ж. 1 қаңтарда елдегі партиялар саны 6-ға жетті. Алғашқы құрылған ҚСП мен ҚРП өзін-өзі таратты. Олардың орнына саяси аренаға Қазақстанның халық бірлігі партиясы (ҚХБП), Қазақстанның демократиялық партиясы (ҚДП), Қазақстанның өркендеу партиясы (ҚӨП), Қазақстанның халықтық-кооперативтік партиясы (ҚХКП) шықты.

1997 жылғы 1 қаңтарға дейін партиялар саны 7-ге жетті. Республикалық еңбек саяси партиясы құрылды (РЕСП).

1999 жылғы қаңтарда 8 саяси партия жұмыс істеп, олардың қатарына Қазақстанның азаматтық партиясы қосылды (ҚАП).

2000 жылы 1 қаңтарда партиялар саны 11-ге жетіп, “Алаш” партиясы (АП), Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), “Отан”, “Азамат”, Қазақстанның республикалық халықтық партиясы (ҚРХП) қосылса, Қазақстанның халық бірлігі партиясы және Қазақстанның демократиялық партиясы тарап кетті.

2001 жылдың 1 қаңтарына дейін жаңа 3 партия: әйелдердің демократиялық партиясы (ӘДП), “Ауыл” партиясы және патриоттар партиясы (ҚПП) құрылып, елдегі партиялар саны 14-ке жетті.

2002 жылғы 1 қаңтарға дейін “Ақжол” партиясы (АП) және Орыс партиясы тіркеліп, елде 16 партия ресми қызмет жасады.

2003 жылғы 1 қаңтарға дейін “Асар” партиясы, “Руханият” партиясы және “Әділет” демократиялық партиясы құрылып, елде 18 саяси партия тіркелді.

2005 жылғы 1 қаңтарда “Нағыз Ақжол”, Қазақстанның халықтық Коммунистік партиясы (ҚХКП) тіркеліп, 20 саяси партия заңды саяси тұлғалар ретінде қызмет етті.

2007 жылдың 1 қаңтарына дейін “Асар”, “Азамат” партиялары “Отан” партиясымен бірігу туралы шешім қабылдап, “Отан” халықтық-демократиялық партиясы 2007 жылдың көктемінде “Нұр Отан” деген жаңа атаумен қайтадан тіркеуден өтті.

2007 жылдың көктемінде Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖДП) құрылды. Оған “Нағыз Ақжол” және “Алға” демократиялық партиялары қолдау көрсететіндіктерін жариялады. Бұл партиялар билікке оппозициялық партиялар екендіктерін ашық айтты.

2007 жылғы тамыз айындағы Парламенттің Мәжіліс палатасы мен мәслихаттарға сайлауға елдің 7 саяси партиясы қатысып,

партиялық тізіммен өз кандидаттарын мәжіліске ұсынды. Олар: ресми билік құрған центристік бағыттағы “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясы, ЖСДП, “Ауыл” партиясы, “Руханият” партиясы, “Ақ жол” партиясы, Қазақстанның патриоттар партиясы, Қазақстан халықтық Коммунистік партиясы. 2007 жылғы сайлауда ресми тіркеуде бар 18 саяси партиялар түрлі блоктарға бірікті. Олардың ішінде 7 партия суырылып шығып, сайлауға қатысу құқығына ие болды. “Алға”, “Халық рухы” партиялары мүшелер саны жетіспегендіктен заңды тіркеуден өтпей қалды.

Қазақстандағы саяси құрылыста центристік саясат ұстанатын үкіметті қолдаушы партиялар басым болды. Олардың қатарында “Отан”, ҚАП, ҚХБП, “Асар”, ҚӨП, ҚАП, ҚХКП сияқты партиялардың болғанын атаған жөн. Ал солшыл ұрандармен қазіргі қоғамдық құрылысқа және билікке қарсы ҚКП, “Алаш” партиясы болды. Олардың ұранын “Лад” және “Ұрпақ” сияқты ресми тіркеуден өтпеген саяси партиялар қолдады. Билікке қарсы оппозициядағы оңшыл блоктағы партиялар қатарына ЖСДП, “Нағыз Ақ жол” және “Алға” партияларын жатқызуға болады. Ал ымырашыл-оңшылдар қатарынан “Ақ жол”, “Әділет”, “Руханият”, КПП партияларын көруге болады.

Тәуелсіздік жылдары партиялық құрылыстың қалыптасуына, саяси партиялардың идеологиялық жағынан тұрақтануына, олардың қаржылық және полиграфиялық мәселелерінің шешілуіне басқарушы биліктің үлкен ықпал еткені шындық. Көптеген саяси партиялар үкіметтік органдар көмегімен, мемлекеттік билікті нығайта түсу мақсатында құрылғаны анық. Саяси партиялар үкіметтік органдардың саяси ойыншысы ретінде де қалыптасты.

Партия лидерлерінің насихатшылық, идеологиялық және ұйымдастырушылық қызметтерінің нәтижесінде саяси партиялар қызметтері үнемі белсенді бола түсті. Партиялар саны 2002-2007 жылы 14 саяси партияға дейін азайғанымен олардың бағдарламалары, халық арасындағы қызметтері нақты мазмұнға ие болды. Электоратпен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдері тұрақтана түсті. Осындай топтасулар нәтижесінде 2010 жылдың ортасында елде 7 саяси партия қызмет етті. Оның арасында ең қуаттысу «Нұр Отан» ХДП құрамына 600 мыңдай адам кірді, ал центристік «Ақ жол» ДП өз қатарына 100 мыңдай мүше алынады. Оларда саяси күштердің біріне-бірі жауласу әрекеттеріне қарағанда өркениетті

күрес тәсілдері нақты сын айту, кемшіліктер мен қателіктерін көрсету, саяси пікірталас арқылы қарсыластың әлсіздігін көрсету, БАҚ-ты тиімді пайдалану, саяси технологияларды қолдану сияқты жұмыс тәсілдерін пайдалану тәртіпке айналды. Саяси партиялардың тұрақты қызметтері оларды елдің саяси өмірінің маңызды белгісіне айналдырды.

Саяси партиялар елдің түрлі әлеуметтік топтарының мақсаттары мен мүдделерін үкіметтің және парламенттің назарына жеткізіп отырды. Саяси партиялар мемлекет пен халықтың арасын жалғастырушы көпірге айнала бастады. Саяси партиялардың серкелері біртіндеп жеке әлеуметтік мүдделердің дұрыс шешілуі ортақ жалпыхалықтық интеграциялық мүдделердің шешілуіне тәуелді екендігін түсіне бастады. Сондықтан елдегі саяси партиялар бағдарламаларында жалпымемлеттік және жалпыхалықтық мұраттар мен құндылықтарға көбірек назар аударылды. Қазақстанның саяси партияларының басым көпшілігі шовинистік, ұлтшылдық, сепаратистік, т.б. радикалды идеялар мен ұрандарды күн тәртібіне қоюдан бас тартты. Олар революциялық төңкерістер, ереуілдер, митингілер, пикеттер жасау сияқты саяси күш көрсету күрес тәсілдеріне көп бара берген жоқ. Қазақстанның саяси партияларына бейбіт жолмен жүргізілетін күрес тәсілдері тән болды.

Қазақстанның негізгі саяси партиялары негізгі стратегиялық конституциялық міндет - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру мәселесін шешуші басымдылық ретінде мойындады. Осы стратегиялық мақсатқа жету мерзіміне, оны орнықтыру әдіс-тәсілдеріне қатысты саяси партиялар арасында келіспеушіліктер болды. Оппозициялық партиялар әлеуметтік және демократиялық мемлекетті неғұрлым қысқа мерзімде қалыптастыруды жақтаса, центристік үкіметшіл партиялар табысқа асықпай эволюциялық жолмен, елдің негізгі сфераларын реформалау саясаты арқылы келуді жақтады. Соңғы кездегі саяси үрдістер Қазақстанның саяси партиялары елді әлеуметтік сілкіністерге, этникалық конфронтацияға әкелетін, қоғамды бөлетін қандай да болмасын күрес әдістеріне бармайтындықтарын көрсетуде.

Сонымен көппартиялық жүйе қазақстандық демократияның ажырағысыз атрибутына айналды. Ол азаматтардың саяси

мүдделерін айқындауына, өздерінің көзқарастарын нақты білдіруіне, әлеуметтік топтардың түрлі мүдделерінің тұғырнамалар мен бағдарламаларда тұжырымдалуына, халықтың саяси топтасуына және қазақстандық мемлекеттіліктің күшеюіне көмектесті. Саяси топтардың, жекелеген азаматтардың экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешудің тиімді жолдары туралы ұсыныстары саяси партиялар арқылы басқарушы билік назарына неғұрлым тез ілінетіндей ахуал қалыптасты.

Саяси партиялар қызметтері арқасында қоғамдағы реформалану шараларында баламалық пайда болды. Дара пікір мен дара саясат сияқты тоталитарлық қоғамға тән саяси тәжірибеден Қазақстан біртіндеп құтыла бастады. Мемлекеттік органдар саяси партиялардың ұсыныстарына ескертпелеріне құлақ аса бастады. Билік саяси партиялар көрсеткен кемшіліктерді жоюға және қайшылықтарды шешуге бағытталған жұмыстарды істейтін болды. Қазақстанның саяси партиялары біртіндеп қалыптасудың қиындықтарын жеңіп келеді. Қазақстан қоғамын өркендетудің соны жолдарын ұсына білген, электоратпен жұмыс істеуге қабілетті партиялар ел халқы алдында беделге ие болды.

## Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге елде қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың белсенді өсу кезеңі басталды. XX ғасырдың 80-жылдарының аяқ кезінде алғашқы қоғамдық-саяси құрылымдар сол кездегі билік жүргізуші Коммунистік партияға оппозиция ретінде қалыптасты. Компартияның өзі осы жылдары идеялық біртұтастықтан айрыла бастады. Компартия ішінен түрлі идеялық ағымдар шықты. Олар өз көзқарастарын іске асыру жолында күреске кірісті. Жаңа ағымдар КОКП ОК-нің саяси бағытынан өзгеше ұрандар ұсынды. Әсіресе, ұлттық республикалардағы мемлекеттік тәуелсіздік туралы ұрандарды жергілікті халық қызу қолдады. Тәуелсіздік идеяларын насихаттауда либералдық-демократиялық көзқарастағы интеллигенция маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар ғасырлар бойы қаналған автохтонды этнос қазақ халқының тілдік, рухани-мәдени және әлеуметтік-саяси мүдделерін күн тәртібіне қоюды мақсат тұтқан ұлттық қозғалыстар кең қанат жая бастады. Олардың ішінде Желтоқсан, Азат және Алаш азаматтық-ұлттық қозғалыстары беделді болды.

Біртұтас кәсіподақ ұйымдарының ыдырауы Кеңес Одағының ыдырауымен қатар басталды. 1991 жылдың күзінде Қазақстандағы тұңғыш саясиленген кәсіподақ орталығы — Тәуелсіз кәсіподақ орталығы пайда болды. Саяси партиялардың өсуімен бірге тарихи-ағарту, ұлттық-мәдени, бейбітшілік жолындағы, соғыс қаупіне қарсы, экологиялық, т.б. сипаттағы қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар саны өсе түсті. Олардың басым көпшілігі тікелей саяси мәселелермен айналыспаймыз деп жариялағандарымен елдегі саяси үрдіске қатысып отырды. Әсіресе, нарықтық экономикаға өту жағдайындағы әлеуметтік инфрақұрылымның күйреуі, ауыл шаруашылығының, мәдениет, білім мен ғылымның құлдырауына қатысты қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар түрлі наразылықтар мен митингілер ұйымдастырумен болды. Елдегі қоғамдық қозғалыстардың ең басты ерекшелігі олардың әлеуметтік базасының әртектілігі, екінші белгісі, елдегі қоғамдық қозғалыстар кейде белсенді, кейде тым баяу әрекеттер жасады. Олардың қызметінде өрлеу мен құлдырау жылдам жүріп отырды.

Қазақстандағы қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар бастапқы жылдары 1991 ж. көктемде қабылданған “Қазақ КСР-і қоғамдық бірлестіктер туралы” Заңды басшылыққа алып қызмет етсе, 1996 жылдың көктемінен бастап “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа алды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) жылдам өсе бастады. 1994 ж. олардың саны 400-ден асса, 1997 жылы 1600-ге жетті, 2010 жылы елде шамамен 5000-нан астам қоғамдық қозғалыстар, ұйымдар және үкіметтік емес ұйымдар болды. Бұл ұйымдар елде азаматтық қоғамның қалыптасуына жағдай жасады. Қоғамдық ұйымдардың басым көпшілігі 15%-ы экологиялық, 14%-ы балалар мен жастар, 13%-ы әйелдер, 13%-ы денсаулық сақтау бағытындағы, 13%-ы мәдениет, өнер, ғылым мен білім саласында, 8%-ы құқық қорғау мәселелері бойынша 6%-ы қоғамдық белсенділікті, 5%-ы көп салалы, 4%-ы мүгедектер ұйымдары болса, 3%-ы мүгедек балаларға, ауру балаларға көмек көрсету ұйымдары болды.

Қоғамдық қозғалыстар қызметінің нормативтік-құқықтық базасын ретке келтіруде 2001 жылы қабылданған “Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес бірлестіктер туралы” Заңы үлкен рөл атқарды. 2002 жылы “Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың 2003 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасы”, 2003 жылы “Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат концепциясы” сияқты маңызды құжаттардың қабылдануы қоғамдық қатынастардың түрлі салаларын қамтитын, әр түрлі мақсаттар төңірегінде топтасқан қоғамдық ұйымдардың қызметтерін жандандыра түсті.

Мемлекеттік билік органдарымен үкіметтік емес секторды байланыстыратын құрылымдар пайда болды. Ондай құрылымдар қатарына 2000 жылы мамырда құрылған Қазақстанның мемлекеттік емес ұйымдар конфедерациясын, Инфоорталықтық мемлекеттік емес ұйымын және түрлі халықаралық ұйымдармен байланыс жасайтын мемлекеттік емес ақпараттық орталықтарды жатқызуға болады.

Қазақстан қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдары арасында ерекше белсенділік танытқаны әйелдер ұйымдары және гендерлік қозғалыстар. Алматы қаласында Феминистік лига, Алматы әйелдері ақпараттық орталығы, Қазақстан іскер әйелдері ассоциациясы,

Қарағанды гендерлік зерттеулер орталығы, “Қазақстан әйелдері” қоғамдық-саяси бірлестігі сияқты түрлі ұйымдар елдегі әйелдер мәселелерін шешуге үлес қосып отырды. Олар түрлі халықаралық ұйымдардың қаржы, ақпараттық және кадрлық ресурстарын елде түрлі жобаларды іске асыруға пайдаланды. Осындай ұйымдар қатарында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақ ұйымы (ЕКҚҰ), “Сорос-Қазақстан” қоры, ЮНЕСКО ұйымы, т.б. көптеген жобаларға донорлық қолдау көрсеткендігін атаған жөн.

Қазақстандағы демократиялық мазмұндағы саяси реформалар елде азаматтық қоғам іргетасын қалауға көмектесті. Азаматтық қоғам өмірдің түрлі салаларын қамтитын мемлекеттік емес ұйымдардың (МЕҰ), қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі нәтижесінде қалыптаса бастады. Оның мәні азаматтардың өз еріктерімен, өз бастамаларымен қоғамдық өмірдің мемлекеттік билік институттарының тікелей әсері шамалы бағыттары мен салаларын басқаруына және ұйымдастыруына байланысты. Азаматтық қоғам Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің жандануына әсер ете отыра елдегі саяси-психологиялық ахуалдың демократия рухына бетбұрыс жасауына көмектесті.

Қазақстан қоғамындағы этникалық үрдістерді демократиялауға, этносаралық татулықты сақтауда ерекше маңызға ие болған азаматтық қоғам институттарының бірі — Қазақстан халықтары ассамблеясы. Елдегі қоғамдық-саяси институт ретінде бұл ұйымды Қазақстандағы саяси реформалардың ерекше нәтижесі ретінде бағалауға болады.

Бұл ұйымды құру туралы идеяны 1992 жылы Қазақстан халықтарының 1-форумында Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқан болатын. Қазақстан халықтары ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші-ақылдасушы орган ретінде елбасының 1995 жылғы 1 наурыздағы “Қазақстан халықтары ассамблеясын құру туралы” Жарлығына сәйкес өмірге келді. Ассамблеяның негізгі мақсаты елдегі қоғамдық келісім мен этникалық татулықты сақтау. Сонымен қатар, ассамблея Қазақстанда қазақ этносымен бірге өмір сүріп жатқан 130-дан астам этникалық топтар мен диаспоралар өкілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтарын жаңғыртуды және дамытуды мақсат тұтты. Ассамблея елдегі болып жатқан оқиғаларға, құбылыстарға баға беру арқылы саяси ахуалға болжамдар жасап отырды. Елбасына

қоғамды ұйытуға қатысты, нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік, діни шектеулердің заңсыздықтарына байланысты ұсыныстар беріп отырды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы бірнеше қызметті жүзеге асырды: мәдени-ағарту қызметі ұлттық мәдениеттердің, дәстүрлердің, тілдердің насихатталып дамуына көмектесті. Тәрбиелік қызметі — қазақстандық патриотизмді және ұлттық патриотизмді қалыптастырды. Коммуникативтік қызметі — түрлі этникалық топтар мен диаспоралар арасында этникалық бірлік пен татулыққа тәрбиеледі. Кеңесшілік қызметі — елдегі түрлі халықтарға қатысты мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын ұсыныстар мен пікірлер білдіруге байланысты болды.

Қазақстан халықтары ассамблеясы орталық биліктің көлеңкесінде қалған жоқ. Бұл ұйым өзінің мақсат-міндеттерін бүкіл республика көлеміне насихаттай алды. Оның жергілікті жерлердегі ұлттық мәселелерді шешуге көмектесетін бөлімшелері Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясы деп аталды. Олар түрлі мәдени-ұлттық орталықтардың жұмысын басқарды. Ел аумағына таралған құрылымдары бар ассамблея саяси-этникалық ахуалға ықпал ете алатын, беделі бар жүйелі институтқа айналды. Оның құрылымдары орталықта президент аппаратымен қоян-қолтық қызмет етсе, жергілікті жерлерде облыс, қала және аудан әкімшіліктері аппараттарымен бірігіп жұмыс жүргізді. Қазақстан халықтары ассамблеясы қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында 2005 жылы 23 сәуірде елбасы “Қазақстан халықтары ассамблеясы институтын нығайту туралы” Жарлығына қол қойды. Бұл жарлық бойынша кіші ассамблеялар президент, әкімдер аппараттарының жергілікті жерлердегі құрылымдық бөлімшелеріне айналды. Ассамблеялар жұмысына тікелей араласу арқылы атқарушы билік елдегі этникалық қатынастарға әсер етіп, қоғамдық келісім мен татулықты күшейту істерін басқарды.

Қазақстан халықтары ассамблеясы 16 Қазақстан халықтары кіші ассамблеяларымен (ҚХКА) бірлесіп жұмыс істеді. ҚХКА әкімдер жанындағы кеңесші — ақылдасушылар органы болып есептелді. Оларға әр облыстарда қызмет жасайтын ұлттық мәдени орталықтар, ардагерлер кеңесі, облыстық әкімшілік пен мәслихаттар өкілдері енді. ҚХКА қызметін елдің конституциясы, заңдары мен елбасы қол қойған актілерге сәйкес жүргізді,



“Қазақстан халықтары ассамблеясы туралы ережені” басшылыққа алды. Диаспоралар мен этникалық топтар өздерінің ұлттық құндылықтарын қорғау мен дамыту мақсатында елде 350-ден астам облыстық, қалалық, аудандық ұлттық мәдени орталықтар құра алды. Қазіргі кезде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамына елдегі ірі, 33 этникалық топ өкілдері кірді.

Жыл сайын ассамблеяның сессиялары өткізіліп отырды. Оларда Қазақстан қоғамын экономикалық, әлеуметтік және саяси реформалаудың өзекжарды мәселелері талқыланды. Ассамблея президентке этникалық татулықты нығайтуда, қоғамдық-әлеуметтік келісім саясатын жүргізуде маңызды көмекші әріптеске айналды.

2007 жылдың мамыр айында конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының статусы күшейе түсті. Қазақстан халықтары Ассамблеясы ендігі кезде Қазақстан халқы Ассамблеясы болып аталды. Заңға сәйкес ассамблеяның 9 мүшесі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутат болып сайлану құқығын алды. Президент пен ассамблеяның мәжілістегі 9 сенімді өкілінің мақсаты елдегі диаспоралар мен этникалық топтардың мақсат-мүдделерін заң шығарушы билік деңгейінде қорғау болып табылды.

Қазақстан халықтары ассамблеясы елдің саяси жүйесіндегі жаңа және маңызды сегментке айналды. Бұл ұйым көпэтникалық Қазақстан қоғамын демократияландыруға көмектесті. Азаматтық татулық пен этникалық келісім саясатының нығаюына ықпал етті. Әсіресе, Ассамблеяның жетекшілігімен жұмыс істейтін ұлттық-мәдени орталықтар елдегі халықтардың этносаяси дамуына игілікті ықпал жасай алды. Қазақстан халқының негізін құраушы қазақ ұлты аз халықтар мен этникалық топтардың ұлттық құндылықтарының жандануын қуаттап отырды. Бұл үрдіс елдегі саяси тұрақтылықты нығайтып Қазақстанның реформалар жолымен ойдағыдай дамуына жағдай туғызды. Елдегі тұрақтылық пен келісім оның түрлі дағдарыстарды жеңуіне және әлемдік талаптарға жауап беруге қол жеткізеді.

## Бүгінгі идеологияның міндеті

Қоғамдық сананы идеологиялық үрдістерден тазартуды ұстанатын деидеологизациялық пікірлер Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған тұста көп айтылды. Мемлекеттік идеологияны жоққа шығаратын мақалалар да жиі басылды. Осымен бір мезгілде Қазақстан азаматтарын ел алдында тұрған стратегиялық міндеттер төңірегінде топтастыру, полиэтникалық және поликонфессиялық халықты бірлік пен татулыққа шақыру мәселелері де жиі сөз болды. Қазақстандықтарды өркениетті қоғам құруға бастайтын және оның жолдарын үйрететін ойлау жүйесінің аса қажет екендігі де айтылмай қалған жоқ. Осылардың бәрін сараптай келе ел саясаттанушылары мен философтары Қазақстанға өзіне тән мемлекеттік идеология қажет деген тұжырымға келді.

90 жылдардың орта тұсында ел идеологиясының келбеті, мәні мен мазмұны, мақсаттары мен міндеттері қандай болу керек деген мақалалар көптеп жарияланды. Алайда, әлі күнге дейінгі мемлекеттік деңгейде ақпаратты, білім беру жүйесін, баспасөзді, билік институттары қызметтерін толық қамтитын идеологиялық жұмыс бағдарламасы жасалған жоқ. Тіпті, мемлекеттік идеологиялық қызмет концепциясын ұсынып отырған билік субъектілері де байқалмайды.

Сондықтан Қазақстанды баянды даму жолына бағыттайтын субъективті фактор – мемлекеттік идеология қандай болу керек деген мәселе төңірегінде тағы да ой қозғауды қажет деп таптық.

Мемлекет жеке, тәуелсіз болған соң міндетті түрде оның өзіне тән төл идеологиясы болуы қажет. Себебі идеология әлемдік жалпы құбылыс. Жер шарында 220-дай тәуелсіз мемлекеттер болса, олардың әр қайсысының мемлекеттік идеологиясы бар немесе мемлекеттік ресми саясатты халыққа жеткізетін идеологиялық, ақпараттық іс-әрекеттері бар. Кейбір елде ресми мемлекеттік идеология туралы айтылмай-ақ идеологиялық қызмет жүргізіледі. Мемлекеттік саясат бар жерде идеологияның болмай қоймайтындығы-әлемдік саяси өмірдің заңдылығы. Саясат сияқты идеологияда да жалпылық сипат бар. Саясатта–билік пен басқарудың жолдары болса, идеологияда-саясаттың мән-мағынасын халыққа жеткізуші құрал ретінде қызмет атқарады. Идеология саясаттың мақсат-міндеттерін насихаттайды, ұғындырады және

уағыздайды. Сонымен қатар, идеологияның қоршаған орта туралы көзқарастары болмайды. Саясат – қоғамдық өмір мен қатынастарды ұйымдастыру сферасы болса, идеология – осылар туралы танымдық жүйе.

Өркениетті болу үшін бір қатар идеологиялық міндеттерді шешіп отыру қажет. Өркениет стандартын қалыптастыру, демократия мен құқықтық қоғам принциптерін ел азаматтарына түсіндіру және үйрету, гуманистік қоғамдық қатынастарды өмір салтына айналдыру мемлекеттің кешенді идеологиялық жұмыс жүргізуін талап етеді. Сөз жоқ, бұл іске әдебиет пен өнер, дін өз үлестерін қосып отырады. Әдебиет пен өнер қоғамдық болмысты көркемдік эстетикалық құбылыстар арқылы түсіндіріп, халықты адамгершілікке, ізгілікке, татулыққа шақырады. Ал дін болса, жақсылыққа, адалдыққа, әділетте сенуді үйретеді. Өркениетті қоғамда өнердің, діннің және идеологияның өзіндік орындары бар. Ол адам санасын тәрбиелейтін, біртұтас рухани дүниенің жекелеген қабаттары іспеттес. Мақсат-адамды түзету, ойлауды түзету. Сол арқылы саясат пен іс-әрекетті түзету. Адамның дүниетанымы, мақсаты мен іс-әрекеті оның жеке өмірімен қоса жалпы халықтық және жалпы мемлекеттік мүдделерге қызмет етеді. Өз халқына осындай тәлім-тәрбие бере алған мемлекеттер ғана әлем өркениет көшінде өзінің құрметті орнын ала алады.

Қазақстан қоғамының алдында осындай тағдырлы міндеттер тұрғандығы ақиқат. Тәуелсіз елімізге өркениет жолына бастайтын мемлекеттік идеология қажеттілігі дау туғызбаса керек. Мәселе осы істі дұрыс ұйымдастыра білуге келіп тіреледі. Себебі, идеология – табиғаты өте күрделі, құпиясы мен қалтарыстары көп құбылыс.

Шын мәніндегі өркениетті қоғам саясаты өркениеттілік идеологиясына арқа сүйейді. Қазақстанға қажеті де осындай идеология. Ел идеологиясы жалпы қазақстандық құндылықтар мен мақсат-міндеттерді уағыздауға, түсіндіруге ұмытылады.

Мемлекеттік идеологияның басты мақсаты–Қазақстанның тәуелсіздігі мен экономикалық – саяси қуатын арттыруға қызмет ету. Идеологиялық міндеттерді шешуге қатысы бар рухани салаларда: бұқаралық ақпаратта, баспасөзде, білім беру жүйесінде, өнерде, әдебиетте, көрнек насихатта, интернетте Қазақстан тәуелсіздігі аса маңызды тағдырлық мәні бар, көп қырлы және күрделі құбылыс екендігі үнемі насихатталып, айтылып отырылуы

қажет. Тәуелсіз мемлекет өзінің тарихи тағдырына өзі жауапты, өзі ие. Ол экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-рухани әлеуметтік мәселелерді негізінен өз күшімен шешуге қабілетті. Егеменді ел ғана ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын төл мүдделеріне сәйкес анықтай алады. Сонымен қатар, ол өзге де мәселелерге, қажеттіліктерге, кемшіліктерге, қайшылықтарға назар аударады. Билік субъектілері кемшіліктерді халықтан жасырмайды. Қоғамдық ойдағы ауытқу құбылыстарының табиғаты, себептері үнемі талданып, дағдарыстан шығудың, қайшылықтарды жеңудің жолдары ұдайы қарастырылып, түрлі ұсыныстар жасалып отыру керек. Қоғамның өзекті мәселесіне назар аудару, оны шешу жолдарын іздестіру арқылы идеология қазақстандықтардың саяси мәдениетін тәрбиелейді, патриотизмді арттырып, өркениетті елдер азаматтарына тән ойлау мен таным жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Идеология дұрыс саяси стратегиялық міндеттерді түсініп, мойындайды. Сонымен бірге халық пен мемлекет келешегіне зиянын тигізетін қате саяси шараларды, бұрмалау істерін әшкерелеп отыру – идеологияның міндеті. Қазақстан қоғамындағы стратегиялық саяси міндеттерді шешуге бөгет болатын қандай да болмасын күштерді, құбылыстарды, дағдарыстарды идеология талдап, түсіндіріп және оларды жеңу жолдарын көрсетуге міндетті.

Қазақстан әлемдік қауымдастық құрамына еніп, ашық қоғам орнатып жатыр. Еліміз ғаламдану (глобализация) үрдістерінің пайдалы және зиянды әсерлерін байқап та үлгерді. Тәуелсіз еліміз өзінің төл мәселелері мен қоса әлемдік мәселелердің шешілуіне де үнемі ат салысып отыруға мәжбүр. Демек, ел идеологиясы тәуелсіздікті нығайту мәселелерін көтергенде қазіргідей ғаламдану кезеңінде Қазақстанның өзіне тән мемлекеттік келбетін сақтауын күн тәртібіне үнемі қойып отыру керек. Өйтпеген жағдайда Қазақстан қуатты империялар мүдделерінің құрбаны болып кетуі ықтимал. Қазақстан өркениетті елдер көшіне өз орнын алу үшін міндетті түрде олардан өркениеттілік тәжірибесін үйренеді. Қоғамды рухани, әлеуметтік және саяси дағдарыстан шығарудың әлемдік тәжірибедегі ең оңтайлы сынақтан, өткен жолы-қоғамдық қатынастарды демократияландыру. Мемлекеттік идеологияны демократияландыру өте маңызды. Демократияны ел тәуелсіздігін нығайтудың негізгі механизмдердің бірі деп есептеуге болады.

Қазақстан «демократияланудың үшінші толқынына» міндетті түрде қатысады. Себебі, бұл әлемдік толқыннан ешбір ел тысқары қала алмайды. Әлеуметтік әділеттілікті қорғаудың, адамның бостандығын қамтамасыз етудің, биліктің ел халқының алдында жауапты болуының мемлекеттің ортақ қазынасы мен байлығының жұртқа адал бөлінуінің, халықтар мен адамдар теңдігінің, саяси элита мүшелерінен бастап, қатардағы азаматтарға дейін заңға бағынудың, қоғамдық қатынастардың барлық салаларының заңы мен реттелуінің кепілі – тек демократия. Демек, идеологиялық кешен демократия принциптері мен қағидаларын үнемі насихаттап, оны қабылдау және үйрену жолдарын көрсетіп беріп отыруға тиісті. Қоғамды жақсартудың демократиядан өзге жолын әзірге адамзат ойлап таба алған жоқ. АҚШ саясаттанушылары А.Тоффлер мен С.Хантингтонның деректері бойынша, XX ғасырдың 30 жылдарына дейін 29 ел демократиялы болса, 60 жылдары тағы да 36 мемлекет демократияны таңдаған, 90 жылдар басында әлемдегі 163 мемлекеттің 91-і демократиялық ел болды. Осыған қоса тағы да 35 ел демократияны таңдаймыз деп жариялаған. Яғни, әлем мемлекеттерінің басым көпшілігі авторитарлық этатистік басқару тәсілдерінен демократияға қарай бетбұрыс жасаған. Қазір әлемдегі мемлекеттердің 70 пайыздан астам өздерін демократиялық және құқықтық мемлекетпіз деп жариялаған.

Сонымен бірге, демократияны уағыздағанда және іске асырғанда ерекше есепке алатын мынадай жағдайлар бар. Бір елдегі демократиялық жүйенің екінші елге толық көшіп, қабылдануы қате. Мысалы, АҚШ-тың, Германия және Францияның саяси демократиялық жүйелерін ешбір ел сол қалпында қабылдап отырған жоқ. Демократия принциптері мен элементтері әр елде сол елдің саяси жүйесінің табиғатына сәйкес дамиды екен. Демократия институттары мен демократиялық ойлау жүйесін асығыс 5-10 жылда жасаймыз деу – қиялшылық.

Әлемде демократия эволюциялық үрдістер арқылы қалыптасқаны мәлім. Оның қозғаушысы да саяси элита болады. Нағыз халық қамын ойлайтын саясаткерлер Қазақстанда демократиялық қоғамның эволюциялық жолмен ғана қалыптасуын жақтайды деген ойдамыз. Демократия - саяси элитадан басталып халықтың санасын, мәдениетін және мінез-құлқын тәрбиелейтін күрделі феномен. Оның принциптерін, механизмдерін, іске

асырылу бағыттарын айқындап халыққа жеткізетін, демократияны үйрететін құрал да – идеология.

Қазақстанды баянды өркендетудің тағы бір жолы - әлеуметтік оптимизм. Бұл дегеніміз - ел келешегіне деген сенім. Адамдар мемлекет пен қоғам болашағына сенімді болғанда ғана ол мемлекет қуатты болады. Сенім – батыл қимылдар жаңашылдық, жанпидалық еңбек пен отаншылдық кепілі. Сенім адамдар өмірін орнықты арнауға бастайды. Олар өз елін көркейтудің, еңбек етудің жаңаша жолдарын қарастыруға мүмкіндік алады. Сондықтан саясат пен идеологияда тек шындық айтылуы керек. Шындық қоғамды жетілдірудің ең тиімді әдісі.

Қазақстанның мемлекеттік идеологиясы жеке бір саланы қамтымайды. Идеологиялық мәндегі қағидалар өнер, әдебиет және кино өнері арқылы да іске асып жатады. Бірақ бұл мәселенің екі жағы бар. Жалпы, әдебиет, өнер салаларының өзіндік рухани ұстанымы бар. Оны идеологияға бағындыру зиянды. Ал бұларда идеология элементтерінің кездесуін өмірді көркем суреттеудің күрделенгеніне байланысты деп білу керек. Саясат, өнер, әдебиет және идеология қажетті жағдайда бірінің жүгін бірі көтеріп жүре алады. Мұны естен шығармаған жөн.

Адам жөнделмей, оның тәрбиесі, санасы, пиғылы мен іс – қимылы жөнделмейді, қоғамның да жөнделмейтіні ақиқат. Абай көксеген «толық адам» Шәкәрім армандаған «түзу адам», ұлы ойшыл әл – Фараби көксеген «қайырымды қала тұрғындары» - бүінгі біздің арманымыз демек, өсеміз, өркендейміз, тәуелсіздігімізді баянды етеміз десек, тағы да күн тәртібінде адам және адамгершілік, адам мәселесі болуы тиіс. Шешімін таппас өзге мәселелер ешқайда қашпайды. Сондықтан қоғамдағы билік пен саясат адам факторына бет бұрыс жасауға міндетті.

Дағдарысты жеңіп, дамудың сара жолына түсу үшін қазақстандықтарды біріктіретін идеялар керек. Әрине, оны біріктіретін негізін қазақ этносының ұлттық идеялары құрайды, Қазақстанның тәуелсіз ел болып өмір сүруі қазақ ұлтының өмір сүруіне байланысты. Ел идеологиясында Қазақстан – қазақ ұлтының тарихи Отаны екендігі, қазақ халқының тілінің, дінінің, салт- дәстүрлерінің сақталып нығаюы, оның жеке мемлекетінің тарихи кеңістікте өмір сүруінің кепілі екендігі үнемі айтылып, насихатталып және іске асырылып отыруға міндетті.

Қазақстан мемлекеті идеологиясының тірегі, негізгі – қазақтың ұлттық идеологиясы. Себебі, қазақ ұлты елдегі 16,7 миллион халықтың 10,2 миллионын (немесе 64% астамы) құрайды. Тарихи және әлеуметтік, әділеттік принциптеріне жүгінсек, қазақ этносының ұлттық мүдделерін қорғайтын ұлттық идеология өмір сүруі тиіс.

Әрине, сонымен бірге ұлттық идеология жалпы Қазақстандық мақсаттарды уағыздайтын мемлекеттік идеологияға қайшы келмеуге тиіс. Полиэтникалық елде ұлттық мүдделердің мемлекеттік жүйесі мен бірлікте шешілгені дұрыс. Ұлттық мүдделерді жеке бөліп алып, оған өзге ұлттардың назарын аудара отырып, айғайлату, жалаулату – еш уақытта оңды нәтиже бермейді. Қазақтың ұлттық мүдделерінің мемлекеттік деңгейде көтеріп, мемлекеттік қажеттілік ретінде шешу тиімді. Сонда ғана этнос аралық наразылықтар тумайды.

Сонымен идеология мемлекеттік деңгейде қызмет етсе оның мақсат-міндеттері мемлекеттің өзекжарды мәселелерін халыққа түсірдіруге, оларды насихаттауға және мемлекеттік басымдылықтарды орындауға топтың идеологиясы сол топқа қатысты тар міндеттермен шектеледі. Идеология әр кезде саяси мақсаттарға қызмет етіп олардың іске асуына жағдай туғызатын субъективті күш ретінде көрінеді.

## Қазақстандағы этносаясат негіздері

Адамзат қоғамының бүгiнi мен келешегiне аса пәрмендi ықпал жасайтын құбылыстардың бiрi – ұлт мәселесi. Себебi, адамзат цивилизациясы келбетiн айқындайтын шешушi күш полиэтникалық мемлекеттер болып табылады. Демек, ұлт мәселесi әлемдiк, планетаралық мәселелер қатарында. Электрондық революция, жаһандық экономикалық интеграция, халықтардың шаруашылық және мәдени унификациялануы, ортақ ақпараттық және бiлiмдiк кеңiстiктi жасайтын информациялық революциялар заманында ұлттық болмыс, ұлттық тiл, ұлттық сана мен тарих мәселелерi ХХ ғасырдан ХХI ғасырға бiр мысқал да маңыздылығын жоймай ауысуда. Ғасырлар тоғысар тұста «этникалық топырақ», этникалық себептер салдарынан әлемнiң көптеген аймақтарында аса қуатты қайшылықтар болып жатыр. Көптеген әлемдiк шиеленiстер мен қақтығыстар артында этникалық себептер тұрғаны ақиқат. Кешегi мызғымастай болып көрiнетiн, қуатты Кеңес Одағының күйреуiне себеп болған да 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғаларынан басталған ұлттық қозғалыстар, Солтүстiк Ирландия, Күрдiстан, Ауғанстан, Тәжiкстан, Шешенстан, Приднестровье ауданы т.б. өлкелерде болған немесе әлi де жүрiп жатқан қантөгiс қақтығыстардың түп-тамыры ұлттық себептерде. Көптеген аймақтарда ұлт мәселесiнiң, этникалық өмiрдi жандандыруды қамтамасыз ету, өзiн-өзi билеу мәселесiнiң шешiмiн таппауы, этносаралық қайшылықтарға және қақтығыстарға себеп болуда. Мысалы, Югославиядағы серб басшыларының албан тобына қарсы этноцидтiк саясатынан үлкен соғыс туғанын көрдiк.

Сонымен этникалық дағдарыстар салдарынан туындайтын қақтығыстар мен қайшылықтарды болдырмаудың негiзгi жолы – этникалық татулықты сақтау.

Қазiргi қоғамда интернационализациялау мен бiрiгу объективтi заңдылық болғанымен планета өзiнiң көп ұлтты, көп нәсiлдi және көп дiндi келбетiн сақтауда. Әр этностың өзiне тән жеке белгiлерiн жойып, орта халық жасау мiндетi күн тәртiбiнде жоқ. Халықтардың бiрiгiп жақындасуы объективтi тенденция болғанымен этникалық ерекшелiктердiң де сақталып, дамуы да сондай объективтi заңдылық ретiнде қалып отыр. Әлемдегi 220 мемлекеттiң 180-i полиэтникалық елдер. Жер шарында халықтар саны 2000-дай



болып, 5,5 мыңдай тілдерде сөйлеуде. Сондықтан этникалық - ұлттық мәселелерді зерттеу, этносфераны позитивті бағытта модернизациялауға қабілетті ұлт саясатын жүргізу көп ұлтты мемлекеттің қайсысы үшін болмасын маңызды.

Этникалық татулық пен қоғамдық келісімді сақтау болмаған жерде мемлекеттің талқаны шығуы ықтимал. Сондықтан этношындықты зерттеу, этносфераның дамуын реттейтін ғылыми негізделген ұлт саясатының концепциясын жасау этносаясаттану ғылымының приоритетті міндеттерінің бірі. Полиэтникалық мемлекеттер өзінің халықтарының дамуында қандай мәселелер туындап жатыр, шешілмеген мәселелер мен түйіткілдер бар ма? Осы мәселелер ұдайы зерттеліп, сарапталып отыруы шарт.

Қазақстан үшін де этникалық үрдістерді үнемі реттеп отыру саясаты аса қажет. Себебі, Қазақстанда саяси экономикалық жүйелердің алмасуы жағдайында күрделі этнодемографиялық, этноәлеуметтік және этносаяси процестер жүруде. Полиэтникалық Қазақстан халқы елдегі 131 ұлт пен этникалық топтар арасында татулық пен этносаралық интеграция болмаса тәуелсіз мемлекетте келешек болмайтындығына көз жеткізіп отыр. Елдегі этношындыққа талдау жасасақ «ұлт мәселесінің» қазақстандықтар үшін маңызының арта түскенін сезінеміз. Себебі, транзитті қоғам жағдайында демографиялық дағдарыс тереңдей түсті. Қазақстан халқы саны 1989 жылғы 16,2 млн. адамнан 1999 жылы 14,9 млн. адамға дейін немесе 7,7 пайызға азайды. Халықаралық миграцияның мөлшері де тым асқынып кетті. 1991-1998 жылдар арасында Қазақстан халқының саны таяу және алыс шет елге қоныс аударғандар есебінен 1462,4 мың адамға азайды. Ал әр қазақстандықтың жылдық табысы 1989-1996 жылдар аралығында 2200 американ долларынан 620 долларға дейін кеміген. Тек 1997 жылдан бастап ел дағдарысты еңсере бастады. 2010 жылы бұл көрсеткіш 7000 АҚШ долларына жетті. Халақ саны осы жылы ғана 16 миллион адамнан асты.

Бір сөзбен айтқанда, ел жұртымыздың әл-ауқаты төмендеп, кедейлену мен тоқырау етек жая түскені өтпелі кезеңнің шындығы.

Қазақстанда автохонды этностық тілдің дағдарысы, этникалық топтардың ұлттық талап-тілектерінің орындалмауы, мемлекеттердің балабақша, мәдени-ағарту мекемелері мәселелерінің шешілмеуі, аз халықтар өкілдерінің іс жүзінде

құқықтарының шектелуі этникалық нәзік қатынастар да қайшылықсыз емес екендігін дәлелдейді. Ол мәселелер сағат механизміне жалғанған мина тәріздес. Шешімін таппасақ сәті келген уақытта ұлттық- этникалық жарылыстар қаупі сақталады. Сондықтан этникалық өмірден туатын мәселелерді ғылыми негізде, әділетті шешетін кешенді ұлт саясаты концепциясын жасаудың тағдырлық маңызы арта түседі. Ресми саясатта Қазақстан адам өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қастерлі құндылықтар ретінде бірінші кезекке қояды. Экономикалық даму, этноәлеуметтік модернизация, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, Қазақстанның игілігіне жұмыс істеу мемлекет қызметінің негізгі принциптері ретінде қарастырылады.

Осы мақсат-мүдделер мен өркениеттілік белгілерін шындыққа айналдыра аламыз ба? Міне, алдымызда осындай айқын мақсат тұр.

Оған жету жолы экономикалық және әлеуметтік модернизациялау жетістіктеріне ғана емес, еліміздегі ұлт саясатының пәрменді де кешенді жүргізілуіне тәуелді екені әркімге де түсінікті болса керек.

Біз төменде тәуелсіз жас Республикамыздың этносаясат негіздері қандай проблемаларды қамтуы керек деген сұрақ төңірегінде ой-пікірімізді ортаға салып көрмекпіз. Ең алдымен Қазақстан Республикасының тоталитарлық әлеуметтік-саяси жүйеден өркениетті, демократиялық жүйеге өту жағдайына сай ұлт саясатының кешенді бағдарламасы жасалуы тиіс деген пікірде екенімізді айттық.

Бұл бағдарламада қазіргі этношындық ерекшеліктері көрсетіліп, этносаралық интеграцияны дамыту жолдары анықталуға тиісті. Қазақстан халқының рухани-мәдени дағдарыстардан шығу жолдары нықталуы тиісті. Қазақстан қоғамы экономикалық-әлеуметтік дағдарыстардан шығу мәселесімен бірге өріліп жатыр. Осы тұрғыдан ұлт саясатының пәрменділігін арттыру ісін мемлекеттік ресми идеологияның басты мақсат-мүддесінің бірі деп қарастырғанымыз жөн.

Мемлекеттік идеология адамгершілік идеологиясы фундаментінде жасалып, мазмұндық құрылымы жағынан "Үш шеңбер" – ұлттық идеология жалпы Қазақстандық мемлекеттік идеология және жалпы азаматтық жаһандық идеология негізінде қаланса жарасымын табар еді. Сондай-ақ Қазақстандағы ұлт

саясаты бағдарламасының аса маңызды ерекшелігі біздіңше, ондағы Абай, Шәкәрім т.б. Алаш ойшылдарының философиялық және адамгершілік мұра-өсиеттерінің елеулі орын алуында болмақ.

Транзиттік қоғамның саясаты бағдарламасында әрине, қазіргі ұлт саясатының ерекшеліктері, принциптері және этникалық қатынастардың даму бағыттары анықталуға тиіс. Сонымен бірге елдегі тіл саясатының, этнодемографиялық саясаттың және мәдени саясаттың этносаясаттағы орны мен ролі көрсетілуі керек.

Қазақстандағы ұлт саясатының маңызды арнасының бірі ретінде ғасырларға созылған отаршылдық пен тоталитарлық жүйе құрбаны болған қазақ этносының рухани сферадағы даму басымдығы идеясы ғылыми негізін тауып жатса құба-құп. Бұл идея тіпті Қазақстан қоғамын дағдарыстан шығарудағы шешуші рухани фактор ретінде қарастырылса қате емес. Ал қазақ этносын рухани дағдарыстан шығарудың кешенді шаралары алдында тілдік дағдарыстан шығару проблемасы қойылса дұрыс болар еді. Ол үшін мемлекеттік тілді дамыту арналарын кеңейтуге байланысты нақты ұсыныстарды, механизмдерді атап көрсету абзал. Сондай-ақ билік субъектілерінің мемлекеттік тілді өркендеуге бағыттайтын шараларын нақтылап алғанымыз артық емес.

Елдегі этносаяси, этнодемографиялық және этнопсихологиялық ахуалға сәйкес этносаралық келісім мен татулықты нығайту мақсатында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және ұлттық бірегейлену үрдістеріне кең жол ашу, сөз жоқ, пайдалы шаралар. Тоқ етеріне келгенде қазақстандық патриотизм мен ұлттық бірегейлену парадигмаларының жеке адамды саяси тәрбиелеудегі және этноинтеграциялық үрдістерді жылдамдатудағы, еліміздегі этносаяси қауымдастықты нығайтудағы маңызы назардан тыс қалмауы керек.

Әрине, постсоветтік қазақстандағы ұлт саясаты мен ұлт мәселесі осы уақытқа дейін зерттелмей келген проблемалар қатарында емес. Сонымен қатар, этносаясат ғылымында жаңа ұлт саясатының ерекшеліктері, негізгі бағыттары мен принциптері туралы қалыптасқан біртұтас көзқарастар жүйесі әлі жоқ. Бұл жағдайдың ресми мемлекеттік ұлт саясатына кері әсер ететіні даусыз. Мемлекеттік идеология пәрменді қызмет етуі үшін аталған мәселелер шешімін табуы керек. Ең алдымен ұлттың, этностың қалыптасуы хақында ғылыми дұрыс көзқарас аса қажет.

Этноәлеуметтік және этносаяси қатынастардың күрделілігі, әр алуандылығы және сол елге тән өзіндік қайталанбас ерекшеліктерінің болуы ұлттық процестерді жеке бір концепцияға, немесе схемаға сиғызуға мүлдем болмайды деген сенімге әкелді. Ұлттық белгілер мен сапаларға ие болу үшін міндетті түрде белгілі бір тарихи сатылардан өтуі шарт емес. Ұлттар, этностар қалыптасуы капиталистік немесе социалистік даму кезеңдерінде ғана емес, тарихи дамудың әртүрлі сатыларында өте береді. Әр халықтың тарихи тағдырларына байланысты, биографиялық, шаруашылық және әлеуметтік саяси ерекшеліктеріне қарай этнос жасаушы белгілері әртүрлі болды. Этнос жасаушы белгілерді белгілі бір схемаға сидыруға ұмтылу осы уақытқа дейін өзін-өзі ақтамай келеді. Кеңес одағы жағдайында «ұлт» халықтың дамуының жоғарғы сатысы, ал ұлттық сапалар этностық сапалар негізінде болады деп келдік.

Ал қазіргі әлеуметтік ойда «ұлт» ұғымы кең ұғым. Мысалы, американдық ұлты ондаған этностар мен этникалық топтарды біріктіреді, ал Ресейде, Қазақстанда жағдай өзгеше.

Біз ұлт болу үшін келесі этносжасаушы белгілерді бірінші кезекке қоямыз. Халықтың өзін жеке этнос ретінде сезінуі үшін ортақ этногенетикалық тек, ортақ тіл, ортақ салт-дәстүрлер мен дін (менталитет), ортақ тарихи тағдыр және осылардан туындайтын психологиялық ерекшелік қажет деген методологиялық үлгісі дұрыс деп санаймыз. Ортақ шаруашылықтың, ортақ территорияның, ортақ мемлекеттің болуы, сөз жоқ қажетті және маңызды. Бірақ-та осы үш этносжасаушы белгілер ұлт болып қалыптасу үрдісінде міндетті емес. Оған еврей ұлт өкілдерінің әлемнің барлық елдерінде дерлік шашылып жүрсе де бір ұлт болып өмір сүру, қазақтардың 41 елде болуы, орыстардың 80-ге тарта елде өмір сүруі тағы да басқа нақты дәлелдер бар. Қысқасы - әлемдік тәжірибеде көптеген этностар ортақ экономикасы, территориясы және мемлекеті болмаса да жеке бір ұлт өкілдері ретінде өмір сүруде.

Демек, этносжасаушы белгілер барлық халықтарда бірдей. Ал этностар дамуы белгілі бір схемаға сияды деген пікірлер жаңсақ, қате. Бұл күрделі құбылыс экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және этнодемографиялық даму заңдылықтары мен ерекшеліктерге тәуелді. Қазақстанға келсек, ол бір ұлттың, бір этностың тарихи

Отаны. Бүгінгі таңда қазақ этносы түрлі жағдайларға байланысты елімізге тұрақтаған этникалық топтармен бірігіп, жаңа этноәлеуметтік қауымдастық – Қазақстан халқын құруға ұмтылып отыр. Бұлай болу жаңадан суперэтнос жасау емес. Қазақстан халқы – қазақ ұлтымен бірге өмір сүріп жатқан 130-ға тарта этникалық топтардың этносаяси қауымдастығы. Ресми саясатта Қазақстан азшылық этникалық топтарды ассимиляциялау саясатын жүргізбейді. Қазақстандық патриотизм және ұлттық бірегейлену үрдісі қазақстандықтарды ортақ мақсаттар мен ортақ дүниетаным іргесінде достастыруды, өзара келістіруді көздейді. Титулды қазақ ұлты басқа этникалық топтарды өзіне қаратып, суперэтнос жасауды мақсат тұтқан ұлт емес. Рас, кейбір елдерде халықтардың этногенетикалық тектерінің әртүрлілігіне қарамастан жаңа ұлттардың қалыптасуы болады. Американдық ұлты, мысалы, азаматтық және мемлекеттік бірлік негізінде жасалып отыр. Мұндағы этникалық топтар этногенетикалық тектердің әртүрлілігіне қарамастан ортақ тіл, ортақ мақсаттар, ортақ территория мен ұлттық шаруашылық бастауында қуатты және жас американдық ұлтын қалыптастырды. Американдық ұлтын жасауда англосаксондық текті этникалық топтар шешуші роль атқарады. Бірақ бұл модельді барлық мемлекеттерге келетін модель ретінде тануға да болмайды. Қайталап айталық, этнологияда, этносаясаттануды этносжасаушы белгілер мәселесі әлі де толық теориялық шешімін тапқан жоқ.

Қазақстан этносаясатында басқа мемлекеттерге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктер болуы заңды. Еліміздегі этносаясат ерекшеліктеріне біздіңше, төмендегі мәселелерді жатқызуға болады:

- қоғамның транзиттік сипаты этникалық қатынастарды ұдайы өзгерісте ұстайтынын ескерту қажеттілігі;
- елдегі екі халықтың қазақ ұлты мен орыс диаспорасы өкілдерінің шешуші рольге ие болуы және қоғамдық–саяси өмірге басымдылығы;
- билік субъектілерінің қоғамдық келісім, этникалық татулық саясатын белсенділікпен жүргізу және ұлттық ұйымдардың іс-әрекетінің, ұлттық сананың жандануы;
- көп этникалық, көп дінді халықтар өкілдерінің ғасырлар бойы қалыптасқан бейбіт өмір сүру тәжірибесінің болуы, өзара

сыйластық және достық дәстүрлерінің посттоталитарлық қоғамда сақталуы және нығая түсуі;

- қазақстанның геосаяси және геоэкономикалық жағдайының ұлттық өмірге ықпалының пәрменділігі. Әсіресе, Ресей мен Қытай факторларының елдегі халықтар көңіл-күйіне, этносаяси және этноәлеуметтік ахуалға үнемі әсер етуі;

- ашық қоғам орнату жағдайында әлем мемлекеттері қауымдастығының, өркениет үрдістерінің елдегі этникалық ахуалға тікелей ықпалының күшейе түсуі;

- азшылық этникалық топтардың ұлттық талаптарын шешу мәселесі маңызының артуы және ішкі, сыртқы миграцияның өсуі нәтижесінде елдегі демографиялық ахуалдың нашарлауы.

Осы аталған жайлардан еліміздегі этносаясаттың қаншалықты күрделі екенін аңғаруға әбден болады.

Елдегі этникалық өмір ерекшеліктерінен транзиттік қоғамдағы ұлт саясатының келесідей негізгі бағыттары туындайды:

- әуелі ғасырлар бойы орталық және тоталитарлық жүйе езгісінде болған қазақ этносын рухани және тілдік дағдарыстардан құтқару қажеттігі;

- және ел халқының үштен бірін құрайтын орыс диаспорасының мақсат-мүдделерінің ерекше назарда болуы, сондай-ақ, жалпы саны 120-ға тартатын азшылық этникалық топтардың рухани және әлеуметтік өмірін жандандыру шараларын жүргізу.

Сонымен бірге ел конституциясы принциптеріне сәйкес этникалық мәселе мен жеке адам құқығы мәселесі басымдығын мақсат тұтатын жаңа ұлт саясатын қалыптастыру. Осы саясатты іске асыруда бүкіл саяси жүйенің және әлеуметтік институттардың ролдерінің артуы.

Осы көрсетілген басты бағыттардың ішкі мазмұнын төмендегі қағидалар аша алатын сияқты:

1. Ұлт саясаты мен мемлекеттік идеология ел халқының этносаяси қауымдастығын, этникалық татулық пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталуы.

2. Жаңа этносаяси және этноәлеуметтік қауымдастық – Қазақстан халқының қалыптасуы барысында елдегі азшылық этникалық топтардың жақындасып, ассимиляциялануы мәселенің күн тәртібінде болмауы.

3. Ұлт саясатының квинтеэссенциясы (өзекті мәні) адам құқығының қорғалуы және жалпы адамзаттық құндылықтардың приматтылығының айқындалуы.

4. Оқу-тәрбие жүйесі мен бұқаралық ақпараттар құралдары арқылы ұлы Абайдай даналардың үлгі сөзі, ақыл-өсиеті кеңінен таралуы.

5. Елдегі диаспоралар этникалық азшылық топтарының орналасуының дисперстік (шашыраңқылық) жағдайына байланысты этникалық мәселелер шешуге жергілікті басқару органдары мен билік субъектілерінің араласуының күшейе түсуі.

6. Титулды қазақ этносының тілін, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтай отырып, рухани дағдарыстан шығу мәселесінің ерекше күн тәртібінде тұруы.

7. Этникалық қатынастарда ежелден қалыптасқан позитивті тәжірибені ұмытпай, оны өскелең ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану.

8. Сепаратизмге және ұлтшылдыққа, шовинизмге тойтарыс берудің ең тиімді жолы ретінде Қазақстан халқының этносаяси қауымдастығын нығайта беруі.

9. Еліміздегі діндер мен діни конфессияларға қамқорлық жасай отырып, олардың рухани потенциалын гуманистік тәрбиеде пайдалану.

Әрине, елдегі этникалық саясатты осы айтылған қағидалар толық қамтиды деуден аулақпыз. Сөз жоқ, этносаясатты зерттеу және тәжірибеде іс барысында оның принциптік қағидалары жаңарып отырмақ.

Қазақстандағы этносаясат негіздері сияқты күрделі проблемаларға қалам тартып, шамамыз келгенше қарастырып өттік. Оның толықтай түйіні – терең ойластырылған жалпымемлекеттік этникалық саясат ауадай қажет деген пікірге саяды. Ғылыми-тәжірибелік оң нәтижелерді бойына сіңірген бағдарлы этносаясат қоғамымыздың позитивті бағытта дамуын қамтамасыз ететіні маңызды әлеуметтік–саяси тетігіміздің бірі екендігі ешкімге күмән туғызбаса керек.

## «Қазақстандық ұлт» ұғымы туралы

Қазақстан қоғамы жаңа сапалық қалыпқа ие бола бастады. Нарықтық экономика мен түбегейлі өзгерген саяси жүйе өмірге келді. Ел өркениетті мемлекеттердің әлемдік көшінің қатарына енді. Ғаламдану үрдістері қоғамдық қатынастардың барлық салаларынан байқалуда. Сонымен қатар әлемдік қауіптер мен қайшылықтар салдарлары да ел өміріне тереңдей енуде. Қазақстанның ішкі әлеуметтік шындықтарынан туатын қайшылықтар мен қауіптер де баршылық. Сондай мәселенің бәрі елдегі этникалық қатынастар мәселесі. Полиэтникалық және поликонфессиялық Қазақстан үшін ұлт мәселесінің маңызы күн тәртібінен түскен жоқ. Кейбір ғалымдар елде ұлт мәселесі жоқ, ұлт мәселесі дегенді марксистер ойлап тапқан, бұл мәселе социалистік революция жасау үшін қажет болған еді,- деген мүлдем жаңсақ пікір айтып жүр. Шындығында «ұлт мәселесі» әлемдік саяси – экономикалық дамудың империализм сатысы кезеңінде шиеленісті. Себебі ХХ ғасырдың басында әлемдік басым империалистік державалар әлемдік экономикада өз ықпалын жүргізуге, байлықтарды бөлуге таласты күшейтіп, ондаған ұлттардың мүдделерін аяққа таптай бастады. Көптеген мемлекеттерде ұлттар мен халықтарға тәуелсіздігінен айрылу немесе экономикалық шикізат көзіне айналу қауіптері күшейді. Сондықтан ХХ ғасыр басындағы таластар мен қайшылықтар ұлт мәселелеріне аса күшті назар аударуды талап етті. Бұл мәселені шешпейінше әлемде тыныштық болмайтынын алғашқы түсінгендер Батыс мемлекеттерінің, соның ішінде австриялық социалистер болатын. Олардың көзқарастарын кейінірек революцияшыл марксистер жалғастырды. Себебі, ұлттар арасындағы қайшылықтар әлемдегі негізгі қайшылықтарға айналып, соғыстар тұтана бастады. Империалистік мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды марксистер оларды әлсіретуге пайдалануға ұмтылды. Олар үшін езілген бұратана халықтардың бостандық алуы мәселесі маңызды болды. Езілген, қаналған халықтардың азаттық күресін пролетарлық революциялар жеңісі үшін одақтас ретінде пайдалануға болатын. Ресейде большевиктер «ұлт мәселесін» социалистік революция мәселесімен тамаша ұштастыра алғаны белгілі. Өкінішке орай социализм ұлт мәселесін шешіп тастай алған



жоқ. Сонымен қатар Кеңес Одағының құрамына енген халықтар аса күрделі, табиғаты қиын ассимиляциялану үрдісіне тап келді. 200-ге жуық ұлттардың тілдік, мәдени және этникалық дегредациялануы күшейе түсті. Бұл қайшылық социализмнің негізгі қайшылықтарының біріне айналып, Кеңес Одағының күйреуіне әкелді. Бұл құбылыстан «ұлт мәселесін» жауып тастаудың немесе ұлттық өмірден туындайтын мәселелерді жоққа шығарудың аса қауіпті екендігін байқаймыз.

Кеңес Одағы күйрегеннен кейін де ұлттық өмір мәселелері көптеген аймақтарда теке-тірестер мен соғыстар себебіне айналды. Приднестровье, Шешенстан, Таулы Қарабақ, Абхазия, Оңтүстік Осетия сияқты ұлттық анклавтардағы халықтардың тәуелсіздік пен ұлттық мемлекет құру жолындағы қарулы күрестері толастар емес. Абхазия мен Оңтүстік Осетия халықтарының егемендікке ұмтылысы Ресей мен Грузия мемлекеттерін қарулы соғысқа дейін әкелгені белгілі. Мемлекеттердің геосаяси мақсаттарында ұлт мәселесі әртүрлі дәрежеде орын алады. Әлемдік басым державалар ұлт мәселесін өздерінің экономикалық мүдделерін, геосаяси мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланады. Ал жергілікті, бодан халықтар үшін ұлттық билікті, тілді, дін мен мәдениетті сақтау маңызды. Олар өз байлықтарына өздері қожа болғанын көксейді.

Қазақстан үшін де ұлт мәселесі жуықтағы болашақта күн тәртібінен түспейді. Себебі, Қазақстан халқының ұлттық өмірінде шешімін таппаған мәселелер жетерлік. Алдымен олар титулды ұлт болып отырған қазақ ұлты өмірімен байланысты. Қазақ ұлты егемен ел болса да өзінің ана тілін, мәдени құндылықтарын, тарихи санасы мен ділін өз дәрежесінде дамыта алмай келді. Осылай бола берсе міндетті түрде қайшылықтар болатыны ақиқат.

Қазақ ұлтының этникалық өмірінің қалыпты дамуы жолына көптеген жасанды бөгеттер қойылуда. Тәуелсіз ел болған соң қазақ халқының барлық мәселелері өздігінен, біртіндеп шешілді деген психологиялық ахуал қалыптасуда. Қазақ ұлтының этникалық бет-бейнесін, ұлттық мазмұнын сақтайтын құндылықтардың көмескіленуіне жол берілуде. Әсіресе, тілдік дамудағы олқылықтар қазақ ұлтының өкілдерін алаңдатады. Ақпараттағы орыс тілінің басымдылығы, шаруашылық пен қаржы жүйесінде қазақ тілінің артта қалуы, орыс тілінің Қазақстандағы атқарушы биліктің тіліне айналуы қазақ тілін жою жағдайына қарай әкелуде. Мемлекеттік тіл

тағдырына қазақ этносының тарихи аренада сақталуы мен өмір сүруі мәселесі тікелей байланысты болып қалуда.

Сондықтанда бүгінгі Қазақстанда ұлт мәселесі жоқ деу мүлдем жаңылысу болып табылмақ. XX ғасырдың XXI ғасырға мұра етіп қалдырған әлеуметтік шындығы-ұлт мәселесі. Қазақстанда қазақ ұлты бар. Ол объективті шындық. Францияда француз ұлты, АҚШ-та американ ұлты, Ресейде орыс ұлты, Қытайда- хань ұлты, Өзбекстанда- өзбек ұлты шешуші рөл атқарса, Қазақстанда қазақ ұлты шешуші рөлге ие болмақ. Қазақстан халқы, қазақ елі, қазақ жұрты ұғымдары қазақ ұлты ұғымына мағынасы жағынан туыстас ұғымдар. Олардың барлығы Қазақстанда тұратын халыққа қатысты ұғымдар. Қазақ ұлты мен елдегі диаспоралар бірігіп, Қазақстан халқын құратыны ақиқат. Елдегі халықты қазақ жұрты, қазақ елі деп жалпылай атау тұрмыстық сана деңгейінде XIX ғасырда да, XX ғасырда да болып келді. Бүгін де осы ұғымдар бар. Бірақ «қазақ елі», «қазақ жұрты» ұғымдары қазақ ұлты парадигмасын алмастыра алмайды. Қазақ ұлты ұғымы қазақ этносының мәнін және табиғатын ашатын ұғым болып қала береді. Ұлт ұғымы қазақтың тілдік, этногенетикалық, психологиялық, салт-дәстүрлік, мәдени, әлеуметтік-экономикалық біртұтастығының белгісі іспеттес шешуші ұғым.

Кейінгі жылдарда билік құрушы элита өкілдері «қазақстандық ұлт» мәселесін көп көтеріп жүр. Елдегі ұлт пен ұлыстардың даму перспективасын «қазақстандық ұлтпен» байланыстыруды көздейді. Орыс тілді саяси элитамен бірге қазақстандық ұлт қалыптастыру мәселесін орыс тілді БАҚ көтеріп жүр. Сонымен бірге, бұл идеяның авторлары қазақтың орыс тілді интеллектуалдық элитасы екендігін де айтуымыз керек. Олар Қазақстан халқының даму перспективасын «қазақстандық ұлт» қалыптасуымен байланыстырады. Бұндай ұлт елдегі жүзден астам этникалық топтар мен диаспоралардың өзара жақындауы және ассимиляциялануы жағдайында қалыптаспақ. «Қазақстандық ұлт» құрамына елдегі мемлекет жасаушы этнос қазақ ұлты да кіруге тиісті сияқты. «Қазақстандық ұлт» американдық ұлт сияқты жаңа, жасанды әлеуметтік қауымдастық болмақ.

Біздің пікірімізше бұл идея Қазақстандағы этношындыққа сәйкес келмейді. Қазақстанда жаңа «қазақстандық ұлт» жасаудың экономикалық та, әлеуметтік те, саяси да қажеттілігі жоқ. Бірақ,

бұл идея орыс шовинистері мен космополиттердің саяси мақсаттарына жауап береді. Себебі, олар Қазақстанда күннен күнге күшейіп, нығайып келе жатқан қазақ ұлтының даму үрдістерінен қорқады. Қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарының толық жеңіске жетуі осындай мүдделі топтардың саяси-экономикалық мүдделеріне қайшы. Олар өз мақсаттары жолында «адам», «жеке меншік», «демократия», «тұрақты даму» идеяларын ұсынады. Бұған дау жоқ. Өкініштісі қазақ ұлтының негізгі құндылықтарын даму басымдылықтары ретінде үнемі жоққа шығарып отырады. Қазақтың ұлттық құндылықтары жалпы адамзаттық құндылықтардың құрбаны етіледі. Шынтуайтына келгенде бұл екеуінің диалектикалық жарастығына жету саясатын неге басшылыққа алмасқа. Қазақ тілі, өнері, мәдениеті, тарихы мен діні мемлекеттік біріктіруші идеяларға, ұлттық идеяға айналуы қажет. Барлық халықтар қазақ ұлтына біріккені бүгінгі этносаяси шындыққа жақын.

Қазақ ұлты жалпы адамзаттық даусыз құндылықтарды қабылдай, дамыта отыра өзінің ұлттық мақсат-мұраттарын іске асыра алатындығына сенім бар. Елдегі этнодемографиялық ахуал қазақстандық ұлт емес қазақ ұлты өсіп келе жатқандығын дәлелдейді. 1991 жылы елде автохтонды этностың үлес салмағы 41%, 6 млн. 800 мың адам болса, 2010 жылы 64% , немесе 10,2 млн. адам болды. Қазақтардың үлес салмағы 19 жылда 25 пайызға артып 3 млн 400 мың адамға көбейді. Қазақ тілділер көбейіп, орыс тілділер азая беру жағдайында жаңа жасанды ұлт қалыптаса ала ма? Әрине, қазақ ұлтының дамуына, елдегі демографиялық ахуалға әлемдік процестер өз әсерлерін тигізбей қоймайды. Мектеп оқушыларының 74 пайызын қазақтың ұл-қыздары құрап отыр.

Әлемдік жаһандану үрдістері жүздеген халықтардың этнос ретінде өздерінің ұлттық келбеттерін, дінін, реңкін, тілдерін сақтауына мүмкіндік бермейді. ХХІ ғасыр аз санды этностардың ассимиляциялануы, жоғалып кетуі процесі жылдамдайтын ғасыр болатын сыңайы бар. Оның объективті себептеріне ортақ әлемдік шаруашылық және сауда кеңестігінің қалыптасуын, ғылыми-техникалық дамудың унификациялануы, барлық мемлекеттерді өзара ұқсастыратын индустриалдық және постиндустриалдық қоғамның қалыптасуы, ақпараттану, бұқаралық мәдениетінің ықпалының күшейе түсуі, өмір салтының, киім-кешек үлгілерінің,

тіптен тамақтандырудың әлемдік ортақ үлгілері мен стандарттарға бағына бастауы т.б. құбылыстарды атауға болады. Аталмыш құбылыстар әлем ұлттары мен этностарын «қайнатушы қазанға» (плавильный котелге) тықпалап жатыр. Дамыған мемлекеттердің басым көпшілігі осындай әлемдік бірігу, одақтасу үрдісіне ерекше икемделуде. Тіптен осы үрдістерді жылдамдатуға мүдделі. АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция, Германия сияқты мемлекеттер әлемдік жаһандану үрдістерінің басына шығып одан өздеріне пайда табуға ұмтылуда. Бұндай әрекеттерді Ресей, Қытай, Индия, Бразилия сияқты ірі державалар да жасай бастады. «Қайнаушы қазан» доктринасында бірінші кезеңде «адам және оның тұтыныстары» жеке адамға жақсы болса болды. Сен адамсың-көйлегің көк, тамағың тоқ, үйің жәйлі, көлігің бар, ақшаң демалуға, білім алуға және саяхаттауға жетеді, денсаулығыңды күте аласың. Шындығында өркениетті, постиндустриалдық мемлекеттердің өз адамдарының басым көпшілігіне материалдық және рухани даму жағдайын жасап отырғандығы шындық және үлкен әлеуметтік жетістік. Ұлттық дамудың «қайнаушы қазан» доктринасына бағындырылуы көпсанды, ірі ұлттарға аса қолайлы.

Ал «қайнаушы қазан» жұмыс істеп тұратын мемлекеттерде ұлттық құндылықтар екінші кезеңде қалады. Адам жеке тұлға ретінде өзінің этникалық бет-бейнесін, мазмұнын сақтауға мүдделі ме, сақтағысы келе ме, ол оның жеке еркі. Мемлекет сол елдегі әрбір этникалық топтың, диаспоралардың ұлттық өмірін қамқорлыққа алуы, халықтардың этникалық бетбейнесін, келбетін сақтауды, дамытуды өз міндетіне алмайды. Ұлттық құндылықтарды жалпы адамдық құндылықтар ығыстырады. Сен алдымен адамсың, одан кейін барып қана белгілі бір этностың өкілісің. Мемлекет сенің адамдық құндылықтарыңды қолдайды, қорғайды. Ал этникалық құқықтарың мен құндылықтарың өзіңнің жеке еркінде. Оларды сақта, дамыт ол өз еркің. Сенің азаматтық құқықтарың маңызды, ұлттық құқықтарың есепте жоқтың қасы.

Бұл доктрина өзінше дұрыс, өзінше әділ доктрина. Бірақ ол дамыған, көпсанды, өркениетті этностар үшін қолайлы доктрина. Ірі этностар «қайнаушы қазанда» өздері еріп кетпейді. Онда аз халықтар ірі халықтармен бірігіп жатады. Мысалы АҚШ-та ағылшын тілі ортақтастырады. Англосаксондықтар басым. Бұлай болғаны Ұлыбритания үшін тіптен қолайлы. Оның тілін, дінін

әлемдегі ең басым держава қуаттап, дамытып отыр. АҚШ пен Ұлыбритания келген басқа этностар өкілдері осы «қайнаушы қазанға» түседі де ұлттық тілі мен дінінен біртіндеп айрылып шығады. Ешқандай зорлық заңмен бағындыру да жоқ. Тіптен 1 миллиардтан астам халқы бар Индия Республикасы хинди тілінен гөрі ағылшын тіліне бейімделіп келеді. Соның нәтижесінде әлемдегі 6,4млрд адамның 1,5 млрд-тан астамы ағылшынша сөйлеуде. «Қайнаушы қазан» доктринасы ұлттар өмірін ғаламдану үрдістеріне мейлінше икемдей түсуде.

Қазақстан үшін де осы әлемдік жақындасу үрдісі ықпалы маңызды болып тұр. Ашық қоғам мен нарықтық экономика жағдайында Қазақстан да әлемдік интернационализациялану процесіне еріксіз қосылып кетті. Елдегі демократияландыру, азаматтық қоғам құру, ақпараттық кеңістікті әлеммен бірге ортақтасу құбылыстары барлығы әкеліп, Қазақстан қоғамында унификациялану процесін жылдамдатады. Біздің елімізде де ұлттық құндылықтарды жалпы азаматтық құндылықтардың объективті басып кетуі құбылысы күшейе түсуде.

Сонымен әлемдік бірігу және унификациялану құбылысының ұлттық, этникалық өмірді жаншып тастауын қазіргі әлемдік қайшылық ретінде бағалауға болады. Әсіресе, аз санды халықтар өздерінің құрып кету қарсаңында екендігін терең сезінуде. Ондай қауіп тіптен он миллионнан астам саны бар этностарға да төніп тұрғаны анық байқалуда. Қазақстанда да адамның жеке басының құндылықтарының ұлттық құндылықтарды басып кетуі байқалуда. «Қазақстандық ұлт» идеясы да айтылған объективті шындыққа байланысты өмірге келгенінде дау жоқ. «Қазақстандық ұлт» идеясын жақтаушылар кімдер? Олар: елдегі трансұлттық корпорациялармен байланысты топтар, қаржылық олигархия, ағылшын-орыс тілді ұлттық элита және орыс тілді басқарушы чиновниктік аппарат өкілдері, орыс тілді интеллигенция мен электорат. Көріп отырғандарыңыздай «қазақстандық ұлт» болғанын қалайтын өте қуатты әлеуметтік күш бар екендігі ақиқат. Олардың жалпы саны республика халқының үштен біріне жуық десек кем айтқанымыз емес.

Сонымен бірге елдегі автохтонды этнос қазақ ұлтын сақтауды, оның бәсекеге қабілетін күшейтуді армандайтын ел-жұрт бар. Олар: қазақ тілді зиялы қауым, ауыл халқы, қазақ тілді студент-

жұмысшы жастар, қазақ тілді бизнес элита мен қазақ тілді мемлекеттік басқару аппаратының қызметкерлері. Екінші топ «қазақстандық ұлтты» емес «қазақ ұлтын» қалайды. Ұлтшылдар да сан жағынан бірінші топтан кем емес.

Қазір осы екі топ арасында ашық, жасырын тілдік, идеологиялық, интеллектуалдық және саяси күрес жүріп жатыр. Қоғамда бұл құбылыстардың көбі латентті, табиғаты құпия. Ұлт мәселесін зерттегенімізде көз жеткізгеніміз «ұлт» ұғымын саяси күштер өздерінің көкейкесті, стратегиялық мақсаттарына тікелей байланыстырып, соларға тәуелді етіп ұғындыруға тырысады. Мысалы, коммунистер үшін «ұлттардың өзін-өзі билеуі» доктринасы пайдалы болды. Бұл идея халықты революцияларға тарту үшін қолайлы болатын. Либералдар, демократтар үшін «мәдени-ұлттық автономия» идеясы қолайлы еді. Бір мемлекет ішінде әр этнос өз тілін, дәстүрін, мәдениетін дамытуы. Ал, трансұлттық корпорациялар мен әлемдік олигархиялық топтар үшін және әлемдік державалар үшін «қайнаушы қазан» доктринасы қолайлы. Әлемдік бірігу ұранымен дамушы елдердің табиғи ресурстарын сору, тонау оңай боғандықтан бұл шын мәніндегі ассимиляторлық идея. «Қайнаушы қазанның» аз санды этникалық топтарды неғұрлым жылдам «жеп қоюшы қазанға» айналғаны шындық.

Міне «қазақстандық ұлт» деп жүргеніміздің ар жағында осы әлемдік билеуші топтардың «қайнаушы қазан» идеясы тұр. Себебі, жеке топтасқан, ұлттың мүддесі үшін күреске қабілетті қазақ ұлтынан гөрі топтасуы нашар, бірікпеген, босаңқы «қазақстандық ұлтты» бағындыру, жаһандану үрдістерінің, екінші сөзбен айтсақ трансұлттық корпорациялардың жемтігіне, құрбандығына айналдыру тіптен оңайырақ. Маргиналдық топтар үшін де «қайнаушы қазанда» өмір сүру қолайлы. Себебі олар үшін ұлттық құндылықтардың қажеті шамалы. Ұлттық құндылықтарды маргиналдар қосымша ауыртпалық ретінде сезінеді.

Қазіргі әлемдік басым күштер үшін Республика халқының «қазақстандық ұлт» болғаны аса қолайлы. Себебі «қазақстандық ұлттың» ортақ этногенетикалық тегі жоқ. Ол жүзден астам этникалық топтардан құрылған. Бір жағынан бұрынғы Кеңестер Одағының ұлт саясатынан қалған «адамдардың жаңа әлеуметтік қауымдастағы – кеңес халқы» деген идеясын біздің елімізге басқа

бір түрдегі ренемация жасаудан туған әрекет болуы да ықтимал. «Қазақстандық ұлт» идеясын орыс тілді баспасөз өте көп уағыздауда. Қазақ тілді баспасөзде «қазақстандық ұлт» ұғымы туралы көп айтылмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясында «қазақстандық ұлт», «казахстанская нация» деген сөз кездеспейді. Конституция негізінен универсалды «адам», «азамат», «халық» ұғымдарын қолданады. Бұл бір жағынан өте дұрыс. Бір өкініштісі Ата заңда «қазақ ұлты» деген де ұғым енгізілмеген. Бұл өте қате. Себебі, «қазақ ұлты» жасанды құбылыс емес. Қазақ ұлты-этноәлеуметтік шындық. Сол себепті «қазақ ұлты» мүдделері конституцияда айтылуы және қорғалуы керек болатын. Бірақта өкінішке орай олай болмады. Елдің Ата заңында қазақ ұлтының этникалық мүдделерін, құндылықтарды қорғауының заңдық негізі жасалмаған. Нақты айтылған мемлекеттік тіл мәселесіне орыс тілінің ресми теңділігі қайшылық жасап отыр. Сол себепті Конституцияға ұлттық тіл, мүдделер мәселесіне қатысты нақты өзгерістер енгізу аса үлкен зәрулік.

Қазақ ұлтының этникалық мүдделерін заңмен қорғау механизмдерін іске қоспайынша халықты ассимиляциялану үрдісінен сақтау қиын. Алдымен елдегі этникалық қатынастарды қазіргі әлеуметтік-саяси шындыққа сәйкес ұғындыратын тіректі парадигмалық ұғымдарды дұрыс түсініп алу маңызды. Олардың қатарына «ұлт», «этнос», «халық», «ұлтаралық қатынастар», «этникалық қатынастар», «ұлттардың өз тағдырын өзі шешуі», «ұлттық-этникалық мұраттар», «Қазақстан халқы», «Қазақстандық ұлт» т.б. ұғымдар кіреді. Аталған парадигмалардың әр қайсы туралы көп айтуға болады. Біз осы еңбекте соңғы 2 парадигма туралы ғана аламыз.

Ақиқатқа жүгінсек Қазақстан халқы бар. Бұл әлеуметтік шындық. Еліміздегі мекендейтін қазақ ұлтымен бірге өмір сүретін 9 миллион қазақпен мидай араласып жатқан 7 миллионға тақау басқа халықтардың өкілдері бірігіп, Қазақстан халқын жасайды. Мемлекетіміздегі мекендеген барлық халықты тек қазақ деп атай алмай отырмыз. Елдегі 130-дай диаспоралар, этникалық топтар қазақ ұлтымен қатар өмір сүріп, ортақ әлеуметтік қауымдастыққа бірігіп, «Қазақстан халқын» жасап отырғандығы шындық екендігіне күдік тудырмаймыз. Оның басым көпшілігін (62 пайызын) қазақ этносы құрып отыр. Басқа этникалық топтар мен

диаспоралар қазақ этносының тарихи отанында онымен бірге тағдыр айдауымен өмір сүруде. Олардың көпшілігінің өздерінің тарихи отандары бар. Басқа этникалық топтар Қазақстанда ұлт немесе этнос емес. Олар басқа елдердегі ұлттардың Қазақстандағы топтары. Сондықтан Қазақстанда «ұлт», «этнос» ұғымдары қазақ халқына ғана қатысты. Ал Қазақстан халқы этносаяси қауымдастық ретінде қалыптасу мен даму үстінде.

«Қазақстандық ұлт» ұғымына келсек. Әзірше мұндай ұлт жоқ, мүмкін ұзақ тарихи кеңістікте, болашақта қалыптасуы ықтимал екендігін теориялық жағынан жоққа шығаруға болмас. Бірақ, қазіргі әлеуметтік үрдістерге және әлеуметтік шындықта «қазақстандық ұлт» жоқ. Себебі, қазақстандық ұлтты жасайтын этнос жасаушы белгілері нақты емес. Алдымен, қазақстандық ұлтты біріктіретін ортақ этногенетикалық тек жоқ, екіншіден, ортақ психологиялық ерекшелік пен менталитет әлі қалыптасқан емес. Қазақстандық ұлт қазақ ұлтын ортақ территориясынан, ортақ қазақ тілінен, ортақ ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлерімен ығыстырып тастаған жоқ. Демек, қазақстандық ұлт идеясын қазақ ұлты идеясының өмір сүргенін қаламайтын мүдделі топтар жасап жатыр демеске амал жоқ. Біздің пікірімізше елде қазақстан халқы бар. Ол түбінде қазақ ұлтымен ғана байланыста дамиды. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы этникалық топтар өкілдері өздерін қазақстандық ұлттың мүшесімен деп сезінбейді. «Қазақстандық ұлт» жасанды құбылыс. Бұл идея «кеңес халқы» сияқты келешексіз. Себебі оның табиғи тамырлары жоқ. Қазақстандық орыстар өздерін біз орыспыз және қазақстандықпыз деп айтады. Елдегі украиндықтар, өзбектер, ұйғырлар да сондай. Әзірше олардың өкілдерінің біз қазақстандық ұлттың өкіліміз деп жазғанын да, айтқанын да өз басым естіген емеспін. Олардың барлығы өз этногенетикалық ортасында қала отыра, қазақстандық халық мүшесі екендігін, демек еліміздің мемлекеттігін және сол елдің азаматы екендігін мойындайды. Орыс диаспорасы 4 миллион 30 мың адам болса, алдағы он жылда олардың 500 мыңнан астам ең жас және белсенді бөлшегі Ресейге кететіні белгілі болып отыр. Украиндықтар мен белорустар да 30 пайызға азаяды. Бұл төменгі болжамдар. Сонда 2016 жылы елдегі халықтың 70 пайызы қазақтар, 10 пайызы қазақша сөйлейтін түркі тектес мұсылман халықтары болмақ. Славян тектестер 20 пайыздай ғана халықты құрайды.



Яғни, «қазақ ұлты» басым бола ма, әлде жинақталған «қазақстандық ұлт» басым бола ма белгілі болады. Қазақ ұлты тілі мен ділін сақтаса, оның басым болатыны ақиқат. «Қазақ ұлты» тарихи тағдыр мен болмыстың табиғи нәтижесі. Ал «қазақстандық ұлт» саяси күрес пен отаршылдық ниеттің нәтижесі, жаһандану үрдісінің сойылын соғатын, идеялогиялық доктринаның нәтижесі. Біздің пікірімізше «қазақстандық ұлт» идеясы этнодемографиялық шындықпен есептеспей, тек бүгінгі орыс тілінің басымдылығына, демек этнолингвистикалық факторға негізделетін секілді. Бұл ретте объективті үрдістер «қазақстандық ұлт» жағында екенін мойындау жөн. Қазақстандықтардың 90 пайызы орыс тілінде сөйлей біледі. Байланыс, қаржы экономика және ақпарат, бұқаралық мәдениет пен жарнама орыс тілінде болғандықтан «қазақ ұлты» үшін әлі де зор еңбек перманентті күнделікті қарекеттер жасай беру керек. «Қазақ ұлты» бар, бірақ ол әлі басым емес. Сондықтан ол үшін күресу керек. Алда атқарылар істер өте көп.

Не істеу керек? Біріншіден, этнодемографиялық дамуды пайдаланып, елдегі этнолингвистикалық ахуалды өзгертудің кешенді шараларын іске асыру қажет. Қазақстан халқы қазақша сөйлеген жағдайда ғана «қазақ ұлты» жеңіске жетеді. Ел тұрғындары орыс тілін тандаса халықтың абсолютті басым көпшілігі бола тұра «қазақ ұлты» жойылып, «қазақстандық ұлт» деген жаңа әлеуметтік қауымдастыққа қосылады. Ол қауымдастық болашақта орыс тілінен де безініп, әлемдік ағылшын, немесе қытай тілдеріне көшуі де ықтимал. Бірақ, олай болуы қазақ ұлты үшін қауіпті. Қазіргі таңда қазақ тілінен орыс тілі мүлде басым жағдайда. Осы ахуал «қазақстандық ұлт» құру идеясына негіз болып отыр. Бұл идеяның ар жағында қазақ ұлтын этнос ретінде жойып жіберу мақсаты жасырынып тұрғаны айқын.

Екіншіден, «қазақ ұлтының» пассионарлық сапаларын ояту шараларын жүргізу міндет. Қазақ тілін ғана сақтау жеткіліксіз. Қазақстанда қазақ рухы барлық салалардан, өмірдің барлық ашық және жасырын қалтарыстарынан сезініп тұруы қажет. Телебағдарламалардың басым көпшілігін қазақшалау, кәдімгі жарнамаларды қазақша сөйлету, ұлттық құндылықтарды көрнекі насихаттау, баспасөзде қазақ тілін бірінші кезекке шығару, әкімшілік қызметі, қаржы жұмысы және шаруашылық іс-әрекетін қазақ тілінде жүргізу арқылы «қазақ ұлтының» жаңа, екінші

тынысын ашуға болады. Елдегі реисламизация үрдісі, білім мен ғылымның қазақ тіліне бетбұрыс жасауы, балабақшалар мен мектептердің қазақ тілінде қызмет етуі сияқты көптеген факторлар қазақ ұлтының келешегіне деген сенімдерді нықтайды. Ұлт саясатының елдегі әлеуметтік, этникалық және қоғамдық келісімді, өзара татулықты нығайту мақсаттары құптарлық. Осындай әлеуметтік этникалық тыныштықты қазақ ұлтының тілдік, мәдени, рухани және шаруашылық өркендеуіне пайдалану арқылы қазақ ұлтының сақталуын қамтамасыз етуге болады.

### **Қазақстандағы тіл саясаты: мәселелері мен келешегі**

Қазақстанда Қазақ ұлтының тілі тәуелсіздік жағдайында да дағдарыстан шықпай қойды, сондықтан тіл мәселесі көпұлтты Қазақстанда этносаяси ахуалға елеулі ықпал етіп отыр. Бұл мәселенің тамыры тереңде. Оның бастауы қазақ ұлтының патшалық Ресейдің, одан кейінгі Кеңес Одағының құрамында болуына байланысты. Ресейдің отарлау саясаты және коммунистік ассимиляторлық саясаты этнос тілін әлсіретуді басты мақсаттарының бірі деп санады. Қазақ тілін ығыстыру саясаты жүргізілді. Отарлаушылар қазақ тілін әлсірету, құрту арқылы қазақ халқын толық әлсіретуді көздейді. Қазақ этносының зиялы қауымы ана тілін сақтауға, дамытуға бағытталған жанкешті әрекеттерінің арқасында ғана қазақ тілін сақтады. Оны қазақ жұртының қомақты бөлігі тұрмыстық, мектеп, баспасөз, өнер тілі ретінде кәдеге асырды. Бірақ саяси институттарда, экономикалық және қаржы жүйелерінде шешуші рөлге орыс тілі ие болды. Қазақ тілі толыққанды тіл бола алмай, өз Отанында орыс тілінің көлеңкесінде қалып қойды. Шын мәнінде «екінші сортты» тіл дәрежесіне төмендеді. Қазақ ұлтын империялық, орыстық саясатқа бағындыру қазақ тілін жоспарлы түрде әлсірету және құрту әрекеттеріне байланысты жүргізілді. Араб алфавитінен латын алфавитіне, одан кириллицаға көшу шаралары баржоғы 20 жылдай көлемде іске асырылды. Төл әліпбиінен айырылған қазақ этносы өз мәдениетінің, өнерінің, дәстүр-салттарының, тарихи ескерткіштерінің озық үлгілерінен шеттеле бастады. Қазақ халқының деэтнизациялануы үрдістері тереңдей түсті. Қазақ халқы өмірінің 40 пайызға жуығы ана тілін білмейтін халге жетті. Бұл

құбылыстың қазақ халқының маргиналдануының нақты көрінісі деп баламасқа лаж жоқ. Тәуелсіздік алғаннан бергі 20 жылда қазақ этносы осы терең тілдің дағдарыстан әлі де шыға алған жоқ. Орыс тілінің соңғы 70 жылдағы басымдылығын ағылшын тілінің басымдылығы алмастырылуы құбылысы анық байқала бастады. Ғаламдану үрдістері, елде ашық қоғам қалыптасуы үрдістері қазақстандықтардың санасының интернационализациялануын күшейте түсті. Жаһандану мен шаруашылық өмір қазақ тілінің дамуына жана кедергілер әкелді.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының алдындағы өзекті міндет ашық қоғам орнату жағдайында қазақ этносының тілін сақтаудың және дамытудың кешенді шараларын қарастыруға байланысты.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болғанына 13 жылдай уақыт өтсе де елдегі тілдік үрдістердегі осы қайшылық әлі де шешілмей келе жатыр. Мәселенің ерекшелігі – оның үнемі қоғамдық пікірдің тіл саясатының бағдар- бағыттарын айқындайтын екі мемлекеттік заң және екі арнаулы мемлекеттік бағдарлама қабылданды. 1989 жылы қыркүйек айында қабылданған алғашқы «Тіл туралы заңда» Қазақ КСР-індегі мемлекеттік тіл қазақ тілі деп жарияланды. Титулды этностың тілінің мемлекеттік мәртебесі Қазақстан Республикасы Конституциясында да бекітілді.

Аталмыш заңдардың орындалу міндеттері туралы Президент аппаратының, республика үкіметінің, облыс және аудан әкімшіліктерінің сансыз көп жиындары өтіп, тиісті қаулылар мен бағдарламалар өмірге келді. Оның үстіне бүкіл елде «Қазақ тілі» қоғамдары құрылып, Тіл комитеттері қызмет етті. Билік субъектілері мемлекеттік тілді қолдап, дамытуға бетбұрыс жасағандай ахуал қалыптасты. 1990-1995 жылдар арасында Республиканың ауыл- селоларында, қалаларында түгелдей дерлік іс қағаздары мемлекеттік тілде жоспарланды. Ел халқының басым көпшілігі, соның ішінде алдымен мемлекеттік органдар қызметкерлері қазақ тілін біліп шығуға тиісті болды.

Ресми саясатта, заң жүзінде қазақ тілінің өркендеуіне зор мүмкіндіктер жасалғанымен, іс жүзінде қазақ тілі дағдарыстан шықпай қалды. Республикада бүгінгі күнге дейін орыс тілінің қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы басымдылығы сақталып тұрғанын жасыруға болмас. Оның себептері сан-алуан. Біздің

пайымдауымызша, негізгі себеп – ұзақ жылдарға созылған Қазақстандағы орыс тілінің қолдану арналарының кеңдігіне үйрену дағдысы. Қазақстандықтар, оның ішінде қазақтардың өзі әлі күнге дейін орыс тіліне үйреніп кеткен дағдыны жеңе алмай келеді. Қазақ тіліне оралу орыс тілділер үшін қосымша талпынысты, қосымша қиналысты қажет етеді. Шаруашылықты ұйымдастыру, басқару істерін жүргізу, ғылым мен ақпарат, басқа да шешуші салалар дағдылы, орысша жұмыс жасауға лайықталған болатын. Егеменділік алғаннан кейін де шешуші жүйелердің орыс тілінде қызмет ету дағдысы бұзылған жоқ және орыс тілдері өз тілін өзгертуге ұмтылмады.

Билік субъектілері қоғамдық өмірдің шешуші салаларын қазақ тілінде қызмет еткізуді сөз жүзінде күн тәртібіне қойғанымен нақты шараларға келгенде дәйексіздік көрсетті. Билік субъектілерінің мемлекеттік тілді дамытуға құлықсыздығына елдегі орыс диаспорасының біршамасының қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне қарсылығы қосылды. Ана тілін қолдауда кең қолтық қазақ жұрты үкіметтен мемлекеттік тілді үнемі дамытуды талап етпеді. Осындай құнсыздықтар нәтижесінде дұрыс заңдар да, конституциялық талап та іске аспай келді.

Қазақ тілі республика халқының 51 проценттен астамын құрайтын титулды этностың тілі бола тұра, халықтың 31,2 процентін құрайтын орыс халқының тілінің шылауынан шықпай қалды. Мысалы, республикада 1162 газет шықса, оның 215-і ғана, 210 журналдың 68-і ғана қазақ тілінде шыққан. 140 мыңнан астам тіркеуден өткен мемлекеттік емес мекемелердің бәрінде іс қағаздары тек орысша жүргізіледі. Қазақстандағы облыстық әкімшіліктер мен министрліктер іс қағаздарын, құжаттарды, хаттарды тек орысша жолдауда. Теледидар, радиода және бұқаралық ақпараттың өзге арналарында қазақ тілі үнемі әлсіреп келеді. Елді компьютерлендіру, оның интернет жүйесіне қосылу шаралары да тек орысша болмақ. Компьютерлік жүйелердің өркениетті елдердегі алып отырған ролін одан әрмен төмендете түсетінін сезінеміз.

Елдегі мәдени-лингвистикалық ахуалдық даму үрдістеріне назар аударсақ, оның маңызды бағыттарында орыс тілінің күшейе түскеніне куәгер боламыз. Мысалы, 1997 жылы республиканың бала бақшаларында 4260105 бөбек тәрбиеленсе, олардың 323964-і

немесе 76 процент орыс тілінде тәрбие алған. Соның ішінде 96146 қазақ баласы қазақша тәрбиеленген. Ал қазақ бөбектерінің жалпы саны 1047632 болған. Демек, елдегі қазақ бөбектердің 19 проценті бала бақшаға бара алған. Республикада мектепке дейінгі бөбектер саны 1867999 болды. Олардың 56,1 проценті қазақтар, 29,1 проценті орыстар, 14,8 проценті басқа этностар өкілдері екен.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік тілді дағдарыстан құтқаруға бағытталған тиімді шаралар жасала бастады. Мәселен, 2005 жылы оны дамытуға 133 млн. теңге бөлінсе, 2010 жылы оның көлемі 5 млрд. теңгеден асқан. Осы мерзімде 883 қазақ мектебі ашылып, елдегі 7721 мектептің 3788-і қазақ мектептері болған.

Қазақ этносының балдырған бөбектері елдегі бөбектердің басым көпшілігі бола тұра қазақ тілінде бала бақшалардың төрттен бірі ғана жұмыс істеген. Мектепке дейінгі мекемелерде бөбектердің этникалық орналасуында үлкен әділетсіздік сақтала бермек. Ана тілін дамытуларда бөбектерді өзінің туған тілінде тәрбиелеу керек екендігін ескерсек, осы қайшылықты шешудің маңызы арта түседі. 1995-1996 жылдары осы еңбек авторының жетекшілік етуімен «Семей» мемлекеттік университеті ғалымдары бұрынғы Семей облысында екі рет 1500 респондентті қамтыған әлеуметнамалық зерттеулер жүргізді. Зерттеуде «мемлекеттік тілді толыққанды дамыту үшін не істеу керек» деген сұраққа 465 адам немесе респонденттердің 31 проценті қазақ тілін үйретуді бала бақшадан бастау керек деп жауап беріпті. Демек, қазақ тілінде жұмыс істейтін бала бақшалар жүйесін кеңейту, онда бөбектерге бүгінгі өркениет талаптарына сай-сапалы тәрбие беру әлеуметтік саясаттың бағыттарының біріне айналуға тиісті. Осылай ету арқылы ғана қазақ этносының келешегі қамтамасыз етіледі. Бүгінгі бөбектер – ұлттың ертеңгі иесі. Олар ана тілін ұмытса қазақ этносының ғасырлар қойнауынан келе жатқан рухани мұраттары мен құндылықтары біртіндеп ұмытылады деген сөз. Бүгін барлық қазақ бөбектері қазақша сөйлеп тұрса, олардың әсері ертең елдегі басқа этникалық топтың балаларына әсер етуі даусыз. Себебі, қазақ балалары – көпшілік. Олардың ана тілінде сөйлеуі, ойнауы және оқуы басқа ұлт өкілдері балаларын өзіне баурап әкелеті сөзсіз. Осылай болған жағдайда болашақта бүкіл республика халқы қазақша сөйлеп отырар еді. Өкінішке орай, бүгінде балалардың басым көпшілігі орысша сөйлейді, тәрбиеленеді, ойнайды және

оқиды. Бұл жағдай қазақ тілінің дағдарыстан шыға алмауының негізгі себептерінің бірі.

Мемлекеттік тілдің нығаюы елде орыс тілінің жеке дара үстемдігінің әлсіретуіне тәуелді. Тілдер рөлінің теңесуі мектеп тіліне де байланысты. Қазір Қазақстанда 17 ұлт тілінде оқытатын жүздеген мектеп бар. Олардың ішінде қазақ тілінде оқытатын мектептер саны біршама өсуде. Егер 1992 жылы 3173 мектеп болса, 1996 жылы олардың саны 3462-ге өскен. Осы мерзім аралығында қазақ мектептеріндегі оқушылар саны 741 мыңнан 878 мыңға дейін артқан. Ал орыс мектептері 3313-тен 2556-ға дейін кеміген. Алайда оларда 886 мың бала оқыған. Орыс мектептеріндегі оқушылардың үштен бірінен астамы қазақ балалары болған. Қазақ мектептерінің көбі толық жабдықталмаған, бастауыш және сегіз жылдық мектептер. Қаржы бөлінбегендіктен 1994-1995 оқу жылында ғана аудандық жердегі 65 бастауыш мектеп, 157 орталау мектеп, 25 мектеп- интернат, 340 мектеп жанындағы интернаттар жұмысын тоқтатқан. Кейінгі бір – екі жылда қазақ балаларының орыс мектептеріне ауысуы күшейе бастағаны байқалуда. Тек 1995-1996 оқу жылында Алматы қаласында 1000 бала, Семейде 273 бала орыс мектебіне кеткен.

Әлеуметнамалық зерттеулер бұл құбылыстың себептерін ашуда. Ол алдымен қазақ мектебін бітірудің баланың келешегіне қолайлы жағдай туғыза алмауына байланысты. Жоғары оқу орындарындағы таңдаулы мамандықтардың дені орысша, әкімшілік жүйесі, қаржылық құрылымдар, ақпараттың қомақты бөлшегі орыс тілінде. Бизнестік, шаруашылық салалар толық орыс тілінде қызмет істейді.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа белсене енуі, алыс шетелмен байланыстардың күшейуі де тілдік ахуалға ықпал етуде. Тұрғындар арасында ағылшын тіліне бетбұрыс күшті. Алдағы уақытта да мектепке, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқып –үйрету үдей түспек. Мұның өзі қазақ тіліне деген ықыласты одан әрмен әлсіретеді деген қауіп бар. Демек, дағдарыстағы мемлекеттік тіл даму үшін ол орыс тілімен де, ағылшын тілімен де жарысқа түспек. Бұл екі тіл де – нарықтық қатынастармен модернизациялау жолына түскен қоғамға ынғайланған тілдер. Олар әлеуметтік, экономикалық, қаржылық инфрақұрылымдарға үйлесімді. Ал мемлекеттік тіл өркендеуі үшін осы аталған салалар

жұмысына тікелей белсеніп кіруі керек. Қазақ тілінің осылай болуына бөгет факторлар көп. Себебі, мемлекеттік тілдің ықпалын өсіруге байланысты шаралар үнемі қарсылықтарға жетпегенімен біршама дау-дамайлар туғызып отырады. Жалпы, елде этникалық қайшылықтар басқа мәселелерге қарағанда тіл мәселесіне байланысты жиі кездеседі. Себебі, елде тіл мәселесіне қатысты екі түрлі қозғалыс қалыптасты. Біріншісі - қазақтың ұлттық интеллегенциясы бастаған қазақ тілін дағдарыстан шығарып, оның дәрежесін республикада орыс тілі дәрежесіне көтеруге бағытталған қозғалыс. Оның әлеуметтік базасы ауылда және қалада тұратын, ұлттық мектепті бітірген қалың қазақы бұқара. Қазір ауылдағы әлеуметтік мәселелердің шиелінісіп, ауыл экономикасының күйреуіне байланысты қазақ тілінің әлеуметтік тірегі де әлсіреуде.

Екінші қозғалыс – қазақ тілінің мемлекеттік мәселесін, оның қоғамдағы рөлін көтеруді орыс тіліне келетін нұқсан деп түсінетіндер. Олар республикада орыс тілінің доминаттық рөлін жақтайды. Орыс тілділерге мемлекеттік тілді білуді міндеттеуді олар жеке адам құқығына қол сұғу деп есептейді. Әр адам қай тілді тандап, сол тілде сөйлегісі келсе ол оның табиғи еркі деп есептейді және орыс тілінің де Қазақстанда мемлекеттік тіл болғанын қалайды. Қазір бұл қозғалыстың әлеуметтік бағасы бірінші қозғалысқа қарағанда қуатты. Ол – елдегі орыс диаспорасы, славян тектес этникалық топтар, қазақ тілін кезінде үйренбеген қазақ эносының маргиналдары. Орыс тілдің рөлі осыған дейін айтқанымыздай бизнестік, қаржылық, шаруашылық және билік субъектілерінің қызметінде айқын басым.

Мемлекеттік тілдің мүлдем құрып кетуден құтқарып тұрған субъективті актордың бірі – ел Президенті мен мемлекеттік саясатты айқындаушы элитаның қазақ тілін білуі және оны дағдарыстан шығаруға ниет етуі. Егер осы фактор болмаса бүгінгі жағдайда қазақ тілі тіптен мүшкіл жағдайға душар болар еді. Алайда, мемлекеттік тілді жақтай отыра билік элитасы ел бірлігін сақтау мақсатында ресми мемлекеттік саясатта осы екі қозғалыстың да көңілінен шығуға, олардың мақсаттарын ымыраластыруға ұмтылып келеді. Сондықтан тіл саясатында ел Президенті мен Үкімет қол қусырып отырды деу ағаттық.

Мемлекет тілге байланысты өзіне қатысты мәселелердің бәрін шешіп берді. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесі бар тиісті заңы

бар. Арнаулы мемлекеттік орган бар. Бөлінген қаржы бар. Тек нақты жұмыс аз. Күні кешеге дейін тіл мәселесін орынсыз саясаттандырып, әркімнің қолжаулығы етіп келдік. Атқарушы биліктегі адамдар жұмысты жаңаша жүргізе алмады.

Тың бағдармалар ұсынылмады. Енді сөзден іске көшу керек.

Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде мемлекеттік тіл жағдайы біршама жақсарды. Елдегі басқа ұлттар өкілдері арасындағы қазақ тілін білуге ұмтылыс айтарлықтай жоғарлады. 2003 жылы тамызда елдегі тіл саясаты тәжірибесіне арналған социологиялық зерттеу нәтижелері Алматы, Астана, облыс орталықтарына қатынысты болды. Онда қазақ тілінің таяу 15-20 жыл көлеміндегі келешегін бағалағанда орыстардың ішінен қазақ тілі барлық салада басым болды деп сенгендердің үлесі 2006-2009 жылдар аралығында 17,3 % дан 21,9 % дейін өскен. Орыстардың қазақ тілін үйренуге деген ниеті 2 есеге дейін артқан.

Шындығында, қазақ тілін толыққанды тілге айналдырудың ұтымды жолдарының бірі- оның билік субъектілері сөйлейтін тіл болуы. Біз жүргізген әлеуметнамалық зерттеулерде 1995 жылы 1500 адамның 634-і (42,3%) қазақ тілінің тынысын ашудың жолы оны мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардағы кеңсе тіліне айналдыру деп есептеген. Ал 1996 жылы жүргізілген зерттеуде 1600 респонденттің 960-ы (60%) Президент, Парламент, Үкімет, облыс, аудан әкімшіліктерінде қызмет істейтін лауазымды адамдардан мемлекеттік тілді білуді талап ету қазақ тілінің абыройын көтереді деп бағаланған.

Ал билік субъектлеріндегі тілдік ахуал мүлдем басқаша. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында басқару органдарында қызмет ету үшін тек қана орыс тілін білу жеткілікті деп респонденттердің 38 проценті жауап берген. Ал қазақ тілін білудің қызметте қажет екендігін 4-ақ процент респонденттер ескертіпті. Алшақтық 10 еседей. Демек, басқару органдарының дені орыс тілінде жұмыс істеп отыр деген сөз. Солтүстік және орталық аймақтардағы барлық облыстарда жағдай осыған ұқсас. Мұның өзі Қазақстандағы билік субъектілерінің мемлекеттік тілге әлі де бұрылмай отырғандығын дәлелдесе керек.

Қазақстандық тұрғындар негізінен мемлекеттік тілді дамыту шараларына дұрыс қарайды. Біз жүргізген екі әлеуметнамалық зерттеулерде 45 пайыздан респонденттер мемлекеттік мекемеде



қызмет істеу үшін лауазым иесінің қазақ тілін білгені дұрыс деп ойлайды. Осымен бірге мемлекеттік мекемеде істейтіндер қазақ және орыс тілін қатар білгені дұрыс деп есептейтіндер – 72 пайыздай. Ал қазақ тілін білмей-ақ мемлекеттік мекемеде қызмет етуге болады деп ойлайтындар – 85 пайыз. Бұл жағдай орыс тілінің басымдылық рөлін тағы да дәлелдейді. Орыс тілінің басым болуына қазақтар ашық наразылық көрсетіп отырған жоқ. Олар тіптен елдегі орыстардан міндетті түрде қазақ тілін білуді талап етпейді.

Мұндай ахуалды Ресей Ғылым академиясының этнология және антропология институтының Ұлтаралық қатынастарды реттеу орталығы жүргізген әлеуметнамалық зерттеулер де көрсетеді. Онда Қазақстанда және басқа да постсоветтік республикаларда ұлтаралық толеранттылық біршама берік делінген. Сұрақ беру қорытындыларында 67,9 пайыз қазақтар, 79 пайыз татарлар, 81,4 пайыз башқұрттар өз мемлекеттерінде орыстардың титулды ұлттық тілін білуі міндетті емес деп санайды екен. Орыстар, өз кезегінде, Қазақстанда 80,2 пайыз, Татарстанда 76,5 пайыз, Башқұртстанда 62,7 пайыз Президент сол егеменді мемлекеттің титулды ұлтының тілін еркін білуге қарсы еместігін айтқан.

Демек, ендігі шешуші этникалық топтар арасында мемлекеттік тілді дамыту мәселесіне байланысты өзара түсіністік бар деп топшылауға негіз бар. Алдағы міндет – осы этносаралық түсіністік ахуалды пайдалана отыра мемлекеттік тілді дамытудың кешенді бағдарламасын іске асыруға кірісу. Ондай бағдарлама елдегі тіл саясатының негізгі бағыттарын және тәжірибелік міндеттерін қазіргі жағдайға және алдағы 5-10 жыл мерзімге белгілеп беруі керек.

2010 жылы Қазақстан Үкіметі 2011-2020 жылдарға арналған Тілдердің қызмет етуі мен дамуына арналған мемлекеттік бағдарламаны қабылдады. Бұл бағдарламаның тірегі мемлекеттік тіл болды. Ол барлық қазақстандықтарды біріктіруші құралға айналуы тиісті деп жоспарланды. 2020 жылға дейін ел халқының 95 пайызы мемлекеттік тілді білуі белгіленді. БАҚ қазақ тілінде хабарлар таратылуын 70 % , баспасөзде 68 % қамту көзделді. Сонымен қатар ел халқының 95 % орыс тілін, 20 % ағылшын тілін меңгеруі межеленді.

Ең алдымен бағдарламаға жүктелетін тарихи, тағдырлық міндет-қазақ этносының тілін сақтап қалу. Тіл негізгі

этносжасаушы белгі екендігін ескерсек, қазақ тілімен бірге қазақ этносын сақтау мәселесі де тұрады. Қазақстан мемлекеті үшін бұдан маңызды этносаяси міндет болуы мүмкін емес. Қазақ этносы келешекте ана тілінен орыс тіліне немесе ағылшын және басқа тілге көшетін болса да онда ол жеке этнос емес, өз ұлттық келбетінен айырылған адамдар тобырына айналған болар еді. Қазақстанның тәуелсіздігінен ұтылыс болып отырған кейбір әлеуметтік, саяси күштерге керегі де осы. Ұлттық рух пен отаншылдықтан айырылған халықты билеу оңай. Демек, мемлекеттік тілді сақтаудың, дамытудың терең саяси салдарлары бар. Ол салдарлар Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде өмір сүруіне байланысты. Қазақстан егемендігі – ең алдымен қазақ этносының егеменділігі, қазақ тілінің егеменділігі. Ел тәуелсіздігі мен тіл тәуелсіздігін байланысты қарастырмаса болмайды. Қазіргі тілдік ахуал мен тілдік үрдістерге саяси мән берілуінің терең себептері осында. Жаңа бағдарлама мемлекеттік тілді жаңа деңгейде көтеріп оның даму тынысын ашады деген сенім бар.

Бұдан туындайтын қорытынды: мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызы бар барлық салаларда қызмет етуі шарт. Оның бала бақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында міндетті оқылуы жеткіліксіз. Қазір 1 миллионнан астам мектепке дейінгі жастағы қазақ баласының оннан бірі ғана қазақша бала бақшада тәрбиеленуде. Оннан бірі- орысша. Ал қалған 8 бала – үйде. Отбасы оған қай тілде тәрбие беріп жатқаны беймағлұм. Демек, әрбір қазақ отбасы бөбекті ана тілінде тәрбиелейтіндей қоғамдық психологиялық ахуал қалыптастыру қажет. Әлеуметтік, этномәдени және тілдік саясат отбасы мәселесіне, ондағы тәрбие мәселесіне бетбұрыс жасамаса ертең көп санды ұрпақ ұлттық келбетінен айырылып шыға келуі мүмкін. Қазақтың қазақша сөйлеуі оның өзіне байланысты. Этностың ұлттық санасын ояту, тарихи жадын жаңғырту, отаншылдығын ұштау арқылы ғана ана тілін құрметтеуге болады. Бұл – тек ұлттық идеологияның көтерер негізгі жүгі. Ақпарат арналарын осы міндеттерді шешуге жұмылдыру ақпараттық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып есептелуге тиісті.

Қазақ тілі жүйелі түрде, мақсаты айқын шаралар арқылы шаруашылықты басқаруға, қаржы, бизнес жүйелеріне және мемлекеттік органдар қызметіне сыналап ене беруі қажет. Осымен

бірге Қазақстандағы тіл саясаты икемді, түрлі, тіптен полярлық көзқарастарды тоқайластыруға дайын, консенсусқа келе білетін саясат болғаны абзал. Қазіргі қалыптасқан ахуалда мемлекеттік тілді әкімшілдік әдістермен, зорлықпен елге таңу мүмкін емес. Олай болған күнде ашық наразылыққа тап боламыз. Қоғамдағы шешуші жүйелерде мемлекеттік тілдің қолданылуын міндеттейтін заң және актлер болуы шарт. Қызметкерлер өздерінің міндетін орындау үшін қазақ тілін білудің ауадай қажеттігін сезініп тұруы жақсы. Сонда ғана тілді үйретуге зорлық болмайды. Әр жеке адамның өзі мемлекеттік тілді білуді қажет қылатындай қоғамдық ахуал қалыптасуы қажет.

Полиэтникалық, поликонфессиялық елде басқа этникалық топтар тілі қудаланбауы керек. Олардың дамуына қоғам біртіндеп жағдай жасайды. Түрлі этностар өкілдері өз тілдері мен мәдени дәстүрлерін дамытуға қамқорлық көрсетіп отырады. Қазақстандағы ел саясатын, мәдени лингвистикалық жағдайды осындай арнада қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік маңызы зор. Әділетсіздік – түсінбеушілік тудыратыны ақиқат.

Семей өңірінде жүргізілген әлеуметнамалық зерттеулерде қазақ тілінің дамуына бөгет болып отырған факторлерге назар аударылды. Соның ішінде мемлекеттік басқару органдарының орыс тілінде сөйлеуі және орыс тілінің Қазақстандағы басымдылық рөлі мемлекеттік тілдің дамуына бөгет болуда деген пікірді 1600 респонденттердің 51,5 пайызы немесе 824 адам қуаттайды. Сауалнамаға қатысқандардың 16,7 пайызы қазақ тілінің артта қалуы оның шаруашылық және қаржы салаларында іскерлікпен қолданбауынан десе, 9 пайызы қазақ тілі жүйесінде нашар деп есептелген.

Демек, орыс тілінің доминанттылық рөлін әлсірету шаралары жасалмаса мемлекеттік тіл дамымайды деген сөз. Орыс тілін әкімшілік әдістермен қуып шығуға ешқандай мүмкіншілік жоқ. Міне, осы күрделі қайшылықты шешу аса маңызды мәселеге айналуда. Тіптен мемлекеттік тіл тағдыры осы мәселеге тіреліп тұр десек артық емес. Сондықтан асығыстық, зорлық жасамай, әлеуметтік наразылық туғызбайтындай жағдайда қазақ тілін өмірдің шешуші салаларына енгізу шаралары жолға қойылуы дұрыс.

Республикада ғылыми-техникалық ақпаратты таратуда, рухани-мәдени хабарларды қабылдауда, баспасөз бен теледидарда орыс тілі айқын басым. Адам қай тілде хабар алса сол ақпарат ырқында ойлауға, іс жасауға мәжбүр. Ақпараттық арналардың барлық түрлеріне мемлекеттік тіл батыл енуі қажет. Одан қаржы аяуға болмайды. Республика үкіметі ақпарат тасқынын ел тұрғындарына қазақша жеткізудің жеке, кешенді бағдарламасын жасап, іске асырмаса жағдай түзелмейді.

Мемлекеттік тілді өркендетудің келесі бағыты – біржақты қостілдікті екіжақты қостілдікке айналдыру. Қазір қазақтар дені – қос тілді. Ендігі кезек – орыстар мен басқа этникалық топтардікі. Олардың басым көпшілігі қазақ тілін үйренсе, қазақ тілі құлашының кеңеюіне жағдай туады. Орыстардың 87 пайызға жуығының, өзге этникалық топтар өкілдерінің 82 пайызының қазақ тілін білуді қажет деп есептейтіндіктерін әлеуметнамалық зерттеулер дәлелдеп отыр. Сондықтан мемлекеттік тілді білуге ден қойған орыстар мен басқа халық өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсету жөн. Қандай болмасын лауазымды қызметке тағайындауда маманның қазақ тілін еркін білуі талап етіліп, кәсіби артықшылық ретінде есептелуі қазақ тіліне бетбұрыс жасауда қуатты стимул болар еді.

Мемлекеттік емес мекемелер басшылары мен жетекші мамандарының да мемлекеттік тілді білуін қамтамасыз ететін заң жобалары болғаны дұрыс. Себебі, ел тұрғындарының басым көпшілігі шағын және орта бизнеспен айналыспақ. Олар қазақ тілінен тыс қалатын болса, қазақ тілін басқа жүйелерде дамыту бос жүрістілік болып қалады. Әсіресе, бұқаралық мамандық иелері – дәрігерлер, мұғалімдер, бухгалтерлер, түрлі сауда-саттық иелері, кассирлер, хатшы- машинисткалар, тағы басқалар мемлекеттік тілді міндетті білуді жүктеу немесе оларға мемлекеттік тілді білгені үшін қосымша ақы төлеу қазақ тілін дамытуға көмектеседі. Мемлекеттік тілді білгені үшін материалдық ынталандыру шараларын мемлекеттік емес мекемелер де, мемлекеттік мекемелер де ортақ үлгі бойынша шешкені дұрыс. Ол үшін арнаулы заң керек. Мемлекеттік емес мекемелерде қазақ тілінің беделін көтермесе болмайды.

Мемлекеттік тілдің бүгінгі ашық талаптары дәрежесінде дамуы ол тілді терең меңгерген білікті оқытушы кадрларды даярлауға

байланысты. Білікті тіл мамандары барлық істерге араласпайынша ғылыми-техникалық, саяси - әлеуметтік терминология дамымайды, тіл коммуникативтік міндеттерін өз деңгейінде орындамайды, ұлттық баспасөз бен ақпарат кенже қалады.

«Барлығын кадрлар шешеді» деген үлгіні басшылыққа алсақ, білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің басшылары бала бақшаларынан бастап, университетке дейін барлық мамандықтар бойынша мемлекеттік тілді үзіліссіз оқытудың біртекті, міндетті жүйесін енгізуі керек. Сонда ғана полиэтникалық Қазақстанның жас ұрпағы мемлекеттік тілді білетін, сөйлейтін және жазатын болады. Білім беру саясатында осы міндет мемлекеттік стратегия ретінде күн тәтібінде тұруы керек.

Елдегі тіл саясатының тиімділігін арттыру мемлекеттік тілге ерекше қамқорлық жасауға тәуелді екендігіне көз жеткіздік. Бұл мәселені шешу көптеген шараларды іске асыруға тәуелді. Олар бала бақшасынан бастап университеттерге дейін мемлекеттік тілді өзі реттеді және оқытуды жақсартуға, қазақ тілін біліп, ғылым біліне айналдыруға байланысты.

### **Қазақстандық патриотизм – егемендік тірегі**

Тәуелсіз Қазақстанның өркениеттің сара жолымен ойдағыдай өрге басуы оның азаматтарының ерен еңбегіне және Отан мүддесіне етер қызметіне байланысты екені баршаға аян. Адамзат тарихында тұрғындары ел, жер мүддесін ойлаған мемлекеттер үнемі дамып отырған. Мемлекеттің, жерін қадірлемеген халықтар дағдарысқа ұшырап, кері кеткен. Қазақ елі тарихы да осыны дәлелдеп келеді. Бабаларымыз «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қазіргі ұлан-байтақ жерімізге иелік етіп, оны бүгінгі ұрпаққа қалдырып кетті. Бұл күрес ғасырлар бойына созылып, талай ерлер «толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығарға» жағдайда өмірден көшті. Қазақ этносы өмір сүру кеңістігі үшін күрескерлердің санын тізбектеу міндет емес. Олардың қасиетті есімдері ел есінде. Бұл есімдердің көше, даңғыл, ауыл, мектеп аттарымен жаңғырып жатуы құптарлық жағдай. Ел бастаған хандар, халыққа ақыл айтқан билер, қол бастаған батырлар тәуелсіз Қазақ хандығын 2,5 ғасырдай уақыт дербес мемлекет дәрежесінде ұстап тұра алды. Отаршыл, қуатты империалдар қыспағында қалған

қазақ жұрты еріксіз орыс отаршылдығын таңдап, соған өзінің жеке халықтығын сақтау үшін қосылуға мәжбүр болды.

Ресей отаршылдығы елді әбден қасіретке душар етті. Қазақ халқының терең этнодемографиялық, әлеуметтік-саяси дағдарысқа ұшырауы осы кезеңнен басталды. Халықтың қомақты бөлшегі ана тілінен, ұлттық салт-дәстүрден, халықты ұлы етіп біріктіретін ұлттық санадан айрылып қалды. Отанын сүймейтін, оның қайғы-қасіретіне күймейтін, қарақан басының ғана қамын жеген, бас пайдасы үшін ата-анасын, достарын, елін, жерін сатуға дайын мәңгүрттік психология ел санасына әбден дендеп енді. Отаршыл саясаттың нағыз жетістігі осы еді. Маргиналданған, бөлшектенген халықты билеу, айтқанды істету оңай болатын. Қазақ этносының да отаршылдық салдарынан маргиналдануы, психологиялық, тілдік және рухани бөлшектенуі қауіпті шеңберге жетті. Ел азаматтарының бірін-бірі сақтау, өркендету орнына бірін-бірі алдауы, сатуы көбейіп кетті. Сталиндік репрессия жылдарында арамдар мен сатқындар алаштың талай арыстарының қанын ішкені де мәлім. Отаншылдығы жоқтар отаншылдарды көрсетумен, жаламен құртуға ұмтылды. Бұл құбылысты тоталитарлық социализм тым үдете түсті. Миллиондаған қазақтар қырылып, жүздеген мыңы репрессияға ұшырады. Қазақ халқы отаршылдық саясат салдарынан ауыр моральдық деградацияға ұшырап, қорқақтық, екіжүзділік, сатқындық, өтірікшілдік пен өсекшілдік, жершілдік сияқты құбылыстар етек алды. Халықтың топтасу, ымыраласу, көмектесу, қайырымдылық сияқты ізгілікті сапалары едәуір әлсіреді. Ұлттық қорғану механизмдері, өзін-өзі сақтау қабілеті нашарлады. Мұндай девянттық құбылыстар ел азаматтарының отаншылдығының төмендеуіне әкелгендігі даусыз. Халықтың патриотизмі нашарлағанда мемлекеттің тағдыры баянсыз болатыны белгілі.

Бабаларымыз «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген. Бұл ақиқат патриотизмге де байланысты. Қазір қазақ-қалмақ соғыстары жылдарындағы жүректен, қанна келетін патриотизм аз. Себебі, дәстүрлі қазақ қоғамындағы этникалық тәрбие, қалыптасқан дін, салт-дәстүр барлығы синтезделіп отаншыл, елі мен жері үшін қандай да болмасын жанпидалық іске бара алатын ұл, қыздарды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін. Қазір осы дәстүрлі қазақ қоғамындағы тәрбие жүйесі жоқ. Сондықтан өткен заманғы

отаншылдық та жоқ және бұл құбылыс тек қазақ ұлтына ғана тән емес. Әлем халықтарының көпшілігінде патриотизмге қатынас түбегейлі өзгеріп түрлі дәрежеде, түрлі сапада көрініс беруде.

Бұлай болатындығының мысалы Ирактағы саяси жағдай. Саддам Хусейн режимінің репрессиясынан қорыққан халық соғыс басталар алдында бүкіл әлем алдында өз көсемдерін жақтаймыз деп атой салумен болды. Ал нақты істе Ирак халқы өз жерін, шекарасын, үкіметі мен президентін қорғауға құлық көрсеткен жоқ. Ирак генералдары ақшаға сатылды, әскерлері қаруларын тастап, үйлеріне қашты. 1000000-дық Ирак армиясы 250000-дық американағылшын армиясына бір ай да қарсылық көрсетпеді. Ирак елі одақтастар армиясының билігіне көшті. Бұл жалған отаншылдықтың, жалған айғайшылдық нәтижесі. Анығында Ирак саяси билігі мен Ирак халқын байланыстырып тұратын шын мәніндегі патриотизм, ортақ отаншылдық болған жоқ. Халық ел байлығын сүлікше сорып отырған Хусейн режимінен қорқумен болды, оны іштей жек көрді. Жалған ұрандар, жасанды патриотизм адамдарды сатқындыққа тәрбиелей берді. Ел тағдырын, жер тағдырын билік иелері де, қарапайым халық та қорғай алмайтындай психологиялық ахуал қалыптасты. Осы психологиялық ахуалды АҚШ басшылығы өте ұтымды пайдаланды. Халықтың қолдауынан айрылған Ирактағы саяси жүйе бөтен елдің қарулы күшіне ешқандай қарсылық көрсетпей масқаралықпен жеңілді. Себебі, режим халықты еліне, жеріне, Отанына деген махаббаттан айырды. Саяси жүйесінің алмасуынан Ирак халқы тікелей ештеңеден ұтылмаймыз деп есептеді. Ал, саяси және экономикалық биліктің АҚШ-Британ күштерінің қолына көшуі қарапайым ирактықтар өз өмірін тіптен жеңілдетеді деп есептеді. Себебі, ел байлықтары мен табиғи ресурстары онсыз да азғана билеуші топтың қолында. Олардан бұқара халыққа пайда жоқ. Олай болса өзіңе тікелей қатысы жоқ байланыстарды қорғап не керек? Осы ахуал Ирак режимінің талқан болуының себебі еді.

Экономикалық және әлеуметтік қатынастардың осындай біржақты, саяси, қаржылық және бизнес элитасының пайдасына қызмет етуі отаншылдықты біртіндеп ыдырататын құбылыс. Мемлекет байлығы, табиғат және қаржы қорлары ел халқының әр мүшесіне қызмет етер болса отаншылдық болмақ. Мысалы, Иракқа шабуылдаған әрбір американо-британ солдатты отаншыл. Себебі, ол

және оның жанұясы мүшелері елдің ортақ байлығының титімдей болсын бөлігіне ие. Иракты басып алу түбінде оған және оның жақындарына, мемлекетіне пайда, табыс және абырой әкелетіндігін американ солдатты біліп те, түсініп те отыр. Прагматистік қоғамдағы эгоистік психология патриоттық сезімге өз ықпалын жасамай қоймайды. Жеке адам дамыған елде өзінің бас пайдасына қажет емес дүниеге баспайды. Жалаң отан сүю, жалаң ұран, жалаң сезім нақты іске келгенде сынды көтермейді. Психологияны, ниетті, көңілді түбінде пайда шешеді. Ирак режимі Ирак халқына пайдалы істер жасамай отыра халық билікті қолдайды, Саддамды сатпайды деп қателесті. Режим ирактықтардың сезімге беріліп антиамерикандық ұрандатуына сенді. Ал іс жүзінде барлығы керісінше болды.

Әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық өзгерістер әрбір елдегі халықтардың әлеуметтік ориентирлерінің, ішкі психологиялық ниеттерінің өзгеруіне әкелді. Прагматизм тек мемлекеттік саясатты ғана емес әрбір жеке адамның ниет-мақсаты мен іс-әрекетін анықтайтын дәрежеге көтерілді. Қазіргі қоғамдағы адамдар, әлеуметтік топтар мен халықтар тек өзіне игіліктер мен жақсылықтар әкелетін істер мен шараларға барады. Соларды орындау жолында аянбайды. Бұлай болуы әлемдік құбылысқа айналып барады. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп ойлайтын, елі үшін еңірейтін, ерлікке баратын адамдар азайып кеткенін мойындамасқа болмас. Сондықтан қазіргі ешбір саяси жүйе тек таза энтузиазмге, таза патриотизмге сүйене алмайды. Саяси жүйені, биліктегі элитаны тек ресми билікке жақын мүдделі топтар ғана іс жүзінде қолдайды. Саяси биліктен ешбір жақсылық, пайда немесе қамқорлық көріп отырмаған әлеуметтік топтар үшін бәрібір. Қазіргі биліктен пайда көріп, жақсылық сезініп отырмасам, оны қорғап қайтетін деген ниет басым тұрады.

Мемлекетті, халықты билейтін саяси элита болғандықтан сыртқы және ішкі қауіп саяси элитаға алдымен төнеді. Ирак, Ауғанстан жағдайындағыдай болса қарапайым халық саяси элитаны құрбандыққа шалуға әрқашан дайын тұрады. Елдің жеріне бөтен әскер кіруін халық тіптен басқыншылық емес, азаттық деп қабылдауы да мүмкін. Демек, патриотизмді тәрбиелеудің алғышарты саяси билік пен электорат арасындағы бірлік. Бірлік болғанда стратегиялық мақсаттар бірлігі болмақ. Халықтың



материалдық мүдделері элитаның материалдық мүдделерімен үндес болуы абзал. Ортақ жер, ортақ тіл, ортақ дін, ортақ ұлт болуы қазіргі жағдайда патриоттар тәрбиелеу үшін жеткіліксіз. Алдымен билік пен халықты тастүйін біріктіретін ортақ мүдделер болуы шарт.

Бұл ретте саяси элита жақсы тұрмысқа қалай ұмтылатын болса, жай халық та материалдық әл-ауқатын жақсартуға соншама ұмтылатындығын естен шығармау керек. Патриотизмнің прагматизмге қатынасы, тәуелділігі осы жерден басталады. Өркениетті елдердегі мемлекет байлығын бөлісудегі әлеуметтік әділеттілік принциптерінің біршама сақталуы ел азаматтарын отаншыл ете түседі. Міне осындай ашық қоғамда дамыған елдер үлгісі үшінші дүние мемлекеттері халықтарына пәрменді ықпал жасап отырады. Кедей елдердегі халық өркениетті елдердегідей молшылықты көксейді. Өстіп позитивті прагматизм әлем халықтарының санасын жаулай береді. Адамдар үшін өзінің жеке басы мен жанұясының тыныш өмірі және ауқаты бірінші маңызға ие болады. Осыны қамтамасыз еткен мемлекеттік саяси жүйені халық қолдайды. Ондай халықта отаншылдық патриотизм қуатты болады. Демек, халық мүддесі мен басқарушы элита мүддесінің орайласуы жалпымемлекеттік мүдделердің іске асуына, қорғалуына әкеледі. Осы жалпымемлекеттік ағымдағы және стратегиялық міндеттерді орындау барысында ел халқы топтасады, біртұтас әлеуметтік-саяси қауымдастыққа айналады. Ел алдындағы өзекті міндеттер негізінде отаншылдық, патриоттық сезімдер қалыптасады.

Ортақ мақсаттар, мұраттар мен құндылықтар төңірегінде топтаспаған халықта отаншылдық болмайды немесе тым әлсіз, жасанды отаншылдық қалыптасады. Мұндай отаншылдық тарих сынын көтермейді. Сондықтан, барлық қазақстандықтарды біріктіретін қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу үшін жалпыұлттық топтасуға, бірігуге бөгет болатын қандай да болмасын құбылыстардан құтылу қажет. Елдің тастүйін болып топтасуына, қуатының күшеюіне бөгет болып отырған құбылыстың бірі жершілдік. Бұл латентті, табиғаты жасырын, ашық жария етілмейтін құбылыс. Алайда бұл құбылыстың саяси, әлеуметтік және психологиялық зардаптары тереңде. Шын мәнінде бұл феноменді әлеуметтік ауру ретінде бағалауға болады. «Кадрлер

барлығын шешетін» заманда жершілдіктің кадр саясатына кері ықпалы мен зияны ауқымды. Үлкен лауазым иелерінің жершілдік және туысшылдық психологиясы жалпы мемлекеттік мүдделер мен патриотизмге тікелей зиянын тигізеді. Қоғамның жалпы моральдық ахуалы нашарлап, оның рухани деградациялануы басталады. Елдегі билікті тек қана бір мүдделі топтың қолына шоғырландыру зиянды және сол топтың басшылығына қауіпті. Басқа биліктен шеттетілген топтар өздерін әділетсіздікке ұшырадық деп есептейді. Олардың арасындағы лидерлері міндетті түрде ресми билікке қарсы ашық және жасырын жұмыс істей бастайды. Оларды бір топтың немесе бір билік иелері шыққан аймақтық ықпалымен бағындырып тұру қиын. Халық мұндай жағдайда біртіндеп жалпыұлттық ортақ мүдделерден бас тарта бастайды. Себебі, оған келіп-кетер игілік жоқ. Билік те, байлық та азғана төбе топтың және оның жандайшаптарының қолында. Билік жүйесінің осы схемамен құрылуы әлемдік демократия принциптеріне жат. Демократия мәні биліктің әділетті бөлінуіне және жіктелуіне негізделген. Билік демократиялық жолмен, оның принциптеріне сәйкес бөлінсе жалпыхалықтық патриотизм қосарлана тәрбиеленіп отырады. Себебі, мұндай жағдайда ешбір халық, ешбір әлеуметтік топ өзін әділетсіздікке ұшырадым деп сезінбейді.

Бұдан туатын ой өркениетті, ашық қоғам құру барысында демократиялық принциптердің салтанат құруы патриотизмге негіз болады. Демократиялық сайлау жүйесі барлық аймақтардың өкілдерін пропорционалды, біршама тең дәрежеде билікке тартады. Демократиялық саяси жүйе елдегі барлық әлеуметтік топтардың мүдделеріне әлінше әділетті қызмет жасайды. Елдегі барлық этникалық, әлеуметтік топтарды демократиялық саяси жүйе қорғайды. Демократиялық елде мемлекеттің табиғат байлықтары мен түрлі жинақталған материалдық және қаржылық қорлары жалпы мемлекеттік мүдделерге қызмет етеді. Осындай елде азаматтар өз Отанын, жерін, ортақ байлықтарын қорғауға, тіпті осы құндылықтар үшін өмірін қиюға дайын болады. Бұл жалаң патриотизм емес. Бұл тамыры тереңдегі әлеуметтік, саяси және экономикалық алғышарттары мен себептері бар патриотизм. Жеке адам, халық, мемлекет пен қоғам мүдделерінің тоғысар тұсы осы. Демократиялық қоғам жеке адамның меншігін, адамдық құқықтарын, бостандықтарын қорғайды, оның пікірлерімен,

көзқарастарымен санасады. Ол өз қоғамында болып жатқан кемшіліктерді, қателіктерді, қайшылықтарды көре алады, сынай алады. Әрбір жеке адам халықтың мүшесі ретінде өзіне, халқына, мемлекетіне пайда мен табыс әкелетін қызмет етсе, еңбек жасаса қоғамнан өз орнымды таптым деп біледі. Осы позициядағы азамат өзін, қоғамын, мемлекетін саналы түрде қорғауға дайын болады. Себебі, ол патриот болуға саналы түрде мүдделі. Оған мемлекеті, әділеті жағдай жасап отыр, ол осы елде игілікті өмір сүріп жатыр. Оның өзінің жеке басының, балаларының және ұрпақтарының келешек игілікті өмірі, бақытты болуы осы өзі өмір сүріп отырған мемлекетке байланысты. Мемлекеттің өркендеуі әрбір азаматтың өркендеуінің кепілі болған елде нағыз патриоттар тәрбиеленеді. Өз азаматтарына қамқорлық жасамайтын мемлекеттер Ирактың, Ауғанстанның тағдырларын бөлісуі әбден ықтимал. Азаматтары мемлекетін қорғайтын, халқы Отаншыл мемлекет қуатты. Оны ешбір агрессор жаулай алмайды.

Қазақстанда қазіргі кезеңде Отаншылдықты күшейтудің біршама әлеуметтік шаралары іске асырылғанын айту жөн. Кедейшілікпен күрес, халықтың денсаулығын жақсарту шаралары, өмір сапасын жақсарту, жұмыссыздықты азайту, ауыл-селоны өркендетуге бұрын болмаған миллиардтаған теңге қаржы бөлу, халықты әлеуметтік қорғау сөз жоқ Қазақстандағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартып, қазақстандық патриотизмді күшейтеді. Бірақ, бұл шаралар әлі де жеткіліксіз. Әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы орнатпай халықтың басым көпшілігінің жағдайы түзелмейді. Сондықтан басқарушы элита ел бірлігін, халықтың геосаяси топтасуын нығайту мақсатында мемлекет байлығын, ресурстарын, табиғат қорын талан-таражға салуды тоқтатып, жинақталған қаржыны халықтың этнодемографиялық ахуалын, денсаулық пен білім сапасын жақсартуға, қарттарға, сәбилерге және мүгедектерге қамқорлықты түбегейлі көтеруге жұмсаса қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жағдай жасар еді. Ал, патриоттар саяси элита үшін де жанпидаға барар еді. Мүдделердің, мақсаттардың, құндылықтардың ортақ болуы жалпы мемлекеттік стратегиялық міндеттерді орындау жолында барлық қазақстандықтарды топтастыра алады.

Бірақ, азаматтардың ортақ құндылықтар төңірегінде топтасуы, этносаяси және этноәлеуметтік ұюы өзінен өзі бола қоймайды. Ол үшін прагматистік мүдделермен қоса қазақстандықтарды біріктіретін жалпыұлттық идеяларды уағыздау маңызды. Біріктіруші, топтастырушы идеялар халықтарға, әлеуметтік топтарға және әрбір азаматқа әсер ету үшін олар нақты өмірлік мақсаттармен, құндылықтармен тікелей байланысты болулары тиісті. Абстрақтылы, адамдардың тіршілігіне, әл-ауқаты мен мақсат-мұраттарына қатыссыз ұрандар, идеялар арқылы қазақстандық патриотизмді тәрбиелей алмайсыз.

Қазақстан халқы отаншыл болуы үшін басқарулы элита жершілдікпен қоса рушылдыққа тосқауыл қоюы қажет. Қазіргі қазақ қоғамында трайбалистік сана қайтадан жаңғыруда екендігін мойындамасaq қателесеміз. Бұл құбылыс тіптен күрделеніп, тамырланып барады. Әрине, трайболизм ашық түрде айтылмайды. Оның саясатқа ешқандай қатысы жоқ сияқтануы мүмкін. Ал, Қазақстандағы саяси шындықта трайболизмнің өз орны мен әсері бар. Рушылдық ел халқын жалпымемлекеттік ортақ құндылықтардан алшақтататын, бірігуімен жалпыұлттық топтасуға зиянын тигізетін құбылыс. Трайбалистік сана жалпықазақстандық санаға, мемлекеттілікке қарсы жұмыс істеді. Онсызда аз халықты бөлшектеп, басын біріктірмейді. Трайбализм әсіресе жастар санасына кері ықпал жасайды. Олар жалпыұлттық құндылықтар мен мұраттардан ауытқып тар шеңбердегі топтық, эгоистік мақсаттарға бетбұрыс жасайды. Өз тобының өкілдеріне билік алу арқылы халықтың басқа топтарын басып жаныштауға, өз тобын байытуға бет бұрады. Жалпыхалықтық патриотизм орнына рушылдық патриотизм келеді. Халықтың топтасып, ұйуының орнына бөлектенуі, іштей теке-тіресуі құбылыстары басталады. Барлық әлеуметтік топтарды біріктіретін ортақ Отаншылдық әлсірей береді. Қазақстан халқының стратегиялық міндеті – құқықтық, демократиялық, өркениетті қоғам орнатуы алыстайды. Бедел, атақ, батырлық бір рудың немесе тайпа өкілдерінің есімдерімен ғана байланысты болады. Олар көбінесе жалғандықпен ұласып жатады. Мұндай ахуал халықтың басым көпшілігінің іштей наразылығының, ашу-ызасын тудырады. Сондықтан рушылдық психология жергілікшілдік психология сияқты ортақ жалпыхалықтық патриотизмді тәрбиелеуге кеселін тигізеді.

Бұдан туатын пікір Қазақстанда этникалық, әлеуметтік, саяси, діни немесе топтық бөлектенудің қандай құбылысына болмасын батыл тойтарыс беріп отырылуы керек. Жалпы мемлекеттік стратегиялық міндет-өркениетті қоғам орнату міндетіне байланысты мәселелер төңірегінде саяси билік пен электорат топтасып қимылдауы елдің эволюциялық дамуын тездетеді. Тәрбие беру, ақпарат, білім, ғылым, мәдениет пен идеология өркениеті, демократиялық, құқықтық қоғам орнатудың сан қырлы міндеттеріне ғана қызмет етуіне қол жеткізу маңызды. Осылай болғанда адамның өмірі, бостандықтары мен игіліктері бірінші кезекке шығады. Үкіметі, елі қамқорлық жасаған адам міндетті түрде сол елдің патриотына айналады. Демек қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу үшін, адам санасына жеткізу үшін жалаң насихат, жалаң үлгілер, ұрандар мен идеология жеткіліксіз. Қазақстан мемлекетінде істелетін адам өмірін нақты жақсартуға, ізгілендіруге және қорғауға бағытталған жетістіктер Отаншылдықты да нығайта түспек.

### **Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайы**

Қазақстан өзінің саяси жүйесін реформалау барысында әлемдік демократияның даму үрдістері тәжірибесіне сүйенді. Қазақстанның экономикалық жаңаруы да оның әлемдік қауымдастықтың белсенді субъектісіне айналуын қалады. Ғаламдану талаптары тәуелсіз ел болған Қазақстанның даму талаптарына түбегейлі қайшылықта болған жоқ. Керісінше, ақпараттық алмасу, жалпыпланетарлық мәселелерді шешу, қазіргі әлемдік қауіптер мен сындарға қарсы тұру мәселелері Қазақстандағы ашық қоғам құру міндетіне жауап берді. Тәуелсіз ел бола салысымен Қазақстан Республикасы әлемдік ірі державалармен ғана емес, Жер шарының Қазақстанмен қарым-қатынас жасауға мүдделі барлық мемлекеттермен қоян-қолтық байланыстар орнатуға мүдделі болды.

Мемлекеттік егеменділік Қазақстанды халықаралық қатынастар субъектісі ретінде әлемге таныстырды. 15 жылдың ішінде Жер шарының 150-дей мемлекеті Қазақстанды таныды. Олардың 120-сымен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Шет елдерде Қазақстанның 50-ге жуық елшіліктері ашылды. 2000-нан астам мемлекеттер және үкіметтік шарттар мен келісімдерге қол

қойылды. Қазақстан 500-ден астам халықаралық ұйымдар мен қозғалыстың мүшелігіне енді. 1992 жылдың қаңтар айында Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше болды. 1992 жылдың наурыз айында Біріккен ұлттар ұйымының мүшелігіне қабылданды. 1993 ж. қараша айында Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (ЭҚҰ) мүше болып кірді. 1994 жылы мамыр айында Қазақстан Солтүстік Атлантика блогының “Бейбітшілік жолындағы әріптестік” бағдарламасына 19-қатысушы мемлекет ретінде қабылданды. 1995 жылғы желтоқсанда Қазақстан Ислам Конференциясы ұйымына (ИКҰ) мүше болды. Бұдан кейін де Қазақстан халықаралық 80-нен астам түрлі салаларды қамтитын халықаралық беделді ұйымдарға мүше болып кірді. Соның ішінде 10-нан астам халықаралық қаржы ұйымдары бар. Олардың қатарында әлемдік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық жаңарту және даму банкі, Ислам банкі сияқты әлемдік ақша және қаржылық қатынастарын реттейтін ықпалды қаржы топтарын айта аламыз.

Қазақстанның әлемдік демократиялану және ғаламдану үрдістеріне ойдағыдай енуіне елдің Біріккен ұлттар ұйымына мүше болуының маңызы аса зор болды. Қазақстан өзінің даму мәселелерін шешуге халықаралық тәжірибені және әлемдік өркениетті азаматтың түрлі мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашты. Әсіресе, нарықтық экономиканы ұйымдастыруда, жаңа қаржы-банк жүйесін жасауда, ақпарат толқынын пайдалануда, әлемдік стандарттарға жауап беретін ғылым, білім жүйесін жасауда, демократиялық саяси жүйені қалыптастыруда өркениетті елдердің озық үлгілерін қабылдау мәселесі ойдағыдай шешіле бастады.

Қазақстан Республикасы өркениетті, демократияны және әлеуметтік нарықтық экономиканы орнықтыруға бағытталған стратегиялық міндеттерін шешуге елдің сыртқы саясаты ойдағыдай жағдай жасады. Қазақстанның дамуына ерекше серпін берген, оның болашақ міндеттерін ашуға нақты көмектескен “Қазақстан-2030” гүлдену, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту” атты стратегиялық Ұзақ кезеңдік бағдарламасы болды. Бағдарламада елдің мемлекеттілігін нығайтудың басымдылығы көрсетілді. Оларда ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың кепілі ретінде мемлекеттілікті және аумақтық тұтастықты сақтауға ерекше көңіл бөлінді.

Шындығында Қазақстан аумағының көлемі жағынан Жер шарында 10 үлкен мемлекеттің қатарында. Қазақстанның шет елдермен жалғасатын шекарасының жалпы ұзындығы 15000 км-ге жуық. Әсіресе, алып державалар Ресей, Қытаймен өте үлкен шекарасы бар Қазақстанға шекаралық мәселелерді шешудің маңызы зор болды.

2005 жылға дейін Қазақстан Ресеймен, Қырғызстанмен, Қытаймен, Түрікменстанмен шекараны демаркациялау туралы келісімге қол қойды. Біршама келісімге шекара нүктелері тек Өзбекстанмен ғана қалды. Қазақстан өзінің шығысындағы көршісі Қытаймен 1,5 мың км-ден астам, солтүстігіндегі ұлы көршісі Ресеймен 7,5 мың км-ден астам шекарасын толықтай келісіммен бекітуін Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тарихи жетістігі деп есептеуге болады. Осы қадамдар Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайта отырып, оның әлем халықтары алдындағы мемлекет беделін күшейтуге де ықпал етті.

Қазақстанның басқарушы элитасы елдің сыртқы саясатын ұлттық мүдделермен байланыстырды. Қазақстан халқының гүлденуі мен мемлекеттің бірегейленуі, патриотизмі мен жаңашылдығы сыртқы саясаттың түбегейлі мақсатына айналды. Сыртқы саясат елімізде тұрақты да біртұтас саяси қауымдастықтың және бәсекеге қабілетті экономиканың қалыптасуына қолайлы жағдай жасады. Мемлекеттің демократияның саяси моделін жасауға да сыртқы саяси қарым-қатынастар әсері болды. Саяси жүйе міндетті түрде өркениетті елдердің саяси жүйелерінің жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін үйренумен болды.

Себебі, Қазақстан Азия континентімен шектеліп қала алмайды. Ел Азия мен Еуропаның ортасында тұр. Сондықтан бірінші президенттік сайлаудан кейінгі 1991 жылғы 2 желтоқсанда болған баспасөз конференциясында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясат жүргізеді деп ашық жариялады. Ел Еуропаны Азиямен жалғастыратын көпір рөлін атқаруы керек болды. Ашық қоғам орната отырып, республика әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси қатынастар жасауға мүдделілігін көрсетті. Азия мен Еуропа көпірі ретінде Қазақстан Батыс пен Шығыстың ұлы мәдениеттерін ұштастырушы болғысы келді.

Халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісі ретінде Қазақстан өзінің ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін сыртқы саясат бағыттарын біртіндеп іске асыруға кірісті. Бұл шаруа оңай болған жоқ. Қазақстанның бейбіт ел сипатында танылуына оның ядролық қарудан бас тартуы көп көмектесті. 1994 ж. Қазақстан стратегиялық шабуыл қарулары 1 (С.-1) келісім-шартына қол қойды. Одан соң Ядролық қаруды таратпау туралы келісімшартқа (ДНЯО), Ядролық сынақтарға тыйым салу туралы келісімшартқа (ДВЗЯИ) қол қою арқылы Қазақстан ядролық қарусыз мемлекеттер қатарына қосылды. 1994 ж. желтоқсан айында Будапешт қаласында Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы келісімшартқа қосылуына байланысты оның қауіпсіздігіне кепілдік беру туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжатқа байланысты Ұлыбритания, Ресей және АҚШ Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына қол сұқпаймыз, оған қарумен күш көрсетпейміз деген міндеттемеге қол қойды.

Бұдан кейін 1995 жылдың 26 мамырында АҚШ пен Ресейдің көмегімен Қазақстан өз жеріндегі соңғы ядролық қаруды демонстрацияда, утилизация жасап, өз жерінен шығарып, Ресей бақылаушыларына тапсырды. Қазақстанның осындай бейбітшілік ісіне қосқан үлесі мен үлгісін әлем мемлекеттері қуаттады. 1995 жылдың аяғында ғана Қазақстан Республикасын 111 әлем мемлекеті танып, олардың 92-сімен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Тәуелсіздік алған 4 жылда Қазақстан 18 елде елшіліктерін ашса, елде 36 шет ел елшіліктері мен өкілдіктері ашылды. Қазақстан тәуелсіздік ала салысымен Республика егемендігін таныған Түрік Республикасы болды. 1992 ж. Қазақстан өз елшілігін Түркияда, содан соң АҚШ пен Қытайда ашты. 1993 ж. Еуропаның көшбасшылары Германияда, Францияда және Ресей мен басқа да ТМД елдерінде Қазақстан елшіліктері жұмысқа кірісті.

Қазақстан өзінің дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен сыртқы саясатының басым бағдарларын анықтады. Оның ішінде Ресеймен, Қытаймен екіжақты қатынастарды дамыту шешуші орын алды. ТМД елдерінің барлығымен және Орталық Азия мемлекеттерімен дұрыс қатынастар орнату үлкен маңызға ие болды. Ресей Қазақстан тәуелсіздігін 1991 жылдың 17 желтоқсанында таныса, 1992 жылдың 25 мамырында “Достық,



ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа” қол қойылды. Ал 1998 ж. Ресей мен Қазақстан “Мәңгілік достық пен одақтастық туралы шарт” жасасты. Осы құжаттарға адал Қазақстан 1991 жылдан бері қарай әлемдік саясатта Ресейге қарсы ешбір әрекет жасаған емес. Ресей саясатын жамандап, оның абыройына нұқсан келтіретін сөздер мен пікірлер айтқан емес. Оның объективті себептері көп. Қазақстан мен Ресей экономикалары әлемдегі ең тығыз интеграцияланған экономикалар. Қазақстанның ең ұзақ шекарасы да Ресеймен ғасырлар бойғы көршілік, бір мемлекет құрамында болу, тарихи тамырластық Ресей мен Қазақстанның стратегиялық одақтастығының кепілі болды. Көршілес мемлекеттер келешекте де стратегиялық одақтастар ретінде өмір сүре береді деген сенім зор. Ресей де Қазақстанмен достыққа зәру. Ресей Федерациясы үшін Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі шешуші серіктес. Қазақстанда 4 миллиондай адамды құрайтын ірі орыс диаспорасы бар. Оның мүдделерін Ресей аттап кете алмайды. Мұнай, газ, металл, астық өнімдерін әлемдік рынокқа пайдалы бағамен сату үшін де екі мемлекеттің мүдделері тоқайласады. Қазақстан жері Ресейдің оңтүстік шекараларын лаңкестік, наркотрафик, діни экстремизм сияқты халықаралық қауіптерден қорғап тұр. Сонымен бірге екі ел Каспий теңізі өңірінде энергоресурстарды бірлесіп пайдалануға мүдделі. Көлік байланыстық қатынастар, өзара сауда, инвестициялар тарту, әскери және космостық жұмыстарды ұйымдастыру Қазақстан мен Ресей үшін өзара пайдалы. Мысалы, Қазақстан экспортының 20%-ы, импортының 50%-ы Ресейге келеді. Бірақ Қазақстан Ресейдің сыртқы саудасында өте аз үлеске ие. Бұл көрсеткіш Қазақстан - Ресей экономикалық қатынастарында тепе-теңдіктің жоқ екендігін көрсетеді.

Қазақстанның Ресеймен шекаралас облыстары өздерінің көршілерімен тығыз, өзара пайдалы қатынастар жасауға кірісті. Қазақстанның 50-ден астам түрлі қарулар жасайтын зауыттары өз өнімдерінің 70%-ын Ресейге сатуда. Гуманитарлық білім саласында да екі жақты байланыстар алға жылжуда. 2000 ж. Ресей мен Қазақстан ұсынысымен еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭс) құрылып, ТМД аумағында сауда, виза, кеден, салық саясатын біршама үйлестіруге қол жеткізілді. ЕурАзЭс-тің мақсаты Еуразия кеңістігін қамтитын біршама экономикалық аймақ құру.

Сол арқылы ТМД елдерінің әлемдік экономика бәсекелестікке қабілетін арттыру, тауарлар мен өнімдер сапасын көтеру міндеттерін шешу болды.

Қазақстан әлемдік саясат пен экономикалық басымдылыққа ұмтылған АҚШ-пен де қатынастарын ойдағыдай орната бастады. АҚШ-тың Орталық Азия аумағындағы стратегиялық мүдделері маңызының артуы әлемдік басым державаның Қазақстанмен қарым-қатынастарды күшейтуге деген мүдделілігін тудырады. АҚШ-тың 90-жылдары Кеңес Одағы күйрегеннен кейінгі уақытта әлемдік басымдылыққа ие болуы Қазақстанды АҚШ-пен тіл табысуға итермеледі. АҚШ-пен қарым-қатынасы Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуіне жағдай жасады. Оның беделін күшейтті.

Қазақстанда АҚШ-тың өз мүддесі болды. Ол әлемдік геосаяси бәсекелесі Ресейдің Қазақстанға ықпалын әлсірету. Қазақстанды Қытайға да тәуелді етпеу. Мүмкіндігінше солтүстік атлантикалық күштердің ықпалында ұстау. Үлкен еуразиялық аймаққа лаңкестік күштердің еніп кетпеуін қадағалау. Қазақстанның көмірсутекті ресурстарын АҚШ-тың қуаттарға зәру экономикасын өркендету мақсатына пайдалану. Қазақстан арқылы АҚШ-қа тиімді мұнай-газ секторындағы қуат көздерін тасымалдауды қамтамасыз ету.

Қазақстанды Батыс үлгісіндегі саяси және экономикалық реформаларды жүргізу үшін республиканы әлемдік тәртіптерге қауіп төндірмейтін, бейбітшілік пен бейтараптықты сақтайтын, АҚШ ықпалына қарсы шықпайтын елге айналдыру. Ресей мен Қытайды арасында орналасқан Қазақстанмен жақсы қатынаста болу АҚШ үшін пайдалы. Себебі, Қазақстанды өз ықпалында ұстау арқылы АҚШ Ресей мен Қытайдың бүкіл Еуразия континентіне әсерін әлсіретіп отырады. Әсіресе, АҚШ ШЫҰ-ның антиамерикандық сипат алуынан қауіптенеді. Қазақстанның АҚШ-пен жақсы қатынаста болуы ШЫҰ-ның антиамерикалық саясатына бөгет болуға тиісті. Сондықтан АҚШ ШЫҰ-да Қазақстанның беделінің өсе түсуіне және оның аймақтық рөлінің артуына мүдделі.

АҚШ Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуға бару қадамын қызу қолдады. Американдық компанияларының Қазақстан экономикасына салған инвестициялары ел экономикасына салынған шет ел инвестицияларының үштен бірін құрайды. Елде

100-ден астам америкалық компаниялар жұмыс жасады. 350-ден астам біріккен кәсіпорындар тіркелді. Қазақстан Президенті 1992, 1994, 1997, 1999, 2001, 2004, 2007 жылдары АҚШ Президенттерімен ресми кездесулерін өткізді. Бұл кездесулер нәтижесінде маңызды екіжақты құжаттарға қол қойылды. Олар “Демократиялық әріптестік туралы хартия”, “Экономикалық әріптестік әрекеттер жөніндегі бағдарлама”, Президенттердің бірлескен «Жаңа деңгейдегі американдық - қазақстандық қатынастар туралы», «Энергетикалық әріптестік туралы декларация», т.б.

90-жылдары АҚШ Қазақстанға қатысты тек прагматикалық саясат жүргізді деп есептеуге болады. Ол ядролық қаруларды және олардың компоненттерін таратпауға байланысты. Қазақстан көмірсутекті ресурстарын пайдалануға қол жеткізу және оны америка халқының ұлттық мүдделері аймағындағы елдер қатарына қосуды көздеді. Бұл жылдары АҚШ басшылығы Қазақстанға үшінші дүниенің дамушы елдері ретінде қатынас жасады.

2000 жылдардың басында АҚШ Қазақстанға қатысты саяси бағытын өзгерте бастады. Осы кезеңде АҚШ Қазақстанды стратегиялық әріптес ретінде көрді. Қазақстанды халықаралық қатынастардың ойыншысы ретінде бағалау орын алды. Каспий өңірін бірігіп игеру, көлік дәліздерін ортақ пайдалану, халықаралық лаңкестікті ауыздықтау, әлемдегі геосаяси қайшылықтарды бірлесіп шешу сияқты мәселелер Қазақстанға деген АҚШ мүдделілігін күшейтті. Қазақстанның қолайлы географиялық орналасуы АҚШ-қа Қазақстан “батыс пен шығысты” және “солтүстік пен оңтүстікті” жалғастырушы ел ретінде қатынас жасауына әкелді. АҚШ - Қазақстан қарым-қатынастары күшейе түсті. АҚШ-қа 2020 ж. мұнай өнімдерінің шеттен әкелу көлемі 67%-ға, газ 50%-ға өсетін болса, алып елдің энергетикалық қауіпсіздігі үшін Қазақстанмен достықты көксейтіні анық.

АҚШ әскери базасының Қырғызстанда тұруы, ұшақтарының Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат алуы АҚШ-тың Орталық Азия аймағына дендеп ене бастағандығының және аймақтағы Ресей мен Қытай ықпалын әлсіретуге ұмтылатындығын дәлелдейді. Экономикалары қарыштап өсіп келе жатқан Қытай мен Үндістанды қуат көздерінен ығыстыру үшін де Қазақстан АҚШ-қа қажет. Әлемдік саясатта Каспий мұнайлы аумағының рөлі өсе түсуде.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үшін Қытаймен бейбіт, тату көршілік қатынастар жүйесін қалыптастыру тағдырлық сипат алды. Себебі, ол Қазақстан қауіпсіздігіне шешуші ықпал ететін күш болатын. Қазақстан Қытаймен қатынаста өзінің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға көмектесетін басымдылықтарды шешуге ұмтылды. Бұл жұмыс екі ел арасындағы шекараны демаркациялау шараларын шешуден басталды. Нәтижесінде екі ел арасында даулы шекаралық нүктелер қалған жоқ. Қытайда аса ірі қазақ диаспорасының болуына байланысты миграциялық мәселелер белгіленген келісімшарт негізінде жүргізілетін болды.

Қытайдың экономикалық және әлеуметтік салаларында ойдағыдай реформалар жасалды. Оның әлемдік экономикалық державаға айнала бастауы Қазақстанға Қытайдың экономикалық экспансиясының қаупін күшейте түсті. Осындай жағдайда Қазақстан өз экономикасының шикізаттық сипатынан құтылу қажеттігін күшті сезіне түсті. Әлемдік басым державаға айналу үшін Қытайға алдымен аймақтық басым державаға айналуы керек. Ол үшін Қытай Орталық Азия мемлекеттерін, оның ішінде Қазақстанды да өз ықпалында ұстауды мақсат етті. Қазақстан мен Қырғызстан Қытайдың шекарадағы даулы жерлерге байланысты талаптарын келіссөздер барысында бейбіт жолмен реттей алды. Даулы жерлердің 60%-ға жуығы Қытай Халық Республикасына көшті. Осындай жұмыстар нәтижесінде 1994 жылдың сәуір айында Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара туралы келісімге қол қойылды. 1998 жылғы сәуірде екі ел шекарасы бүкіл өн бойы сызығымен шешілді. Тек екі телімде Сары шелді өзенінің ауданында Талдықорған облысында және Шаған оба ауданның жері Семей облысында ғана келісілген жоқ. Осындай бейбіт шараларды қолдаған Қытай басшысы Цзян-Цзэмин 1996 ж. шілдеде Қытай үкіметі Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне кепілдік береді, оның мемлекет тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығының бұзылмауын қолдайды деген ресми мәлімдеме жасады. ҚХР Қазақстанның саяси тұрақтылыққа, аумақтық тұтастыққа, ұлттық экономиканы дамытуға бағытталған саясатын құрметтейді,- деп жариялады.

90-жылдардың аяқ кезінде екі мемлекеттік қатынастарының дамуына бөгет болатын шекарадағы “даулы бөліктер” мәселесі толық шешілді. Қазақстан бұл мәселе бойынша Қытаймен ымыраға

келді. Себебі, Қазақстан үшін “даулы жер бөліктері” мәселесінің қала беруі тиімсіз болатын. Даулы жер бөліктерінің болуы келешекте шекаралық қақтығыстар қаупін тудыратын факторға айналуы мүмкін еді. Сондықтан Қазақстан шығыс көршісімен тез арада нақты және кепілді келіссөздердің болуын қалады.

ШЫҰ шеңберінде Қытай Қазақстанмен әскери саладағы екі жақты пайдалы қатынастарды өрістетте бастады. ҚХР мен ҚР Қорғаныс министрліктері арасында тұрақты қатынастар орнатылды. Қытай Қазақстанға әскери-техникалық көмек көрсетті. Қазақстан Қытайға қару-жарақ пен әскери техника сатты. Қытай халықаралық лаңкестікке қарсы күресте Қазақстанды қолдады. Әсіресе, Шыңжаң-ұйғыр автономиялы районындағы Ұйғыр сеператистік жасырын ұйымдарын бірлесе отыра әшкерелеуді қалады.

Қытай үкіметі Лобнор ядролық полигонында 1994-1996 жылдарда 45 мәрте ядролық жарылыстар жасады. Қазақстан үкіметі осы жарылыстар қаупіне қатысты Қытайға реніш білдірді. Көршілес мемлекет мүддесімен есептескен Қытай 1996 ж. 30 шілдеде сынақтарды уақытша тоқтатты. Одан кейін Қытай ешбір мемлекетке бірінші болып атом қаруын қолданбау туралы міндеттеме қабылдады. Ядролық қаруы жоқ елдерге мұндай жаппай қыратын қаруын жұмсамайтындығын жариялады.

Қытай Қазақстанның басқа мемлекеттермен одақтас болуына қарсы емес. Оның өзінің қауіпсіздік жүйесін жасау мақсатын қолдайды. Сонымен бірге Пекин Қазақстанның ішкі ісіне бөтен елдің араласуын қаламайды. Қазақстан егемендігі мен тәуелсіздігінің нығая беруін қостайды. Қытай басшылығы Қазақстанды өзінің сенімді сауда әріптесі деп бағалайды. Соның нәтижесінде екі ел арасындағы сауда көп. 2006-2007 ж. аралығында 1,5 млрд. доллардан 5 млрд. долларға дейін өсті. Қазақстанның Шыңжаң өлкесінің дамуына қосқан үлесі айтарлықтай болды.

Қазақстанның саяси жүйесінің демократиялық мазмұнға ие болып, дамуына елеулі ықпал еткен Еуро Одақ (ЕО) мемлекеттерінің үлгісі болғаны даусыз. Сонымен бірге дамыған еурапалық елдер Қазақстанның экономика реформаларының іске асуына зор ықпал жасады. Еуразиялық мемлекеттер Қазақстанды өз үлгісінде өркениетті, демократиялық ел ретінде дамуын қалады. Олардың Қазақстанмен қарым-қатынастары осындай стратегиялық

басымдылыққа байланысты өрбіді. Сонымен бірге қуат ресурстары мен шикізат көзіне мұқтаж Еуропа елдері Қазақстанның мұнай-газ секторын бірлесіп игеруге аса мүдделі. Қазақстан болса Еуро Одақ елдерінен сапалы өнім өндіруді, парасатты экономиканы ұйымдастыруды үйренгісі келді. Орта Азияда Еуро Одақ үлгісімен экономикалық, саяси және әлеуметтік интеграциялану үрдісін бастауға да Қазақстан мүдделі болды. Сондықтан әлемдік өркениетті мемлекеттер қауымдастығына кіру үшін Еуро Одақ, АҚШ пен Жапония мемлекеттері сияқты “ашық терезе” рөліне ие болды. Қазақстан Еуро Одақтың белді мүшелерімен Франция, Италия, Голландия, Дания мемлекеттерімен 21 ғасыр басында екі жақты әріптестік қатынастар орната алды.

Еуропа мемлекеттері Қазақстанның мұнай-газ секторына, түсті металдар мен уран рудасы қорларына қызығушылық таныта отырып, Қазақстанды халықаралық лаңкестікті, діни экстремизмді, наркотрафикті Еуропаға өткізбейтін буферлік плацдарм ретінде пайдалануды мақсат етті. Қазақстан түрлі еуразиялық қаржы, гуманитарлық ұйымдарды, банк жүйесін, білімді, ғылымды, медицинаны дамытуға сәтті пайдаланды. Осындай қатынастардың жандана түсуіне “Қазақстан Республикасы мен Еуро Одақ арасындағы әріптестік және ынтымақтастық туралы” келісімге 1999 жылғы 1 шілдеде қол қойылды. Бұл құжаттың Қазақстанда өркениетті экономика жасауға пайдалы әсері болды. Еуро Одақ елдерінің күшімен жүргізілетін ТАСИС бағдарламасы бойынша 1992 - 2000 ж. Қазақстанға нарықтық экономиканы ұйымдастыруды үйрету, оқыту мақсатында 120 млн. еуро көмек көрсетілді. Білім саласында ТЕМПУС, энергоресурстар саласында ИНОГЕЙТ, коммуникациялар бойынша ТРАСЕКА, т.б. бағдарламалардың Қазақстанда түрлі салаларды өркениетті елдер тәжірибесі негізінде дамытуға пайдасы тиді.

Әлемдегі екінші экономикалық держава Жапониямен де Қазақстан тиімді қатынастар орната алды. Жапония Қазақстанға экономикалық көмек көрсетті, инвестиция құрды, сауданы өрістетті. Басқа жетекші державалар сияқты Жапония Қазақстанның мұнай-газ ресурстарын және транзиттік мүмкіндіктерін пайдалануды көздеді. Қазақстандағы Жапония елшісі Кэнддйн Танака “21 ғасырда Жапония Қазақстанды өзінің стратегиялық әріптесі ретінде бағалайды”, - деп жариялады. Екі ел

арасында сауда 2000 ж. 90 млн. доллар көлемінде болса, 2007 ж. бұл көрсеткіш үш есе өсті. Қазақстан Жапонияға негізінен кара, түсті металдар сатса, Жапония Қазақстанға электрондық жабдықтар, автокөліктер, тұрмыстық техника сатты. Бұл салада да өкінішке орай Қазақстанның тауар емес шикізат сатуы басым болды.

Қазақстан ашық қоғам орнату жағдайында әлемнің өзімен байланыс жасауға мүдделі қандай да болмасын мемлекетімен өзара пайдалы қатынастарға дайын болды. Әсіресе, өзімен көршілес, тамыры бір елдер Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан мемлекеттерімен тығыз байланыстар күшейді. Орталық Азия мемлекеттерінің одақтастық үрдісі нақты сипат алды. Орталық Азияда ортақ экономикалық кеңістік жасау мәселесін Қазақстан басшылығы үнемі күн тәртібіне қойып отырды. Бірақ экономикалық реформалар қарқыны баяу Орталық Азияның басқа мемлекеттері ортақ экономикалық кеңістік жасауға дайын емес еді.

Қазақстанның саяси жүйені реформалауы, 15 жылдай тиімді қызмет жасаған президенттік басқару жүйесінен президенттік-парламенттік жүйеге ауысу, азаматтық қоғам институттарының беки түсуі, сайлау жүйесінің жетілдірілуі Қазақстанның халықаралық беделін көтерді. ЕҚЫҰ-ның сайлау барысын бақылаушылары 2005 жылғы Қазақстандағы Президент сайлауын, 2007 жылғы Мәслихаттар мен Мәжіліске сайлауды салыстыра отырып, елдің демократиялық принциптерін баянды етудегі қадамдары сәтті екендігін айтты. Қазақстанның ішкі жағдайы мен халықаралық беделі елдің саяси жүйесінің демократиялық эволюциялану жолына берік түскендігін дәлелдейді. Қазақстандағы саяси эволюцияны іске асыратын саяси реформалардың ерекшелігі олардың өзгерістерді біртіндеп енгізуге ұмтылуы. Елде Батыс демократиясының үлгілеріне пара-пар келетін реформалар түбегейлі сипат алған жоқ. Өтпелі кезеңге транзитті демократия сәйкес келді. Оның мәні авторитаризм мен демократияның қатар жүруі. Биліктің атқарушы тармағының біршама басым болуы еді.

Қазақстанның саяси жүйесінің жаңару үрдістерінің даму эволюциясының нәтижелеріне келетін болсақ: біріншіден, елдің бүкіл саяси жүйесіне пәрменді ықпал жасай алатын президент билігінің ойдағыдай қалыптасқанын айтқан жөн. Қазақстан Республикасы Президенті жалпыхалықтық сайлаудан өткен,

сондықтан ел халқының сеніміне ие болған, оның атынан сөйлей алатын саяси тұлға. Транзитті даму кезеңінде, одан кейінгі тұрақты даму кезеңінде де президенттік институт Қазақстан үшін қажеттілік болды. Президенттік биліктің дұрыс ұйымдастырылуы арқасында Қазақстан Кеңес Одағы күйреуінен болған дағдарыс салдарын жеңе алды. Әлемдік тәжірибедегі президенттік билік институтының еуропалық үлгісі Қазақстанда да өзінің қазіргі заманға сай келетін билік формасы екендігін дәлелдеді.

Мемлекетті басқарушы биліктің қазіргі заманғы президенттік басқару нысанасына көшуі 1995 жылғы конституциядан заңдық негіз тапты. Қазақстанның саяси жүйесіндегі президенттік институт толыққанды мәртебеге ие болды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани дамуы нәтижелері президенттік институтының өміршеңдігін көрсетті. Күшті президенттік билік нәтижесінде Қазақстан саяси сілкіністерден, этникалық қақтығыстардан, әлемдік геосаяси күрес құрбандығы болудан аман қалды.

Президенттік билік көпэтникалық Қазақстан халқының саяси тәжірибесіне, тарихи менталитетіне және қазіргі жаһандану заманының қауіптері мен талаптарына жауап бере алуымен ерекшеленді. Президенттік билік титулды қазақ этносының да ұлттық мүдделерімен және құндылықтарымен үйлесімдік таба алды. Президент Қазақстандағы экономикалық реформалардың, қоғамдық келісімнің, саяси тұрақтылықтың ғана емес, жаңа тұрпаттағы Қазақстанның әлемдік өркениетті қауымдастықтан өзінің нақты орнын алуының кепіліне айналды. Президенттік билік басқаруымен Қазақстан әлемдік экономикалық интеграцияланудың, әлемдік еңбек, нарық бөлінісінің, әлемдік сауданың және әлемдік ақпарат ағысының кең айдынында батыл жүзе бастады. ғаламданудың қиыншылықтары және кері әсерімен бәсеке қабілеттілікті де ұштау, өркениетті демократияның басты белгілерін қалыптастыру шараларын да іске асыру елде президенттік биліктің ұйымдастырушылық қызметінің арқасында пәрменді жүрді.

Дұрыс жүргізілген экономикалық және саяси реформалар нәтижесінде Қазақстан ХХІ ғасырдың басында дамудың жаңа сатысына көтерілді. Республика артта қалған “үшінші дүние” елдері санатынан шығып, орта дамыған елдер қатарына енді.



Қазақстан 2012 жылға таман экономикалық даму басымдылығын сақтай отырып, толыққанды индустриалды елдер қатарына қосылуды жоспарлады. Бұл мақсат әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу тұжырымынан көрініс тапты. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі тек қана экономикалық көрсеткіштерге тәуелді емес. Саяси жүйе де жаңа міндеттерге сәйкес қызмет ете алуға тиісті. «Алдымен экономика, одан кейін саясат» ұранын «экономика мен саясатты» «ықпалдасуы, қатар жүргізілуі» ұранына алмастыратын уақыт келді. Себебі, Қазақстан келешегі сандық өсуден сапалық өсуге өтуге байланысты болатын кез келді. Сапалық даму адам факторына тәуелді екендігін өркениетті елдер тәжірибесі дәлелдеді.

Саяси Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының оңды жетістіктерге жеткізіненін елдің 2010 жылы ЕЫҚҰ-на төраға болуы анық көрсетеді. Құралында 56 дамыған елдер енген Европадағы ең беделді ұйымға Қазақстан Орта Азия мен ТМД елдері арасында тұңғыш төраға болды. Қазақстан БҰҰ, ШЫҰ, ТМД ұйымдары шеңберінде халықаралық бейбітшілікті нығайтуға қомақты үлес қосты. Мысалы, тек 2003 жылы ғана Қазақстанда Франция, Түркия, Оңтүстік Корея, Бразилия, Вьетнам, Чехия, Словения, Израиль т.б. мемлекеттер басшылары ресми сапарлармен келді. жүйенің толыққанды реформалануы, демократия институттарының тұрақты қызмет етуі адам факторының рөлін арттырады. Сапалы, тиімді және пайдалы еңбек ететін адам қалыптасуы тек экономикалық бостандықтардың болуына ғана емес, саяси бостандықтардың болуына байланысты. Саяси жүйе, саясат пен билік азаматтардың экономикалық бостандықтарының кеңеюіне және олардың белсенді шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Саяси реформалар мақсаты - әрбір қазақстандықты еркін азамат ету. Зандық кеңістіктің аясында, заң диктатурасының болуы жағдайында болатын демократиялық қоғам мен саяси жүйе әрбір қазақстандықтың бүгінгіне және болашағына қызмет ете алады. Саяси жүйе осындай ахуалда жеке адам мүддесіне ғана емес, жалпыадамзаттық, ғаламдық құндылықтардың орнығу ісіне қызмет ете алады.

## **Президент жолдауы және қазіргі геосаяси басымдылықтар**

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы Қазақстан халқына Жолдауының «Дағдарыстан дамуға» деп аталуы бекер емес. Мәселе, ғаламды қамтыған қаржылық және экономикалық дағдарыстың Қазақстанға өз әсерін тигізуінде болып отыр. Елбасы, «дағдарыс бізге сырттан келді. Оның көздері елдің ішінде емес, әлемдік экономиканың сәйкессіздігінде жатыр», - деп ашық айтты /1/. Сондықтан елдің қазіргі кезеңдегі геосаяси басымдылықтары да дағдарыстан неғұрлым аз шығындармен шығудың жолдарын қарастыруға байланысты.

Біріншіден, әлемге билігін жүргізіп келген «патша доллардың» қаржы құлдығынан шығудың жолдарын іздеу міндеті тұр. Елбасы осыған дейінгі «Дағдарыстан шығу кілті» деп аталатын «Российская газетада» 2 ақпан 2009 жылы шыққан мақаласында айтқандай долларлық тәуелділіктен құтылудың бір жолы аймақтық валютаға көшу. Бұл ретте Евразия мемлекеттеріне ортақ «алтын» атауымен валюта енгізу ТМД елдеріне үлкен пайда әкелер еді. «Алтын» валютасы кеңістігіне көршілес мұсылман елдерін және Қытайды, Үндістанды да тартуға болар еді деген пікірдеміз.

Екіншіден, әлемдік құрылыс үй ипотекасының және мұнай өндірудің дағдарысына АҚШ тікелей кінәлі. Әлемдік жиынтық ішкі өнімнің 20 пайызын өндіріп, әлемдік қуат көздерінің 40 пайызын пайдаланып отырған АҚШ Ирактың мұнайымен өзінің мұнай қоймаларын толтырып алды. Әлемдегі ең арзан 1 баррелі 1 доллар тұратын мұнайға толық иелік еткен соң АҚШ-тағы «Нью-Йорк биржасы» мұнай құнын күрт түсіріп жіберді. АҚШ қазір мұнайдың 1 баррелінің құны 5 долларға дейін құлдыраса да ешбір қиналмайды. Себебі, олардың негізгі мұнай компаниялары банкрот болмайды. Ал 1 баррель мұнайды 10 долларға өндіретін Ресей, 13 долларға өндіретін Қазақстан, 9 долларға өндіретін Аргентина сияқты мемлекеттердің мұнай өнеркәсібі 2-3 жылда толық банкрот болып, күйреу жағдайына келеді/2/. АҚШ-тың экономикалық империализм саясаты салдарынан Қазақстан мұнайының бағасы 4 есеге, металдарының бағасы 2 есеге күнсызданды. Соның салдарынан ел бюджетіне түсетін табыс көлемі бірден 20 пайызға азайып кетті/3/. Сондықтан Қазақстан үшін сенімді экономикалық әріптестерді іріктеу мәселесінің маңызы арта түсті.

Батыс мемлекеттері мен АҚШ-тың экономикалық эгоизмі шектен шығып бара жатқан жағдайда ОПЕК сияқты ұйымға кіретін мұнайлы мемлекеттермен қарым-қатынастарды, сауданы, мұнай өндіру мен тасымалдауды күшейтудің тиімді саясатын іске асыру маңызды. Үндістан, Қытай, Ресей рыноктарына мұнайды ғана емес дайындалған бензин тағы басқа мұнайдан алынатын өнімдерді сату пайдалы.

Үшіншіден, елдің антидағдарыстық шаралары оның сыртқы саясатының көпвекторлығын одан әрмен күшейте түседі деген пікірдеміз. Ресеймен стратегиялық одақтастығымыз біртіндеп толыққанды әскери одақтастыққа ұласуы ықтимал. Қазақстанның 70 мыңдай әскері қорғанысқа аз. Сондықтан Ресейден 80 мыңдай әскер әкелуімізге болады. Себебі, «территориямызды қамтып жабу үшін ғана бізге 150 мыңдай әскер керек екен» /4/. Сонымен бірге оңтүстік бағыттағы қауіптерді азайту мақсатында Өзбекстан мен қарым-қатынастарды соғұрлым жақсарту да зәрулік. Өзбекстан жері бізді Ауғанстан наркотрафигінен қорғайтын, терроризмнен сақтайтын бірден-бір буферлік зона болып отыр. Мамандардың есебі бойынша Ауғанстанда өндірілетін 700 мың тонна есірткінің 470 мың тоннасы өзбек, қазақ жері арқылы Еуропаға өтеді екен /5/. Яғни ұйымдасқан есірткі мафиясына қарсы күреске мүдделі мемлекеттермен және терроризм қауіпіне қарсы ортақ мүдделі мемлекеттермен жақындасу еріксіз күшейеді деген сөз. Алдағы уақытта Қазақстан өзінің геосаяси мүдделерін Үндістаннан, Пәкістаннан, Тәжікстан мен Ауғанстаннан іздеуіне және қорғауына келеді деген пікірдеміз. Ол үшін басқарушы элитаның ғаламдық шындықтарға сәйкес келетін геосаяси санасын қалыптастыру қажеттілігі туады.

Геосаяси сана дегеніміз мемлекеттің тарихы-географиялық орнына байланысты оның әлемдік даму үрдістеріндегі алатын орны мен рөлін түсіну деген сөз. Геосаясат әр елдің ғаламдық саясаттағы үрдістерге қатысуының жолдарын және мүмкіндіктерін тусіну мен соларға сәйкес әрекеттер істеуге көмектеседі. Геосаяси сананың дұрыс қалыптасуы өз елінің дамуына көмектесетін стратегиялық одақтарды дұрыс анықтауға жағдай жасайды. Әлемдік еңбек бөлінісінде елдің қандай өндіріс салаларымен бәсекелестікке енуге болатындығын анықтайды. Халықаралық ұйымдарда, трансұлттық компанияларға қатысты тиімді саясат жүргізу жолдарын

айқындауға көмектеседі. Ғаламдық мәселелерді түсіну үшін, ғаламдық қауіптермен жұмыс істеу үшін геосаясат болуы міндетті.

Қазақстан өзінің мемлекеттік қауіпсіздігін үнемі ойлап және оны нығайту шараларын қарастырып отыруы зәрулік. Себебі, әлем саяси тұрақсыздық табалдырығында тұр. Әлемдік демократия мен постиндустриалдық даму тірегі болды деген АҚШ-тың беделі түсті. Ирак, Ауғанстан, Иран, Куба, Солтүстік Корея сияқты мемлекеттерге жасаған АҚШ озбырлығынан сабақ алмасақ болмайды. АҚШ геосаясаты сол елдің экономикалық, шикізаттық және энергетикалық мүдделеріне жұмыс істегені белгілі болып қалды. Күндердің күнінде «АҚШ мемлекетінің ұлттық мүддесінің» эпицентрінде Қазақстан тұрмасына кім кепіл. Демек бізге қауіпсіздікті күшейтудің шараларын қарастыру міндет. Батыс Европа, НАТО бізге қалқан бола алмайды. Себебі, олар түптің-түбінде АҚШ саясатына одақтас болып шығады. Сондықтан біртіндеп, бізге өз әскеріміздің қуатын үнемі арттыра беруіміз керек, екіншіден сенімді әскери одақтастар іздеуге мәжбүрміз. Шынында қазір Ресейден өзге нағыз одақтас болар мемлекет көріп отырғанымыз жоқ. Қытайдың 100-150 мың әскерін елімізге кіргізгенімізді елестетіп көріңіз. Сол сәттен бастап, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінен айрылуы процесі басталар еді. Ал Ресейдің елдегі бар әскеріне қосымша осыншама әскер кіргізсек те Қазақстан тәуелсіздігіне нұқсан келе қоймайды. Себебі Ресеймен біздің одақтас болу, мәселелерді ортақ шешу, қайшылықтарды жеңу тәжірибеміз айтарлықтай. Яғни, біз өзіміздің геосаяси түсініктеріміз бен тәжірибеміз арқылы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға көмектесетін сенімді одақтар іздейміз. Әрине, Ресей Батыстан көп салаларда артта қалып қойған мемлекет. Сондықтан Қазақстан үшін икемді геосаяси ойыншы болуы пайдалы. Әскери қауіпсіздігімізді Ресей күштерімен қамтамасыз ете отыра батыстың сапалы технологиясын, біліми-ғылыми жетістіктерін, демократия принциптерін, өмір сапасын қабылдай білу бүгінгі міндет. Сонымен бірге Шығыстағы ұлы көршіміз Қытаймен де сауда, экономикалық қатынастарымызды жақсартып, олармен достықта болу пайдалы.

Қазақстан әлемдік өркениеттер, діндер және геосаяси мүдделер тоқайласқан Евразия кіндігінде тұр. Демек, әлемдік мүдделер күресі біздің елді айналып өтпейді. Басқарушы биліктің мемлекетті

басқару өнері мен қабілеті осы ғаламшарлық мүдделер тоғысқан тұста Қазақстанның мемлекеттік егемендігін сақтау, нығайту, басқа мемлекеттер біздің елмен санасатындай қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыру. Қысқаша ғана айтсақ Қазақстанның саяси элитасының геосаяси санасы елдің әлемдегі орнын анықтайды, мемлекеттің ұзақ тарихи кеңістікте өмір сүріп, халықтың бейбітшілікте күн кешуін қамтамасыз ету жолдарын қарастырады. Әлемдік мемлекеттер аралық бәсекеде, әлемдік мүдделі топтар жарысында тек күшті геосаяси ойын жүргізе алған мемлекеттер ғана өркениетті адамзат көшінің бел ортасында жүре алады. Әлсіз геосаяси ойыншылар мемлекеттілігін жоғалтып, тарих қойнауына сіңіп кетеді.

Қазақ хандығы заманында қазақ халқының геосаяси санасы болды деп батыл айта аламыз. XV-XVIII ғасырлар арасында 300 жылдай Қазақ хандығы жеке мемлекет ретінде өмір сүрді. Өкінішке орай Ресей бодандығына ену қазақ этносын көптеген сапалық белгілерінен айырды. Соның бірі геосаяси ойлауға қабілеттілік болатын. Қазақ халқының сақталуы, тарих бетінде қалуы күмәнді болған жағдайда оның әлемдік күрестерге қатысуы мәселесін қою тіптен мүмкін емес болатын. Сондықтан қазақ ұлтының геосаяси ойлауға мүмкіндігі 1991 жылдан бастап, тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғырды деп айтуға болады.

Ескеретін жәйт, геосаяси сананы қалыптастырушы елдің басқарушы элитасы мен интеллектуалды элитасы. Әсіресе тарихи география, саясаттану, философия ғылымдарының мамандары елдің геосаяси ойын тәрбиелеуге көмектеседі. Қарапайым халық геосаясатпен айналысады десек артық айтқандық болады. Бірақ, тұрмыстық деңгейдегі геосаяси сананы жоққа шығаруға болмас. Себебі, әрбір азамат өз елінің әлемдік қатынастардағы орны мен маңызы туралы ойлайтыны және сол үшін белгілі бір дәрежеде алаңдаушылық білдіретіні анық.

Қазақстан халқының, соның шешуші сегменті қазақ ұлтының геосаяси санасы қалыптасу үстінде. Оның өсуі ел азаматтарының саяси санасы мен саяси мәдениетінің өсуіне тікелей тәуелді. Күнделікті саяси үрдістерді түсіну геосаяси процестерді түсінуге әкелетін баспалдақ. Қазақ халқының геосаяси санасының қалыптасуына Алаш арыстарының еңбектері көп ықпал етті деп білеміз. Қазіргі кезеңде Қазақстанның сыртқы саясатының басым

бағдарларын елдің геосаяси мүдделері анықтайды. Демек, қазақ ұлтының геосаяси санасының қалыптасуына президенттік биліктің қызметі үлкен ықпал жасайды. БАҚ әлемдегі жаңалықтарды халыққа жеткізу, елдің ішкі жағдайдағы және сыртқы саясатындағы өзекті міндеттер мен оқиғалар, оларды шешу мәселелері барлығы дерлік халықтың геосаяси санасына ықпал етеді.

Ел болып қалу үшін, ұлттылықты сақтау үшін қандай стратегиялық міндеттерді шешумен айналысуға тиістіміз деген сұрақ тағдырлық мәселені қозғайды. Әрине бірінші кезекте қазақ ұлтының тілі сақталуы міндет. Ана тілімізден айрылсақ ассимиляцияланған тобырға айналамыз. Қазақ халқы тарих сахнасынан жоғалып басқа халыққа қосылады немесе халықтардың біріккен тобына енеді. Тілмен бірге мәдени үлгілеріміз, музыкамыз, діліміз де мұрағаттарда ғана қалатын болады. Бұлай болмауы үшін «Тіл тағдыры - ел тағдыры» ұранымен қазақ тілін нығайтудың кешенді шараларын жүргізе беруіміз қажет. Түптің түбінде барлық қазақтар емес барлық қазақстандықтардың қазақша сөйлейтініне сенімдіміз. Себебі ХХ ғасырдың 50-70-ші жылдарында жабылған 700 қазақ мектебін қалпына келтіре алдық. Біртіндеп барлық қазақ баласын ана тілінде оқытуға жетісеміз. Одан кейін барлық қазақстандық балалар қазақ тілін білуді міндет, зәрулік ретінде санайтын болады. Сондықтан бүгінгі қарқынды бәсеңдетпей, у-шусыз ана тіліміздің позициясын өнерде, білімде, ғылымда, саудада, өнеркәсіпте, билікте, қаржы жүйелерінде нығайта беруге тиіспіз.

Сонымен бірге біз қазақ болып қалу үшін елдің мемлекеттілік қуатын күшейте беруіміз керек. Қазақтың ұлттық тағдыры Қазақстанның егемендік тағдырымен біртұтас. Қазақстанның әлемдік аренада күшеюі, дамуы қазақ халқының этностық тынысын ашатыны және оның мемлекет жасаушы ұлт ретіндегі құлшыныстарын арттыратыны сөзсіз.

Біз оптимистіміз. Аллаһ тағала қолдаса қазақ ұлтында зор келешек бар. Мәселе, қолда бар алтынымыз – саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді сақтау. Тыныштықты шайқалтатын күштерге ермеуіміз керек. Қазаққа керегі реформалар арқылы болатын эволюциялық даму. Революциялардан келген бір мысқал жақсылық жоқ. Табиғат, адам сапасы ресурстары бар. Оларды тиімді

пайдалануды үйренсек тәп-тәуір өмір сүретін тұрақты мемлекеттер қатарынан қалыспайтынымыз шындық.

Әрине, шешілмеген мәселелер, ұлттық қауіпсіздіктерге зиянды құбылыстар жеткілікті. Біз ғаламшарлық өзгерістер заманында өмір сүрудеміз. Әлемдік қайшылықтар, қауіптердің барлығы Қазақстанға да ортақ. Тіптен зор жігермен ден қойған нарықтық қатынастар, капиталистік экономиканың өзін ақтамай отырғаны, қайшылықтардың көзі болып отырғандығына куәгерміз. Алдағы уақытта әлемдік тәртіптер, әлемдік саяси құрылыстар қайтадан өзгеруі ықтимал. Әлем ғаламдық масштабтағы өзгерістер мен құндылықтардың алмасуы табалдырығында тұр. Осындай алмасу, транзиттену заманында күдіктің де болуы, уайымның да болуы заңдылық. Заман қиыншылықтарының табиғатын әлі де ешкім дөп басып, ашып көрсеткен жоқ. Түсінбестік пен белгісіздік халық болашағына деген алаңдаушылықты тудыратын болса керек.

Онымыз рас. Күдік пен қауіптен білу де керек шығар. Олай етпесек қорғану механизмдерімізді күшейте алмас едік. Біз Ресей саясатынан, Қытай саясатынан, трансұлттық компаниялар мақсаттарынан қауіптенеміз. Оның барлығы дұрыс болар. Алайда, қазір біз тәуелсіз мемлекетпіз, Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшесіміз, әлемдік ядролық клуб мүшелері біздің территориялық қауіпсіздігімізге кепілдік берген. Өзіміздің шағын әскери қуатымыз бар. Одақтастарымыз да бар мемлекетпіз. Сондықтан қорқып өмір сүрудің қажеті жоқ деп білеміз. Әлемде 200-ге жуық тәуелсіз мемлекеттер бар ғой. Солардың 20-дайы ғана әлемдік және аймақтық басым державалар. Қалғандары, басым көпшілігі түрлі айла-амалмен өз тәуелсіздігін сақтап отырған мемлекеттер. Қазақстанда осындай елдер қатарында. Сондықтан, өзгертіп жатқан әлемдік тәртіптерге сәйкес, күшті геосаяси ойыншы болудың барлық шараларын жасап, іске асырамыз. Ресейде де өзгереді. Бұл мемлекетке стратегиялық одақтастар ауадай қажет және Қазақстанның қауіпсіздігі мен тышынтығы Ресейге өте пайдалы. Қазақстан Иран, Пакистан, Ирак, Ауғанстан сияқты қазіргі «тұрақсыздық доғасы» болып тұратын мемлекеттерден Ресей жерін қорғап тұр. Ресей Қазақстанмен бірігіп, көмірстутегі шикізаттарды сатуға, тасымалдауға мүдделі. 7,5 мың шақырым ортақ шекарамыз әлемдегі ең ұзын құрлықтағы шекаралар қатарында. Бұл мемлекетпен геосаяси одақтас болуды бізге тарихи тағдыр сыйлап

отыр. Ал патша өкіметі мен кеңес үкіметінің қазақ халқына жасаған зорлық-зомбылықтарын есептеп, бұл елмен өкпелесуге, өштесуге бола ма? Шындықтар белгілі, тарихты қайта жаза алмайсың. Біз шындықты білеміз, ұмытпаймыз. Бүгінгі күн үшін, болашақ үшін Ресеймен бірігіп әрекет етудің қажеттігін тағы да білеміз. Демек, өткенге өкпелей бермей бүгінгі әлемдік өзгерістерге жауап беретін мүдделер ырқында болатын ішкі және сыртқы саясатты батыл жүргізе беруіміз пайдалы. Нағыз геостратегиялық ойыншы басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста өз мүддесінің орындалуына қол жеткізіп отырады. Қазақстанның мәңгілік мүдделері бар. Сол мүдделерге сәйкес одақтастарды таңдау, әлемдік аренада мемлекеттік құндылықтарымызды қорғай білу елдігіміздің белгісі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан – дамуға // Егеменді Қазақстан. 2009. 6 наурыз. – Б.1.
2. Зотов Г. Россия в иракской западне. Как США обвалили цены на нефть – специальное расследование АиФ. // Аргументы и факты. 2009. № 9. – С.5.
3. Латышев Н. Надо подтянуть тылы. // Аргументы и факты. 2009. № 11. – С.2.
4. Сұлтанбаев Б. Қазақтар өзге этнос өкілдеріне қатысты жетекші ұлт жүргізетін саясатты жүргізуге тиіс. // Айқын. 2009. 25 ақпан. – Б.3.
5. Султанбаев Б. На то и НАТО, чтобы ОДБК не дремала. // Аргументы и факты. 2009. № 8. – С.3.



## Терроризм сабақтары

Адамзаттың бейбіт өміріне қауіп төндіруші құбылыс ретінде терроризм қаупі ХХІ ғасырда тіптен күшейе түсті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы халыққа жолдауында көрсетілгендей халықаралық терроризм діни экстремизмге және үнемі өсу үстіндегі наркотрафикке байланысты/1/. Терроризмді ауыздықтауға Қазақстан да аса мүдделі. Себебі, терроризмде шекара жоқ. Оның соққысына әрбір мемлекеттің ұшырауы ықтимал. Қазақстан да ондай қауіптен тысқары тұрған жоқ. Кейінгі жылдарда террористік әрекеттерге қатысы бар, діни экстремистік идеологияны басшылыққа алатын халықаралық діни ұйымдастырудың біздің еліміздегі қызметтері тым белсенді бола бастады. Олар Қазақстан тәуелсіздігін, Конституция мен заңдық актілерін аяққа таптағысы келеді.

Діни ұйымдардың идеологиясына, іс-әрекеттеріне баға бере келе Республиканың Жоғарғы соты жеті халықаралық ұйымға террористік деп баға беріп, елдегі қызметтеріне тиым салды. Бұл ұйымдар «Асбат-аль Ансар», «Мұсылман бауырлары», «Талибан», «Боз гүрд», «Орталық Азыл моджахедтерінің жамааты», «Лашкар-и-Тайба», «Әлеуметтік реформалар қоғамы», «Истлах»/2/.

Аталған ұйымдардың миссионерлері бұрын Оңтүстік Қазақстанда қызмет етсе, енді олар Батыс Қазақстанда да белсенді әрекеттер жасай бастаған. «Хизб-ут-Тахрир» діни ұйымның қызметін де заңсыз деп жариялау ұсынылуда. Бұл ұйымның 13 мыңнан астам кітапшалары мен үнпарақтары тәркіленген. Осылармен бірге «Шығыс Түркістанның ислам партиясы», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Таза ислам» (ваххабит) сияқты террористік ұйымдары мүшелерінің ел аумағында қызметтері байқалуда.

Діни экстремистік ұйымдардың мақсаты Қазақстанды тәуелсіздік даму жолынан тайдыру. Елдің шикізат қорларын әлемдік жаңа мұсылмандық халифат құру мақсатында жұмсау, әлемдік ислам мен христиан діндерінің күрес плацдармына айландыру. Қазақстанға ХХІ ғасыр басында осындай әлемдік қауіптердің қыспағынан шығынсыз шығу мәселесін шешу міндеті тұр.

XXI ғасырдың басында әлемдік саяси өмірдегі басты ерекшелік – терроризмнің (лаңкестік) адам өміріне қаупінің бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде етек алуы. Тіптен мемлекетаралық, этникалық қақтығыстар мен локальды соғыстарға қарағанда қандай мемлекетке болмасын терроризм қаупі басым бола түсуде.

Кейбір сараптаушылар терроризмді үшінші дүниежүзілік соғыс деп те жүр. Бұл бағаның мәні де бар. Себебі, терроризм әлемнің көптеген мемлекеттерін қамтып, шекараны бөлмей жүріп жатыр. Кейінгі онжылдықта терроризмді ауыздықтау тіптен мүмкін болмай кетті. Терроризм әлемдік тарихтың жаңа қауіпті феноменіне айналды. Оның шексіз әділетсіздігі көп жағдайда жазықсыз бейбіт адамдардың өмірлеріне қауіп төндіруінде, адам өмірін ойыншық етуінде. Соңғы онжылдықта лаңкестік әрекеттер ондаған мың адамдар өмірін қиып, миллиардтаған доллар материалдық шығындар әкелгені даусыз. Ресми деректер бойынша 2002 жылы 8 айда ғана 390 теракт болып, онда 4776 адам қаза болған. 1992 жылдан бастап терактілер саны жыл сайын 10 пайызға жуық артып отырған/1/. Терактілер әлемнің түпкір-түпкірінде дүркін-дүркін қайталануда. Оның құрбандары АҚШ-тың, Ресейдің, Пәкістанның, Индонезияның, Жапонияның, Ирактың, Түркияның, Испанияның т.б. елдердің бейбіт халқы, бейқам тұрғындары. Жазықсыз жандар саяси теке-тірестің құрбаны болуда.

Бұл ретте терроризмді қазіргі қоғамдағы абсурдтық құбылыс деуге болады. Оның өзекті, өмірлік мән-мағынасы жоқ. Себебі террористер әрекеттерінен жекелеген мемлекеттердің саясаты, қоғамдық ой-пікірлер өзгеріп жатқан жоқ. Терроризм тек қорқыныш пен үрей ғана әкеледі. Террористік топтар саяси күрестен еш нәтиже ала алмаған соң жанкештілік, өшпенділікпен кек алуға кіріскен топтар. Олар үшін кек алу, қорқыту, бейбіт адамдарды қыру саяси қарсылықтарын өз дегендеріне көндіру жолы. Осы мақсат үшін лаңкестер ешкімді аямақ емес. Көкейкесті мақсат жолында шектеп шыққан қатігездікке бару, жанпидалыққа салыну терроризмнің күрес тәсіліне айналып отыр. Террористердің ешкімді аямайтындығын, олар үшін қасиетті ештеңе жоқ екендігін, Алланың атын қаралап айуандыққа салынған қара долы күш екендіктерін Россияның Солтүстік Осетиясындағы Беслан қаласында болған 2004 жылы 1 қыркүйектегі оқиғалар дәлелдеп берді.

Террористердің 1150-ден астам нәрестелер, оқушылар, мұғалімдер, ата-аналарды кепілдікке алуы бүкіл әлемді түршіктірді. Жазықсыз жандар мектеп ішінде террористер мен мемлекеттік билік теке тіресінің құрбандығына айналды. 33 лаңкес 3 күн осыншама адамды адам төзгісіз қорлықта ұстаған. Ресей қарулы күштерінің құтқару операциясы бейбіт оқушыларының, мұғалімдер мен ата-аналардың қырылуы операциясы болды. 335 адам оққа ұшып бомба жарылысынан қаза тапты. Олардың басым көпшілігі оқушылар. 450-ден астам адам жарақат алған. Ингушетияның бұрынғы президенті, Руслан Аушев лаңкестерге барып, 26 жас балалар мен нәрестелерді босатып алды. 150-дейге адам тағдыры белгісіз. Ал Беслан мектебі мұғалімдерінің жасаған тізімі бойынша мектепте 1370 адам болған. Олардың арасынан 335 адам қаза болса, соның 170-і оқушы балалар мен 15-і мұғалімдер болған. Беслан мектебі мұғалімдерінің балалар өмірін сақтау үшін істеген әрекеттерін барлық халықтардың мұғалімдері үлгі етері сөзсіз.

Терроризмнің ғаламдық құбылысқа айналуы оның іске асуының арзандығына да байланысты. Армияны ұстауға миллиардтаған шығын қажет болса террористік әрекеттерге мұндай үлкен қаржы қажет емес. Террористік әрекеттерді мұқият, құпиялықты сақтап дайындаса үлкен шығын, адам қырғынын, қайғы-қасірет, ең бастысы ауыр үрей әкеледі. Террористер оқиғаларымен қабаттас 3 лаңкестік әрекеттер болды. Бір күнде 2 ұшақ әуеде жарылып 100-ге тарта адам мерт болса, Мәскеу метросындағы бомба жарылысынан 30-дан астам бейбіт тұрғын өлді. Бар жоғы бір аптада шешен лаңкестері 4 өте ауыр салдарлы террористік актілер жасап үлгерді. Террактілер салдарынан аз күнде ресми деректер бойынша 465 бейкүнә жандар көз жұмды. Қаншама өмір жазықсыз қиылып, қаншама жанұя жазықсыз қайғы жұтып қалды. Лаңкестіктің трагедиясы оның аяусыз әділетсіздігінде. Мысалы, шешен лаңкестерінің басшысы Шамиль Басаевтың айтуынша оның тобы екі ТУ-134 ұшақтарын жаруға 4000 доллар, Кашира шоссесі мен метродағы жарылыстарды жасауға 7 мың доллар, «Норд Ост» ойын-сауық орталығын басып алуға 8 мың евро ғана жұмсаған./6/

2010 жылы Мәскеу қаласының метросында 2 мәрте лаңкестік әрекет орын алды. Бұл оқиғадан да 20 шақты жазықсыз жандар қаза

болды. Әлемдік терроризм құбылысы Иракта, Үндістанда, Пәкістанда, Испанияда т.б. мемлекеттерде қайталануда.

Алайда, Ресейде болып жатқан оқиғалар Қазақстанды бей-жай қалдыра алмайды. Себебі, Қазақстандағы экономикалық және қаржылық үрдістердің дамуы Ресейде болып жатқан үрдістерге өте ұқсас. Терроризмнің тежеусіз болуына Ресейдегі сыбайлас жемқарлықтың, коррупцияның әсері зор. Террористер ақшаға сатылатын шекарашыларды, кеден вокзал, әуежай күзеті басшыларын, т.б. бақылау органдары қызметкерлерін өте оңай сатып ала алады. Сатылатын чиновниктер бар жерде адамдар өміріне қауіп төндірушілерге тосқауылдар қою қиын. Қазақстанда бақылау органдарынан қажет деп есептесе лаңкестер өте оңай жолмен өте алатындығы күмәнсіз. Аз жалақысына жанұясын асырай алмай отырған 40-50 жастағы полиция қызметкерлерін сатып алу оңай. Ел қауіпсіздігі үшін ондай мекемелерге алдын-ала дайындалған, тәрбиеленген, ақшаға сатылмайтын жоғары білімі бар жас жігіттер мен қыздарды қызметке жақсы жалақы беріп тарту дұрыс.

Терроризм себептерінің бірі-Шешенстан мұнайында. Ресей басшылығы империя тұтастығын ойлайды. Сонымен бірге шешен мұнайынан табыс табатын орыс бизнесмендерінің мүддесі тағы бар. Шешенстан өз байлығына, өз жеріне өзі толық қожалық етуді көксейді. Осы себептермен басталған қарулы қақтығыстар аяғы әзірше толасталмай қайталанып тұрған террористік әрекеттерге ұласты. Күнделікті тыныш өмірінен, туыстарынан, жиған-тергенінен айрылған шешен содырлары ешкімді де аямауға бел буды. Оларға өмір мен өлім үшін соңғы айқастар керек. Шешен содырларының құдайдан да, адамнан да, ұяттан да қорықпайтын психологиялық халде екендігін Бесландағы және т.б. оқиғалар дәлелдеді. Лаңкестер жас нәрестелерді де, аналарды да, өрімдей өсіп келе жатқан ұлдар мен қыздарды да аяған жоқ. Өз талаптары орындалмаған соң 1150-дей кепілдегі бейкүнә жандарды қырып жіберуге ұмтылды. Олардың 335-ін атып, жарып үлгерді. Бейбіт мектептегі періштедей балаларды қырудан шешен содырларының адамдық қасиеттерден мүлдем кеткендігін көреміз. Олардың идеологиясы ислам туын жамылғанымен бейбіт өмірді уағыздайтын ислам дініне ешқандай қатысы жоқ. Құран кәрімдегі кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс идеясын басқыншылыққа, тікелей

агрессияға қарсы бүкіл халықтық соғыс деп түсінуіміз керек. Ислам діні бейбіт халықты дініне, сеніміне қарай бөлген емес. Бейбіт адамдары дін жолы үшін құрбандық етуге ешқашан шақырған емес. Демек, террористік әрекеттер ислам дінінің дәстүрлі канондарына қарсы, дінді бұрмалаудың дөрекі құбылысы деп бағаламасқа лаж жоқ. Лаңкестер ислам дінін бұрмалаушылар ғана емес, оған қарсы әрекет етіп, оған кара күйе жағушылар.

Қазіргі терроризм тамыры күрделі. Оның себептерінің қалтарыстары көп. Әр елдегі лаңкестік себептері әр түрлі. Олардың қаржыландыру көздері де әр текті. Терроризмді бизнеске айналдырған құпия топтар да бар екендігі ақиқат. Мысалы, «Әл-Жазира» телеканалының тілшісі Акрам Хузам Лондонда қандай елден, қандай мақсатқа болмасын лаңкестер даярлап беретін фирмалар бар екендігін айтады. Бұл өте үлкен бизнес. Осындай фирмалар құпия және күрделі террористік актыларды жоспарлап және іске асырып беруді міндеттене алады. Бір операция өткізу арқылы миллиардтаған доллар пайда алады/8/. Бұл фирмалардың істеріне әлемдік террористер Бен Ладен, Хаттап, Абу аль- Валид, Абу Заркави т.б. қатысты деген деректер бар. Көп жылдар бойы Ауғанстан жері содырлар дайындайтын лагерлердің мекені болғаны рас. Әлемдік терроризмнің Ауған жеріндегі орталықтары талқандалған соң олардың басшылары Пәкістан, Иран мемлекеттеріне ауысуы ықтимал. Терроризм құбылысы шекараны білмейді. Ондай топтар қандай жер өзіне қолайлы деп шешсе сол елге көше береді. Сонымен қатар көптеген мемлекеттерде, тіптен дамыған елдерде олардың құпия, запастағы базалары бар екендігі дәлелденуде. Терроризмді қаржыландырушы әлемдік қаржы топтар бар екендігі де ақиқат. Ондай топтар халықаралық қақтығыстар мен шиеленістерден өте мол пайда табады немесе көкейкесті мақсаттарын орындауға қол жеткізеді.

Кейбір эксперттер терроризм себептерін АҚШ-тың империялық саясатымен және бірполюсті әлемдік тәртіптің қалыптасуымен байланыстырады. АҚШ арнаулы мекемелері Батыс Европа елдерінде болып жатқан террористік оқиғаларға жауапты ма деген күдік бар/9/. Себебі, АҚШ- үшін халықаралық терроризмге қарсы әлемдік күрес керек. Сондықтан АҚШ-тағы оқиғалар басқа елдерде қайталануы дұрыс. Сонда дамыған елдер халықтары терроризм күреске шығады және АҚШ-тың қандай да болмасын

антитеррорлық әрекетін қолдайды. Бен Ладенді, Абу Заркавиді ұстаймыз деп АҚШ қандай да болмасын елге өз әскерін немесе арнаулы топтарын енгізуге мүмкіндік алады. Мысалы, әлем баспасөзі бір елде жасырын террористік топтар бар деп шуласа жеткілікті. АҚШ халықтары қолдайды. Демек, әлемдік терроризмге қарсы күрес идеясы АҚШ-қа өзінің империялық миссиясын орындауға желеу екендігін де есептен шығаруға болмайды. Халықаралық терроризмді желеу етіп АҚШ саяси элитасы еліне арабтарды, қытайларды, латын американдықтарды кіргізуді тоқтатады, демократиялық бостандықтарды шектейді. Бұл күрес АҚШ саяси элитасына «АҚШ-тың ұлттық мүдделерін қорғау» ұранымен өздеріне ұнамайтын қандай да болмасын мемлекеттің территориясына басып кіруге мүмкіндік береді. Қазіргі терроризмнің екі қайнар көзі бар деп есептейміз. Біріншісі, терроризмнің әр елдің саяси ахуалына қатысты ішкі себептері. Мысалы, Шешенстандағы Ресейдің саясатына қарсылық Өзбекстандағы саяси басшылықтың іс-әрекеттеріне қарсылық сияқты. Екіншісі, лаңкестікті халықаралық қатынастарды жаңаша реттеу мақсатында пайдалану. Халықаралық трансұлттық күштер терроризмді өздерінің экономикалық, қаржылық және саяси мүдделерін іске асыру мақсатында пайдаланып қоздырады.

Террористік әрекеттер әлемнің түкпір-түкпірінде халықтардың бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруіне бөгет болуда. Терроризм-зорлық пен күш көрсету арқылы қылмыстық әрекеттер жасау. Оның мақсаты террористік топтың мемлекеттік ұйымға, жекелеген саяси күштерге, қаржы, бизнестік жүйелерге қойылатын талаптарын зорлықпен, қорқытумен, күш көрсетумен іске асыру. Террористік әрекеттерге бастайтын мотивтер қандай көп болса, лаңкестік әрекеттердің әдіс-тәсілдері де сондай көп. Жекелеген адамдарды тұтқынға ұстау немесе өлтіру, самолеттерді басып алу, үкіметке талап қою, мектептерді, магазиндерді, банктерді ішіндегі адамдарымен кепілдікке алу, өмірлік маңызды объектілерді басып алу арқылы су қоймасын, атом электр станциясын жарамыз деп халық пен билікті бопсалау сияқты толып жатқан лаңкестік әрекеттер тәсілдері бар. Әсіресе жарылғыш заттарды түрлі жерлерде пайдалану тіптен етек алып барады. Бағдатта, Стамбулде, Исламабадта, Ташкентте, Мәскеуде жарылғыш заттар қойылған автомашиналар жиі жарылуда. Бүкілхалықтық әлеуметтік қолдауға

ие болмаған осындай саяси топтар лаңкестік күрес тәсілдерімен халық назарын өздеріне аударады. Террористер топтардың идеологиясы революциялық экстремистік мақсаттар маңына қалыптасады. Зорлықпен билікке келу арқылы мемлекет пен халыққа топтың мақсатын тану лаңкестер үшін жеңіс болып табылады. Террористік әрекеттердің басты ерекшелігі оның аса құпия жағдайда, дайындалуы және тосыннан іске асырылуы. Террористік әрекеттерді әдетте мұқият конспирацияланған, саны шағын, арнаулы лагерлерде дайындықтан өткен топтар жасайды. Террористік командалар ресми биліктің дәрменсіздігін көрсетуге немесе үкіметті қарсы әрекеттерге қарсы еріксіз барғызуды мақсат тұтады. Елдегі тұрақсыздық пен хаос террористік топтардың мақсаттарын орындауға қолайлы жағдайлар туғызады. Кейде террористік топтар әрекеттері арқылы мемлекеттік билеуші топқа қарсы қоғамдық пікір қалыптасады. Көптеген елдердегі қайшылық нүктелерінде лаңкестік әлемдік державалардың өктемдік саясатына қарсы өрістей түсуде. Ал кейбір лаңкестік күштер өз әрекеттері арқылы елдегі билеуші топты үкімет билігінен қуып өз жасақтарын немесе өздерінің өкілдерін билікке әкелуді мақсат тұтады.

Терроризм ешуақытта тікелей қарсыластар арасында ғана өрістемейді. Лаңкестік әрекеттердің құрбаны дені бейкүнә жандар. Олардың үйреншікті, бейбіт тіршілігін лаңкестік әрекеттер әп-сәтте бұзады. Бейбіт адамдар ойламаған жерден лаңкестердің мақсатының құрбанына айналады. Кепілдікке алынған адамдар тағдыры толық террористердің билігіне көшеді. Терроризмнің табиғаты аса қорқынышты, тұтқиыл және қатерлі болуы осыған байланысты. Террористік қимыл мүлдем күтпеген жерде, мүлдем бейқам сәтте, осы іске ешқандай қатыссыз ондаған, жүздеген, тіптен мыңдаған адамдардың өмірін қиятын қауіппен болуы үрей әкеледі. Бұған 2001 жылғы 11 қыркүйекте ислам террористерінің Нью-Йорк қаласындағы Бүкіләлемдік сауда орталығының зәулім ғимараттарына жасаған шабуылдары анық дәлелдейді. Тіптен АҚШ империялық қуатының символы, Американың қорғаныс министірлігі орналасқан Пентагонның өзі соққыға қарсы тұра алмады. Бір ұшақ Пентагон үйін нысанаға дөп алып жарылды. Бірер сағатта лаңкестер үш ұшақты алған нысаналарына соқтықтырып мақсаттарын орындады. Бір ғана террористік әрекеттер салдарынан бірнеше мың адам құрбан болды, жарақат

алды. Ал, шешен террористері әрекеттерінен Мәскеуде соңғы жылдарда 13 теракт болып бірнеше мың адам өлген, жараланған /10/.

Яғни әлемдегі саяси күрес барда, трансұлттық олигархиялық топтардың мүдделері барда, жекелеген мемлекеттердің империялық, зорлықшыл саясаты барда терроризм қайталана береді.

Одан құтылудың жолын іздестіру, Бесландағыдай қайғылы трагедияны болдырмаудың қарекетін жасау әр мемлекет үшін қауіпсіздік саясатының басымдылығы болып есептелуге тиісті.

Ол үшін, біріншіден терроризмге қарсы идеологиялық күрес қажет. Бұл істе исламның терроризмнің идеяларына қатысы жоғын дәлелдеу маңызды. Исламдағы жиһад идеясы терроризмге қатыссыз екендігін барлық мұсылмандарға ұқтыру қажет. Әрбір шаһид саясатқа қатыссыз бейкүнә жанның өлімі үшін барлық халықтардың қарғысына ұшырайтынын білгені абзал. Бейкүнә жандарды жәбірлеп ешкімде жұмаққа бармайды. Керісінше ондай лаңкес Алла тағаланың қарғысына ұшырайды деген – уағыз қажет. Осы қағидалар әрбір мұсылман азаматының санасына сіңген жағдайда ғана радикалды исламдық терроризмді толық тоқтатуға болады. Пәрменді діни уағыз, пәрменді идеологиялық әсер терроризмге зор тежеу болары сөзсіз. Терроризмге қарсы жалпыадамзаттық күрес болмаса олар әлемді үрей сеуіп өздеріне бағындыруға ұмтылатыны ақиқат. Террористер әкелген билік қай елде болмасын диктатура немесе тирания болатындығы тағы да ақиқат.

Екіншіден, терроризмді ауыздықтау тетіктерінің бірі елдегі қарулар мен қару-жарақ қоймаларында сақтау тәртібін күшейту. Бірде бір автомат, бірде бір оқ, бір грамм динамит бөтен адамдар қолына түспеуі керек. Мысалы, Бесландағы мектепті басып алған террористер қаруы Ингушетияның ішкі істер министрлігі қару-жарақ қоймасынан алынған деген деректер бар. Сондықтан қару қоймаларындағы күзет пен тәртіпті күшейту терроризмнен сақтану жолы.

Үшіншіден, Қазақстанда жайбарақат өмір сүруді тоқтататын мезгіл жетті. Өзбекстанда, Ресейде терроризм шындыққа айналса ол ертең біздің де есігімізді қағатыны сөзсіз. Сондықтан паспорттық режимді күшейту, күдіктілерге виза бермеу, елге



кездейсоқ адамдарды кіргізбеу, әр үйді, әр дүкенді, әр мекемені, әрбір адамдар көп жиналатын орынды қатаң бақылау, күзету қауіпсіздік орындарының негізгі шараларына айналуы қажет. Әсіресе заңсыз жолмен паспорт алған террористердің еркін жүруі үлкен қауіптер әкелетіні белгілі.

Төртіншіден, терроризмнен ешбір ел қауіпсізбін деп айта алмайды. Террористер көп жағдайда өздерінің мақсат қойған жерлерінде лаңкестік пиғылдарын іске асырып кетеді. Қазір терроризм қаупі Қазақстанға да жақындап келеді. 2003 жылғы қараша айының 28-і күні Алматының орталығында орналасқан «Отан» партиясының Алматы бөлімшесінің кеңсесі мен телефон желісі ұясында болған 2 жарылыс жәй ғана ойын емес. Бұл әрекеттердің әр жағында адам шығындарына әкелетін қауіпті лаңкестік әрекеттері тұруы ықтимал. Сондықтан Қазақстан халқына етек-жеңін жию керек. Көпшілік орындарында, мектептерде, жоғары оқу орындары мен колледждерде, мемлекеттік билік мекемелерінде, кинозалдар мен театрларда, стадиондарда т.б.халық көп жиналатын жерлерде, қауіпсіздік күшейтілуі қажет. Олардан қаражат аяуға болмайды. Күдікті адамдар мен көліктерді мұқият тексеретін аппараттар іске қосылып, лаңкестікпен күресетін арнаулы дайындықтан өткен қарулы жасақтар жаракталуы бүгінгі күн талабы. Лаңкестікке қарсы күрес топтарындағыларға жоғары жалақы төлеп оларды сатылмайтын қызметкерлер ету маңызды. Әуежай мен вокзалдарда лаңкестер құқық қорғаушыларды сатып алатын болса, лаңкестікті ауыздықтау мүмкін болмай қалады.

Бесіншіден, ашық қоғам орнату жағдайында Қазақстанда жүздеген мың шетелдіктер жүр. Оларды есепке алу, мұқият тексеру, күдіктілерімен қажетті жұмыстар жүргізуді жолға қою маңызды. Әсіресе, діни секталардың орталықтарында болып жатқан әрекеттерді бақылау шаралары маңызды. Діни секталар лаңкестік әрекеттің идеологиялық тірегі екендігін естен шығаруға болмайды. Қазақстандағы «Аль-Каида», «Шығыс Түркістанның ислам партиясы», «Курдтық халық конгресі», «Өзбекстан ислам қозғалысы» ұйымдары бөлімшелерінің әрекеттері террористік қаупі бар деген себеппен тиым салынды/11/. Елдегі діни секталар террористік ұйымдар үшін ең қолайлы бүркеме болып отыр. Әсіресе, Өзбекстан, Қытай елдерінен келген өкілдер Қазақстан азаматтарын лаңкестік әрекеттерге баулып, үгіттейтіні анық болып

жатыр. Халықаралық террористік ұйымдар, реакциялық діни секталар өз әрекеттерін «діни, ұлттық, идеологиялық қысымдарға қарсы күрес» ұрандарымен бүркемелейді. Қазақстанда жүйелі үгіт-насихат, патриоттық тәрбие, біріктіруші діни тәрбие жоқтығын, елдегі идеологиялық вакумды шетелдік радикалдық топтар өз мақсаттарына жақсы пайдалануда. Соның нәтижесінде Қазақстан халқының, қазақ этносының діни және саяси бөлшектенуі қауіп күшейе түсуде. Бұл қауіп қазір тілдік және діни бөлшектенуден басталуда. Елдің бөлшектенуі халықаралық трансұлттық қаржылық, экономикалық топтарға да пайдалы. Қазақстанның ұлан – асыр шикізат байлықтарын кедергісіз тонауға әлемдік қаржылық олигархия толық мүмкіндік алады.

Сондықтан мемлекеттік құрылысқа, қазақстандықтардың бейбіт өміріне, елдегі қоғамдық татулыққа зиянды деп бағаланған шетелдік қандай да болмасын діни ұйымдар, қоғамдық қозғалыстар, бейресми мекемелердің қызметкерлеріне тиым салатын арнайы заңдар қабылданатын мерзім жетті. Қазақстанның діни, рухани, саяси бірлігіне қарсы мәндегі интернет сайттарын, түрлі діни әдебиеттерді, аудио-видео таспаларын елге енгізуге тиым салатын шаралар қажет. Басқаша болған жағдайда Қазақстан әлемдік қауіп қатерлер еркін өтетін транзиттік аймаққа айналып кетеді. Қазір наркотрафиктің транзиті болсақ, ертең террористік топтардың транзиті болуы қауіп күшеюде. Ондай болған жағдайда елдің тәуелсіздігі де, ішкі бірлігі де быт-шыт болатыны ақиқат. Сондықтан елде терроризмді болдырмау, әлемдік қауымтастықпен бірге әлемдік терроризмге қарсы бітіспес күрес Қазақстан мемлекетінің негізгі міндеті.

Қазақстандағы қоғамдық, әлеуметтік келісім, этникалық татулық саясатын пәрменді нығайту, қазақстандықтардың әлеуметтік мәселелерін белсенді шешу, жалпықазақстандық идеялық, және идеологиялық бірлік ел халқының тастүйін топтасуын күшейтеді. Осы стратегиялық саяси бағыт елдегі терроризм қауіпін женудің сара жолы деп білеміз.

## Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. //Казахстанская правда 2005. 18 февраля
2. Шпекбаев А. Наша страна вплотную столкнулась с терроризмом. //Комсомольская правда и Казахстан. 2005, 17-24 марта (8)
3. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы. Атамұра, 2003 г., стр. 204 (37)
4. Сварчевич В., Александров Г. Дяденьки, убейте их, они - сволочи. // Аргументы и факты, 2004 г., №36 (3)
5. Перекрест В.В. Беслане ищут пропавших без вести. //Известия. 2004 г., 11 сентября (2)
6. Иванов В., Сварцевич В. От боевиков отказались родители // Аргументы и факты, 2004 г., №38 (10)
7. Асланханов А. Отец спас сына и упал за смертью //Аргументы и факты. 2004 г., №36 (6)
8. Коц А. Операция «Норд Вест» стоило восемь тысяч евро. //Комсомольская правда, 2004 г., 18 сентября (11)
9. Бұл да сонда.
10. Хузам Акрам. Куда ведут кровавые следы? //Аргументы и факты. 2004 г., №37 (6)
11. Белковский С. Террор с двойным дном //Аргументы и факты. 2004 г., №36 (2)
12. Лужков Ю. Террор упраздняет губернаторов? //Аргументы и факты. 2004 г., №37 (2)
13. «Аль-Каида» - вне закона //Известия-Казахстан. 2004 г., 13 октября (9)

## Ауған дағдарысының сабақтары

XX ғасырдың негізгі қайшылықтары мен басымдықтары жаңа ғасырға өтті. Жаһандану жайында өзгеше сипат пен мазмұнға ие болуда. Дамыған мемлекеттер өздеріндегі өркениет белгілері мен сапаларын әлемнің басқа артта қалған мемлекеттеріне таңуға ұмтылуда. Бірақ, өркениет белгілерін әкелген өзгерістер әлемдегі шиеленістер мен тұрақсыздықты тоқтата алмады. XXI ғасырға адамзат түрліэтникалық діни және саяси қарсыластық пен соғыс жағдайында кірді. Ғасырлар тоғысындағы соғыстар себебі терроризм, сепаратизм, экстремизм, қайыршылық, наркобизнес сияқты әлемдік деңгейдегі зиянды құбылыстар болды.

Осындай әлемдік қайшылықтардың себебі болған елдің бірі Ауғанстан. Бұл елдің ресми атауы Ислам Мемлекеті Ауғанстан. Ауғанстан елі Оңтүстік Батыс Азияда орналасқан. Халқы 24 миллиондай, жер көлемі 652 мың шаршы шақырым. Экономикалық қуаты әлсіз, халқы тым кедейленіп кеткен. Ауған дағдарысының негізгі себебі елдегі билікке талас, тұрақсыздық пен соғыс. Сондықтан Ауғанстан мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. XXI ғасыр басында да Ауған мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Бұл елдегі саяси ахуал тұрақтанбайынша көрші отырған елдерге және жалпы әлемдік бейбітшілік пен тыныштыққа қаупін төндіре бермек.

Ауған дағдарысының тамыры тереңде. Бұл елдегі билікке талас пен соғыстың шығуына өркениетті деп саналатын державалар кінәлі. Мұсылман әлеміне, Шығыс Азия регионадағы мемлекеттерге ықпалын жүргізу үшін АҚШ пен бұрынғы Кеңес Одағына Ауғанстанды өздеріне тәуелді ету керек болды. Ауғанстанға билік жүргізу арқылы Пәкістанға, Үндістанға және Иранға ықпал ету болатын. Кеңес Одағы күйрегеннен кейін Ауғанстан жері арқылы ТМД-ның Орта Азиялық республикаларына және мұсылман елдеріне державалық әмір жүргізу үшін Ауғанстан елі тағы да АҚШ үшін керек болды. Демек, «американ ұлтының мүддесі», «өмірлік кеңестік үшін керек», «елдің геостратегиялық мүддесі» ұғымдары Ауған халқы тағдырына тікелей қатысты болып отыр. Ауғанстан әлемдік басым державалар саясатының құрбаны болғанына ондаған жылдар өтті. Ауған дағдарысын жасаған да, оны ушықтырған да супердержавалар АҚШ пен Кеңес Одағы. Басым

державалар Ауғанстандағы саяси күштерді бөлшектеп, өздерінің жақтастарын күшейтіп, бұл елдегі қайшылықтарды тереңдетіп жіберді.

Ауған халқының кейінгі жылдарда өз еркі өз қолында болған жоқ. Оңтүстік Азияда АҚШ әскери базаларының пайда болуы қаупінен қорыққан Кеңес Одағы басшылығы 1979 жылы 25 желтоқсанда әскерін Ауған жеріне кіргізді. 27 желтоқсан күні Кеңес әскерлері Кабулдағы негізгі шешуші пункттерді басып алды. Ауған халқына даму жолы күшпен танылды. Ауғанстанның халықтық-демократиялық партиясы жасаған 1978 жылғы Апрель революциясының нәтижесі осы болды. Ауған коммунистері де өзара тіл табыса алмады. Билікке Кеңес үкіметі күшпен Наджибулланы қойды.

Кеңес Одағына Орта Азия республикаларына ислам мемлекеттері әсерін шектеу, шығыс шекарасын нығайту және басты қарсыласы АҚШ-тың әсерін осы регионда әлсірету үшін Ауғанстанды толық бақылауда ұстау қажет еді. АҚШ өз мүддесі үшін Ауғанстан Иран, Индия, Пәкістан елдеріне ықпал ету, Кеңес Одағының осы елдерге ықпалын болдырмау еді. Ауғанстанда буферлік зона ретінде бірнеше елдің «өмірлік мүдделері» тоғысты. Олардың арасындағы қайшылық пен теке тірес Ауған халқына соғыс, қайыршылық әкелді.

Империялық мүдделерін қорғауды мақсат тұтқан Кеңес Одағы Компартиясы басшылығы 1979 жылы 25 желтоқсанда Ауғанстан жеріне 50 мыңға жететін әскери корпусын енгізді. Бірнеше дивизиядан тұратын Кеңес әскерлері жылдам мерзімде Ауған астанасы Кабулды, ірі қалалары Баграм, Кандагар, Герат, Термез т.б. басып алды. 27 желтоқсанда «Дауль Аман» сарайы алынып сол кездегі Ауған басшысы Хафизулла Амин өлтірілді. Кабулдың маңызды объектілері түгелдей Кеңес Одағы әскерлерінің бақылауына көшті. Осылай басталған Кеңес-Ауған соғысы 10 жылға жуық уақытқа созылды. Ауған дағдарысының тууына кінәлі Кеңес Одағы басшылығының империялық саясаты десек қате емес.

Наджибулла бастаған Ауғанстан Халық Демократиялық партиясы тобы ғана Кеңес Одағы саясатын жақтады. Наджибулла Ауғанстанды Кеңес әскерлері күшімен ғана басқарды. Оның билігі тек Кеңес әскерлері тұрған қалалар мен елді мекендерде жүрді. Марионеткалық үкіметті халқы мойындаған жоқ. Ру, тайпа

басшылары өз жерінде тәуелсіз саясат жүргізді. Әсіресе Пәкістан мен АҚШ-тан қаржылық көмек және қару-жарақ алып отырған «Талибан» қозғалысы Кеңес әскерлеріне аяусыз қарсылық көрсетті. Ауған соғысының 10 жылында 620 мың Кеңес Одағы әскері осы соғысқа қатысты /1/. Кеңес Одағының соғысқа жұмсаған шығындары 50 миллиард АҚШ долларынан асты. КСРО Кабул үкіметіне 40 млрд. доллар әскери көмек көрсетті /2/. Сарапшылардың айтуынша Ауған соғысы Кеңес Одағы экономикасын тұралатып кетті. 10 жылға созылған мәңгі соғыс шығындары КСРО дағдарысын тереңдетіп, оның кейінгі күйреуіне себеп болды. 620 мың солдаттар мен офицерлердің 14860 ауған жерінде қаза болды, 35478 адам жараланды және 311 әскерилер хабар-ошарсыз кетті. Осымен қоса Ауғанстанда 585 КГБ қызметкерлері, 28 МВД қызметкерлері, 180 әскери кеңесшілер опат болды /3/.

Ауған соғысына қазақстандықтар да қатысты. Бұл соғыста болған 22000 қазақстандықтардың 789 қаза тапса, 1000-дай жерлестеріміз мүгедек болып қалды /4/. Сонымен Ауған соғысы Кеңес халықтарына тек шығын мен қайғы әкелгені сөзсіз. Кеңес одағы өзінің геостратегиялық басымдылығын бұл аймақта толықтай сақтай алған жоқ. Бұл соғысты бүгінгі күн көзқарасы тұрғысынан басқыншылық, әділетсіздік соғыс болды деп бағаламасқа лаж жоқ. Кеңестік империялық саясат ауған халықтарына аса ауыр қайғы әкелді. 10 жыл бойғы соғыс қимылдары нәтижесінде 1 миллионнан астам ауғандықтар қаза болды. Ауғанстан мемлекетінің экономикасы күйреді. Халқы ауыр қайыршылыққа душар болды.

Кедейлік пен қайыршылықтың салдары ретінде ауғандықтардың өмірінің тым қысқалығын көрсетуге болады. Қазіргі кезеңде ауған еркектері 39-ақ жас, әйелдері 42 жас қана өмір сүреді /5/. Орташа жастың тым төмен болуынан Ауғанстан әлем елдерінің алдында. Экологиялық ахуалы тым нашар, жерінің біршамасын полигондар улаған. Қазақстанда еркектер 65 жас, әйелдер 74 жас өмір сүретіндігін ескерсек, Ауғанстандағы халық халі тым мүшкіл екендігін сезінесің. Үздіксіз соғыстар нәтижесінде халықтың қайыршылануын жан басына шаққандағы жиынтық өнімнің 770 АҚШ доллары ғана болуы көрсетеді. Мысалы,

Қазақстанда бұл көрсеткіш 7000 доллар болып отыр. Демек, Ауған елінің халқы Қазақстан елі халқынан 9 есе нашар тұрады деген сөз.

Қайыршыланған халық күн көрудің көзі ретінде жаппай көкнар өсірумен айналысуда. Ауғандағы негізгі билеуші күштер «Талибан» қозғалысы мен түрлі моджахедтер топтары қаржы көзін наркотиктік өсімдік өнімдерін сатудан тапты. Әлемдік нарко рыногіне Ауғанстан кейінгі уақытта әр жылда 4-5 мың тоннадан героин шығаруда /6/. Әлем халықтарын улаушы бұл наркотиктер көзін жойып жіберу әзірше мүмкін болмай отыр. Ауғаннан шығып Европаға бағытталған наркотрафик Қазақстан үшін аса қауіпті болып отыр. Наркотиктердің бұл каридоры Орта Азия республикаларымен бірге Қазақстанды да басып өтеді. Әлемдік наркотик саудасына түсетін опиум мен героиннің біршама бөлшегі Қазақстанда қалып, елдегі жағдайға, халықтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Сондықтан нашақорлыққа қарсы күрес мәселесі Қазақстанда күн тәртібінде ерекше тұр. Бұл жерде елімізге тікелей Ауған факторының да әсері күшті. Қазақстан оңтүстік региондарында өндірілетін көкнар (каннабис) ауғандық наркотиктермен көбейе түсуде.

Әлемдік наша өкімдері рыногінде Ауғанстан бірінші орында. Ауған жеріндегі наркотиктер плантацияларында әлемдік наша өнімдерінің 75-80 пайызына дейінгі мөлшеріне шикізат дайындалады /7/. Халықаралық наркомафия үшін де Ауғанстанда күшті, орталықтанған биліктің болмағаны қолайлы. Тек орталыққа бағынған тиімді билік қана ел тәуелсіздігін нығайтып, экономкасын ұйымдастырып наркомафияға қарсы белсенді күрес жүргізе алады. Өкінішке орай Ауғанстандағы билікке талас пен хаос халықаралық наркомафия қызметінің жандана түсуіне себеп. Сонымен Ауған соғысы әлемдік нашақорлық ауруының асқынуына себеп болуда. Ауған дағдарысы наркотрафиктің дамуына жағдай жасап, әлемнің ондаған елдеріндегі миллиондаған адамдардың нашақорлық ауруына ұшырауына сабеп болуда. Нашақорлықты әлемдік ғаламдық ауытқу ретінде бағалау Ауған дағдарысын әлемдік қауіптің себептерінің бірі ретінде бағалау дұрыс. Наркобизнестің трансұлттық сипат алып, әлем халықтарына қаупін төндіруі ондаған жылдар шешімін таппай келе жатқан Ауғанстан мәселесіне тікелей қатысты. Әр мемлекеттің жерінде әлемдік наркоимперияның ұлттық ұялары қалыптасуда. Олар жаңа әдіспен, жаңа

технологиямен жасақтанып, жекелеген елдерге ғана емес бүкіл әлемге қауіп төндіруде.

1989 жылы 15 ақпанда Кеңес Одағы әскерлері Ауғанстан жерінен шығарылғаннан кейін де ауған елінде тыныштық орнай қойған жоқ. Кеңес әскерлеріне қарсы күрескен «Талибан» қозғалысы мен моджахедтерін АҚШ-тың, Пәкістанның қару жарақпен, ақшамен қолдауы күшейтті. Кейбір мемлекеттерге қарағанда ауған моджахедтері АҚШ-тан 10 миллиард доллар көлемінде қарулар мен түрлі көмектер алған. АҚШ басшылығы ауған халқын Кеңес әскеріне қарсы қаруландырып, Вьетнам соғысы тәжірибесін пайдаланды. Ол соғыста Вьетнам халқын АҚШ әскеріне қарсы Кеңес Одағы қаруландырған болатын. Қаруланған халықты шетел басқыншысының жеңуі қиын екендігін әлемдік шиеленістер тарихы талай рет дәлелдеген.

Күшейген «Талибан» қозғалысы көсемі Мухаммед Омар молла билікке келді. Кеңес әскері шығарылды. Бірақ ендігі күрес ауғандықтардың өз ішіне ауысты. Билікке ауғандық өзбектер мен тәжіктердің пуштундармен таласуы басталды. Олар Иран, Кеңес Одағы қолдауына сүйеніп «Солтүстік альянсты» құрды. Солтүстік Альянс пен «Талибан» арасындағы азамат соғысы 1990 жылдан 2001 жылға дейін жүріп ел-халқын одан әрмен күйзелтті. Ауғанстанның басым державалардың геостратегиялық мақсаттарының құрбаны болуы тоқталмады. Елдің негізгі этникалық тобы пуштундердің өзбектермен, тәжіктермен араздығы тереңдей берді. Билікке талас, діни экстремизм елдегі хаостық жағдайды тереңдетті. Ауғанстандағы тұрақсыздықты мұсылмандық радикалистік Усама бен Ладен басқарған «Аль Каида» сияқты топтар мен террористік ұйымдар жақсы пайдаланды. Ел мұсылмандық жалған ұрандарды пайдаланған содырлар топтарының мекеніне айналды. Террористерді дайындайтын әлемдегі бейбітшілікке қауіпті ланкестер лагерлері өсе түсті. Ауғанстан ислам экстремизмінің отанына айналды. Экстремистер бейбіт ислам дінін бұрмалап, Батыс өмір салтына қарсы қойды. «Талибан» идеологтары діни шектеулері мемлекеттік саясатқа айналдырды. Халықты бұзушы құралдар ретінде теледидарлар, компьютерлер мен Батыс әдебиеті жойыла басталды. Ақпарат құралдары мен баспасөз тек мұсылман дінін уағыздауға көшті. Зайырлық мектептер мен жоғары оқу орындары да жабылды. Ауған



халқы тек мұсылман дінінің догмаларымен тәрбиеленетін жағдайға жеткізілді.

Ислам экстремизмінің күшеюіне 1979-1989 жылдардағы совет-ауған соғысы және АҚШ-тың державалық саясаты кінәлі. Сол жылдарда Кеңес басқыншыларына қарсы күресте ауған халықтарын біріктіруші ортақ «исламдық джихад» идеясына негізделген діни қарсылықтың маңызы артты. «Талибан» қозғалысы нығайып, әлемдегі исламдық экстремистік топтардың қамқоршысына айналды. Кәпірлерге қарсы «джихад» идеясын уағыздайтын экстремистердің интернационалистік террористік ұйымы «Аль Каида» да осы жылдары өмірге келді. Оның көсемі араб миллиардерінің баласы Усама Бен Ладен әлемді дірілдеткен террористік әрекеттерді ұйымдастыра алды.

Ауғанстандағы талибан режимі тек көршілес мемлекеттерге ғана қауіп төндіріп қойған жоқ. 2001 жылғы деректер бойынша ауған жерінде әлемнің 20 мемлекетінен келген 15 мыңдай экстремистік пен жалдамалы террористер түрлі лагерлерде содырлық істеріне арнаулы дайындықтан өтті /8/. Кейбір мемлекеттерге қарағанда осындай террористер лагерлерінде Өзбекстан ислам қозғалысы, Шешенстан содырлары да дайындықтан өткен. Бұл лагерлерде, әсіресе, Индияның Джамму және Кашмир штаттарында, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында, Солтүстік Кавказда, Иранда содырлық әрекеттер жасаушылар көптеп дайындалған. 90-шы жылдар аяғында Ауған жерінде дайындықтан өткен террористер әрекеттері Оңтүстік-Батыс Азия аймағы шеңберіне шығып әлемдік қауіпсіздікке қатер төндіре бастады. Олардың террористік әрекеттерінен АҚШ, Ресей, Түркия, Индия сияқты дамыған, қуатты мемлекеттер аяусыз соққы алды. Террористік әрекеттердің құрбаны алдымен бейбіт халық. Ресейдің «Норд Ост» сарайында, АҚШ-тың әлемдік сауда орталығында жасалған террористік соққылардан жүздеген жазықсыз жандар қаза болды. Ең күрделісі террористер әрекеттерін болжау қиын. Лаңкестік әрекеттерді жасауда бұл ұйымдар ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын пайдалануда. Лаңкестік әрекеттердің құпиялылығы, болжаусыздығы, күтпеген жерлерде болуы оларды тіптен қорқынышты және қауіпті ете түседі. Конттеррористік әрекеттер лаңкестерді ауыздықтауға дәрменсіз. Лаңкестер әлем халықтарын қорқытып,

шошытып, үрей туғыза отыра өз дегендеріне көндіруге тырысады. Олар «үрей технологиясын» бірінші кезекке қояды.

Міне осындай әлемнің әр нүктесінде жиі-жиі қайталана бастаған лаңкестік әрекеттердің тірегі мен себебі Ауғанстанда билеген ислам экстремизмін мемлекеттік саясатқа айналдырған «Талибан» қозғалысы болатын. Олардың қамқорлығындағы «Аль-Каида» ұйымының терроршыларының 2001 жылы 11-қыркүйекте Нью-Йорктағы Әлемдік сауда орталығының зәулім үйлеріне апарып соғуы бүкіл Жер шары халықтарын аяғынан тік тұғызды. АҚШ экономикасы бір-ақ сәтте күйреп түсті. Бірнеше мың адам өмірі қиылды.

2001 жылғы 11-қыркүйекте лаңкестердің Нью-Йорк, Вашингтон қалаларындағы соққылары әлем басшыларын және халықтарын терроризмге қарсы жалпы әлемдік ұжымдық күрес керектігіне әбден сендірді. АҚШ президенті Джорж Буш Ауғанстанда жасырынып жүрген лаңкестерді «Талибан» режимімен қоса жойып жіберуді күн тәртібіне қойды. Сонымен Кеңес Одағына қарсы күресте АҚШ-тың өзі қаржыландырып өсірген «Талибан» қозғалысы мен «Аль-Каида» лаңкестік тобы АҚШ-тың ең қауіпті жауларына айналды. АҚШ пен одақтастары алдымен Пәкістан үкіметіне қысым көрсету арқылы Первез Мушарафтың ауған пуштундарын қолдауын тоқтатты. «Талибан» режимі халықаралық изоляцияға түсті.

Талибтер жасырып отырған әлемдік №1 террорис Усама Бен Ладен АҚШ-қа қарсы 2001 жылғы 11-қыркүйектегі Әлемдік сауда үйі мен Пентагон үйіне жасалған соққыларды ол басқарған «Аль-Каида» ұйымы жасады деген ақпарат таратты. Бен Ладен мен оның әріптесі Завахири «Аль Жазира» телекомпаниясына берген сұхбатында АҚШ-тың антиисламдық және саясаты осылай жазаланды, - деп жариялады. АҚШ Израил басқыншыларын қолдай берсе, Иракқа қысым көрсетуін тоқтатпаса әлі де жазаланады, - деп ескертті лаңкестер.

Осы оқиғалардан кейін АҚШ басшылығы Ауғанстанға қарсы «кек алу» (возмездие) операциясын бастады. Талибтердің әскери күштерін және содырлар лагерлерін құрту мақсатында «дәл нүктелік бомбалық соққылар» берілді. 2001 жылдың күз айларында әуе шабуылдарынан кейін АҚШ әскери десанттары «Талибан» режимін талқандап Ауған елін өз бақылауына алды. Талибан

әскерлеріне қарсы Солтүстік альянс күштерін де пайдаланды. Күйреген талибандық әскерлер мен ланкестер бөлімдері Пәкістан территориясына қашып тығылды. АҚШ әскерлері «Кек алу» операциясын өте тиімді жүргізілді. Бар жоғы екі ай мерзімде Ауғанстанда жаңа үкімет орнады. Американдықтар ешбір мемлекетпен келіспестен Кабулға америка сауда тобының өкілі Хамид Карзайды әкеліп үкімет басшысы етіп отырғызды. Ауғанстанда талибтерді күйретуге көмектескен елдер мен Солтүстік альянс тобының өкілдері бұл мәселені шешуден тыс қалды.

Талибтер ауған халықтарын аяусыз қудалады. Елде орта ғасырлық инквизициялық режим орнатылды. Ислам догмалары елді басқару принциптеріне айналды. Түрмелер орта ғасырлық зындандарға айналдырылды. Пуштундардың этникалық тобы өкілдері елдегі саяси ғана емес экономикалық билікті де иемденді. АҚШ әскерлері осы істерге жауапты талибтер басшыларын өздерінің Куба аралдарындағы Гуантанамо түрмесіне ұшақтармен тасып апарып қамады. Бірақ, талиб режимінің лидері молла Омар мен №1 ланкестік Усама Бен Ладен ұсталған жоқ. Олар өздерінің бүлдіргіш әрекеттерін жалғастыруда. Әлемдік терроризм өкілдері болып отырған осы екі адамның қазіргі күнде бар жоғы да беймәлім. Бірақ, екеуінің атымен істеліп жатқан ланкестік әрекеттердің көбейе түскені, қорқынышты бола түскені ақиқат. Бен Ладен есімі мұсылман террористік топтарының ұранына айналып кеткені рас.

Ауғанстанның ұдайы ірі державалар саясатының құрбаны болуының ішкі саяси ұдайы себептері де бар. Олар сыртқы саяси себептермен сабақтасып жатыр. Әр этникалық топ өздерінің өкілдерінің билікті иемденуін қалайды. Олар өздерін біріктіретін, ортақ «ауғандықпыз» деудің орнына «мен өзбекпін, мен тәжікпін, мен пуштунмын», -деп атағанды жақсы көреді. Өзбектер генералы Дустумды, тәжіктер генерал Ахмед Шах Масудты пір тұтады, пуштундықтардың рухани көсемі молла Омар. Ішкі тартыс пен билікке талас жағдайында Ауған халықтары сыртқы басқыншыларға қарсы тиімді күрес жүргізе алмайды. Ауғандықтар тастүйін бірігіп Кеңес Одағына, АҚШ-қа қарсы шықпады. Олар үнемі бөлініп отырады. Кезінде Кеңес Одағының күшімен Наджиболла мен Ауған халық демократиялық партиясы билік етсе,

АҚШ шабуылын Солтүстік альянс күштері пайдаланды. Екі жағдайда да Ауғанстан тәуелсіздіктен және дұрыс табиғи даму мүмкіндіктерінен айырылып отырды.

Жоғарыда айтылғанды қорытындыласақ, ауған дағдарысының сабақтары төмендегідей: Біріншіден, ірі державалар өздерінің геостратегиялық саясатын Оңтүстік Азия мемлекеттеріне таңу мақсатында Ауған елінің негізгі саяси күштерінің ішкі араздығын үнемі қоздырумен болды. Кеңес Одағы, одан кейін Ресей мен Иран Солтүстік альянсқа ақшалай және қарумен көмектесті. Генерал Дустим мен генерал Масудты нығайту арқылы олардың талибтерге қарсы соғысын қуаттады. АҚШ пен Пәкістан Ауған жері арқылы Орта Азия өтетін транспорттық коридор жасау үшін күресіп талибтерді қаржыландырды. Ірі державалар бөлшектеген ауғандықтар 90-шы жылдардан бастап өзара соғысты. Негізгі текетірес Солтүстік альянс күштері мен талибан режимі арасында жүрді. Республика тәуелсіздігіне қауіп төнді. Ауған өзбектері болса Өзбекстан ислам қозғалысына көмектесіп, Өзбекстан Республикасына ланкестік әрекеттер жасай бастады. Ауған жерінен шыққан қарулы топтар Қырғызстанның шекарасын бұзып кіріп, Баткент таулы өңірінде қарулы қақтығыстар болды. Ташкентте, Бұхарада наурыз айында болған жарылыстарда «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Хизбут Тахрир» сияқты ауған жерінде нығайған топтар іздері бар екендігі сөзсіз.

Екіншіден, ауған жеріндегі соғыс өртінің ТМД-ның Орта Азия республикаларына тарау қауіпі күшейді. Орта және Оңтүстік Азия елдерінде ықпалын мүлдем жоғалтып алмау үшін Ресей Тәжікстан шекарасын өз әскерімен және қаржысымен қорғауға мәжбүр болды. Иран мен Ресей талибан қозғалысын әлсірету мақсатында ауған тәжіктері мен өзбектерін тоқтатпады. Осы арқылы ауған тәжіктер мен Тәжікстан Республикасы арасындағы қайшылықтар 1997 жылы біршама реттелді.

Үшіншіден, өздері қолдап өсірген «Талибан» режимін талқандаған соң АҚШ Хамид Карзай үкіметін қолдау үшін Ауғанстанда 10 мыңдық әскери корпусын ұстап тұруға мәжбүр. 2009 жылы жаңа сайланған АҚШ презеденті Барак Обама бұл әскер ауған жеріндегі ланкестер лагерлерінің, моджахедтер топтары мен талибтер қалдықтарын құртумен айналысуда. Пәкістан қазіргі күндерде талибтерді ашық қолдай алмай қалды. АҚШ-тың

Ирактағы Саддам Хусейн режимін талқандауы оның мұсылман әлеміне билігін күшейткенмен араб халықтары мен мұсылман әлемінің анти АҚШ-тық қарсылығы мен наразылығын тудырды. Әлемдік жандарм дәрежесіне көтерілген АҚШ ланкестікке қарсы күрес ұранымен Ауғанстанды, Иракты соғыс жолымен басып алды. Ауғанстандағы Пәкістан, Иран, Ресей позициясы әлсіреді. Алайда Ауған мәселесі әлі де шешімін тапқан жоқ. Ауған халықтарының АҚШ әскерилеріне наразылығы өрлеуде.

Төртіншіден, мәселені ушықтырып тұрған Ауғанстан мен Пәкістан жерінде бөлініп жатқан пуштун халқы. Ауғанда 8 миллион пуштундықтар болса, Пәкістанда 20 миллион пуштундықтар бар. Пәкістан шекарасының бұзылуына пуштундар себеп болуы мүмкін. Бірігуге ұмтылған пуштун халқы екі мемлекет шекараларын белгілеп отырған «Дюранда сызығын» бұзуға дайын. Өз кездерінде Ауғанстанды басқарған Захир шах, Дауд, Наджибулла, Хекматяр «Дюранда сызығын» қайта қарау мәселесін көтерген. Тек пропәкістандық «Талибан» билеушілері ғана пәкістан-ауған шекарасы мәселесімен келіскен. Қазір ауған пуштундары мен талибтер Пәкістан жеріне көптеп өтуде. Қарулы ауған топтарының Пәкістанда көбеюі бұл елдегі тұрақтылық пен тұтастыққа қауіп төндіруде. Первез Мушараф еріксіз АҚШ-тың талаптарына көніп, Ауғанстанға Пәкістан әскерін толастыруға мәжбүр. Индия мен Пәкістан арасындағы қайшылық Пәкістанды Ауғанстанға үстемдік ету саясатынан бас тартқызды.

Бесіншіден, 90-жылдардағы талибтер қамқорлығына алған террористік топтар АҚШ-та, Ресейде, Турцияда, Испанияда, тіптен Танзания мен Кенияда аса қауіпті лаңкестік әрекеттер жасап үлгерді.

Әлем халықтары «Талибан» үкіметін айыптап оның талқандалуына қарсы болмады. Әрине, АҚШ басшылығының террористік топтарды ұйымдастырушы режимді жойғаны дұрыс. Осымен қатар АҚШ Ауғанстанда басып алу жолында ТМД елдеріне дендеп кірді. Қырғызстанда АҚШ-тың әскери базасы ашылды. Өзбекстан мен Тәжікстан ауа кеңестігін АҚШ авиациясы өз еркімен пайдалана алды. Қажет болған жағдайда АҚШ ұшақтары Қазақстанның әуежайларына қонуға рұқсат алды. Орта Азия республикаларында АҚШ-тың саяси ықпалы мен экономикалық диктаты күшейе түсті. Орта Азияда өз позициясын нығайту

мақсатында АҚШ Ауған картасын ұтымды ойнай білді. Бұл региогнда Ресей мен Қытайдың және Иранның ықпалы әлсіреді.

Ауған дағдарысы өз ықпалына әлемнің қуатты державаларын тартты. Саяси стратегиялық мүдделер тоғысына айналған Ауған жерінде тыныштық әлі де орнаған жоқ. Елде «Аль-Каида», «Талибан» топтарының кейбір бөлімдері сақталуда. Олар әлемдік лаңкестер тобын көбейтуде. Негізгі этникалық топтар мен тайпалар арасындағы билікке таласу күресі тоқтаусыз жүріп жатыр. Американ әскери корпусына сүйенген Хамид Карзай үкіметінің Ауған провинцияларының барлығында билігі толық орнай қалған жоқ. «Джихад» принципін басшылыққа алған ислам фундаменталистік шабуылшы топтар әлі де лаңкестік қауіп төндіруде. Демек, Орта Азия мемлекеттері үшін Ауған мәселесінің түбегейлі шешілуі тіптен қажет.

Қазақстан республикасы үшін де Ауған мәселесінің реттелуі пайдалы. Алдымен, Ауған жерінде өндірілетін наркотиктер тасқынының азаюы Қазақстан жері арқылы өтетін наркотрафикті әлсіретіп, нашақорлыққа біршама тосқауыл қойылар еді. Сонымен бірге, лаңкестік топтардың жойылуы кейінгі жылдары Қазақстанда да бой көрсете бастаған мұсылман фундаменталистік топтарының ықпалын жоюға көмектеседі. Сондықтан, Қазақстандағы исламның бейбіт суниттік бағытын қолдау саясаты арқылы Қазақстан мұсылмандарына діни-рухани тәрбие беру арқылы мұсылман радикализміне тосқауыл қою мәселесі күн тәртібіне қойылуда. Исламдық Ауғанстан мемлекетіндегі соғыс өртінің мүлдем тоқтатылуы әлемдік халықаралық қатынастарды сауықтырудағы маңызды кезең болды деген пікірдеміз. Ауған мәселесінің ойдағыдай шешілуіне ауған халықтары мен бірге әлем халықтары да мүдделі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Демидов В. К война привыкнуть нельзя. //Аргументы и факты Казахстан. 2004., № 7(5).
2. Афганский излом // Казахстанская правда. 2004., 13 февраля (3)

3. Каимбеков С. Удивительные рядом (конфликт) //Континент. 2001., №197, стр.16.
4. Досжанова С. Ауған соғысы. Аза мен айбын //Егемен Қазақстан 2004., 20 ақпан (2).
5. Даниленко В.И. Современный политический словарь. М., 2000.  
стр. 1024, (66).
6. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие- Алматы: Атамұра, 2003 .,  
240 б., (118).
7. Бұл да сонда (118).
8. Дубовцев Т. Фронт без линии фронта //Континент, 2001., №21 стр.20.

## **АҚШ-ның Ирак Республикасын басып алуының себептері мен сабақтары**

XXI ғасыр адамзат тарихына жаңа қайшылықтармен, қиыншылықтармен келді. Осымен қатар ғаламдық қатынастардың түбегейлі жаңару үрдістері тереңдей түсті. Бұл ғасырдың да бейбітшілік пен татулық ғасыры болмайтындығы анық болды. Әлемдік державалардың экономикалық мүдделерінің әлемдік саяси қатынастарды белгілеудегі шешуші рөлі тіптен анық көріне бастады. Мұны Америка Құрама Штаттарының Ирак Республикасына жасаған 2003 жылғы наурыз айындағы шабуылы дәлелдеді. Осы оқиғаны АҚШ-тың әлемдік билеушілікке ұмтылуының тағы бір сатысы деп бағаламасқа лаж жоқ. АҚШ қарулы күштері бұрын жер шарындағы бейбітшілікке қауіп төндіруде деп Ауғанстандағы талибан өкіметін талқандаған болатын. Одан кейін ілешала осы саяси жалаумен Ирактағы Саддам Хусейн өкіметі талқандалады. АҚШ алдағы уақытта бейбітшілікке қауіпті, диктаторлық, әлемдік терроризмге көмектесуші режимдер ретінде Иран, Солтүстік Корея, Сирия, Ливия мемлекеттеріне түрлі ескертулер жасап, тәртіпке шақырмақшы. АҚШ-тың империялық, жазалаушы саясаты оның әлемнің қай нүктесінде болмасын қарулы күш қолдануға дайын екендігін дәлелдеуде. АҚШ билеуші тобы үшін басты дәлел осы елде ядролық, химиялық т.б. жаппай қыру қаруы болуы. Ондай елдер әлем қауіпсіздігіне зиянды деп жарияланады. Оларды жазалау, залалсыздандыру мәселесі күн тәртібіне қойылады. Өзінің империялық стратегиясын АҚШ әлемнің басқа мемлекеттерімен одақтасып іске асыруға тырысады. Ондағы мақсат АҚШ билеуші тобының түпкі ойын жасыру, АҚШ мүддесі әлемнің өркениетті даму мүдделерімен сәйкес деген қағиданы халықтар санасына сіңіру. АҚШ билеуші тобы өз саяатын қанша бүркемелегенімен, оны әлем халықтарының түпкілікті мақсаттарымен байланысты деп айтуға, дәлелдеуге тырысқанымен адамзатты алдау қиын. Шындық бүгінгі таңда АҚШ әлемдік мәселелерді шешуді өзінің империялық мүдделеріне бағындыруда. АҚШ өзінің экономикалық, қаржылық, әскери және саяси ықпалы мен қуатын басқа халықтарды американдық ұлтының ұлттық мүдделеріне бағындыруға жұмсап бағуда. Әсіресе американдық ықпал дамушы елдердің экономикалық тәуелсіздігіне



қол сұғудан көрінеді. Әлемдік қаржы жүйесі де американдықтардың қатаң бақылауында.

Ирак Республикасына АҚШ алдымен экономикалық қысым көрсетіп бағындыруға ұмтылды. Себебі, Ирактағы аса мол мұнай қорына американдық трансұлттық корпорациялардың билігін жүргізу қажет еді. Сарапшылар әлемдегі мұнай қорларының 10 пайызы Ирак жерінде шоғырланған деп баға беруде. Ирак мұнай қорлары көлемінен әлемде екінші орында. Ирак мұнайын өндіру арзан және оның сапасы өте жоғары. Ирак мұнайының 1 бареллінің өзіндік құны 2,5 АҚШ доллары ғана /1/. Сондықтан Ирак мұнайына бақылау жасау АҚШ-қа бүкіл әлемдік мұнай бағасы мен рыногына бақылау жасауға мүмкіндік тудырады. Бұлай болуы АҚШ-тың экономикалық-қаржылық қуатын одан әрмен нығайта түседі. Әрине, қуат көздері американдық тұтыныс қоғамының өмір сүру қабілетін жоғары деңгейде ұстау үшін тіптен қажет. АҚШ-тағы дамыған экономикалық және технологиялық құрылымды қалыпты ұстау үшін керегі шикізат. Әлем халқының 5 пайызы тұратын АҚШ әлемдік қуат ресурстарының 42 пайызын пайдаланады екен /2/. Демек, АҚШ өзінің әлемдік лидерлік статусын жоғалтпау үшін және оны нығайта түсу мақсатында шикізат пен қуат көздеріне мол қандай да болмасын аймақтарға өз ықпалын немесе билігін жүргізуге мүдделі.

“Американ ұлтының өмірлік мүдделері” осыны талап етеді. АҚШ-тың қазіргі империялық саясаты американ қоғамының дамуы табиғатынан туып отырғаны қауіпті. АҚШ-тың саяси элитасы да, қарапайым халқы да, бизнестік топтарын былай қойғанда, байлығын арттыра беруге, тұтынысты жақсарта беруге құмар. Американ қоғамының басты белгілерінің бірі оның адами тұтыныстар мен байлықты бірінші кезекке қоюы. Американ азаматтарының психологиялық, дүниетанымдық ерекшеліктері осында. Сондықтан американ халқы үкіметінің агрессиялық және империялық саясатына негізінен қолдау көрсетеді. Сонымен бірге, АҚШ үкіметі өз халқын өзінің агрессиялық саясатын қолдауға жан-жақты идеологиялық насихат арқылы дайындайды. Иракқа қарсы 1991 жылғы “Шөлдегі дауыл” операциясын жасау алдында және 2003 жылғы наурыздағы шабуыл алдында да АҚШ ақпарат құралдары бірнеше ай бойы әлем жұртшылығына Ирак саяси режимі қанқұйлы, адамзатқа жауыз үкімет ретінде сипатталды.

Американ ұлтының басым көпшілігінің, әлем жұртшылығының біршамасының ойында, пікірінде Иракқа шабуыл әділетті іс деген пікір қалыптасты. Иракқа қарсы әскери шабуылдың алдында жүргізілген ақпараттық және идеологиялық шабуыл өзінің тиімді нәтижесін берді. Тәуелсіз елге қарсы бағытталған ірі держава агрессиясын әлем халқы аса қорқынышпен қабылдаған жоқ. Ирактағы халықты қанаушы режим күйреді, халқы азат болды деген пікір негізінен басым болды.

Әлемдік саяси ахуалда осындай позицияның үстем болуы алдағы уақытта әлемдік державалардың агрессорлық пиғылына ешқандай тосқауыл болмайтындығын көрсетеді. АҚШ одан соң Қытай, Ресей, Ұлыбритания державалары өздерінің өмірлік кеңістіктеріне қажетті аймақтарға зорлықпен, қарулы күш көрсетумен кіре берулері ықтимал. Бұлай болуын “ірі державалардың отарлау саясатының жаңаша жаңғыруы” деп бағалауға болады. АҚШ-тың Ауғанстан мен Иракты басып алуы ірі державалардың “жаңа отарлау саясаты” құбылысының басталуы деп пайымдаймыз. Бұл құбылыс терең зерттеуді және жан-жақты талдауды талап етеді. ХХІ ғасырдағы “жаңа отарлау саясатының” табиғаты күрделі, мақсаттары тым жасырын, латентті екендігі ақиқат. Жаңа отарлау саясатындағы АҚШ мақсаты өз байлығын өсіру, әлемдік билікке жетіп, басқа елдерге қаржылық-экономикалық үстемдік орнату. Онсыз дамыған өндірісті, ғылыми-технологиялық, әскери-космостық, ақпараттық кешендерді, дамыған әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіре алмайтындықтарын американдықтар жақсы біледі. Сондықтан АҚШ басым күші бар держава ретінде әлемдік шикізат көздерін “жаңа отаршылдық саясат” жүргізу арқылы басып алуға ұмтылады. Мұнда қолданылатын әдістер сан алуан: бейбіт келісім шарттар, инвестициялар құю арқылы экономикалық үстемдік ету, трансұлттық компаниялар мен фирмалардың әрекеттерін үкіметтік қолдау, шикізаты мол елдердің басшыларын сатып алу әдістерімен немесе оларды түрлі тәсілдермен американдық мүддесіне көндіру, көнбеген, қарсыласқан үкіметтерге тікелей қарулы интервенция жасауды пайдалану.

Аталған әрекеттердің барлығы американдық тұтыныс қоғамын сақтап, дамытуға қызмет етеді.

АҚШ-тың соңғы онжылдықта іске асыруға ұмтылып отырған стратегиялық саясаты өз нәтижесін бере бастады. Сондықтан ХХІ ғасырдың бас кезеңіндегі жаһандық қатынастардағы негізгі ерекшелік ретінде әлемдік мәселелерді шешуге бір ғана империяның - Америка Құрама Штаттарының басымдылыққа ие болуы деп айтуға болады. Осыны АҚШ-тың Ауғанстанды, Иракты басып алуы анық дәлелдейді. Басқа ірі мүдделі мемлекеттер Ирактың дәстүрлі одақтасы болған Ресей, ірі ядролық держава бола тұра тек АҚШ-ты сөзбен айыптаумен шектелді. Ресейдің бұрынғы президенті В.Путиннің Ирак оқиғасына байланысты үндеуіне әскери қимылдар дүниежүзілік қоғам пікірімен есептеспей, халықаралық құқық нормаларына БҰҰ-ның Жарғысына қарсы жасалып отыр...Иракқа қарсы әскери акция-бұл үлкен саяси қателік /3/-деп көрсетілді. Ал, нақты іске келгенде Ресей Иракқа ешбір қолдау жасай алмады. Қытай, Франция сияқты ядролық мемлекеттер де АҚШ-тың Иракқа шабуылын сөзбен ғана айыптады. АҚШ мемлекетінің тәуелсіз елге халықаралық нормаларды аяққа басып, БҰҰ-ның келісімінсіз қарулы шабуыл жасауына Жер шарында бөгет болатын ешбір күш табылған жоқ.

Мұндай бір мемлекеттің Жер шарының барлық елдерін өз ыркына бағындырып, өзінің саяси және экономикалық мүдделеріне тәуелді етуі ХХ ғасырда болмаған құбылыс. Өткен ғасырда теке тірес әлемдік бірнеше империялар немесе ірі державалар топтары арасында жүретін. Ал қазір ХХ ғасыр бойы біртіндеп қуаттанған АҚШ ХХІ ғасыр басында ешбір мемлекет тең келмейтін басымдылыққа жетіп, әлемдегі ең ықпалды мемлекетке айналды. АҚШ халқы Жер шарындағы ең бай халыққа айналды. Елдегі жан басына шаққандағы жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) 28750 доллар (Ресейде мысалы 2700 доллар, Қытайда 2800, Индияда 1610, Қазақстанда 1500, Иракта 2000)/4/. ЖІӨ-нің АҚШ-тағы деңгейі Ресей сияқты қуатты елден ондаған есе артық. Бұл көрсеткіш АҚШ-тың аса зор қуаты мен байлығын көрсетеді. Бай мемлекеттің пиғылы мен мақсаты белгілі. Осы байлықты сақтасам, көбейтсем деп қана ойлайды. Сонымен қатар, мемлекет байлығының артуына қатардағы американдықтар мүдделі. Үкіметтің прагматистік саясатын олар өте қолдайды. Себебі, бай мемлекетте халықтың басым көпшілігі жақсы тұрмыс құрады. Демек, американдықтарға керегі ел қуатының артуынан болатын игіліктер. Өнеркәсіп

өнімдері мен шикізаттан келетін табыс бөлінеді. Сондықтан американ халқы басқарушы элитаның басқа елдерге қатысты үстемдік саясат жүргізуін негізінен қуаттайды. АҚШ басшылығы үнемі тиімді идеологиялық әрекеттерді қос қабат жүргізеді. Оның ең сүйікті идеологиялық әдісі-американ халқының ұлттық мүдделерін қорғау. Әлемнің қандай нүктесінде болмасын американ халқының ұлттық мүдделеріне қауіпті істер мен құбылыстарға тойтарыс беріп отыруды АҚШ басшылығы «қасиетті міндет» деп біледі. Американ құндылықтарын, АҚШ ұлттық мүдделерін американ халқы да қолдап отырады. АҚШ саяси басшылығы мен халқы арасындағы байланыс осындай мүдделердің түйісуіне, мүдделер сәйкестігіне негізделген. Бұл механизмді АҚШ басшылығы басқа елдерге қарсы агрессия жасағанда да өтімді қолданып отырады.

АҚШ-тың Иракқа қарсы агрессиясын қатардағы американдықтардың басым көпшілігінің қолдауының себебі осында. АҚШ-тың бүткіл саяси-идеологиялық жүйесі Ирак басшылығы әлем халықтарының бейбітшілігіне қауіп төндіруде. Осы арқылы Ирак режимі американ халқының ұлттық мүдделеріне де қауіп төндіруде деп жар салды. Американ халқы мен әлем жұртшылығы АҚШ-тың Иракқа шабуылына баға беруде бір бағытта болған жоқ. Әрине, өркениетті адамзат өкілдері жүздеген мың адамдар қатысқан ереуілдер ұйымдастырғанымен көптеген мемлекеттер үкіметтері АҚШ-тың агрессиялық саясатын жақтап шықты. Мұны АҚШ идеологиялық шараларының жетістігі деп бағалауға әбден болды.

Ирак басшылығының саясаты, оның АҚШ-тың экономикалық және саяси диктатына көнбеуі американдықтардың ұлттық мүдделеріне қауіп ретінде бағаланды. Иракты жаппай қырып жоятын химиялық қарулар бар, Саддам Хусейн халықаралық террористерді қаржыландырушы, Саддам режимі Ирак халқына қайғы-қасірет әкелуші, оны қырып-жойып жазалаушы антихалықтық режим деген АҚШ-тың Иракқа шабуыл жасауының негізгі себептері әлем жұртшылығы алдында жарияланды. Сөз жоқ, Ирак Республикасын басқарған Саддам Хусейн режимі тоталитарлық, жеке басқа табынушылыққа негізделген әскери режим болатын. Мемлекеттік жоғарғы орган әскери революциялық кеңес мүшелері Саддамның ет жақын туыстары мен достарынан тұрды. Ел байлығының, мұнай табысының рахатын аз ғана

басқарушы төбе топ көрді. Хусейннің саясатына қарсылар аяусыз қудаланды. 22 миллионнан астам Ирак халқының басым көпшілігі болып табылатын мұсылман шиттер биліктен аластатылды. Олар мұсылман суниттерді жек көріп, ел халқы екі лагерге бөліну, психологиялық шектелу жағдайында өмір сүрді. Діни бөліну Ирак халқының ұлттық топтасуына, ортақ жалпы мемлекеттік мүдделерді қорғауына зиянын тигізді. Осымен қатар, Саддам режимі 1 миллионнан астам адамды репрессияға ұшыратты. Қарапайым Ирак халқы кедейлікпен бірге полициялық жасырын бақылаудың да құрбаны болып келді. Елдің байлығы мен ресурстарының халықтың басым көпшілігіне қызмет етпеуі басқарушы элита мен электорат арасындағы қайшылықты күшейте түсті. Ел экономикасының милитаризациялануы оның дағдарысын тереңдете түсті. Ирак режимінің агрессиялық сыртқы саясаты Таяу Шығыстағы қайшылықтың көзіне айналды. Өз халқын қуғындауы аз болғандай Саддам режимі көршілес мұнайлы мемлекеттердің жерін басып алып, өзіне бағындыруды мақсат тұтты. Шикізатты сатудан түскен пайда алдымен Саддам Хусейн режимі мүшелерінің қалтасына, одан соң армияны жарактандыруға жұмсалды. 70-ші жылдардың аяқ кезеңіне таман Саддам Хусейн Таяу Шығыстағы біршама қуатты әскери мемлекет құра алды. Ирак алдымен өзінің аймағындағы гегемондық саясатына бөгет болған Иран мемлекетіне шабуыл жасады. 1980-1988 жылдардағы ирак-иран соғысы екі мемлекетті де әбден тұралатты. 1990 жылы Ирак мұнайға аса бай көршілес Кувейт мемлекетіне басып кірді. Әлем халықтары Ирактың бұл агрессиясына қатты наразы болды. 1991 жылы ақпан айында АҚШ бастаған халықаралық бірлестіктің қарулы күштері «Шөлдегі дауыл» операциясын ұйымдастырып, Кувейтті Ирак әскерінен азат етті. АҚШ үкіметінің бұл ісін халықаралық қауымдастық әділетті әрекет ретінде қолдады. АҚШ бұдан соң араб елдерінің арасына сыналай кіріп, одан өз жақтастарын іріктеді. Кувейт, Египет сияқты араб елдері АҚШ-пен тығыз қатынаста болды. Кувейтке қарсы агрессия Иракты кейінгі 10 жылда АҚШ-қа «зұлымдық белдеуі» елдерінің қатарына жатқызуға мүмкіндік берді. Саддам Хусейн режимінде жаппай қыру қарулары бар деген айыппен американдықтар Иракты тек Таяу Шығыс қана емес, бүткіл әлемдегі бейбітшілікке қауіп төндіретін диктаторлық режим деп жариялады.

Американ идеологиясы Саддам Хусейнді үнемі Адольф Гитлермен салыстырды. 1993 жылы әлемдегі басым мемлекеттер өзара келісіп Гитлерді билікке жібермесе екінші дүниежүзілік соғыстағы қантөгіс болмайтын еді деген пікірді айта келе, олар бүгін Саддамды ауызықтамасақ ертең ол әлемдік трагедияға себеп болуы ықтимал деген пікірді көлденең тартты. Сонымен, АҚШ пен оның ең сенімді одақтасы Ұлыбритания әлемдік бейбітшілікке қауіпті ретінде әлемдік қауымдастықтағы жеке мемлекет Иракты тас талқан етті. «Зұлымдық белдеуіндегі» бір мемлекет азайды. Онда жаңа үкімет АҚШ-тың тікелей басшылығымен құрылуда. Күйретілген елдің экономикалық инфрақұрылымы қайтадан қалпына келтірілмек. Бірақ, Иракқа тыныштық пен бейбітшілік келген жоқ. Ирак халқы американ әскери корпусын шетел басқыншылары ретінде бағалап, оған қарсы түрлі әрекеттер жасауда. Қантөгіс тоқтаған жоқ. АҚШ пен Ұлыбритания әскерлерінен 300-ден астам шығын болса ирактықтардан қырылғаны ондаған мыңға жеткен. Ирак режимінің залалсыздандырылуға тиісті 55 басшының көпшілігі қолға түсті. Соның ішінде Саддамның 2 ұлы оққа ұшты.

Сөз жоқ, Иракты басқарушы Саддам Хусейн режимі диктаторлық, антихалықтық режим болатын. Оның биліктен аластатылуы Ирак халқы үшін түбінде жақсылық болуы тиісті. Ирак бейбітшілікті жақтаушы, өркениет пен демократияға бетбұрыс жасаған мемлекетке айналса әлем үшін үлкен игілік. Бірақ, Ирак мұсылман діні ықпалы аса күшті мемлекеттің бірі. Сондықтан оның демократиялық елге айналуы ұзақ үрдіс, қиыншылықтарға толы деуге болжауға болады. Соғыстан кейнгі елдің экономикалық өркендеуі оның өз байлығына өзі ие бола алуына тәуелді. Әзірше АҚШ күйреген Ирак экономикасын қалпына келтіруге көмектесу ниетінде. Ирактың мол және арзан мұнай көздеріне АҚШ трансұлттық корпорацияларының билігінің жүргізілуі әзірше ашық шындыққа айналған жоқ. Бұл әрекеттер түрлі айла-шарғылар арқылы, басқа көптеген елдердің мұнай компанияларын Иракқа қызмет етуге тарту арқылы жүзеге асырылуда. Біздің пайымдауымызша түпкілікті пайдалы шешім АҚШ компаниялары жағында болмақ. Ирак мұнайына ие болу арқылы АҚШ әлемдік мұнай бағасына ие болады. Бұл құбылыс АҚШ-тың экономикалық және қаржы қуатының арта беруінің,

әлемдегі старатегиялық үстемдікке ие болуының қайнар көзіне айналады. Ирак режимін талқандау АҚШ-тың әлемдік үстемдікке қадам басуының сәтті сатысы болды деп бағалау керек. Келешекте АҚШ әлемдік қауымдастық пікірімен санаспай, халықаралық құқық нормаларын аяққа баса отыра қандай болмасын өзіне ұнамайтын елдің заңды үкіметін биліктен тайдыруға қабілетті екендігін көрсетті. Югославия, Ауғаныстан, Ирак үкіметтерін АҚШ биліктен қарулы күш жұмсап кетірді. Болашақта да осылай етуге әбден қабілетті. Бұл құбылысты АҚШ-тың жаңа отарлау саясатының негізгі әдісі деп бағалау дұрыс. Схема қарапайым-ұнамайтын заңды үкімет орнынан тайдырылады. Елде АҚШ диктатымен жаңа үкімет құрылып елінің экономикалық қуаты мен шикізатын АҚШ ықпалына береді. Демек, АҚШ-тың ұлттық мүдделерін негізге алған «жаңа отарлау саясатының» құрбаны болу әрбір дамушы мемлекет үшін болуы мүмкін жағдай.

Ирак соғысы барысында және соғыстан кейін әлем халықтары алдында АҚШ үкіметі өзін бейбітшілікті сақтаушы ретінде көрсетпек болды. Джорж Буш диктатор Саддам Хусейнді жазалап, әлемдік діни экстремизмнің, терроризмнің және жаппай қырушы химиялық қару қаупін жойдық деп жариялады. Американдық ресми насихаттың ұстанымы осы. АҚШ саясаты үшін бір оқпен екі қоян атылды. Біріншіден, әлем тыныштығына қауіпті диктаторлық режим жойылды. Бұдан американдық ұлты ғана емес, әлем халықтары түгелдей ұтыста. Екіншіден, Ирак шикізат ресурстарына бақылау орнату арқылы АҚШ өзінің әлемдік супердержавалық статусын нығайта түсті.

Ескеретін жағдай, АҚШ агрессиясының жан-жақты барлаушылық, әскери-техникалық, ақпараттық және идеологиялық дайындықтан кейін болатындығы. Мұндай дайындық міндетті түрде сәтті нәтижеге жеткізіп отырады. Американдық басшылығы жақсы дайындап, қарсыластың ерекшеліктерін, табиғат жағдайын, психологиялық факторларды т.б. маңызды деп есептелетін құбылыстарды түгелдей ескеруге тырысады. Мысалы американдық бір жаяу әскер 30 ирак солдаттына пара пар келетін /5/ қарумен, қорғаныс құралдарымен жарақтанған. АҚШ әскері техникалық соңғы жаңалықтарға негізделген лазерлік қарулар, түнде көрсететін дүрбілер, оққағар костюмдер киінді. Жалпы АҚШ пен Ұлыбритания әскерлерінің соғыс қуаты Ирак әскерінен 3-4 есе

артық болған /6/. 270 мыңдық одақтастар армиясына 1,4 миллиондық Ирак армиясы 1 айда қарсы тұра алған жоқ. Ирак армиясының 3800 танкілері мен бронды машиналары, 360 ұшақтары мен тікұшақтары тозуына байланысты АҚШ-тың, Ұлыбританияның жаңа, сапалы 1500 танкілері мен бронды машиналары, 750 ұшағы мен тікұшағына қарсы қауқар көрсете алмады /7/. Әскери қуатты күшті, дайындығы жақсы, қарулары сапалы американдықтар 3 апта көлемінде Ирак жерін түгелдей өз қарауына бағындырды.

Соғыс басталмас бұрын АҚШ пен Ұлыбритания қарулы күштерінің жеңіске жететіні ақиқат болатын. Оның бірден-бір себебі АҚШ әскери бюджетінің Ирактікінен 245 есе көптігі. Бұл көрсеткіш бойынша бірде бір ел әлемде АҚШ маңын баса алмайды. Тіптен АҚШ үшін осы зор әскери қаржы мен қарулар міндетті түрде жұмсалуды керек. АҚШ экономикалық гегемондығы оның әскери және саяси гегемондығына қызмет етеді. Экономикалық, әскери басымдылықтар арқылы АҚШ әлем халықтарын өз саясатына бағындыруда. Осы арқылы АҚШ бір полюстік-әлемдік, планетарлық мәселелердің барлығының шешілуі өзіне ғана келіп тірелетін саяси ахуал қалыптастыруды мақсат тұтуда. Келешекте, қандай да болмасын халықаралық, мемлекетаралық және ғаламдық мәселелердің шешілуінде «Американың ұлттық мүдделері» міндетті түрде бірінші кезекте тұруы керек. «Американың ұлттық мүдделеріне» қайшы деп есептелетін істер, шаралар, ұсыныстар қабылданбай, басқа мемлекеттер мүдделері АҚШ мүдделерін бағындырылады. АҚШ үкіметі өз халқының ұлттық мүддесі жолында ештеңеден тайынбайды. Мысалы, осы Иракқа шабуыл операциясына АҚШ 77 миллиард доллар жұмсаған. Бұл өте зор шығын. Россияның бір жылғы мемлекеттік бюджеті 60 миллиард доллар екен. Ресей сияқты елдің 1 жылғы бюджетінен артық шығынды АҚШ бір операцияға пайдаланудан қорыққан жоқ. Бұл операцияның сәтті болуы нәтижесінде АҚШ жұмсаған шығыннан әлде қайда көп пайда табары сөзсіз. Иракқа шабуылға жұмсалатын шығынның 80 пайызы әскерлердің жалақысына, көлікке, азық-түлікке және қауіпсіздендіру шарттарына жұмсалған/8/.

Сонымен, АҚШ-тың Иракқа шабуылынан қандай саяси сабақтар алуға болады:



Біріншіден, Жер шарында геосаяси ахуал түбегейлі өзгереді. Бүгінгі таңда әлемдік бір ғана басым супердержжава АҚШ қана. Ол ХХ ғасыр соңына дейін әлемдік басқа ірі державаларымен санасатын болса ХХІ ғасыр басында ешбір елмен санаспайтындай дәрежедегі басымдылыққа жетті. 1991 жылы шөлдегі дауыл операциясын жасағанда АҚШ-ты Біріккен Ұлттар Ұйымымен қоса барлық араб елдері жақтаған болатын. 1991 жылы антиирактық коалицияға 34 мемлекет кіріп, бұл соғыс Кувейтті азат ету соғысы ретінде жарияланған болтын /9/. 2003 жылғы соғыста АҚШ БҰҰ-мен т.б. мемлекетер мүдделерімен есептескен жоқ. Ирак Республикасы өзімен өзі болып бейбіт өмір сүріп жатқан ел болатын. Ирак қаупі деген желеумен АҚШ өзіне ұнамайтын саяси режимді талқандап, тәуелсіз мемлекетті жаулап алды. Бұл оқиғаны ХХІ ғасыр басындағы алғашқы отарлау соғысы деп бағаламасқа лаж жоқ. АҚШ-қа өте қажет болса, осы жаңа отарлау соғыстарын жалғастыра алады. Кезекте Иран, Солтүстік Корея, Сирия, Ливия, Куба сияқты АҚШ-қа ұнамайтын саяси биліктері бар мемлекеттер тұруы әбден ықтимал.

Екіншіден, Ирак дағдарысы Саддам Хусейн режимі сияқты тоталитарлық жүйелердің қазіргі заманда келешексіз екендігін көрсетті. Жеке билеуші топтың ғана елдің барлық байлықтарына, игіліктеріне қожалық етуі қарапайым халықтың ашық және жасырын наразылықтарын тудырады. Ирак халқы да билік құрушы режимді іштей жек көрді. Себебі, билік құрушы режим мен халық арасында түсіністік пен байланыс болған жоқ. Болса ол жасанды болды. Халық өз үкіметін қолдамады. Себебі, ол үкімет халқына қызмет етіп, оның мұқтажын жақтамайтын үкімет болатын. Мемлекеті халқына қамқор елде ғана патриотизм күшті. Халық пен билік бір, ортақ мақсат үшін күрескен елді ешбір агрессор жеңе алмайды. Ал билік пен халық арасында алшақтық пен қайшылық бар мемлекеттерде келешек жоқ. Ондай елдерде қауіпті жағдайда халық пен армия ел тәуелсіздігін және басқарушы элитаны қорғауға қабілетсіз. Сондықтан, әлем мемлекеттерінің барлығының демократияны, әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканы және өркениеттің сара жолын таңдауы абзал. Бұл жол әлемдік державалармен, ең алдымен АҚШ-пен тіл табысу жолы болмақ. Демократия мен өркениет принциптері басымдылыққа жеткен жағдайда авторитарлық пен тоталитарлық билік жүргізу тиімсіз

екендігі дәлелденді. Демократиялық саяси жүйе қазіргі саяси сферада ең әділетті және ең қауіпсіз саяси жүйе болып есептеледі. Себебі, ол халық пен биліктің өзара тәуелсіздігіне және байланыстылығына негізделген.

Үшіншіден, Ирак соғысы АҚШ-тың халықаралық ұйымдардың халықаралық құқықтың және әлемдік қауымдастықтың пікірлерімен санаспайтындығын көрсетті. АҚШ-тың ұлттық мүдделерін АҚШ басшылары халықаралық құндылықтардан жоғары қоятындығын анық дәлелдеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының әлем мемлекеттері мойындаған бейбітшілік пен тәуелсіздікті жақтайтын құжаттары аяққа тапталды. БҰҰ-ның Ирак соғысы абыройын біршама түсірді. Мұндай қайшылық БҰҰ-на байланысты бұрын-сонды болмаған. Барлық мемлекеттер БҰҰ-ның беделіне нұқсан келтірмеуге тырысатын. Бұл ұйым халықаралық бейбітшіліктің, өзара түсіністіктің, әлемдегі түрлі қайшылықтырды бейбіт жолмен шешу жолдарын қарастыру ұйымы болатын. АҚШ БҰҰ-на өз үстемдігін орната бастады. Сондықтан әлемдік ұйымының халықаралық мәселелерді, ғаламдық қатынастарды реттеудегі қызметінің тиімділігін арттырудың кешенді шаралары қажет. БҰҰ АҚШ-тың қолшоқпарына айналып кетпейтіндей жағдай жасалуы керек. Ол үшін дамыған елдердің АҚШ-тың диктатына қарсы бірлескен саяси бәтуәластығы қажет. БҰҰ сияқты халықаралық беделіне көтерудің кешенді шараларын ойластыру абзал. Халықаралық бейбітшілік ұйымдарының саясатының тиімділігі артпай әлемде тыныштықты сақтау қиын.

Төртіншіден, дамыған елдерде қалыптасқан тұтынушы қоғам әлемдік шикізат қорлары үшін таластан туатын соғыстардың қайнар көзі екендігін көрсетті. АҚШ-тағы тұтыныс қоғамы тоймайтын жалмауыз іспеттес. Оның жақсы өмір сүруі үшін ұдайы жаңа қорлар мен шикізаттар керек. Болашақта тұтыныс қоғамының талаптарынан туатын қайшылықтар адамзатқа зор қасіреттер әкеледі деген қауіміміз бар. Сондықтан тұтыныс қоғамын шектеуді немесе реттеуді әлемдік планетарлық басымдылықтар қатарына қою дұрыс сияқты. Осындай тұтыныс қоғамы аса зор ел Қытайда да құрылып жатыр. Қытайдың 20 жыл қатарынан 10 пайыздан өркендеп жатқан экономикасы үшін қосымша табиғат, шикізат және қуат ресурстары тіптен зәрулік. Этнодемографиялық ахуалдың шиеленісуі, индустриалды қоғам тұтыныстарын

қанағаттандыру қажеттілігі Қытайда АҚШ үлгісіне еліктетуі ықтимал. Сондықтан дамушы елдердің бірінен соң бірі тұтыныс қоғамының құрбандары болуы қаупі күшейіп келеді деп болжауға болады.

Бесіншіден, мұсылман дүниесі әлемдік геосаяси ахуалда өз дәрменсіздігін дәлелдеді. Тәуелсіз Ирак мемлекетін қорғап, ешбір мұсылман елі қарулы көмекке бара алған жоқ. Әрине, оған қанқұйлы Саддам режимі де кінәлі. Бірақ, тәуелсіздік халықтың еркі ең қасиетті құндылықтар екендігін мұсылман қауымы еске алмады. Соғыстан ең ауыр зардап шеккен қарапайым Ирак азаматтары. Қазір 10 миллиондай ирактықтар қайыршыланып ашығуда. 2 миллиондай адамы босқынға айналып, үй-күйсіз қалды. Қарапайым халықтың, мұсылман халқының қайғы-қасіретіне ортақтасқан ислам елі болған жоқ. Кувейт пен Турция сияқты мұсылман елдері АҚШ агрессиясын толық қолдап көмектесті. Курд мәселесін АҚШ күшімен шешуге ұмтылыс болды. Курдтар осы соғысты пайдаланып тәуелсіз ел болуға тырысты. Ливия, Сирия, Египет, Иран мемлекеттері бейтарап қалды. Осы мұсылмандардың барлығы ислам уммасында бірлік жоқ екендігін дәлелдеді. Мұсылмандық өзара көмек идеясы жансыз болып шықты.

Алтыншыдан, Қазақстанға бұл соғыс тікелей жақсы немесе жаман әсерін тигізген жоқ. Тек, соғыс уақытында әлемдік мұнай бағасының өсуі еліміздің мұнай экспорты дамуына қолайлы жағдай туғызса керек. Ирак дағдарысынан алар сабақ көп. Алдымен, тәуелсіздікті сақтау мақсатында әлемдік державалардың барлығымен тіл табысып, екі жақты пайдалы қатынастарды нығайта беруіміз керек. Көпвекторлы сыртқы саясаттың басымдылықтары Ресей, Қытай, АҚШ болып қала бермек. Әсіресе, Каспий теңізінің мұнайын игеру барысында ірі державалар мүдделерінің шылауында қалып қою қаупі күшті. АҚШ-тың стратегиялық мүддесіне Каспий регионы кірген жағдайда Ресеймен Қазақстанның мүдделерінің сәйкес келуі тіптен маңызды. Жалпы көпвекторлы сыртқы саясатты жүргізе отыра Қазақстан Ресеймен стратегиялық одақты нығайта түсуі керек. Екі елдің ортақ экономикалық, сауда және қорғаныс кеңістігінің болуы Қазақстанның бейбіт дамуының кепілі.

## Пайдаланылган әдебиеттер

1. Нетреба Т., Писаренко Д. Война в Ираке-начало апокалипсиса? //Аргументы и факты 2003 №8 /4/.
2. Горбачев М. «Руки Ельцину не подам» //Аргументы и факты. 2003 №9 /3/.
3. Путин В.В. Большая политическая ошибка. Заявление Президента РФ Владимира Путина. // Российская газета. 2003 г. 21 марта. /2/.
4. Даниленко В.И Современный политологический словарь. М., 2000-1024с. (816, 757, 352, 373).
5. Кононович Е. Иракский разлом. //Казахстанская правда. 2003 г. 21 марта /2/
6. Угланов А., Солдатенко Б. Югославия, Ирак...Далее везде? //Аргументы и факты. 2003. №13 /3/.
7. Баранец В., Герасименко С. 2003 год, операция «Свобода Ирака» //Комсомольская правда. 2003 г. 21марта /8/.
8. Фэльгенгауэр П. Сколько до Багдада? //Аргументы и факты. 2003 г. №13 /3/.
9. Кононович Е. Иракский разлом. //Казахстанская правда. 2003 г. 21 марта/2/.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік өркениет көшін қуып жету мақсатында батыл қадамдар жасады. Елдің саяси жүйесінің түбегейлі өзгеруі демократия принциптеріне негізделген билік тармақтарының бөлінуіне әкелді. Саяси жүйемен қабаттаса жүретін саяси сананың да түбегейлі өзгеруі болды. Экономикалық реформалар елде нарықтық қатынастардың орнауына әкелді. Өркениетті елдер сарапшылары Қазақстанды нарықтық экономикаға толық көшкен ел деп бағалауы экономикалық саясаттың кеңістігін дәлелдейді. Экономикалық және саяси модернизация нәтижесінде Қазақстан халқының материалдық жағдайы оңала бастады. Бірақ өркениетті қоғамды құру тым күрделі және көпқырлы үрдіс. Ол экономикалық және саяси жүйелермен қоса, әлеуметтік саланы мәдениеттің жоғары деңгейге көтерілуін талап етті. Денсаулық сақтау, білім жүйесі мен ғылым қоғамдағы өндіргіш күштерге айналуы маңызды. Қазақстандық азаматтың дені сау, білімі сапалы, кәсіпкерлігі жоғары болса ғана адам факторы іске қосылады. Адам интеллектісінің өндіргіш күшке айналуы, қоғамдық дамудың сапалы деңгейге көтерілуінің белгісі болмақ. Адамның қоғамның және мемлекеттің дамуының қайнар көзі - жеке тұлғаның саяси мәдениеті мен саяси белсенділігі. Осы қасиеттердің қалыптасуына тікелей ықпал етуші фактор – саясаттану ғылымы.

Саясаттану ғылымы қоғамның саяси саласының басқа салаларға әсер етуінің заңдылықтарын зерттейді. Қоғамдағы басқарудың тиімділігі, оның дамуының ойдағыдай болуы билеуші элита жүргізетін саясаттың ғылыми негізділігіне тәуелді. Қоғамдық шындыққа сәйкес келетін оның табиғи заңдылықтарын таныған саясат қоғамдық эволюцияны тездетуге көмектеседі. Керісінше шындықты бұрмалайтын немесе оған қайшы саясат дамуды тежейді, оған теріс ықпал жасайды. Саясаттанудың зерттеу объектісі осы құбылыстар. Саяси шындықтың қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны мен ролі саясатқа, билікке, мемлекетке тәуелді. Саяси қатынастар әлеуметтік мүдделі топтардың саясатты пайдалана отыра, билікке, мемлекетке қатынасы, әсіресе билік институттарын басқаратын билеуші

элитаның өз халқының түпкілікті мүдделеріне қызмет ету нәтижелі саясатты іске асыруға байланысты.

Өркениетті демократиялық қоғамдағы саясат сол мемлекеттің халқына қызмет жасайды. Мемлекет мұраты, саясаты экономиканы модернизациялауға, арықтық қатынастарды әлеуметтік мүдделерге бағындыруға, қоршаған ортаны сақтап, бүгінгі және келер ұрпақтарды экологиялық жағдайда өмір сүргізуді қаматамысз етуге пайдалану. Саясаттың билеуші топтың дара емес жалпы халықтық мүдделерге қызмет етуі сол мемлекеттің өркениеттілікке бет бұрғандығының белгісі. Өркениеттіліктің әр елге тән ерекше сапалары мен белгілері болғанымен ортақ белгілері басым. Ол үшін демократия принциптерінің салтанат құруы, азаматтық қоғамның қалыптасуы, әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканың болуы, мемлекеттің адамға қызмет етуіне қол жеткізуі шарт. Өркениетті қоғам орнатуда әлеуметтік-саяси қатынастардың, экономикалық дамудың нификациялануының заңдылыққа айналуы осы себептерге байланысты.

Сондықтан Қазақстанның полиэтникалық халқы өркениетті, демократиялық қоғамды орнату барысында өркениеттіліктің жалпы азаматқа ортақ белгілері мен қасиеттерін біліп, үйреніп отыруы міндет. Бұл мәселені шешуде қазіргі Қазақстан қоғамында қалыптасып жатқан жаңа идеология көмектеседі. Идеология саясатты электротқа жеткізуші әмбебап құрал екендігін бүгінгі саяси шындық нақты дәлелдеп отыр. Қазіргі идеология елімізде қоғамдық келісім, этникалық және әлеуметтік татулық принциптерін қалыптастыруға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының өркениетке қадам жасауына жағдай жасайтын маңызды фактор мемлекеттік этносаясат. Қазақстан халықтары өздерінің этникалық белгілеріне бас тартуды жасанды ассимиляциялануды қаламайды. Осындай жағдайда мемлекеттік этносаясат мақсаты – елдегі түрлі халықтар мен диаспора өкілдері заң жүзіндегі және іс жүзіндегі теңдікке қол жеткізу. Шынайы этносаралық силастық пен татулық халықтардың теңдігі жағдайында ғана болатындығын елдегі этношындық толық растап отыр. Көпэтникалық қоғамның болашағы баянды болуы үшін ұлтаралық қатынастарды ұдайы жетілдіруге беруі керек. Ондағы мақсат – елдегі халықтардың мәдени, білімдік, кәсіптік салаларда теңдігін, дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Дағдарысқа ұшыраған этникалық құқықтардың рухани өркендеуіне көмектесу. Әсіресе, тоталитаризм салдарынан зиян шеккен қазақ этносының ана тілі. Қазақ тілі мемлекеттік статус алса да, дағдарыстық ахуалдан шықпай отыр. Мәселе мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған пәрменді бағдарламаны жүзеге асыруға келіп тірелуде.

Егеменді Қазақстан келешегі адамгершілік идеологиясы негізінде тәрбиеленетін қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға байланысты. Қазіргі қоғамда патриоттық тәрбие беру өте күрделі процесс. Әсіресе, полиэтникалық мемлекетте азаматтық патриот болуы қиын. Ол үшін әрбір қазақстандықтардың жалпы мемлекеттік мақсат-мұраттар төңірегінде топтасуы маңызды. Халықты тас түйін болып топтастырған елдер мүмкін болатын агрессияның құрбаны болуы ықтимал. Қазіргі қоғамда АҚШ әлемдік басым державаға айналды. Оның мақсаты өзінің осы басымдылығын сақтау және күшейту. Ирактың тоталитарлық жүйесі АҚШ агрессиясының құрбаны болды. Осы оқиғалар әлемдік геосаясатта күрделі өзгерістер болып жатқандығын айғақтайды. Қазақстан әлемдік жаңа өзгерістерге қайшылықтар мен талаптарға жауап беруге қабілетті болса ғана әлемдік өркениетті елдер қауымдасытығынан өз орнын таба алады.

XXI ғасырда әлемдік саясатқа және әлемдік қауымдастыққа ерекше әсер етіп отырған құбылыс – терроризм. Лаңкестік жаңа ғасырда әрбір елге қауіп туғызатын күрделі феноменге айналды. Әлемдік тарих терроризмнің осыншама жобалы үрдіске айналғанын білген емес. Терроризмді ауыздықтау өркениетті адамзат алдындағы басты міндеттердің біріне айналуда. Себебі, қандай да болмасын лаңкестіктің негізгі құрбандары билікке қатысы шамалы бейбіт және бейкүнә жандар. Қазақстан Республикасының басышылығы да ел халқын халықаралық лаңкестіктен қорғаудың, мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту кешенді шараларын жасауға және іске асыруға мүдделі.

## СТУДЕНТКЕ ӨЗДІГІНЕН ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

### **Саясаттану пәнінің қоғамдық - саяси танымды қалыптастырудағы рөлі**

1. Байделдинов Л. Теориялық саясаттану. - А., 2007
2. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. - А., 2007
3. Абсаттаров Р. Саясаттану және оның проблемалары. - А., 2007
4. Политология / Под.ред А.Н. Нысанбаева. - А., 1998
5. Хэлд Д. Современная политическая теория / Пер. с англ.М., 2001
6. Денкэн Ж. М. Политическая теория.- М., 1993.
7. Гаджиев К. С. Введение в политологию: -М. «Логос», 2008.
8. Политическая наука. Современные институциональные исследования.  
Состояние, проблемы, перспективы. Выпуск 3. - М., 2009.
9. Томаш Жиро Политология. Wstep do politologii - М., 2006.
10. Мухаев Р.Т. Политология - М., 2009.
11. Теория и методы в современной политической науке. Первая попытка теоретического синтеза - М., 2009 г.
12. Борбасов С.М. Тәуелсіздік танымы. - А., 1998.

### **Қазіргі саясат мәні туралы**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы,-Астана.-2007-372 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында, - Алматы.- 1996.-288 б.
3. Крауз-Мозер Б. Теории политики. Методологические принципы. - М., 2008.
4. Борбасов С.М. Саясат тиімділігі // Вестник АГУ им. Абая. Серия истор. и соц., полит. науки.-2002.-№2.
5. Әлемдік саясаттану онтологиясы. 10 том.- А., 2008.

### **Билік табиғаты**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында - А., 1999.-355 б.
2. Грин Р. 48 законов власти. - М.,-2002.-768 с.
3. Халипов В. Ф. Энциклопедия власти - М., 2005. - 1055 с.
4. Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен.-Астана, 2001



5. Борбасов С.М. Билік дағдарысы // Ақиқат.-1995.-№2
6. Борбасов С.М. Билік табиғаты // Вестник АГУ им. Абая. Серия истор. и соц., полит. науки.-2003. -№1.
7. Бижанов А.Х. Республика Казахстан: демократическая модернизация общества переходного периода. - Алматы, 1997.- 256с.
8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары. - А., 2004.
9. Байдельдинов Л.А. Казахстан как политическая реальность. - А., 2000.- 169 с.

### **Мемлекет мұраты**

1. Мартин ван Кревельд. Расцвет и упадок государства (The Rise and Decline of the State) - М., 2006
2. Борбасов С.М. Толғақты мәселелер түйіні // Ақиқат.-1999.-№8-9
3. Государство и государственность. - А., 2006
4. Аяганов Б. Государство Казахстан: эволюция общественных систем. - А., 1993.-149 с.
5. Кадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы.- А., 1999.-166 с.
6. Бурханов К.Н. Эволюция социально-политической системы Казахстана в XX в. -А., 1996.-208 с.

### **Қазақстандағы саяси реформалардың негізгі бағыттары**

1. Назарбаев Н.: Саяси реформадағы үлкен кадам // Астана хабары.- 2007. - 21 тамыз (N 141).- 1 б.
2. Баранов Н.А. Современная демократия: эволюционный подход. СПб., 2007-
3. Демократия и рынок : Противоречия и альтернативы. Под. Ред. М.И.Воейкова. – М., Культурная революция, 2009. – 240с.
4. Демократия в современном мире: сб.ст.; Сост.предисл. Я.А. Пляйс, А.Б. шатилов. - М.: Российская политическая энциклопедия, 2009.
5. Борбасов С. Демократияға дем берген саяси реформалар // Ақиқат.- 2008. - № 1.- 14-19 б.

6. Жекенұлы С. Демократиялық реформалар бағдарламасы : Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістердің себептері мен сипаты // Қазақстан - ZAMAN.- 2007.- 6 шілде (N 27).- 5 б.

7. Борбасов С.М. Қазақстандық жаңа үрдістер хақында // Ақиқат.-1998.-№4.

### **Президенттік биліктің тиімділігі**

1. Махашев Н.М., Петровский В.В. Казахстан эпохи нурсултана Назарбаева – Алматы: Өлке, 2008

2. Салмин А.М. Современная демократия: очерки и становления и развития. – М.: ФОРУМ, 2009. – 384с.

3. Касымбеков М.Б. Институт президентства как инструмент политической модернизации : монография / - Астана: 2002.

4. Борбасов С.М. Президенттік биліктің тиімділігі. // Егемен Қазақстан, 2008- 23 сәуір

5. Первый Президент Республики Казахстан и формирование правового государства/ Под общ. ред.: А.С.Сагынғали, Б.М.Каиповой, Г.Б.Карагизовой.- Алматы, 2008.- Ч.1.

6. Құттаяқов Ш. Президенттік билік-егемендіктің ақ жолы.- Алматы, 1991.

7. Джунусова Ж. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. - А., 1996.

8. Майлыбаев Б.А. Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспективы. - А., 2001.

### **Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуы**

1. Сагадиев К. Реформы: аналитический взгляд : научное издание. Т.3. Статьи. Письма. Выступления. Интервью / К. Сагадиев. - Алматы, 2006. - 335 с. - 666.67 т.

2. Қабанбай С. Парламентаризм дамуы // Қазақстан.- 2008.- 8 мамыр (N 18).- 2,7 б.

3. Қалиев Н. Қазақстан парламентаризмі: Саяси талдау / Ред. Н.Оразбек.- Алматы: Қазақстан, 2003.- 272 бет.

4. Әбдікәрімов О. Қазақстандағы парламентаризм: қалыптасу және даму жолдары // Егемен Қазақстан.- 2001.- 10 желтоқсан (N 280).- 1,2-3 б.

5. Әміров И. Парламентаризм және тұрақтылық // Егемен Қазақстан.- 2008.- 8 қазан.- 2 б.

6. Бәкір Ә. Қазақстан Республикасы кәсіби Парламентінің қалыптасуы.-Астана, 2004.-288 б.

7. Бижанов А. Парламентаризм және мемлекеттің тұрақтылығы // Егемен Қазақстан.- 2007. - 30 наурыз (N 79/80) - 2 б.

8. Президент и Парламент: эволюция взаимоотношений/ Под ред. Б.Ж. Абдраимова.- Астана, 2005.

### **Қазақстандық саяси партиялар жүйесінің қалыптасуы**

1. Мейтус В.В., Мейтус В.Ю. Политическая партия: стратегия и управление - М., 2004.

2. Малов Ю.К. Введение в теорию политических партий (обзор идей и концепций) - М., 2005.

3. Основы теории политических партий Под,ред. С.Е. Заславского М., 2007.

4. Зульцбах В. Основы образования политических партий - М., 2006.

5. Кралечкин Д.Ю. Основы теории политических партий -М., 2007.

6. Политические институты на рубеже тысячелетий - М., 2005.

7. Сейдуманов С.Т. Феномен многопартийности в Казахстане / - Алматы: Қазақстан, 1997.

8. Политическая конкуренция и партии в государствах постсоветского пространства. - М., 2009.

### **Бүгінгі идеологияның міндеті**

1. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет пен халықты ұлттық мүдде тұрғысынан ұйыстыру – ұлы міндет // Егемен қазақстан, 2008.- 18 маусым

2. Дж. Шварцмантель Идеология и политика. - М., 2009.

3. Ақсақалұлы Ж. Идеология - қоғамдағы басты қозғаушы күш // Сыр бойы.- 2008. - 19 қыркүйек. - 1-2 б.

4. Борбасов С.М. Тәуелсіздік танымы // Ақиқат.-1995.-№12.

5. Борбасов С.М. Еліміздегі этносаясат негіздері // Абай.- 1999.-№4.

### **«Қазақстандық ұлт» ұғымы туралы**

1. Айталы А. «Қазақстандық ұлт»: идея және ақиқат // Егемен Қазақстан, 2009.- №4.
2. Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты. - Семей, 1995.
3. Манько Ю. В., Шашков Н. И. Нации и национальные отношения. Исторический и философский анализ. - М., 2008.
4. Борбасов С.М. Қайта құру және ұлтаралық қатынастар. Семей, 1990.
5. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. -А., 1995.- 248 с.
6. Сәрсенбаев Т.С. Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті. - А., 2000.
7. Айталы А. Ұлт тану. - А., 2003-226 б.

### **Қазақстандағы тіл саясаты: мәселелері мен келешегі**

1. Борбасов С.М. Қазақстандағы тіл саясаты // Ақиқат.-1999.- №3.
2. Базарбаева Г. Этносаяси ахуал және Қазақстандағы тіл саясаты // Ақиқат.- 2004. - N 7 .- 68-70 б.
3. Кекілбай Ә. Тіл және тәуелсіздік.- Астана: Ер-Дәулет, 2007.
4. Махат Д. Тіл мен діл тағдыры : тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: мақалалар мен зерттеулер / Тіл комитеті.- Астана: 2007.- 192 б.
5. Жанақова Н.Т. Қазақстандағы қазақ халқы және өзге ұлт өкілдері тілдерінің дамуы (1980-1995ж.ж.) / Жауапты ред.Х.М.Әбжанов.- Алматы: Ғылым, 1999.- 164 б.

### **Қазақстандық патриотизм – егемендік тірегі**

1. Ципко А. С. Ценности и борьба сознательного патриотизма. М., 2009
2. Борбасов С.М. Қазақстандық патриотизм туралы // Ақиқат.- 1994.-№9
3. Казахстанский патриотизм как ведущий фактор консолидации общества на этапе становления и развития Республики Казахстан как суверенного государства.- А., 1996
4. Нұршаев М. Патриотизм – ел дамуының қуатты құралы // Ізденіс,-2008.-№1

5. Қазақстандық патриотизм. Жозы басындағы сұхбат // Ақиқат, -1996.- №10

6. Кенжалин Ж. Қазақстандық патриотизм: жаңа кезең жылнамасы // Саясат, 2003.-№11

### **Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайы**

1. Чжен Кун Фу. Геополитика Казахстана: Между прошлым и будущим : - Алматы : Жеті жарғы, 1999. - 399 с.

2. Исаев Б.А. Геополитика.- СПб.- 378 с.

3. Геополитика : хрестоматия / сост. Б. А. Исаев. - М. ; СПб. 2007.

4. Валлерстайн И. Конец знакомого мира. Социология XXI века - М., 2003. - 355 с.

### **Терроризм сабақтары**

1. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. - А., 2001-299с.

2. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. - А., 2002-240 б.

3. Кожушко Е. Современный терроризм. Анализ основных направлений - Минск, 2000. - 447 с.

4. Луков В. В. Международный терроризм. Новые подходы российских ученых. Об актуальных проблемах общественного противодействия терроризму. - М., 2007.

5. Соснин В. А., Нестик Т. А. Современный терроризм. Социально-психологический анализ. - М., 2008.

6. Терроризм в современном мире.- М., 2008.

7. Дзалиев М., Иззатдуст Э., Киреев М. Современный терроризм. Социально-политический облик противника. - М., 2007.

8. Борбасов С.М. Лаңкестік сабақтары // Ақиқат.-2005.-№8.

### **Ауған дағдарысының сабақтары**

1. Стурейко С. А., Медяник В. И. Афганистан. Этнополитический конфликт и проблема перемещенных лиц - М., 2009.

2. Хассин М. Тайны Афганистана (Afganistan secreto) - М., 2008.

3. Коргун В.Г. История Афганистана. XX век - М., 2004.

4. Нешумов Ю. А. Границы Афганистана. Трагедия и уроки. - М., 2006.

## **Ирак дағдарысының сабақтары**

1. Дзидзоев В. Д., Левченко Н. Н. Сепаратизм, терроризм и экстремизм на Северном Кавказе. Политико-правовой анализ.- М., 2008.
2. Ландабасо А., Коновалов А. Терроризм и этнополитические конфликты. Книга вторая. Терроризм сегодня. - М., 2004.
3. Мирский Г. И. Исламизм, транснациональный терроризм и ближневосточные конфликты. - М., 2008.
4. Иракский кризис и его последствия. - М., 2004.
5. Алиев А.А. "Национальное" и "религиозное" в системе межгосударственных отношений Ирана и Ирака в XX веке - М., 2006

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
Саясаттану пәнінің қоғамдық - саяси танымды қалыптастыру- дағы рөлі.....	6
Қазіргі саясат мәні туралы.....	16
Саясат сөзі .....	32
Билік табиғаты.....	43
Мемлекет мұраты.....	53
Мемлекет адамға қызмет етсе.....	61
Қазақстандағы саяси реформалардың негізгі бағыттары.....	68
Президенттік биліктің тиімділігі .....	83
Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуы.....	94
Қазақстандық саяси партиялар жүйесінің қалыптасуы .....	103
Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар .....	109
Бүгінгі идеологияның міндеті .....	114
Қазақстандағы этносаясат негіздері.....	120
«Қазақстандық ұлт» ұғымы туралы.....	128
Қазақстандағы тіл саясаты: мәселелері мен келешегі.....	138
Қазақстандық патриотизм – егемендік тірегі .....	149
Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайы .....	157
Президент жолдауы және қазіргі геосаяси басымдылықтар .....	169
Терроризм сабақтары .....	176
Ауған дағдарысының сабақтары .....	187
АҚШ-ның Ирак Республикасын басып алуының себептері мен сабақтары .....	198
ҚОРЫТЫНДЫ.....	211
СТУДЕНТКЕ ӨЗДІГІНЕН ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕ .....	214